ҮМІТҚАЛИЕВ ҰЛАН ҮМІТҚАЛИҰЛЫ

# ҚАЗАҚ АРХЕОЛОГИЯСЫНДАҒЫ Ә.М. ОРАЗБАЕВ ТҰЛҒАСЫ



*Монография*

ЭВЕРО

ҮМІТҚАЛИЕВ ҰЛАН ҮМІТҚАЛИҰЛЫ

# ҚАЗАҚ АРХЕОЛОГИЯСЫНДАҒЫ Ә.М. ОРАЗБАЕВ ТҰЛҒАСЫ

*Монография*

ЭВЕРО
Алматы, 2015
Эверо

**УДК 902**
**ББК 63.4**
**Ү 61**

**Пікір білдірушілер:**
Самашев З. – т.ғ.д., профессор
Хабдулина М.К. – т.ғ.д., доцент

**Ү 61 ҮМІТҚАЛИЕВ Ұ. Ү.**
**«Қазақ археологиясындағы Ә.М. Оразбаев тұлғасы»:** *Монография.*- Алматы: Эверо, 2015. -224 б.

**ISBN 978-601-240-848-5**

Бұл еңбекте қазақтан шыққан тұңғыш кәсіби археолог, белгілі ғалым Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевтың туып өскен ортасы мен ғылыми өмір жолы жан-жақты ғылыми зерттеулер тұрғысында баяндалады. Сонымен бірге ғалымның ұстаздық қызметі мен археологиялық экспедициялары және әлі жарыққа шықпаған ғылыми тұжырымдары сараланады.

Еңбек жоғарғы оқу орындарының тарих факультеттері студенттеріне, магистранттарына, PhD докторанттарға, оқытушыларға сондай-ақ қазақ археологиясының дамуы мен қалыптасуын білгісі келетін көзі ашық зиялы оқырманға арналады.

**УДК 902**
**ББК 63.4**

**ISBN 978-601-240-848-5**

ШЖҚ РМК «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті»
Тарих факультеті. Кеңес мәжілісі № 9 ХАТТАМАСЫ 19.03.2015 ж.

© ҮМІТҚАЛИЕВ Ұ. Ү., 2015.
© Эверо, 2015.



Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевтың
(1922-1997)

## ПРЕДИСЛОВИЕ

Становление отечественной археологии, в целом, и творческих биографий ее непосредственных участников, в частности, остается одной из актуальных тем в исторической науке Казахстана. Одна из задач, стоящих перед нами в настоящее время – это определить пути развития казахстанской археологии в настоящем и будущем, и сделать это, опираясь на опыт ведущих археологов старшего поколения.

В этой связи изучение жизни и деятельности одного из первых ученых-археологов, основателя одной из известных научных школ Абдыманапа Медеуовича Оразбаева, чья судьба была тесно связана с историей не только науки, но и страны представляет собой важную проблему.

Жизнь Абдыманапа Медеуовича Оразбаева – это, с одной стороны, непростая судьба, с другой высокий пример служения своей отчизне и науке. Ему, выходцу из знатной фамилии пришлось на протяжении всей своей жизни доказывать право на творческую реализацию. И дед и отец будущего ученого были широко образванными людьми. Образ его деда Оразбая нашел отражение в романе-эпопее выдающегося казахского писателя М.О.Ауэзова «Путь Абая». Отец – Медеу Оразбаевич (1863-1931) был близким товарищем и единомышленником таких выдающихся представителей казахского народа, как Алихан Букейханов, Мыржакып Дулатов, Ахмет Байтурсынов, Султанмахмут Торайгыров, Сабит Донентаев и др.

Он остро осознавал необходимость просвещения народа. В 1922 г. Медеу по совету Мухтара Омархановича Ауэзова, у подножья горы Кыдыр, близ ручья Актан Медеу Оразбаевич на собственные средства построил школу. Строительные материалы для школы были доставлены по его указанию из Семея. В этой среде родился и получил воспитание А. М. Оразбаев.

Монография представляет собой попытку осмысления творческой биографии А.М. Оразбаева в контексте исторических событий драматического для казахов XX века. Она имеет известное воспитательное значение для подрастающего поколения исследователей, людей неравнодушных к своей истории. Вклад



Абдыманапа Медеуовича Оразбаева в развитие археологической науки Казахстана и его деятельность на преподавательском поприще еще не получили своей должной оценки. Более четверти века своего жизненного пути он посвятил развитию науки, подготовке молодых молодых ученых. Труды А.М. Оразбаева выделяются тем, что в них поднимаются исключительно важные проблемы археологии и истории Казахстана в древний и средневековый период. Труды ученого, в которых рассматривается самый широкий спектр проблем не утратили своего значения до сего дня.

Научные исследования Абдыманапа Медеуовича Оразбаева, проведенныев период с 1948 г. по 1990 г. во всех регионах Казахстана, связаны с изучением памятников различных эпох. Следует особо отметить научные выводы ученого по проблемам бронзового века Центрального, Южного и Восточного Казахстана. Особое место в исследованиях А.М. Оразбаева занимают также памятники Северного Казахстана.

Периодизация андроновской культуры, предпринятая казахстанскими учеными в 1950-е гг. наметила новый импульс в исследованиях эпохи бронзы. Ее применение позволило по-новому подойти к пониманию сути локальных различий древних культур Евразии в эпоху бронзы. Под местными региональными отличиями следует понимать условия окружающей среды, этноархеологические параллели и топонимы, а также автохтонность истоков местных культур – все это не осталось без внимания наших ученых.

Научным достижением того времени была периодизация андроновской культуры, предложенная Абдыманапом Медеуовичем Оразбаевым. В ней археолог видит синхронные связи между культурами, которые различаются лишь погребальным обрядом. Также ценность научных трудов ученого заключается в систематизации бронзового века Северного Казахстана и включении этого региона в систему знаний евразийской археологии. Ученому удалось аргументированно доказать гипотезу о последовательной смене или одновременном сосуществовании федоровского и алакульского периодов, что признается как одно из достижений археолога.

В своих исследованиях Абдыманап Медеуович Оразбаев рассматривал поздний период бронзового века, как особый этап в истории Казахстана и предлагал искать корни этнической истории казахского народа уже в этой эпохе. Прекрасное знание этнографической реальности позволило А.М. Оразбаеву проследить преемственность и в способе ведения хозяйства, и в области мировоззрения у казахов, проистекающей из лона андроновской культуры.

Заслугой ученого считается выделение на основе анализа керамики поздней бронзы культуры нового типа, которая сформировалась в результате крупных изменений в общественных отношениях. В настоящее время эта идея находит поддержку у ведущих современных исследователей бронзового века. Им также была выдвинута и обоснована идея, вылившаяся в острую дискуссию, о торговых взаимоотношениях между племенами Западной Сибири и Центрального Казахстана.

Основанием для нее стали ряд артефактов, обнаруженных в ходе раскопок памятников эпохи бронзы на территориии Центрального Казахстана. Их сходство с теми, что были выявлены в ходе изучения Карасукской культуры дали основание для А.М. Оразбаева заявить не о местном их происхождениии, а об их импорте из Карасукского региона. Кроме того, на основании полевых данных А.М. Оразбаев неоднократно пытался доказать, что племена бронзового века Казахстана стояли на высокой ступени развития и продолжали непрерывно развиваться в качестве локального варианта обширной андроновской культурно-исторической общности.

Исследования Абдыманапа Медеуовича Оразбаева по бронзовому веку Северного и Центрального Казахстана включают в себя семь изученных больших поселений. По трем из которых (поселения Бугулы, Шагалалы, Суыкбулак) он выполнил научные реконструкции. Они отличаюся точностью и выверенностью. При воссоздания облика поселений учитывались факторы среды, наличие природного сырья, а также особенности строительного дела.

Поэтому реконструкции представляют не просто художественные зарисовки, но являются важным научным



результатом. Несмотря на то, что этот опыт был одной из первых попыток восстановления вида поселенческих памятников этого времени в отечественной истории, они сегодня продолжают украшать обложки научных трудов, учебников и буклеты выставочных проектов в музеях.

Ученый рассматривал археологическе памятники не только в целостности, но и считал необходимым обратить внимание и на, казалось бы, незначительные вещи. Так, А.М. Оразбаев посвятил отдельный научный труд колодцам на поселении Шагалалы. Рассматривая технологию их возведения, и способ их функционирования, он сравнивает колодцы бронзового века с колодцами, использовавшимися в быту казахами. По материалам всех исследованных поселений можно сказать, что племена бронзового века приспосабливались к местным природным условиям и вели скотоводческое хозяйство, достаточное для обеспечения их нужд. В их хозяйстве было такое количество скота, которое они могли обеспечить кормом.

Ученым замечено, что орнамент керамических сосудов эпохи бронзы имеет большое сходство с мотивами казахского декоративного искусства, в том числе: *қошқар мүйіз, қара түяқ, ит қүйрық*. Он предполагал, что этот же орнаментальный декор украшали в древности и другие предметы.

Описывая традиции и обычаи жизни племен бронзового века, он указывал на их сходство с представлениями казахского народа. Так, А.М. Оразбаев связывал традиционные оградки и каменные ящики с появлением в эпоху бронзового века таких понятий, как «дух», «душа». Вовникнув как реакция на смерть, эти представления должны были привести древних людей к необходимости обезопасить живых. Своих усопших они стали хоронить отдельно, обособленно, возводили оградки и укладывли бренные останки в каменные ящики, тем самым отгораживая мир мертвых от мира живых.

Возможно, это было связано с представлением о том, что душа усопших может «сбежать» из «мира мертвых», или что духи могут злиться, если побепокоить место их погребения. Такие представления сохранились у некоторых народов до настоящего времени.

Опираясь на наличие обряда кормления духов запахом от жарения семи круглых лепешек у казахов, А.М. Оразбаев указывает на сходство анимистических поверий казахов о том, что душа человека не умирает, а превращается в святой дух и отправляется в мир мертвых, о том, что для благоволения святых духов нужно совершать периодические жертвоприношения.

Также им была высказана оригинальная мысль по поводу овальной формы надгробных памятников бронзового века. Овальные камни сравниваются им с детской колыбелью, поскольку в казахской народной лексике бытует стойчивая формула – «от деревянной колыбели до земляной». Очевидно, что в древности аналогичные мировоззренческие представления существовали и в позднем бронзовом веке.

Несмотря на то что основные научные исследования Абдыманапа Медеуовича Оразбаева были посвящены эпохе бронзового века, он стремился изучить возможную преемственность эпох и продолжил свои исследования на памятниках раннего железного века и средневековья в разных регионах Казахстана. Основываясь на материалах памятников раннего железного века Восточного, Центрального и Южного Казахстана, ученый дал свою оценку общественному развитию и хозяйству эпохи раннего железа.

Значимый для отечественной исторической науки стало изучение курганов «с усами». Уже в конце шестидесятых годов прошлого века Абдыманап Медеуович Оразбаев обратил внимание на эти памятники, которые составляют особую большую культуру в истории раннего железного века Казахстана.

Изученный им курган «с усами» из могильника Жанайдар представляет собой один из древнейших архитектурных сооружений на территории Казахстана. основе его изучения А.М. Оразбаев предприянял первую в казахстанской археологии попытку архитектурной реконструкции курганов «с усами». Можно утверждать, что работ по восстановлению внешнего облика курганов «с усами» и их архитектуры до этого времени не проводилось. А его оценки и суждения о внутренних функциях, семантике курганов «с усами» до сих не потеряли своей актуальности в науке.



А.М. Оразбаев является одним из археологов, внесших большой вклад в изучение раннего железного века Восточного Казахстана. Первые его раскопки в качестве ученого-исследователя также тесно связаны с этим краем. Учитывая внутренние региональные отличия памятников края, ему удалось представить Восточный Казахстан, как трансграничную сферу взаимного влияния сопредельных с ним древних культур Южной Сибири и Горного Алтая.

Несмотря на то что исследования ученого в Южном Казахстане не носили систематического характера и не проводились в больших объемах, каждый год он принимал участие в изучение памятников каждой эпохи этого региона. Уже в 1970-е гг. А.М. Оразбаев подчеркивал недостаточную изученность древние памятники Южного Казахстана.

Активную научную изыскательскую деятельность ученому удалось сочетать с преподавательской. В семидесятые же годы в Казахском государственному университете он возглавил новую кафедру археологии, перед которой была поставлена задача начать систематические исследования древних памятников Южного Казахстана и Семиречья. Но, к сожалению, возможностей для этого было немного. Тем не менее, наряду с исследованиями средневекового городища Актобе проводились археологические раскопки на нескольких могильниках раннего железного века региона. Было отмечено хронологическое соответствие курганов и городища Актобе, на котором проводились крупномасштабные исследования. Были выявлены системы водоснабжения и памятники, свидетельствующие о социальном и культурном быте города.

За свою, более чем полувековую научную жизнь Абдыманап Медеуович Оразбаев исследовал несчетное количество памятников бронзового и раннего железного веков во всех регионах Казахстана, тем самым внеся огромный вклад в казахстанскую археологию. Его экспертные заключения по памятникам, на которых в свое время проводились археологические раскопки, до сегодняшнего дня не утратили своей ценности. Активная деятельность, к большому сожалению, не позволила ученому ввести в научный оборот значительный корпус материалов, они дошли до нас в виде рукописного наследия. Учениками и последователями

А.М. Оразбаева проводится работа по их систематизации и введению их научное пространство. С каждым годом растет интерес к творчеству ученого, как в Казахстане, так и за его предалами. Интерес к творчеству ученого наблюдается в масштабе ежегодных международных научных мероприятий, связанных с его именем и объеме научных публикаций, посвященных ему. При кафедре археологии и этнологии **КазНУ имени** аль-Фараби, на которой он долгие годы преподавал и был первым ее заведующим, открыт научно-исследовательский центр, которому присвоено имя Абдыманапа Медеуовича Оразбаева. Все это время рядом с ученым был его неизменный коллега и соратник, д.и.н., профессор У.Х. Шалекенов, вместе с которым они подготовили целую плеяду выдающихся ученых, внесших большой вклад в казахстанскую науку. Его ученики в настоящее время – ведущие казахстанские деятели науки, которые продолжают дело своего учителя успешно сочетая научную и преподавательскую деятельность в высших учебных заведениях и научно-исследовательских центрах республики. Обращение к научному наследию Абдыманапа Медеуовича Оразбаева позволит расширить горизонта знаний в области фундаментальных проблем археологии, начиная с бронзового века и до позднего средневековья. Научная и преподавательская деятельность Абдыманапа Медеуовича сыграла важную роль в становлении и развитии новой генерации исследователей Казахстана. Среди них можно назвать д.и.н., профессора А.Т. Толеубаева, д.и.н., профессора М.Е. Елеуова, д.и.н., профессора С.Ж. Жолдасбаева, д.и.н., профессора Ж.К. Таймагамбетова, к.и.н. С. Жауымбаева, д.и.н., профессора О. Мукатову, а также д.и.н. А. Токтабая, д.и.н. Б.К. Калшабаеву, Д.С. Байгонакова, к.и.н. Г.К. Омарова, к.и.н., Д.А. Талеева, Е.М. Турганбаева, Г.Т. Бексеитова и многих других.

Однажды сделав выбор, ученый остался верен ему до конца. Научная жизнь и деятельность Абдыманапа Медеуовича Оразбаева является неотъемлемой частью казахстанской археологической науки. Он занимает достойное место в блестящей плеяде ведущих отечественных археологов. Безусловно, изучение результатов научной деятельности ученого, его взглядов, умозаключений, понимание его личности как одного из основоположников



казахстанской археологии представляет большой интерес для исторической науки. В ходе изучения научных трудов ученого пытливый исследователь может найти ответы на вопросы и решение проблем по древней истории Казахстана. Любой исследователь бронзового века и эпохи раннего железа не может обойти стороной глубокие исследования ученого, не может не ознакомиться с его ставшими уже классическими, труды: «Северный Казахстан в эпоху бронзы» 1958, «Поселения эпохи бронзы Северного Казахстана»1967. Предложенные Абдыманапом Медеуовичем Оразбаевым в свое время научные концепции в настоящее время вновь приобрели актуальность и рассматриваются уже с других точек зрения и под другими ракурсами.

Считаем важным продолжить дело УЧИТЕЛЯ, сверяя с его трудами новые находки и открытия, полагаясь на его интуицию и гипотезы попытаться внести собственную лепту в изучение проблем бронзового века, основу которого заложил А.М. Оразбаев.

# КІРІСПЕ

Қазақ археологиясының салқар көшін бастаған ұлы ғалым Әлкей Хақанұлы Марғұлан салған сара жол Ә.М. Оразбаев, К.А. Ақышев, Х. Алпысбаев, М.Қ. Қадырбаев, С.М. Ақынжанов сынды ғалымдардың есімдерімен жалғасса, бүгінгі таңда ол көш байсал тартып ғылымның үлкен сүре жолына айналды десе болады. Археология қазақ қауымына таңсық ғылым болғанмен, бұл ғылымды игеріп әкетуіне алғашқы ғалымдар шоғырының дегдар тектілігімен бірге кеңестік ғылымның жоғары дәрежедегі кәсіби білімінен сусындауы еді. Отан тарихының археология саласы бойынша көш басында тұрған осы ғалымдарымыздың әрқайсысының ғылыми мұралары қашанда құнды болып қала берері сөзсіз. Тау алыстаған сайын биіктей түседі демекші, бұл ғалымдарымыздың ғылыми мұраларының уақыт өткен сайын ғылыми құндылығы артуда.

Қазақстан археологтарының далалық зерттеу жұмыстарының жетістіктері біздің жерімізде өркениеттің ерте дәуірден басталғандығын көрсететін сансыз ғылыми маңызды жаңалықтар жасады. Сол тың жаңалықтардың ашылуында сүбелі үлес қоса отырып, ұлттық археология мектебінің қалыптасуына еңбек сіңірген де осы алғашқы буын археологтарымыз болатын.

Егемендігіміздің еркіндігі арқасында соңғы жылдары тарих ғылымына кезінде өз үлестерін қосқан белгілі тарихшыларымыз Б.С. Сүлейменов, Р.Б. Сүлейменов, А.Н. Нүсіпбеков, Ә.Х. Марғұлан, К.А. Ақышев, М.С. Мұқанов, т.б. туралы арнаулы ғылыми жұмыстар жазылды, кейбіреулері енді зерттеліп жатыр. Жалпы бұндай ізденістер белгілі ғалымдардың ғұмырнамасын, олардың тарих ғылымындағы қосқан үлестерін саралап бағалау арқылы ғылым саласының әр кездегі жеткен жетістігін, деңгейін, кемшіліктерін бағамдап отыруға мүмкіндік береді. Сол арқылы жаңа ғылыми мақсаттар, міндеттер қойылады. Қазақстан археологиясының көш басында тұрған осы ғалымдарымыздың ішіндегі археология саласында кәсіби білім алған, жеріміздің көне дәуірлер мәдениеттерін зерттеуде зор үлес қосқан ғалым, ұстаз Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев болатын. Ә.М.Оразбаев сияқты ғалымның ғылыми өмір жолын зерттеу болашақ археолог жастарға



оның үлгілі жолын көрсетуде маңызды шаруа болумен қатар үлкен бейнеттің, ұлттың көне, ортағасырлық тарихын ашудағы маңыздылығымен байланысты.

Бүгінгі таңда тарих ғылымының салаларының ішінде археологияның маңызы ерекше артып келе жатқандығын мойындамасқа болмайды. Оған дәлел соңғы жылдардағы археологияға деген мемлекеттік көзқарастың ерекше болуы. Мемлекеттік «Мәдени мұра», «Ғылыми қазына», «Халық тарих толқынында» сияқты бағдарламалардың ең қомақты бөлігі археологияға арналған, егемендік алғаннан бері осы салада жоғары білікті мамандар дайындауға да ерекше көңіл бөлінуде.

Елбасы үстіміздегі жылы халыққа арнаған кезекті Жолдауында қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналатындығын, ендігі ұрпақтың - мәңгілік қазақтың перзенті екендігін түйіндеп, қазақ елінің ұлттық идеясы - Мәңгілік ел болатындығын тұжырымдаған еді. Мәңгілік ел болу идеясы - Қазақ мемлекеттілігі дамуының іргетасы.

Бүгінгі күні қоғамның басты қағидасына айналған тарих мәселесі болып отыр. Елбасының ұстанымы «Мәңгілік ел», «Халық тарих толқынында», Қазақ хандығының 550 жылдығы сияқты келелі бастамалар да соның айғағы.

«Өткен тарихты білмей, болашаққа салауат айта алмаймыз» демекші бүгінгі қоғамның өзі тарихқа деген қажеттілікті көрсетіп отыр.

Ал тарихты жазу үшін сол тарихты жасаушы тұлғалардың ғибратты ғұмыры мен салған іздері арқылы өткенге көз жібере аламыз. Бүгінгі әңгімемізге арқау болып отырған тұлға Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевтың азамат, ғалым болып қалыптасу жолындағы тағдырына байланысты шәкірттерінің бірі, Әбдеш Тәшкенұлы Төлеубаев былай деп жазады: «Кеңестік сұрапылдың қара дауылы тек ғылымда ғана өз әсерін тигізіп қана қойған жоқ, бұрынғы жақсылардың ұрпағын қырып – жойды, тентіретті, тіпті тарыдай шашып жіберді. Оның бір дәлелі қазақтың маңдай алды екі археологы Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев пен Кемал Ақышевтың тағдыры. Біреуі арғын, тобықтыдан шыққан атақты Оразбайдың ұрпағы болса, екіншісі атақты Шорманның Мұстапасының ұрпағы. Екеуі де сол үшін ашық та, жасырын қуғындауды көп көрді. Осы

кісілердің сол уақыттағы аға халықтың өкілдерінен әйел таңдауының өзі бір жағынан бас сауғалаудың бір шарасы ма деп ойлайсың?» [1, 85-89 б.]. Ғалымның шәкірті Әбдеш Тәшкенұлы Төлеубаевтың бұл ойынан халқымыздың барша зиялы қауымының басынан өткізген қасіретін, дөп басып айтқанын көреміз.

Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев аксүйек тұқымы бола тұра, ғылымға осындай қиын қыстау кезеңде келіп, ұлт мүддесі үшін бір ауыз сөз сөйлеудің өзі мұң болған заманда жұмыс жасап, сапалы да салмақты ғылыми еңбектер қалдырды. Ғалым өз зерттеулерінде ғылыми еңбектің санына емес сапасына мән бере отырып, басты негізге еңбектің терең сараптамалық, жүйелілік жағын назарда ұстады. Әр зерттеулерінде археологиялық қазба деректерінің баламасын халқымыздың тамыры тереңде жатқан бай этнографиясынан таба білді. Ғылыми еңбектерінің жарыққа шыққанынан шықпағаны көп екенін ескерсек, алдағы уақытта тарихымыздың ақтаңдақ беттері сол еңбектер арқылы толыға түсері сөзсіз. Ғалымның Отан тарихына қатысты көптеген археологиялық қазба деректері уақытында жарыққа шыққан жоқ. Бірақ сол еңбектерді жарыққа шығарар шәкірттері бар екенін біліп, ғұмыр бойы жинаған бар еңбегін қаттап жинап кетті. Бүгінгі күні Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевтың ғылыми мұралары өзі ұзақ жылдар ұстаздық еткен әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті қабырғасында әріптестері мен шәкірттерінің бастамасымен терең сарапталып жарыққа шығуда. Бұл зерттеу еңбектеріндегі кейбір тұжырымдар уақыт талабына қарай жаңа деректермен толықтырылып баспаға дайындалу арқылы Қазақстан археологиясының өзекті мәселелерін шешуге септігін тигізері анық.

Қазақстан археологиясының тарихнамасында алғашқы кезеңде жүргізілген археологиялық зерттеулер Қазақстан территориясындағы ежелгі және ортағасырлардағы қауымның тарихи дамуының негізгі кезеңдерін көрсетіп берді. Қазақстандық археологтардың негізгі жетістіктерінің бірі қола және ерте темір дәуірлерінің қоныстарын, жерлеу ескерткіштері мен ғұрыптық орындарын, сондай-ақ ортағасырлық ескерткіштер мен қатар ежелгі қазақ архитектуралық ескерткіштерін зерттеу болды. Олар Қазақстан тарихының негізгі бағыттары мен жаңа тарихи мәселелерді ашуға мүмкіндік жасады. Бірқатар тарихи мәселелердің



шешімін табуын, республиканың әр аудандарында әр түрлі дәуірге жататын ескерткіштерге жүргізген қазба жұмыстарымен байланыстыруға болады.

Ғалымның ғылыми еңбектерін зерттеу барысында еліміздегі археологияның дамуы, қалыптасу кезеңдерінде туындаған сұрақтар мен мәселелерді де қарастырамыз. Қола және ерте темір дәуірлерін зерттеуші кез келген ғалым Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевтың фактологиялық материалы өте шынайы, дәл, терең ой тұжырымдарға толы, еңбектерін қарастырмай кете алмайды. Айта кету керек, Ә.Х. Марғұлан, К.А. Ақышев, Ә.М. Оразбаевтар кезінде қойған мәселелердің кейбірінің түйіні әлі шешілген жоқ. Көпшілігіне жаңа көзқарастар қалыптасқанымен де, кей жағдайда бұдан 30-40 жыл бұрын сол ғалымдардың айтып кеткен тұжырымдары, болжамдарының шындығына көзің жетеді.

Сол алғашқы зерттеулер қатарындағы Ә.М. Оразбаев жасаған Андронов мәдениетінің сатыланып келетін феодоров және алакөл кезеңдері деп қорытындылауы ғалым тарапынан 90 жылдардың өзінде өзгертілмеді. Бұл да сол уақытта жасалған қорытындылардың негізсіз емес екендігімен бірге қола дәуірі проблемаларының әлі де шешімін таппағанын көрсетеді. Өйткені қазіргі уақыттың өзінде Андронов мәдениетінің өзекті проблемаларының бірі феодоров мәдениетіне қатысты екенін айта кетуіміз керек. Сонымен бірге ғалымның соңғы қола дәуіріне берген бағасын қазіргі зерттеушілерден «уақыттан оза айтылған пікір» деп бағалануының өзі ғылымдағы теңдессіз жетістік десе болады. Ә.М. Оразбаевтың археология ғылымында тағы бір бағаланатын қыры қазба жұмыстарында өте ыждахаттылық пен тазалықты талап ете отырып, немқұрайлылық пен жүрдім бардымдылықты бойынан аулақ ұстауы. Ғалымның мұндай жетістігіне қола дәуірінің аса көрнекті белгілі маманы М.П. Грязновтың археологиялық қазба мектебінен білім алғандығы себеп болған болса керек. Ә.М. Оразбаевтың кәсіби деңгейдегі зерттеулерінің өзі археология ғылымы саласында үлгі тұтуға тұрарлық екенін айта келе, далалық қазба жұмыстарының өте жоғары дәрежеде жүргізілуі қазіргі жаңа технологиялар заманында өзекті болып отыр.

Тарихи тұлға өмірі мен қызметін зерттеу тарих ғылымының ерекше тақырыбы және құрамдас бөлігі. Тұлғаның өмірбаяны тарих

ғылымының даму үрдістері арқылы берілуі осы зерттеудің негізгі ерекшелігі болып табылады. Мұндай жұмыстардың маңызды тәрбиелік ролі бар. Ә.М. Оразбаев сияқты ғалымның ғылыми өмір жолын зерттеу болашақ археолог болам деуші жастарға оның үлгілі жолын көрсетуде, маңызды іс болумен қатар, жалпы археология ғылымының романтикасымен қатар үлкен бейнеттің, ұлттың көне, ортағасырлық тарихын ашудағы маңыздылығымен байланысты. Көне дәуірлердің археологиялық мұраларын зерттеумен қатар Ә.М. Оразбаев археолог мамандарды дайындауға және өз мектебін қалыптастыруда үлкен қызмет атқарды. Нәтижесінде тарих археология саласында ірі ғалымдар шоғырын қалыптастырды, олар қазіргі таңда еліміздің жоғарғы оқу орындарында, республиканың ғылыми зерттеу мекемелерінде табысты ғылыми және оқытушылық қызметтер атқаруда. Ғалымның бұл еңбегі де қазіргі Қазақстан ғылымының дамуы мен қалыптасуын көрсетумен бірге ғылымдағы өзекті проблемаларды шешудегі зерттеулерін ашып береді.

XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басы археология ғылымының тарихы мен әдіснамасында қорытынды жасау кезеңі болды. Археология ғылымындағы жекелеген мәдени – хронологиялық дәуірлерге, аймақтарға арналған монографиялар, мақалалар жарық көрді. Қазақстан археологиясы жабық құбылыс емес оны әрдайым Еуразия даласының тарихынан бөліп қарау мүмкін емес. Сондықтан Қазақстан археологиясының даму жолы және оның қалыптасуы мен негізгі бағыттарын анықтауда айрықша орыны бар тұлғалардың өмірі мен қызметі өзекті мәселе болып қала бермек.

Ә.М. Оразбаевтың өмірі мен ғылыми шығармашылық қызметіне арналып жарық көрген еңбектерді екі топқа бөліп қарастыруға болады. Бұл еңбектердің негізінен бірінші тобына шәкірттері тарапынан жазылған естеліктер болса, екінші топқа ғалым еңбектеріне берілген пікірлерді жатқызамыз. Ә.М. Оразбаевтың өмірі, ғылыми шығармашылығы мен ұстаздығы жайлы алғашқы мақалаларды ғалымның шәкірті Ә.Т. Төлеубаевтың қайраткерлігімен 90-шы жылдардан бастап жазыла бастады. Ә.Т. Төлеубаевтың ғалымға арнаған кең көлемді мақаласында өмірі мен қызметіне және ұстаздық, ғалымдық зерттеулеріне қатысты кең көлемді мәлімет беретін алғашқы еңбек деуге тұрарлық. Осы



мақаладан кейін шәкірттері атынан Ғ.Қ. Омаровтың, Е. Бияровтың мақалалары жарық көрді. Ғалымның ашылмаған қырлары мен мұрағат деректеріне қатысты Алматы қалалық Орталық Мұрағатының қызметкері Р. Жасынованың «Жаксының аты өшпейді» деген «Алматы ақшамы» газетіне 1997 жылы жариялаған мақаласында көп мәліметтер берген. Ә.М. Оразбаевтың қола дәуіріне қатысты зерттеулері, әсіресе соңғы қола дәуірі мәселелері В.В. Варфоломеевтың, А.З. Бейсеновтың, Ж.Қ. Құрманқұловтың, және Ресей ғалымдары В.И. Стефанов, О.Н. Корочковалардың еңбектерінде жоғары бағаға ие болды.

Ғалымның өмірбаяны мен ғылыми еңбектері туралы мақалалар мен естеліктер әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті қабырғасында қолға алынған «Оразбаев оқулары» ғылыми конференция жинағында жылма-жыл көбейіп толыға түсуде. Ә.М. Оразбаевтың өмірі мен ғылыми педагогикалық мұрасына жан – жақты талдау жасау қажеттілігі қазіргі таңда кезек күттірмес тың мәселе болып отыр.

Ә.М. Оразбаевтың Қазақстан археологиясының қалыптасып дамуына қосқан үлесі, қызметі жайлы тұжырым жасау және оның елу жылдық ғылыми ғұмырының отан тарихын шешудегі маңызды мәселелерін анықтауға тоқталамыз. Ә.М. Оразбаевтың ғылыми тұлғасын зерттеу оның мұрасының көптеген аспектілерін ашуға көмектеседі. Қазақстан археологиясы ғылымындағы орнын ғана ашып қоймайды, сонымен қатар сол кезеңдегі археологияның алдында тұрған проблемаларды көрсетеді.

Бұл еңбек арқылы Ә.М. Оразбаевтың тұлға орнында, қазаққа белгілі үлкен бір әулеттің ұрпағы ретіндегі әлеуметтік-қоғамдық ортасын қалпына келтіру, оның тағдыр талайындағы өмір кезеңдерін анықтау сол арқылы оның өмірге, қоғамға, ғылымға деген көзқарасын, ұстанымдарын көрсетеміз.

Ә.М. Оразбаевтың қызметін зерттеуде маңызды дерек – ғалымның қаламынан туған жеке ғылыми еңбектері. Сонымен бірге жұмыстың деректемелік негізін құрайтын материалдар бірнеше мұрағаттарда сақтаулы.

Атап айтатын болсақ, Ә.Х. Марғұлан атындағы археология Институтының ғылыми мұрағатындағы 1948-1969 жылдар аралығындағы археологиялық экспедициялардың материалдары,

Алматы қалалық Мемлекеттік Орталық Мұрағатының № 282 қор, 47 іс сақталған ғалымның жеке қоры, өзі ұзақ жылдар ұстаздық еткен әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінің мұрағатында сақтаулы жеке басына қатысты құжаттар мен ғалымның университет қабырғасында жүргізген археологиялық зерттеулерінің деректері пайдаланылды. Ғалымға қатысты мағлұматтар бірнеше мұрағаттарда орналасқан, сондықтан аталған қорлардағы деректерді былай топтастырғанды жөн көрдік;

– ғылыми еңбектері, мақалалары, олардың қолжазба нұсқалары, казба жұмыстарының дала күнделіктері мен сызбалары және оларға арналған тезистік деректер;

– өмірбаяндық сипаттағы деректер өзі жазған өмірбаяндары, әртүрлі мінездемелері, жеке құжаттары, дала күнделіктері, ғылыми еңбектерінің тізімдері, ғылыми қызметі туралы пікірлер, құрмет қағаздары, құттықтаулар, естеліктер;

– Ә.М. Оразбаевтың ғылыми мәселелер бойынша жазған хаттары мен оған жазылған хаттар. Ғалымның тұлға ретінде бейнесін жасау үшін және ғылыми тұжырымдарына баға беруде М.П. Грязнов, М.Н. Комарова, Ф.Х. Арсланова, Э. Шарифидинова, Г.Б. Зданович, А.С. Загородный және тағы да басқа ғалымдармен алысқан хаттар және олардың естеліктері бірегей дерек болып табылады.

Сонымен қатар ғалымның әріптестері У.Х. Шалекенов, О. Смағұлов және шәкірттері Ә.Т. Төлеубаев, М.Е. Елеуов, Ж.Қ. Таймағамбетов, Д.Б. Ескекбаев, Б.К. Қалшабаева, А. Тоқтабай, Ғ.Қ. Омаров, Ж. Жетібаевтардың естеліктері, әңгімелері Ә.М. Оразбаевтың ғалымдық, ұстаздық, адамгершілік бейнесін тануға үлкен септігін тигізді.

Ә.М. Оразбаев зерттеулеріне сараптама жасауға қатысты қола дәуірінің зерттеушілері М.П. Грязнов, С.А. Теплоухов, Ә.Х. Марғұлан, С.С. Черников, О.А. Кривцова-Гракова, К.В. Сальников, К.А. Ақышев, Э.Ф. Федорова-Давыдова, М.Ф. Косарев, М.Г. Мошкова, В.С. Стоколос, Г.Б. Зданович, Т.М. Потемкина, Н.А. Аванесова, В.В. Варфоломеев, В.В. Евдокимов, Ж.Қ. Құрманқұлов, А.З. Бейсенов, А.А. Ткачев, Н.А. Ткачева, В.И. Стефанов, О.Н. Корочкова сынды ғалымдардың еңбектері қарастырылып ғылыми тұжырымдар жасалынды.



Тұлғатану саласында еңбектері бар М.Х. Асылбеков, С.Ф. Мәжитов, М.Қ. Қойгелдиев және т.б. белгілі ғалымдар еңбектеріндегі тарихи тұлғаға, оның еңбектеріне сол заманның тұрғысында баға беру, сол тұлға өмір сүрген кезеңдегі объективті, субъективті жағдайларды ескеру сияқты қағидаларды басшылыққа алдық. Сонымен қатар, Ә.М. Оразбаевтың ғылыми еңбектерінің мазмұнына баға беруде, оның зерттеу тәсілдерін саралауда археология ғылымындағы үлкен методологтар Жан-Клод Гарденнің, А.С. Клейннің, В.Ф. Генингтің, А.В. Арциховскийдің, т.б. методологиялық еңбектеріне сүйендік. Зерттеуде жеке тұлғалардың өмірбаянын хронологиялық бірізділікпен баяндап, оның азамат, ғалым ретіндегі қалыптасуына тарихи жағдайлардың, өскен ортаның, ғылыми мектептің қаншалықты әсері болғандығын анықтау үшін эмпирикалық материалдарды салыстыра зерттеу, анализ жасау, синтездеу тәсілдері қолданылды.

Монографияның тәжірбиелік маңыздылығы білім және ғылымның дамуындағы тұлғаның ролімен анықталады. Қазақстан археологиясының қалыптасу тарихының жарқын беттерін ғалым зерттеулері мен өмірі арқылы көрсету. Бұл еңбек жоғарғы оқу орындарында оқитын студенттерге, колледж, мектеп оқушыларына арнап оқу құралын құрастыруда қолданылады. Сонымен қатар Қазақ халқының этногенезі және этникалық тарихы мәселелерінде, көне дәуірлер архитектурасын оқытуда, Қазақстан археологиясы мен отандық тарихқа арналған арнайы элективті курс оқуда да пайдалануға болады.

Ә.М. Оразбаевтың ғылыми өмір жолын зерттей келе біз Қазақстан археология ғылымының өмірі, ғылыми жолымен сол кездегі КСРО және Қазақстан археология ғылымының біртұтас ұрпағының ғылымдағы атқарған істері, сол кезеңдегі археологиядағы теориялық ұстанымдар, көзқарастар, мектептердің даму үрдісі, археологиялық кезеңдеулер, мәдени атрибуциялар т. т. байланысты. Ғалым зерттеулерінің нәтижесін, оның ғылыми көзқарастарын талдау онымен бір заманда өмір сүрген ғалымдардың пікірлерін, концепцияларын қарастыруды қажет етті. Тарихымызда өзінің өмірі мен қызметі арқылы Қазақстанның ғылымының, жоғарғы білімінің дамуына және қалыптасуына әсер етуші тұлғалар жетерлік. Сондай ірі тұлғалардың қатарына белгілі

ұстаз ғалым, археолог Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевты жатқызуға болады. Отандық тарих ғылымында белгілі бір ғалымның ғылыми өмір жолы мен шығармашылығының еліміздің тарихын ашудағы орнын анықтау қазіргі зерттеушілер үшін маңыздылығын саралау ғылым сапасының дамуы үшін кажет. Бұл ретте Отандык археология ғылымының бастауында тұрған Ә.Х. Марғұлан, Ә.М. Оразбаев, К.А. Ақышев, Х.А. Алпысбаев, М.Қ. Қадырбаев, С.М. Акынжановтармен қатар М.П. Грязнов, С.С. Черников, А.Г. Максимова, Ф.Х. Арсланова және т.б ғалымдардың Қазақстан археология ғылымына қосқан үлесін зерттеу қажет. Белгілі ғалымдар өз сапасындағы ғылымның дамуына өзіндік із қалдырады, ғылымның дамуына белгілі бір дәрежеде ықпал етеді.

Ә.М. Оразбаевтың ғылыми өмір жолын зерттей келе біз Қазақстан археологиясының қалыптасуын анықтаймыз. Сондай-ақ ғалым есімімен жартығасырлық Қазақстан археологиясының тарихы байланысты және оған қоса ғалымның өмір жолының қиын да кызықты кезеңдері жас ұрпақ тәрбиесінде үлгі тұтуға тұрарлық деуге болады.

Ғалымның өмірі, ғылым жолымен сол кезеңдегі КСРО және Қазақстан археология ғылымының біртұтас ұрпағының ғылыми жолы, сол замандағы археологиядағы теориялық ұстанымдар, көзқарастар, мектептердің даму үрдісі, археологиялық кезеңдеулер, мәдени атрибуциялар, т.т байланысты. Сондықтан Ә.М. Оразбаевтың ғылыми өмірі Қазақстан археологиясының ажырамас бір бөлшегі болып табылады. Ғалым зерттеулерінің нәтижесін, оның көзқарастарын, қорытындыларын талдау, Қазақстан археологиясының негізін қалаушы ғалымдардың бірі ретінде тану тарих ғылымы үшін үлкен қызығушылық тудыратыны сөзсіз.



# 1 Ә.М. ОРАЗБАЕВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

## 1.1 Өскен ортасы

Бүкіл саналы ғұмырын қазақ археологиясының іргетасын қалауға, оның дамуына, өз мектебін қалыптастырып, шәкірттер тәрбиелеуге жұмсаған Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевтың өмір тарихы мен ғылымдағы алар орны көпшілік қауымға белгісіз екені рас.

Өз зерттеулерімізде Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевтың жеке ғалымдық ұстаздық бейнесімен бірге үлкен Оразбаевтар әулетінен шыққан бірнеше халқымыздың біртуар тұлғалары бар екеніне қанық болдық. Сондай-ақ осы текті әулетпен тікелей байланыста болған XIX ғасырдағы қазақ қоғамының ірі қайраткерлерінің есімдерін де кездестірдік.

Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевтың үлкен атасы Оразбай Аққыұлы (1831-1922) «Абай жолы» эпопеясындағы көпшілікке таныс Абайды соққыға жығатын Оразбай еді. М.О. Әуезовтың «Абай жолы» романы халқымыздың бірден-бір әдеби мұрасы саналғанымен ондағы кейбір образдардың кеңестік идеология ырқымен басқаша сипатталғаны белгілі.

Сол себепті «Абай жолы» романындағы басты бейнелердің бірі Оразбай бейнесі Абайға карсы дүниеден бейхабар, дүмше байлардың қатарына қосылып келді. Әйтсе де соңғы жылдардағы қалам тартқан әдебиетшілер қауымының болсын (Абайтанушы ғалымдар болсын), тіпті ел аузындағы көзқарастарға сүйенсек Оразбай бейнесі жаңа қырынан ашылуда. Оразбайдың қазақ қоғамындағы ірі байлардың бірі ретінде саналуымен бірге беделі, билігі, қажылығымен қоса айбынын асқақтатар бір басы қазақтың қарабайыр үш жабысына татырлық тек көк шұбардан 3000 нан астам жылкысы болған деседі.

Оразбайдың жылқысы жөнінде ел аузында тараған әңгімелер көп болғанмен оның санына байланысты деректер алғашында жеткіліксіз, әрі нақты дәйексіз болған болатын, кейіннен Орыс сібір бөлімшесінің мәліметтерінде 4560 бас жылқы болғаны көрсетіледі [2, 146-153 б.]. Ал бұл жерде бір ескерте кететіні сол уақыттағы байлар өз малдарын азайтып көрсеткен.

Оразбай жас кезінен кедейліктің тауқыметін көріп өскен арғы аталарынан, барымташы, мықты жігіттерден құралған өжет елден болады. Аталары Беккұл, Аққұл атанып кедейлікпен өмір өткізгеннен болар, «осы бір нысаналы туған, бір көзі кем жаман-неме», бай болсыншы деп атын Оразбай қойса керек. Ел ішіндегі әңгімеде Құнекең барымтасын қойғызып, бата берген соң байыған деген де аңыз бар. Қалай болғанда да, Оразбай өте шаруақор, ұстамды, қайтпайтын өжет, қайсардан болған. Еңбекпен байыған Оразбай қашанда қой жатқан жерге түлеп түскен лас пұшпақ жүнді жиғызып, жуғызып, содан арқан жіп естірген. Мырзалығы да елден ерек болған. Ауылға түспей өтіп бара жатқан адамды шақыртып алып мал сойып, күтіп жіберетін болыпты. Оразбай өзі сырт буын тартқанда, күнде мал сойып аста төк болып жататын ұлы Медеудің ауылын нұсқап «Барыңдар бар, ана шашылғанның ауылына» деп отырады екен. Оразбай осы Медеу деген ұлына өмірінде үш рет енші бөлігті деген де сөз бар. Бұны да Оразбай өзінің атын шығару үшін жасаған. Оразбайдың алдын-ала ауа райын болжайтын қасиеті де болыпты. 1911 жылы сексеннен асқан шағында жұт болатынын болжап, жаз бойы шөп дайындатып, жас тобылғы мен сасырды шаптырып маялап үйгізеді. Айтқанындай қар қалың, қыс қатты болып, тіл алмаған кейбіреулердің сабасы керегенің басында қаңырап қалыпты деседі.

Оразбай заманының теңдессіз ірі байларының бірі болуымен бірге ақыл парасаты да мол кеңінен ойлайтын адам болған. Оразбай Абайды Шыңғыстаудың Көшбике жайлауында (халық ақыны Шәкір Әбеновтың әкесі) Әбен қажыға сабатқаны тарихи шындық десек те ел іші, заманы сол деп қана қысқа қайырамыз. Ал Оразбай айналасындағы тарихи оқиғалар мен тұлғалар шежіресі тың тақырып екені анық. Өз зерттеулерімізде көз жеткізгеніміз сондай игі шаралардың бастамасы ретінде Оразбайдай текті де зиялы әулеттің тағдырының куәсіндей болған халық жадында сақтаулы тарихи мекендер жетерлік. Оразбай жөнінде Молдабек Жанболатұлының 2004 жылы жарық көрген «Тобықты-Шыңғыстау шежіресі» атты кітабының бірінші томында біршама қызықты әңгімелер жинақталып баяндалған.

Жеке Оразбай тұлғасымен бірге қазақтың біртуар бірнеше тұлғалары өмірге келген және Ахмет Байтұрсынов, Әлихан



Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Сұлтанмахмұт Торайғыров сияқты халқымыздың асыл азаматтары аялдап, аунап – қунап, мәжіліс құрған Шұнай тауының баурайындағы қара қоныс, «тарихи кешенді ескерткіш» жасауға сұранып ақ тұр.

2005 жылдың далалық маусымында Археология Институтының «Сарыарқа» экспедициясы Қарағанды облысының Қарқаралы ауданы аумағында зерттеулер жүргізген болатын. Далалық зерттеулердің негізгі көлемі атқарылған соң, экспедиция көршілес Абыралы -- Шыңғыстау өңіріне қысқаша барлау бағдары бойынша шолу жасалды. Шағын уақыт аралығында қарастырылған жерлерден көптеген ескерткіштер ашылып, жаңа деректер алынды. Абай ауданының Медеу ауылы маңынан ашылған археологиялық ескерткіштермен қатар, Шұнай тауының етегінде орналасқан Оразбай Аққұл ұлының ата қоныс қыстағы сипатталды. Қоныста 2 үлкен үй құрылыстарының орны сақталған, маңында Оразбайдың өзінің және белгісіз адамның, барлығы 2 қара кірпіштен соғылған үлкен бейіт бар. Төрт құлақты бейіттің батыс жағына балалары Бұхарда шапқызып, ескі арап әрпімен жазылған мәтіні бар, бояумен өрнектелген қызыл түсті, кісі бойы құлыптас қойылған. Бұдан солтүстік-шығысқа таман 2,5-3 шақырым жерде 3 мыңнан аса көкшұбарды суарған атақты Оразбай құдығы бар. Қоныстағы екі үй де өздерінің үлкен өлшемдерімен ерекшеленеді. Қабырғалары тастан тұрғызылған бөліктерімен қатар, саманнан тұрғызылып, үлкейтілген тұстары да бар. Бір үй бейітке жақындау орналасса, екіншісі одан әріректе, таудың мүйісіне кіре орналасқан. Екеуінің арасы 0,7 км шамасында. Осы екінші үйдің тас, саман қабырғалары 1,5-1,7 м биіктікте сақталған тұстары бар. Сыртқы пішініне қарағанда, екінші үй алдыңғысынан кейіндеу салынуы мүмкін. Сол жолғы зерттеулер барысында Оразбай қорасының сызбалары, алғашқы сипаттамасы жасалынды [3, 26-29 бб.]. Бұл ескерткіштің маңыздылығы сонда, дәл осы мекенде 1922 жылы шілде айында Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев дүниеге келген болатын.

Үйде өз бетімен оқып хат таныған бала Әбдіманап, ағасы Санияздың әйелі Ақлиядан (Абайдың туған немересі) сол кезде бала Әбдіманап араб тілінде оқып, жазуға үйренген [4, 4-8 б.].

Әбдіманап Медеуұлының өз әкесі Медеу Оразбайұлы (1863-1931) сауатты, көзі ашық, қазақ зиялыларының бірі болған. Ол

Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатұлы, Ахмет Байтұрсынов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев сияқты халқымыздың біртуар тұлғаларымен жақын жолдас пікірлес болған.

Әлихан Бөкейханов 1908-інші жылы сегіз ай Семей абақтысында отырғанда ауырды деп естіп «Әлекеңдер қазаққа керек адам» деп тобықты Оразбай баласы Медеу он құлынды бие Шағылға байлатып, күнде абақтыға бір саба қымыз апарып, бір бағлан сойып, мәжіліс құрып отырған [5, 102-105 б.].

Медеу 1922 жылы Мұқтар Омарханұлы Әуезовтың ақыл кеңесімен Қыдыр тауының бауырында Ақтан бұлағының басында өз қаржысымен Семей қаласынан түйемен қызыл кірпіш тасытып мектеп салдырған. Негізінен мектепте сол уақытта Семей уезінің Мендеш және Бос болыстарынан оқушылар жиналған. Бұл екі болыс елдегі бірінші рет жаңа типпен салынған 8 класс үйі бар, 3 мұғалім тұратын жатаханасы бар, төбесі қаңылтырмен шатырланған жақсы мектеп болған. Медеудің тағы бір көрегендігі мектепті Оразбайдың әулеті тұратын Шұнай тауының бөктерінен емес, қайта 20 шақырымдай алыс жерге кедей кепшіктерге оқуға қатынасуға ыңғайлы болуы үшін Ақтан бұлағының басына салғызған. Мектепте сабақ берген мұғалімдердің жалақысын да өзі беріп, мұғалімдердің жатаханасына қыста соғым сойып беріп отырған. Жалпы бұл мектеп 1932 жылға дейін талай жалшы, кедей орташалардың балаларының көзін ашқан. Осы мектепте Семей қаласынан келген Мария Александровна деген орыс әйел мен ерлі зайыпты Андрей, Мария Оконечниковтар орыс тілінен сабақ жүргізген. Сонымен бірге Сұлтанмахмұт Торайғыров, Шәкір Әбенов, Жақсыберді Мұхаметжанов, Зікирия Рақымжанұлы, Ташпық Құтжанұлы, Рахым Жандыбайұлы, Қажи Абралыұлы сияқты халқымыздың белгілі тұлғалары да осы мектепте ұстаздық еткен. Отызыншы жылдардың орта шенінде байдың салғызған мектебі деп шолақ белсенділер Ақтанбұлақ мектебін бұзғызып тастаған. Кейінгі Ұлы отан соғысы жылдарына дейін мектеп пешінің мұржасы қалқиып тұрғаны айтылады [6, 2 б.].

Көп жылғы саяси қысымға байланысты сол мектепте еңбек етіп, оқыған адамдар оны жасырып келді. Бүгінде сол уақыттың қарияларының көзі жоқ. Ел тарыдай шашылып, Медеу мектебі жайындағы деректер жиналып жүйеленбей қалған. Тек 1928-1929



жылдары мектеп үйін бұзып, аудан орталығында қызыл шатырлы үй салғаны белгілі. Кейінгі кезде бұл жерден ұлы Отан соғысының батыры Жанғазы Молдағалиев атындағы совхоз құрылып, мектеп, т.б. орындар қайта салынды. 1997 жылы ауыл тұрғындары, жергілікті әкімшілік, аудан жұртшылығы Медеу мектебінің 75 жылдығын өткізіп, игілікті шаруа жасады [7, 242 б.].

1931 жылы ақпан айында Абыралы, Шұбартау және Шыңғыстау аудандарында болған шаруалар көтерілісіне катысты және кеңес өкіметін құлатып, жаңа өкімет құрмақшы болған бандылар тобының бас көтерушісі ретінде айыпталып Оразбаев Медеу мен оның екі ұлы Медеуов Саниязбек пен Медеуов Сләмқайдар қамауға алынады. 1931 жылы мамыр айының он бесінде ППУГПУ үштігінің жиылысында мемлекеттік қылмыскер ретінде айыпталып, заңның 582 тармағы бойынша Медеу Оразбай ұлы 68 жасында Саниязбек және Сләмқайдар атты ұлдарымен бірге Алматы қаласында ату жазасына кесіледі. Негізінен Шыңғыстау көтерілісінің жетекшісі ретінде 200 адамды басқарған Медеуов Саниязбек бен Торайғыров Емілжан деген азаматтар болған [8, 196 б.].

Медеуов Саниязбек (1898-1931жж) Әбдіманап Медеуұлының ең үлкен ағасы қазақтың біртуар азаматтарының бірі болған. Саниязбек жастайынан алғыр зерек болып өсіп, әкесі Медеудің ықпалымен білім алып ер жетіп, қазақ зиялыларымен ол да өте жақын аралас болған. Саниязбек Медеуұлы 1928 жылы Мендеш болысы Шұнай ауылында «Қадыр-қарыз серіктестігі» деген кооперация ашып халықты азық түлік, киім-кешек, кездеме, былғары, ұлтанмен қамтамасыз етіп, тегін үлестіріп берген [6, 3 б.].

1901 жылы Оразбай Абай ауылына келіп Тұрағұлдың қызы Ақылияның шілдеханасына құтты болсын айта келіп, немерелер татулықтың ұйытқысына айналсын деген тілекпен бесік құда болуға өтініш білдіреді. Абайдың өсиеті бойынша Ақылия бойжеткен соң Оразбайдың немересі Саниязбекке тұрмысқа шығады. Жастардың 1917 жылғы шілде айының 7-сі күні Ойқұдықта өткен некелесу тойында М.Әуезовтың «Еңлік Кебек» пьесасы қойылып, қазақтың Европалық үлгідегі ұлттық театр өнерінің тұңғыш сахнасы ашылады. Абай төңірегіндегі Әуез, Әйгерім, Омархан, Шәкәрім, Көкбай сияқты кісілерді жақын біліп өскен Ақылия кезінде

М.Әуезовке көп көмек берген. Абай аулына әр уақытта келіп-кеткенінде А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатовтар Ақыштың қолынан дәм татқан. 1918 жылдың қысында Шұнайдың баурындағы Садыр қыстағында отырған Саниязбек пен Ақылияның үйінде денсаулығы нашарлаған Сұлтанмахмұт Торайғыров бір қыс жатып, қымызбен емделіп қайтады. Абайдың жаңашыл әдеби мектебінің алып өкілдерінің бірі С. Торайғыровтың бірқатар жырлары осы кезеңде жазылған [9, 70 б.].

Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевтың өмір жолына тікелей әсер еткен қамқор болған, бір анадан туған ағасы, Қабыш Медеуұлы Оразбаев 1906 жылы мамыр айының оныншы жұлдызында дүниеге келген қазақ совет хирургы. Медицина ғылымдарының кандидаты (1937 ж). Томск медицина институтын 1931 жылы бітірген. 1931 – 1932 жылдары Түркісіб темір жолының тоғысқан жерінде Талдықорған облысының Айнабұлақ станциясында дәрігерлік бөлімше меңгерушісі болып жұмыс істейді. 1933-38 жылдары академик А.М. Сызғановтың клиникасында жұмыс істейді. Кейіннен Алматы қалалық ауруханасының хирургия бөлімінде ординатор, медицина институтының жалпы хирургия кафедрасының ассистенті, хирургиялық госпитальдың бас хирургы қызметтерін атқарады. Қабыш Медеуұлының ғылыми еңбектері қалқанша бездің қызметін реттеуге және қан құю мәселелеріне арналған. Өмірінің соңғы күндеріне дейін қазақтың эксперименттік хирургия институтында қарынның ойық жарасын хирургиялық тәсілмен емдеу жөнінде ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізеді [10, 525 б.].

1931 жылы Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевтың тағдыр талайына қарай панасыз қалған шешесі Қасежан апа (Медеудің екінші әйелі 1878-1978) екеуі Томск қаласындағы медицина институтын бітіріп келген Қабыш Медеуұлының қолына Талдықорған облысының Айнабұлақ станциясына көшіп келеді. Үйден кетерде Әбдіманап ағаның анасы қолына бір түйіншектен басқа дәнеңе алмаған. Мәселе бас амандығына келіп тірелген заман еді деп жазады Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев өзінің естеліктерінде [11, 5 б.]. Бұл жерде Қабыш Медеуұлы мен оның зайыбы Мария Федоровна дәрігер болып жұмысқа орналасады. Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев осы ағасының қолында тұрып, Айнабұлақ



станциясындағы орыс мектебінің 1 класын бітіреді. 1932 жылы ағасының жұмыс орыны ауысуымен байланысты аналары Қасежан апамен Алматы қаласына көшіп келеді. Қабыш Медеуұлы мен Мария Федоровна Алматыда № 1 қалалық ауруханаға орналасады. Кейіннен Қабыш Медеуұлы академик А.М. Сызғановтың клиникасында жұмыс істейді. Осыған байланысты мұрағатта фотосуреттер бөлімінде № 29 істе тарихи, деп айтуға болатын сурет бар, онда Қабыш Медеуұлы мен А.М. Сызғановтың еш жерде жарияланбаған фотосуреттері сақталған. Бұл туралы Әбдіманап Медеуұлы: - «Ол кездері мен мектеп оқушысы едім. Жазғы демалыста академик А.Сызғановтың клиникасында эксперимент жасалып жатқан қояндарды күтіп – бағумен айналыстым. Еңбекақыма велосипед сатып алдым. Оған апам, ағам Қабыш бәріміз қатты қуандық» - деп аса бір ыстық сезіммен еске алып жазған еді [6, 2 б.].

1938 жылы наурыз айында Қабыш Медеуұлы Оразбаев халық жауының, тап жауының баласы деп және кеңес өкіметіне қарсы жиындарға қатысты деп айыпталып Сібірге жер аударылады. Красноярскдегі еңбекпен түзеу лагерінде хирург-дәрігер қызметін сол жақта да жалғастырады. 1943 жылы жанұясын өзінің қасына шақыруға рұқсат алады. 1945 жылы соғыс аяқталғаннан соң Алматы қаласына оралуына мүмкіндік алады. Бірақта соғыс жылдарындағы ауыр тауқымет кеудесіне жара салып, өкпе құртынан айықпай 1946 жылы сәуір айында қаза болады [12, 22-37 б.]. Қабыш Медеуұлының жалғыз қызы Лейла Қабышевна Оразбаева ұзақ жылдар бойы Алматы қаласында дәрігерлік қызметін атқарып келді, белгілі әрі білікті маман бүгінгі күні зейнеткер, әкесі мен анасы жөніндегі ақпаратты және фото суреттерді бізге табыстады. Қабыш Медеуұлы жайында толығырақ жазудағы бір себеп, Әбдіманап Медеуұлы өзінің Әлкей Хақанұлы Марғұланмен кездесуіне және археология ғылымына келуіне де осы ағасы себепші болғанын айтады.

«Әлекеңмен алғаш рет 1931 жылы кездестім. Қабыш ағамның жақын жолдасы еді. Біз Айнабұлақ станциясында тұрғанда 6-7 күнге бізге демалысқа келетін. Ұзын бойлы, қайратты қою қара шашты, қазақтың тамаша бір азаматы еді. Әлекеңмен аға ретінде таныстығымнан бөлек 1955 жылдан 1974 жылға дейін жиырма

жылға жуық қызметтес болдым. Шағатай, араб,түрік, парсы тілдерін білетін. 30-40 градустық ыстықтарда, жүк мәшинесімен экспедицияға шығатын, барлау жұмыстарын күндіз - түні жүргізетін. Кішіпейіл адамдармен тез тіл табысатын, жастарды өте жақсы көретін, тым қарапайым жан еді. Дөрекілікті, әділетсіздікті, алдап-арбауды өте жек көретін. Жергілікті халық Әлкең экспедицияға келгенде өте жақсы қарсы алатын. Ауыл ақсақалдарымен көбірек әңгімелесуге, олардың айтқандарын, аңыз әңгімелерді жазып алуға тырысатын. Сол кездегі облыстық комитеттің секретарынан шопанға дейін қатты қадірлейтін»,- деп аса бір құрметпен айтып бергенін Алматы калалық Орталық Мемлекеттік мұрағатының қызметкері Р. Жасынова «Алматы ақшамы» газетінде 1997 жылы наурыз айында жариялаған болатын.

Жалпы Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев Әлекеңді тірлігінде де құрметтеп, аға ретінде силағанын өз ұлына Әлкей деп ат қойғанынан да көреміз. Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевтың бұл дәстүрді орындауының өзінен ұстазы әрі өмір жолындағы ағасына жасаған риясыз көңіл мен тектілікті байқауға болады. Ғалымның өмір жолындағы қалыптасу кезеңдері аумалы төкпелі замандармен сәйкес келгенмен қазақтың қаймағы бұзылмаған дәстүрінің ортасында көзін ашты. Ғылым жолындағы тұжырымдарына да өзі туып өскен орта, көз алдында елесі қалған қазақ халқының шаруашылығы, тұрмыс салты, дәстүрі, дүниетанымы көп сабақ болды. Сол көз алдында қалған қазақ халқының қыстаулары мен шаруашылық жайлары әсіресе қола дәуірінің қоныстарын зерттеуде қалпына келтіруде қолданылды.

### 1.2 Ғалым болып қалыптасуы және ғылыми экспедициялары мен зерттеулері

Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев Алматы қаласындағы № 8 орта мектепті бітірген соң, 1940 жылы С.М. Киров атындағы қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетіне оқуға түседі. Сонда оқып жүріп 1941 жылы 13 желтоқсанда әскер қатарына шақыртылады. Әскер қатарында жүріп, 1942 жылы қаңтардан бастап Омск қаласындағы М.В. Фрунзе атындағы Омск жаяу әскер дайындайтын училищеге курсант болып қабылданады. Осы



училищені 1942 жылдың тамыз айында соғыс қажеттілігіне байланысты ерте аяқтап, Сталинград майданында 45 ші Шорс атқыштар дивизиясына жіберіледі. Бұл дивизияның № 110 полкте минометшілер взводының № 3 ротасында командир болады. Сталинград майданында ауыр жараланып, 1943 жылдың 19 ақпанында жазылып шығады. Госпитальдан жазылып шыққаннан кейін 63 кавалериялық дивизияның 5 – Дон казактарының корпусында байланыс бөлімінің офицері болады. 1945 жылдың мамыр айынан Совет армиясының қатарында жүріп контрразведка бөлімінде «смерш» қызметін 1946 жылдың қаңтар айына дейін атқарады.

Украйнаны, Молдавияны, Румынияны, Венгрияны азат етуге қатысып австралиялық Альпіге дейін жетіп, жеңіс күнін қарсы алады. Осы уақыттар ішінде бес рет мемлекеттік белгілермен және Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлік істері үшін 8 рет алғыспен марапатталады. 1943 жылы «Жауынгерлік ерлігі» медалымен, 1944 жылы «Салинградты қорғағаны үшін» медалымен, 1944 жылы «Будапешт қаласын алуда көрсеткен ерлігі үшін» медалымен, 1945 жылы «1941-1945 жж. Германияны жеңудегі жеңіс мерекесі құрметіне» медалымен, 1945 жылы контрразведка бөлімінде «смерш» қызметінде жүргенде «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталады [13, 1-2 б.]. Осы жерде бір айта кететін жай кеңестер одағының бас қолбасшысы Иосиф Сталиннің 1944 жылғы жарлығы бойынша «смерт шпионам» деген атаумен арнайы жасырын ұйым құрылып елді шпиондардан тазартады. Ол қызметке жай адамдарды алмайтыны да белгілі, сол кезеңде совет одағында «смерш» қызметін атқарған небәрі үш адам совет одағының батыры атағын алса, санаулы адамдар ғана жоғары марапатқа ие болған. Өзінің ұқыптылығы мен алғырлығы және қайсарлығының арқасында «смерш» қызметінде жүріп қызыл жұлдыз орденін иемденген жалғыз қазақ Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев болатын.

Соғыстан оралғаннан кейін 1946 жылы қыркүйек айында С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік Университетінің тарих факультетінде оқуын жалғастырады. Осы Университетте 1948 жылдың 10 қазанына дейін оқып, одан кейін Ленинград қаласындағы А.А. Жданов атындағы Ленинград Университетіне ауыстырылады. Университет қабырғасында жүріп 1949 жылы

наурыз айында партия қатарына қабылданады. Сонда оқи жүріп одақтық дәрежедегі академиктер А.И. Окладников, Б.Б. Пиотровский, М.П. Грязнов, В.И. Равдоникас, А.Н. Бернштам, М.И. Артомонов, М.М. Дъяконов, И.И. Борисковский және т. б ғалымдардан дәріс алады [ 4 , 4 б.].

Оқу жылдарында ірі-ірі мемлекеттік маңызы бар археологиялық экспедицияларға қатысады. Олар Обь археологиялық экспедициясы, жетекшісі – СССР ҒА Ленинград тарих институтының археология бөлім меңгерушісі, профессор Михайл Петрович Грязнов [14, 228 б.]. Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясы жетекшісі - Ленинград археология институтының аға ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының докторы Черников Сергей Сергеевич. Бұл жылы Құлажорға қорымында ерте көшпелілердің 13 қорғаны, ал Баты қорымында 11 қорғаны қазылып зерттелді. Алайда бұл қазбалардың материалдарының барлығы толықтай саралаудан өтіп, ғылыми макала, не монография болып ғылыми айналымға енбеді [15, 85-89 б.].

1951 жылы 29 қыркүйекте жоғарғы білім министрлігінің жас мамандарды тарату жөніндегі шешімі бойынша СССР ҒА ның Тарих және Материалдық мәдениет тарихы институтына аспирантураға жіберіледі. Аспирантурада оқыған жылдарында да көптеген экспедицияларға қатысады.

1953 жылы М.П. Грязновтың жетекшілігімен ЛОИИМК ның Новосибирск археологиялық экспедициясы қатысады. Онда Новосибирск ГЭС-інің салыну алдындағы барлау зерттеу жұмыстарына қатысып көп ғылыми тәжірбие жинақтайды [16, 89 б.].

1954 жылдан бастап Қазақ ССР ҒА-ның тарих, археология және этнография институтының бір отряды Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясын басқарады. Экспедиция жұмыстары Бурабай шипажайы жанындағы қорымнан 16 қоршау және Обалы, Бүйреккөл қорымынан 6 қоршау мен Шағалалы қорымынан 1 обаға қазба жұмыстары жүргізіледі. Қазба жұмыстары жүргізілген қоршаулардың көпшілігі ерте қола дәуірімен мерзімделген болатын. Бұл зерттеу қорытындылары кейіннен ғалымның кандидаттық диссертациясында қарастырылғанын айта кеткен жөн [17, 2-3 б.].



Бұқтарма ГЭС-ін салуға байланысты су жайылымындағы археологиялық зерттеу жұмыстары 1956 жылы өз мәресіне жетті. Бұл жылы С.С. Черников басқарған ШҚАЭ 4 отрядқа бөлініп жұмыс істеді. Ерте темір дәуірі отрядын Ә.М. Оразбаев басқарады [18, 99-106 б.].

1957 жылы Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы, жетекшісі СССР ҒА ның Тарих институтының Материалдық мәдениет бөлімінің профессоры – Александр Натанович Бернштамдармен бірге зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясындағы Жетісу отрядын А.Г. Максимова басқарады. Онда Ә.М. Оразбаевпен бірге Алматы облысы, Жамбыл ауданы аумағында орналасқан Қарақұдық, Таңбалы шатқалдарындағы қола және ерте темір дәуірлерінің 40 шақты тас жәшіктерін зерттеген болатын [19, 61-71 б.]. Бұл қазба жұмыстарының дала күнделіктері мен сызбалары Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институтының ғылыми мұрағатында сақталған [20, 1-44 б.].

1957 жылы Ә.Х Марғұланның жетекшілігімен Қазақ ССР Ғылым Академиясының Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының бір отрядын Ә.М. Оразбаев басқарады. Зерттеу жұмыстары негізінде Қарағанды облысының Шет, Қоңырат аудандарында ерте темір дәуірінің ескерткіштеріне жүргізіледі. Соның ішінде Ә.М. Оразбаевтың қазбаларында Шет ауданында қола дәуірінің Елшібек қорымында 4 қоршаудан, 10 тас жәшік, Беласар қорымында 3 қоршаудан 7 тас жәшік қазылады. Қоңырат ауданында да қола дәуірінің Қанаттас қорымында 7 қоршаудан 9 қабір аршылып, Егізқойтас қорымында екі қоршауға қазба жұмыстары жүргізіледі [21, 59-74 б.].

1958 жылы Қазақ ССР Ғылым Академиясының Бұқтарма археологиялық экспедициясының жетекшісі Ә.М. Оразбаев басқарған экспедиция Шығыс Қазақстан облысының Күршім, Үлкен-Нарым және Ұлан ауданы территорияларында Зайсан көлінің сол жағалауында Шиліқарын қорымында 2 оба, Көкжар (Қараөзек) қорымында 9 оба, Мөнөкей қорымында обаға, Құлажорға қорымында 9 қоршауға зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Зерттеу қорытындылары бойынша ескерткіштердің хронологиялық уақытын б.з.д.. IY-II ғғ мерзімдеді [22, 1-20 б.].

Шығыс Қазақстанның ежелгі тарихын зерттеуде қажырлы еңбек еткен С.С. Черников пен Ә.М. Оразбаевтардың бірге далалық қазба жұмыстарын жүргізген сәттері Еуразия даласының көне мәдениеттеріне қатысты пікірлері ұзақ жылдарға жалғасты. С.С. Черников басқарған Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясының 1958 жылғы зерттеу жұмыстарында да ерте темір дәуірі отрядын Ә.М. Оразбаев басқарады. Өзінің ұстазы әрі майдандас қаруласы С.С. Черниковпен біріге жұмыс істеуіне себеп болғаны екі ғалымның да Қазақстанның солтүстік және шығыс өңірлерінде ұштасуы. Сонымен бірге Ә.М. Оразбаевтың Ленинградта оқыған жылдарында диплом жұмысы «Шығыс Қазақстанның қола дәуіріне» арналуында болса керек. Жоғарыда айтқандай Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының мұрағатындағы С.С. Черниковтың материалдарымен танысу барысында Шілікті алқабындағы зерттеу жұмыстарына толықтай болмаса да қатысқандығын барлау кезінде қорымдардың сызбаларын және қолжазба күнделіктерін кездестірдік [18, 106 б.].

Жоғарыда көрсеткен жылдар ішінде Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев осы экспедициялардың бөлім жетекшісі бола жүріп және зерттеу нәтижелерін өзіне жинақтай отырып тек өзінің ғылыми жұмысына қатысты Солтүстік Қазақстан территориясына тиесілі зерттеулерді ғана жарыққа шығарды.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін жаңа қарқын алған зерттеулер нәтижесінде түрлі археологиялық экспедициялар ұйымдастырылып, жинақталған қазба деректері жүйелі тұжырымдар жасауға себепші болды. Археологиялық нысандардың көп жерлерден табылуы, көптеп ғылыми айналымға енуі қола дәуірі ескерткіштерінің кезеңдестірілуін жасауға мүмкіндік берді. Алғаш Андронов мәдениетін зерттеуші одақтық дәрежедегі Михайл Петрович Грязнов сынды ғалымдардың басшылығымен Оңтүстік Сібір мен Ресейдің орманды өлкелерімен шектесетін, Қазақстанның орманды далалы және далалы аймақтарының өзіндік ерекшеліктері мен сипатын анықтауда, жергілікті кәсіби білімі жоғары жас мамандарға бағыт сілтеді.

1958 жылы Ә.М. Оразбаевтың тарих ғылымының кандидаты дәрежесін алу үшін жазылған «Солтүстік Қазақстанның қола дәуірі» атты диссертациялық ғылыми жұмысы М.П. Грязновтың



жетекшілігімен қорғалды. Мұндай күрделі ғылыми жұмысты жазуда және қорғауда мәліметтердің аздығына байланысты қиындықтар да туындады. Әсіресе сол кездегі өте беделді ғалым К.В. Сальниковтың кезеңдеуіндегі «замараев кезеңін» «замараев мәдениеті» деп атап жаңалық ашуы өзінше ғылыми ерлік еді. Ә.М. Оразбаевтың шәкірті белгілі ғалым Ә.Т. Төлеубаев ұстазының өз аузынан естігеніне қарағанда алғашқыда М.П. Грязнов К.В. Сальниковтың кезеңдемесіне тиіспе, солай қалдыр деген екен. Ә.М. Оразбаев өз көзқарасын дәлелдеп болмай қойыпты. Содан М.П. Грязнов еріксіз келіскен көрінеді. Сондай-ақ сол уақыттағы ғылыми ортада бекіген тұжырым негізінде Солтүстік Қазақстан қола дәуірін кезеңдерге бөліп, әр кезеңдердің шаруашылық, мәдени, дүниетанымдық мәселелеріне терең тоқталып өтті. Ізденуші Ә.М. Оразбаев өзі қазып зерттеген, оған дейінгі қазбалардан табылған материалдарды аса ыждахаттылықпен зерттеп, сипаттап, сараптау нәтижесінде Солтүстік Қазақстанның қола дәуірі ескерткіштері де андронов мәдениетіне жататындығын дәлелдеді, сонымен қатар бұл аймақтың қола дәуірінің көршілес өңірлер мәдениетімен тығыз байланыста болғанын алғаш дамыта айтқан болатын.

Ә.М. Оразбаевтың ғылымдағы жолы екі кезеңнен тұрады десек, оның алғашқы кезеңі 1956 – 1971 жж аралығында Ғылым Академиясының тарих, археология және этнография институтында алдымен кіші, кейіннен аға ғылыми қызметкер болып істеген еді. Әсіресе осы кезеңдерде Ә.М. Оразбаевтың ғылымда құлашын кең жайған кезеңдері десе болады. Соғыстың отты жылдарынан кейін бар қажыр қайратын ғылымға арнады. Археология ғылымының алыптарынан алған тәлім – тәрбиесін, білімін, ғылыми тәжрибесін жұмылдыра отырып, салмақты да сапалы еңбектер жазды. Ғылымдағы жолын қола дәуірін зерттеумен бастаған Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев тарихымыздың осы кезеңдеріне терең бойлап, ширата суыртпақтап дәстүр жалғастығын өз халқымыздың шаруашылығы мен тіршілігінен таба білді. Ғасырлар тұңғиығында шөгіп жатқан бір іздікті тауып қана қоймай, оның басқа да көріністерін салыстыра отырып жаңғыртпасын жасады.

1959 жылы Қазақ ССР ҒА ның ірі - ірі төрт отрядтан тұратын археологиялық экспедициясы ұйымдастырылып, оның бір отрядын қола дәуірі бойынша Ә.М. Оразбаев басқарды. Экспедиция

жұмыстары негізінен Ертіс – Қарағанды су каналы өтетін Орталық Қазақстанның жазығында жүргізіліп, дайындық жұмыстары нәтижесінде үш мыңға жуық ескерткіштер бар екені анықталған. Қазба жұмыстары сол жылы Қарағанды облысы Ворошилов ауданында, Ботақара қола дәуірі қоршаулары, Осакаров ауданында Ақбұлақ (Шортанды II) қола дәуірі қоршаулары және Павлодар облысы Куйбышев ауданында Тасмола, Нұрманбет (Қаражал) қола дәуірі қоршаулары, сондай-ақ Павлодар облысының Ермак ауданында Ақмола қола дәуірі қоршауларына қазба және барлау жұмыстарын жүргізеді. Бұлардың ішінде ең көп мәлімет берген Павлодар облысы Куйбышев ауданындағы Екібастұз ауылының жылқы фермасы жанындағы Шідерті өзенінің жағалауындағы Нұрманбет қола дәуірі қоршаулары болған. Онда қола дәуірінің алпысқа тарта қоршаулары тізімделіп, 40 қоршаудан 60 қабір қазылады. Ескерткіштердің хронологиялық мерзімдемесін ғалым б.з.д.. XIII-XI ғғ межелейді. Бұл ескерткіштер жөнінде Ә.М. Оразбаев 1960 жылы «Білім және еңбек» журналына қысқаша ғана мақала берумен шектеліп, қазба деректерінің күнделіктері мен сызбалары мұрағат деректері болып қала берген [23, 3-43 б]. Уақытында шықпай қалған ғалым мұрасын біртіндеп насихаттау және жариялау ісін қолға алып 2013 жылы белгілі археолог ғалым Ж.Құрманқұловтың 65 жылдығына орай шыққан жинақта осы Нұрманбет ескерткіштерінің материалдары жарияланды.

1960 жылы Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев Көкшетау облысы, Красноармейск ауданы, Октябрь селосы жанынан Шағалалы қонысына қазба жұмысын жүргізумен бірге, Шағалалы I, II, III қола дәуірі қорымдарынан 7 қоршауға қазба жұмыстарын жүргізген. Қоршаулардың көпшілігінде «мүрдені өртеуге» қарағанда «мүрдені жерлеу» ғұрпы кеңірек тараған. Қоршаулар андронов мәдениетінің XIII-XI ғғ жатқызылады [24, 78-87 б].

1961 жылы Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясында жетекшілік ете жүріп Ұлытау ауданының аудан орталығының оңтүстік батысына қарай селоның үйлері мен аурухана ортасында орналасқан Ұлытау қонысына қазба жұмыстарын жүргізеді. Онда 250 шаршы метр жерді қамтитын қоныс орны қазылып, соңғы қола дәуіріне жататыны анықталған. Өйткені онда соңғы қоламен мерзімделетін белдеулі қыш ыдыс



сынықтары мен руда қалдықтары табылған. Арасында біраз мөлшерде сүйек заттар да болған.

Сондай-ақ осы жылы Ибрайхан қыстағы жанынан Үйтас қоршаулары барлау кезінде тізімделіп, 8 қоршаудың сызбасы сызылған. Жоғарыда көрсеткен археологиялық қазба жұмыстарының деректері ғалымның Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология Институтының мұрағатында сақтаулы [25, 1-8 б]. Сонымен бірге 1961 жылы Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев Ұлытау ауданында Қаракеңгір өзенінің шығысына қарай 12 шақырым жердегі Жанайдар қыстағы жанындағы Жанайдар қорымынан қола дәуірінің 58 қоршауы мен екі мұртты обасы есепке алынады. Қорымда қола дәуірінің үш қоршауы және бір «мұртты» оба зерттелінді. Қола дәуірі қоршауларының қазба деректері мұрағатта сақталғанымен ғылыми айналымға енген жоқ. Ал мұртты оба материалдары ғалымның сүбелі еңбектерінің бірі саналатын «мұртты» обалардың алғашқы архитектурасына қатысты ғылыми еңбегінде жан-жақты қарастырылған болатын [26, 133 б].

1962 жылы Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының қола дәуірі ескерткіштерін зерттейтін отрядына жетекшілік етіп Қарағанды облысы Қарқаралы ауданында Қарқаралы және Суық бұлақ қоныстарын қазады. Қарқаралы қонысы Қарқаралы тау өзенінің оң жағалауында тау қойнауында орналасқан. Қоныстан үш тұрғын үй орны зерттеліп ғылыми сараптамасы жасалынды. Суық бұлақ қонысы Суық бұлақтың сол жағалауында 70 метр жерде орналақан онда екі қоныс орнын зерттеп 416 кв метр жерге қазба салады. Қоныстан белдеулі қыш ыдыстар мен сүйек, қола заттар тауып, ескерткіштің хронологиялық уақытын Солтүстік Қазақстандағы Шағалалы қонысына ұқсас келеді дей отырып дамыған соңғы қола дәуіріне жатқызған болатын. Сондай-ақ Суық бұлақ қонысының да жаңғыртпасын жасап ғылыми айналымға енгізді [25, 11-36 б].

Сол жылы Суықбұлақ қонысы жанынан бірнеше тас обаларға қазба жұмыстары жүргізіледі. Қазба деректері қазіргі таңда толық сақталмағандықтан Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының мұрағатында сақтаулы 820/4 және 820/5 Суықбұлақ қоршауларының сызбалары бойынша А.З. Бейсенов пен автордың біріккен ғылыми мақаласы жарық көрді. Сызба бойынша тас

қоршау астында жай қабірде сәл қырынан жатқызылған адам сүйегінің кеудесі мен бас жағынан жылқы сүйектерінің кездесуіне қарай және басқа да ерекшеліктеріне қарап Орталық Қазақстанның көшпелілер кезеңінің соңғы уақыты Қорғантас дәуірі, яғни б.з.д.. III-I ғғ мерзімделді [27, 37-40 б].

1963 жылы жоғарыдағы экспедиция құрамында Қарағанды облысы Шет ауданы, Талды-Нұра ауылының оңтүстік батысына қарай 14 шақырым жердегі Шопы өзенінің оң жағалауында Қаратұмсық қойнауындағы Бұғылы қонысына қазба жұмыстарын жүргізеді. Бұғылы қонысындағы зерттеулер 1956 жылы Ә.Х. Марғұланның жүргізген қазбаларын толықтыру мақсатында № I , II , III қоныстарда жалғастырылып, осы қазба деректері бойынша Ә.М. Оразбаев Бұғылы қонысының жаңғыртпасын жасап, оның екі бөлмелі және есігі төбесінен саты ағаш арқылы кіретінін айтты [28, 228 б].

1964 жылдан бастап 1967 жылға дейін Ә.М. Оразбаев Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясына жетекшілік етіп Көкшетау облысы, Красноармейск ауданы, Октябрь селосы жанындағы Шағалалы өзені жағасында Шағалалы қонысына зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Шағалалы қонысында үш жылдың көлемінде 16 тұрғын үй орны бар екені анықталып, 13475 кв метр жерге қазба салынады. Зерттеу қорытындылары бұл қоныстың дамыған соңғы қола дәуірімен мерзімделетінін анықтаумен бірге, сол уақыттағы тұрғын үйлердің үш түрін ерекшеледі. Бірінші: қабырғалары тік емес төртбұрышты, қазақтың қыстауларына ұқсас, екінші: ағаштан тұрғызылған қазақтың киіз үйі тәрізді төбесі күмбезделіп жабылған болса, үшінші түрі сегіз тәрізді болып келген арасы дәлізбен жалғасқан үйлер деп, бірақ бұлардың өзі қазақ халқының қосарлап тіккен киіз үйіне өте ұқсас түрі деп ерекшеледі. Қоныстағы осы үйлердің ерекшеліктеріне байланысты жаңғыртпасын жасап және қоныс материалдары арқылы көне дәуірдің өзіндік сипатын қазақ халқының тұрмысымен жан-жақты байланыстыра білді. Шағалалы қонысына қатысты Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев көлемді үш мақала мен бір үлкен еңбек жазып шықты [29, 82 б].

1968 жылы Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев Солтүстік Қазақстан өңірінің көне мәдениеттерін зерттеуде маңызды мәліметтермен



толықтыруда Қостанай облысы, Қостанай ауданы жеріндегі Садчиковск ауылының батыс шетінде 800 метр жерде орналасқан Садчиковск қола дәуірі қонысын зерттейді. Қоныстан екі жертөле орнына зерттеу жұмыстары жүргізіліп, соңғы қола дәуірімен мерзімделеді. Қоныс Тобыл өзенінің оң жағалауында ұзынынан 1 шақырым жерге созылып жатыр. Тобыл өзенінің жағалауына қалың шөп, қамыс өскен тал терегі мол ықтасын, адам тіршілігіне ыңғайлы жер болумен бірге, балық аулауға да қолайлы болған. Зерттеу жұмыстары 1948 жылы О.А. Кривцова-Гракова жүргізген қазбаларды толықтырып тың мәліметтерге қол жеткізеді [30, 3-67 б].

1969 жылы Қаратаудың солтүстігі мен оңтүстігінде зерттеулер жүргізілгені айтылады [130, 6 б.]. Алғашында Ә.М. Оразбаев 1969 жылы К.А. Ақышевтың жетекшілігімен құрылған Отырар археологиялық экспедициясының құрамында қазба жұмыстарына қатысқанымен кейіннен жеке отряд құрап Қаратау өңіріндегі бірнеше шатқалдардан петроглифтерді зерттеп суретке түсіреді. Бұл жөнінде Қаратау петроглифтеріне қатысты жазған М.К.Қадырбаев пен А.Н. Маряшевтың «Наскальные изображения хребта Каратау» көлемді еңбекте 1969 жылдан Отрар оазисін зерттеу мақсатында жүргізілген жұмыстармен қатар Үлкен Қаратау шатқалдарындағы петроглифтерді зерттеу басталғаны айтылады. Бірақ ол зерттеулерді кімдер жүргізгені қандай мәліметтер жинақталғаны айтылмайды [131, 8 б.]. Ә.М. Оразбаевтың бұл зерттеулері соңғы зерттеулеріміз қатарында анықталғандай жеке мақала болып «Қазақстан энциклопедиясында» жарық көрген. Сол жүргізілген зерттеулерінің деректері ғалымның ғылыми мұрағатында дайын мақала болып «Петроглифы Каратау» деген атпен сақтаулы. Бұл мақала кейіннен автордың дайындауымен Оразбаев оқулары жинағында 2012 жылы жарияланған болатын. Онда Бесарық сайындағы Күйкентай шатқалы суреттері мен Мейрамтал қойнауындағы Қойбағар I, II, III петроглифтері жөнінде жазылған. Қойбағар петрогливтері өте ірі ескерткіш екенін айта отырып онда, 1200 дей жартаста 3045 жеке композициялар бейнеленген дейді. Жартастардағы жабайы бұқалар, арқар, таутеке және адамдардың итпен аңға шығулары бейнеленгенін айта келіп түйелердің арбаға жегілген көріністері айрықша дейді. Жалпы петроглифтердің кескіндеме түрлері мен

Қазақстан Орталық Комитеті мен ҚазССР Министрлер Советінің қаулысы бойынша жүзеге асқан қазақ халқының тұңғыш энциклопедиясының шығарылуымен байланысты 1972 жылдан бастап Ә.М. Оразбаев ғылыми салалық кеңесшісі ретінде қызметтер атқарды. Археология саласы бойынша Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев осы энциклопедияның сегіз томына ат салысып көптеген ғылыми мақалалар берді. Солардың ішінде ең көлемді деген мақалаларды атап кеткенді жөн көріп отырмыз, мысалы: «Археология», «Андрон мәдениеті», «Гальштат мәдениеті», «Дольмендер», «Букон қорғандар тобы», «Гнездов қорғандар тобы», «Беласар қоршаулары», «Ботақара», «Олене-Остров қорғандар тобы», «Бүркітқала қала жұрты» және тағы басқа көптеген ұсақ түсіндірме ұғымдар туралы мәліметтер берді. Қазақ Совет энциклопедиясының жарыққа шығуында «Археология» саласы бойынша Ә.М. Оразбаев, К.А. Ақышев, Қ. Алпысбаевтардың таза еңбектері болды деуге толық негіз бар.

Ә.М. Оразбаевтың еңбектерінің құндылығын арттыра түсетін келесі бір жұмысы Орталық Қазақстан жеріндегі ерте темір дәуірінің Тасмолалық ескерткіштерге жасаған жаңғыртпасы мен сол құрылысты жасаушы адамдар дүниетанымына деген көзқарасы. Тасмола мәдениетіне тән археология ғылымына «Мұртты» обалар деген атпен енген ерекше ескерткіш түрін зерттеуде алғашқылардың бірі болып өз ойын білдірген де Ә.М. Оразбаев болатын. Мұртты обаларды ғұрыптық ескерткіштер ежелгі дәуірдің діни салтанаттары кезінде құрбандыққа ат шалу дәстүрінің, қасиетті күн тәңіріне табыну идеяларымен сабақтас болғандығын айтты. Сөз болып отырған ескерткіштердің негізгі мәнін ашуда «Жанайдар қорымындағы мұртты обаның архитектурасы» атты еңбегінде тереңірек үңіліп, жан-жақты ашуға тырысты. «Мұртты» обалардың құрылысын даму эволюциясын қола дәуірінің ғұрыптық шеңберлерінен бастау алатынын айтады. Тас тізбегінің басындағы үйіндісі немесе шеңбері соның сарқыншағы дейді. Осындай өз дәлелдерімен байламдарын айта келіп Жанайдар қорымындағы «Мұртты» оба Қазақстандағы ең көне архитектуралық құрылыстардың бірі дейді. Ә.М. Оразбаевтың бұл еңбегі ғылымда «мұртты» обаларды зерттеудегі ең алғашқы архитектуралық жаңғыртпа жасау болып табылады.



Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев сондай-ақ қазақ ғалымдары ішінде археология ғылымындағы ғылыми жетістіктерді көпшілік қауымға таныстыруда «ғылыми көпшілік» мақалалар жазу стилімен ерекшеленетінін де айта кеткен жөн. Олар мәселен «Нұрманбет бейіттері не дейді?» //Білім және еңбек. А.,1960 //, «Встреча с бронзовым веком» // Казахстанская правда. А.,1974. №24 //, «Конькам – три тысячи лет» // Совьет лайф М.,1965. 18 ноября // және т.б. көптеген облыстық және аудандық газеттерде мақалалары жарық көрген болатын. Осы ғылыми көпшілік мақалаларының қазақ тілінде жазылған нұсқалары әдеби көркем суреттелу негізімен ерекшеленсе, Мәскеуде жарық көрген шетелдерге арналған «Кеңестік өмір» журналындағы мақаласы арқылы әлемге қазақ жерінде 3 мың жыл бұрынғы тұрғындар сүйек коньки тепкенін дәлелдеген болатын. Ғалымның бұл жаңалығы әлем жұртын таңдандырып, көпшіліктің қызығушылығын арттырып алыс жақын шет елдерден толығырақ жазу жөнінде хаттар ағылған болатын. Ол хаттар Ә.М. Оразбаевтың жеке қоры жасақталған Алматы қалалық Орталық мұрағатында сақтаулы.

Кейіннен 1980 жылдары белгілі этнограф, өнертанушы ғалым Дәркембай Шоқпарұлының зерттеулерінде қазақ халқында да жылқының сүйегінен жасалған конькилер (сой шаңғы) болғанын естігенде «этнографиялық сабақтастықтың үзілмеген үрдісі осы екен ғой деп» балаша қуанғанын, Әбдіманап Медеуұлының шәкірті, белгілі ғалым этнограф Ахмет Тоқтабай ғалымға арналған халықаралық ғылыми конференцияда баяндаған болатын [32,21-23 б.].

Ғалым еңбектерінің қайсыбірін алып қарасақ та жаңа ой-пікір, тұжырым, терең сараптамалық, тарихи-салыстырмалық зерттеу қорытындыларға кездесіп отырамыз. Ғылыми еңбектің санына емес сапасына мән бере отырып, әрбір мақалаларының көтерген мәселелерінде өзінің өміршеңдігімен жаңашылдығымен дараланады.

Ә.М. Оразбаев Қазақстанның қола және ерте темір дәуірлерін зерттеу арқылы ғылымға сүбелі үлес қосты. Әсіресе, елуінші жылдардың соңында Солтүстік Қазақстанның соңғы қола дәуірі ескерткіштерін белдеулі қыш ыдысына байланысты жеке «Замараев мәдениеті» деп ұсынуы еді. Бұл жөнінен алғашында ғалымдар

тарапынан қолдауға ие болғанымен кейіннен таласты пікірлерге ұласқан болатын. Соңғы 2000 жылдардан бастап А.В. Евдакимов, В.В. Варфоломеев, Ж.Қ. Құрманқұлов, А.З. Бейсенов сияқты қола дәуірін терең зерттеп жүрген отандық ғалымдар Ә.М. Оразбаевтың соңғы қолаға байланысты айтылған ойларын «заманынан озып айтқан пікір», деп дәлелдеді [33, 126 б.].

Ғалым зерттеулерінің ғылыми ғұмырындағы осындай қадау - қадау еңбектерін айта келіп, ғылымда өзіне тән орын қалдырып, аз да болса салмақты ой, терең тұжырымдар жасаған ұлағатты ұстаздың жарқын мұралары мен бейнесі шәкірттерінің есінде мәңгі сақталады деп нық сеніммен айтамыз. Сонымен бірге Қазақ археологиясының көш басында тұрған Әлкей Марғұлан бастатқан ғалымдардың есімдері мен ғылыми мол мұралары ұрпақ тәрбиесінде өз жалғасын тауып насихатталуда және ол дәстүр үзілмеуі тиіс.

### 1.3 Педагогикалық - ғылыми қызметі

1971 жылы Қазақ Университетінің тарих факультетінде археология және этнология кафедрасының ашылуымен сәйкес, Университет ректоры Өмірбек Арыстанұлы Жолдасбековтың шақыртуымен Қазақ ССР Ғылым Академиясының тарих, археология және этнология институтының аға ғылыми қызметкері Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевты кафедра меңгерушісі етіп тағайындайды. [34, 54 б.].

Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев кафедраның аяғынан тік тұрып кетуіне өз үлесін қоса отырып, талантты студенттер мен ғалымдарды топтастыра білді. Алғашында мамандар жетіспегендіктен, дәріс оқуға Ғылым Академиясынан Ә.Х. Марғұлан, Х.А. Алпысбаев, О. Смағұлов және одақтық дәрежедегі профессор-академиктер М.П. Грязнов, С.С. Черников, Ю.А. Заднепровский сияқты ғалымдарды шақырды. Кафедраның ашылуымен байланысты археологиялық экспедициялар ұйымдастырылып, Қазақстанның әр өңірлерінде қазба жұмыстары жүргізілді [4, 5б.].

Ә.М. Оразбаев кафедра жетекшілігі қызметімен бірге студенттердің терең білім алуына толық жағдай жасауды және



ғылыми ізденістер жасауына қолдау көрсетуді жадында берік ұстады. Факультет ішінде археологиялық үйірме ісін дамытып, кафедра құрамына тың серпін берді. Аймақтық үйірме жұмыстарын жандандыру мақсатында «Қазақстан археологиясының өзекті мәселелері» мен «Андронов мәдениетінің негізгі проблемалары» және «Ерте темір дәуірі мен ортағасыр археологиясына» қатысты бағдарлама жасады. Ол бағдарлама 1970 жылдардағы кеңестік археологияның өзекті деген 100 тақырыбына арналған болатын [35, 3 б.].

Ә.М. Оразбаев 1970-1972 жылдардан бастап Университет көлеміндегі оқу процесінде теориялық алған білімді практикамен жетік ұштастыру керек екенін терең түсініп студенттерді археологиялық экспедицияларға тартты. Сол экспедициялардың ең алғашқысы Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясының құрамында солтүстік Қаратау отрядында жетекшілік жасап, Қаратау жотасындағы петроглифтерді тізімдеп оларға зерттеу жүргізді. Үшөзек өзенінің жағалауындағы Мейрамтал қойнауында негізгі бес кешенді петроглифтерден тұратын ескерткіштер зерттелді.

Ә.М. Оразбаев С.М. Киров атындағы қазақтың мемлекеттік университетінен археология және этнография кафедрасын ашқаннан соң кафедра мамандығының оқу жоспарын жасады.

Археология мен этнографиядан ол кезде мамандық емес мамандану ғана болды. Ол бойынша студенттер 3 курстан бастап «Археология және этнология» кафедрасы бойынша арнаулы курстар тыңдап, курс жұмыстарын, диплом жұмысын қорғайтын. Ә.М. Оразбаевтың кафедраны алғаш ұйымдастырған кезіндегі мамандану бойынша оқылған курстар мыналар еді;

1. Памятники каменного века Средней Азии.
2. Эпохи бронзы Южной Сибири.
3. Эпоха бронзы Казахстана.
4. Железный век Казахстана.
5. Земледелие Средней Азии и Казахстана.
6. Методика полевых исследований археологических памятников.
7. Камеральная обработка археологических материалов.
8. Этногенез казахского народа.

9. Прикладное искусства казахов.
10. Казахи низовьев Аму-Дарьи.
11. Средневековые города Казахстана.
12. Музееведение.
13. Историческая антропология.

Қарап отырсақ археология және этнология мамандануына сол кезде ақ жеткілікті дәрежеде арнаулы курстар жоспарланып берілген. Каз ГУ-дің сол кездегі мамандану оқу жоспарын Ташкенттегі Орта Азия, МГУ, Ленинград университетіндегі оқу жоспарынан арнаулы курстардың саны, мазмұны жағынан бірде бір кем емес еді!

Оның үстіне алғашқы жылдары осы арнаулы курстарды Қазақстандағы сол кездегі жетекші мамандар Ә.Х. Марғұлан, К.А. Ақышев, Х.А. Алпысбаев, О.И. Смағұлов, Х. Арғынбаев, т.б. оқыды. Сонымен қатар сол кездегі Совет Одағы көлеміндегі белгілі археологтар М.П. Грязнов, С.С. Черников, т.б. апталап Каз ГУ - ге іссапармен келіп дәрістер оқыған еді. Соның нәтижесі болса керек, археология және этнология кафедрасының алғашқы жылдардағы маманданған студенттерден қазіргі белгілі археолог, этнолог, тарихшы ғалымдар шықты. Олар кафедраның 1974 жылғы алғашқы түлектері тарих ғылымдарының кандидаттары археологтар С. Жауынбаев (қазір Кар ГУ – дің доценті), А. Ақышев (Орталық мұражайда БҒҚ), Е. Смағұлов (Археология институтында БҒҚ), Б.Б. Молдашев (Мәдениет министірлігі, БҒҚ тарихи ескерткіштер басқармасының бастығы), А. Тоқтабай (тарих және этнология институты БҒҚ) сондай-ақ кафедраның 1975 жылғы түлектері т.ғ.докторлары, профессорлар С.Жолдасбаев (ХҚТУ), Ә.Т. Төлеубаев (ҚазҰУ), М.Е. Елеуов (ҚазҰУ), Ж.Қ. Таймағамбетов (ҚазҰУ), С. Әжіғали (тарих және этнология институтының бөлім меңгерушісі), Д. Талеев (ЕНУ), Ф. Григорьев (КазРеставрация, ғылыми қызметкер), т.б.

Сондай-ақ 1971 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Сызған ауылының оңтүстік шығысына қарай 30 шақырым жердегі Арпа өзен, Көкбұлақ қойнауларындағы петроглифтер ерекше атап өтуге тұрарлық. Қаратау петроглифтеріне қатысты оларда бейнеленген төрт дөңгелекті арбалар мен түйе суреттеріне және басқа да бейнелерге қатысты өз пікірлерін білдіріп қола



дәуірінің соңы мен ерте темірінің бас кезеңімен, яғни б.з.д.. YIII-YII ғасырлармен мерзімдеген болатын. Бұл жөнінде көлемді мақала баспаға дайындалғанымен жарыққа шықпаған [36, 5 б]. Кейіннен автордың өңдеуімен Оразбаев оқуларының 2013 жылғы жинағына «Қаратау петроглифтері» деген атпен мақаласы жарияланды.

Сол жылы Университет студенттерімен Есік қаласының түбінде үйсін дәуірінің обаларын және бірнеше қола дәуірінің қоршауларына қазба жұмыстарын жүргізген болатын [37, 152 б.]. 1973-1974 жылдары Ә.М. Оразбаев, Әлкей Хаканұлы Марғұланның жетекшілігімен Қазақ ССР ның ескерткіштерді қорғау қоғамы экспедициясының құрамында Қарағанды облысының Қарқаралы ауданында ерте темір дәуірінің Бесоба, Үлкен-оба (Шапқан төбе) қорғандарын және Шет ауданында Шортандыбұлақ қонысын қазды. Шортандыбұлақ қонысында 18 қоныс орны тізімделіп екі тұрақ жай орнына қазба жүргізіледі. Қазба кезінде сүйек, қола және қыш ыдыс сынықтары мен бірге жер ошақ орны табылады. Сондай-ақ қазба деректері ішінде ең бір ғылыми мағлұмат берген жертөлеге кіретін баспалдақтың табылуы мен қыш ыдыс өндірісіндегі пештің табылуы еді. Қыш ыдысты күйдіретін мұндай пеш Қазақстан территориясында ең алғаш табылған болатын.

Бұл қоныстың хронологиялық мерзімдемесін қола дәуірінің соңы мен ерте темір дәуірінің бас кезі, яғни YIII ғасырмен белгіледі [38, 4 б.]. Сонымен қатар Ә.М. Оразбаев 1970-1980 жж. Университеттің Шу өзені бойындағы ортағасырлық Ақтөбе қаласында жүргізілетін археологиялық практика жұмыстарын басқарды. Ол кісі онда көбінесе шаруашылық ұйымдастыру жұмыстарымен айналысты. Негізінен ғалымның зерттеулері қола дәуірі болғандықтан және өзінің ғылымдағы жолы сол кезеңді зерттеумен басталғандықтан өмірінің соңғы жылдарында атқарған жұмыстарына көңілі толмай «қайта келмес зая кеткен өмір» деп күйініп отырғанын шәкірттері тебірене айтады. Дегенмен бар өмірін ғылымға арнаған Әбдіманап Медеуұлы жан жақты зерттеулерін тоқтатқан жоқ.

Ортағасырлық Ақтөбе қаласына Университет студенттерін практикадан өткізу кезінде өзінің көңіліне жақын обаларға зерттеу жүргізу үшін бірнеше студенттерден жеке отряд құрып казба жұмыстарын жасады.

1977-1979 жылдары аралығында Жамбыл облысы Шу ауданындағы Аксу және Қарабалта өзендерінің аңғарында бірнеше қорғандар тобын тізімге алып зерттеу жұмыстарын жүргізді. Зерттеу жұмыстары жүргізілген Жетіжар I, II қорымында барлығы 70 оба тізімделіп олардың № 13, № 43, № 21 обаларына қазба жұмыстары жүргізілді. Жетіжар обаларының сыртқы құрылысына және жерлеу дәстүрлеріне байланысты б.з.д.. Y-III ғасырлармен мерзімделген болатын [39, 62-70 б].

1980 жылы университеттің археологиялық экспедициясы Жамбыл облысы, Қордай ауданының орталығы Георгиевка селосының оңтүстік шығысына қарай 17 шақырым жердегі Жалаңаш, Тасжарған қорымдарына қазба жұмыстарын жүргізеді. Сондай-ақ Хантау станциясының маңында Сұңқар және Хантау жоталарының аралығынан Екі талды I, II, Хантау, Сұңқар, Жабалы кезең I қорымдарынан алпыстан астам обаларды тізімге алып сызбаға түсірген. Жалаңаш қорымынан 3 оба, Тасжарған қорымынан 1 оба мен екі коршауға қазба салады. Сонымен бірге Жамбыл облысы территориясында Свердлов, Меркі, Луговой, Шу, Қордай, Жуалы, Мойынқұм, Талас, Жамбыл, Сарысу аудандарында барлау жұмыстарын жүргізіп 18 қола дәуірінің кешенді қонысы мен қорымдарын табады [40, 13-21б].

1986 жылы осы экспедиция өз жұмысын Қатонқарағай ауданында жалғастырды. Бұл өңірдегі археологиялық зерттеу жұмыстары кеңестік кезеңдерде тек саусақпен санарлық болғанын айта келіп, өз барлау жұмыстары нәтижесінде он екі қорымнан жүзге тарта обалар тізімге алынған [42, 24 б.]. Барлау жұмыстарымен бірге сол жылы Черновая I, II, III ескерткіштерінен 15 оба және Қатонқарағай қорымынан екі оба қазды. Черновая I ескерткішінде төрт обаға қазба салынып олардың жергілікті тас аралас топырақтан тұрғызылып диаметрлері 15-20 метр, биіктіктері 1-1,5 метр болатыны анықталған. Обалардағы жерлеу құрылыстары әртүрлі болып келген, кейбіреуінде жай қабір болса, кейбіреуінде тас жәшік, ал №2 обадан және Черновая III ескерткішінде № 6 обасынан ағаш табытқа жерлеу дәстүрі анықталды. Ағаш табыт 2 метр 70 см терендікке қойылып бетін таудың жасыл түсті жақпар тастарымен бірнеше қабат жапқан. Ағаш саркофаг ұзын қайық сияқты формада бүгін бір ағаштан ойылып жасалған ұзындығы 3



метр 5 см болған. Бұл дәстүр Қазақстанның басқа жерінде бұрын соңды кездеспеген жаңалық еді. Мұндай ғұрып ерте темір дәуіріне жататын Пазырық қорғандарынан Шығыс Алтай мен Тыва [117, 18 б.], жерлеріндегі ескерткіштерден белгілі болатын. Черновая ескерткіштері б.з.д. VIII- VI ғасырларымен мерзімделді [42, 22 б.].

Ә.М. Оразбаевтың ойынша Черновая I № 2, III № 6 обалардың сыртқы құрылысы ағаш табытқа жерлеу мен адамның басының солтүстік батысқа қаратылуы және аралас тас жәшіктердің кездесуі қола дәуірінің дәстүрлерімен сәйкес келеді дейді. Сондай-ақ жерленушімен бірге табылған қола әшекей заттар мен сүйектен жасалған қойдың басына ұқсайтын зат пен сүйек тарақтың аналогиялары Оңтүстік Сібір мен Таулы Алтайдың ерте темір дәуірі ескерткіштерімен сәйкес келеді. Сондықтан Черновая I қорымындағы ескерткіштерді б.з.д. YII ғасырдың басымен мерзімдейді. Черновая I № 4 қоршаудағы әйел адамның жерленуіндегі етбетінен жатқызылуы мен аяқ қолын бүгіп жатуы тірідей адамды аяқ қолын байлап күшпен көмген дейді. Әйел адамның мойын тұсынан табылған янтар моншақ пен сардоникс тасынан жасалған бөшке тәрізді әшекей зат накты жергілікті жердікі емес екендігін айта отырып көне Шығыс Қазақстандықтар алыс шет елдермен байланыстың болғанын көрсетеді дейді. Бұл да ғалымның Қазақстан жеріндегі мәдениеттердің алыс-жақын шет елдермен саяси және сауда қарым қатынастары болғандығын айтуы және алғашқысы десе болады. Осындай әшекей заттар Қазақстанның басқа өңірлерінен кездеспейтінін тек өз зерттеулерінде (Бурабай қорымында №1 қоршауда) кездескенін, ал оның алыс аймақтардағы аналогиясы Б.Б. Пиотровский зерттеулерінде Армения жеріндегі Кармир-Блур қонысының мәдени қабаттарында кездесетінін айтты. Б.Б. Пиотровский өз зерттеулерінде сардониякстың б.з.д. YIII-YII ғғ Ассирия жерлерінде тұтынғанын айтқан болатын. Әбдіманап Медеуұлының ойынша Сардоникс моншақтардың Шығыс Қазақстан жерлеріне келуі Ассириядан Қаратеңіздік скифтер арқылы өтіп олардың таулы Алтайдың сақ скиф мәдениеттерімен байланысы нәтижесінде келгені С.И. Руденко еңбектерінде жан-жақты талдаған болатын [118, 62-63 б.]. Жалпы Черновая ескерткіштеріндегі аралас болса да кездесетін тас жәшікке жерленулер қола дәуіріне тән болғандықтан

болатын ешқандай өрнегі жоқ, артында тегіс ұстайтыны бар қола айна ғана табылған. Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев бұл обалардың сыртқы құрылысы мен орналасу бағытына қарай ерте темір дәуірімен мерзімдеуге болады дейді. Ал тас жәшіктерінің солтүстік-батысқа бағытталуы қола дәуірінде кең тараған дей отырып, өз қазбаларындағы Солтүстік Қазақстан жеріндегі (Шағалалы қорымы), Павлодар облысындағы (Ақмола), және Орталық Қазақстан, Шығыс Қазақстан жерлеріндегі соңғы қола дәуірлерінің Бестөбе, Қойтас ескерткіштерімен мәдени байланыстар бар екенін салыстырады. Ә.М. Оразбаев зерттеулерін өз зертеулерімізде дамыта толықтырар болсақ біздің ойымызша бұл ескерткіштердің жай қабір ішінде тас жәшіктің жасалуы мен адамды шалқасынан жатқызу дәстүрлері, қыш ыдысы Шығыс Қазақстанның құлажорға кезеңі ескерткіштерімен де өте жақын екенін айтуға болады. Бұл ескерткіштердің қабір іші құрылыстарын қайталайтын обалар Құлажорға типіндегі Жартас, Убаредмет, Ақши II, Қарашат III ескерткіштерімен сабақтастығын аңғара отырып Шығыс Қазақстанның ерте темір дәуірінің Құлажорға кезеңінің басындағы ескерткіштерімен мерзімдеуге болады деп жорамалдаймыз.

1989 жылдан бастап Ә.М. Оразбаев пен Ә.Т. Төлеубаев бастаған экспедиция бұрынғы Семей облысының оңтүстік-батыс аудандарында археологиялық зерттеу жұмыстарын атқарды. Бұл өңір бірлі-жарым саяхатшы, өлкетанушы және басқа мамандық иелерінің жазбаларынан басқа археологтар тарапынан арнаулы зерттеулер жүргізілмеген ақтаңдақ өңір болып саналады. Шығыс Қазақстан жеріндегі Тарбағатай тауының терiскейiнен Шар өзеніне дейін, Ертістің сол жағалауынан Аягөз өзеніне дейінгі аралықта арнаулы археологиялық экспедициялар мүлде жұмыс істемеген. 1989 жылы экспедиция Семей облысының Ақсуат ауданында Ашылы 1, Ақтүбек, ескерткіштерін зерттеді. Жалпы алғанда ерте темір дәуірінің 7 қорғаны мен қола дәуірінің 4 қоршауы қазылды.

Ашылы I ескерткіштерінің ішінде ерекше көңіл аударған — № 4 оба. Оба таудың қорым тасынан үйілген, диаметрі 20 метр, биіктігі 1,5 метрге жуық. Обаның сыртынан таудың жақпар тастарынан екі қатар (арасы 1,3-1,5м) дөңгелек қоршау салынған. Қоршаудың диаметрі 75 метр. Сонымен бірге қоршаудың батыс және шығыс бөліктерінде ашық есік тәрізді жерлер қалдырған. Есік



тәрізді ашық жерлердің босағасы іспетті таудың ақ түсті тасын арнайы қойған. Қазба жұмыстарында обаның үйіндісі алынғаннан кейін қабір дағы бойынша, 6 метр тереңдікке дейін қазба жүргізілген. Адам сүйектері немесе ешқандай зат шықпаған. Жалпы обаның сыртқы құрылымы, формасы бұл ескерткіштің ерте көшпелілердікі екендігін білдіреді. Сонымен қатар бұл обада адам жерленгендігінің белгісі болмағандығы (адам, мал сүйегінің, ешқандай заттың шықпауы) мүмкін бұл оба жау қолында өліп, не сүйегі табылмаған бір батыр, ру басы не қолбасшыға арналып салынған белгі- зират (кенотаф) па деген ойға қалдырады

Экспедиция құрамында кіші ғылыми қызметкерлер Ғ. Омаров, Е. Бияров және тағы басқа студенттер болды. Жалпы Семей өңірі осы уақыттарға дейін археологиялық жағынан өте аз зерттелген еді. Ал Тарбағатай тауының терiскейiнен Шар өзеніне дейінгі аралықта арнаулы экспедициялар мүлде жұмыс істемеген. Экспедиция алғаш Семей облысының Ақсуат қазіргі Тарбағатай ауданы жерінде Ескеалмас, Масалы деп аталатын қола дәуірі ескерткіштерін зерттеді. Жалпы 7 қорған, 4 қоршау қазылды.

1991 жылы Ә.М. Оразбаев пен Ә.Т. Төлеубаев бастаған экспедиция Семей облысы Ақсуат ауданының Кіндікті ауылы мен Жарма ауданының Михайловка ауылының шекарасындағы Сабындыкөл бойындағы қола дәуірі қоршаулары мен Ақсуат ауданындағы Құлбабас, Доланғара ескерткіштерін зерттеді [37, 3 б.]. Ашылы даласындағы және Актүбектегі басқа 6 қорған өзінің сыртқы формасы, ішкі құрылымы, адам жерлеу дәстүрі, табылған қыш заттарға қарағанда үйсін дәуірі ескерткіштеріне келеді, шамамен б.з.д.. III және б.з. II ғасырларының арасында салынған ескерткіштер деп мерзімдеді [43, 225-239 б.].

Әбдіманап Медеуұлы жасының ұлғайуына және денсаулығына байланысты 1993 жылдан кейін археологиялық экспедицияға қатынасқан жоқ. Археологиялық экспедицияға бармаған өмірінің соңғы екі-үш жылында өмір бойы зерттеулер жүргізген барлық экспедиция материалдары мен артефактілерін қаттап жинап, өзі ұзақ жылдар қызмет еткен кафедраға өткізуді ұлы Әлкейге тапсырған.

Ә.М. Оразбаевтың археолог ғалым ретінде далалық зерттеулерімен бірге ұстаздық қырынан танытатын бірнеше оқу

әдістемелік құралдарын жасағанын айта кеткен жөн. Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев 1974 жылдан бастап археология және этнология кафедрасының құрметті ұстазы белгілі ғалым Уахит Хамзаұлы Шалекеновпен бірге университет көлеміндегі оқу тәрбие жұмыстарында қомақты еңбек атқарды.

Университет қабырғасындағы сол уақыттарда жаңадан ашылған археология және этнология кафедрасының мамандандырылуына, ары қарай қалыптастырылуына байланысты «Жазғы, далалық археологиялық және этнологиялық практика бағдарламасы» атты жоғарғы оқу орындары студенттеріне арналған көмекші оқу құралын жарыққа шығарды. Онда көмекші құралдың маңыздылығымен бірге үйірме жұмыстарының жүргізілуі, курс жұмыстарының жүргізілу тәртібі, диплом жұмысы мен докладтар жасауға қосымша археологиялық және этнологиялық практиканың маңыздылығын ашып көрсетті. Көмекші құрал екі тарауға бөлініп, бірінші бөлімінде археологиялық ескерткіштердің түрлері мен зерттеу әдістеріне тоқталған. Алғашқы қоғам дәуірінің тұрақ және қоныс ескерткіштерінің қазылу әдістері, орналасу ерекшелігі, жерлеу орындары қорғандар, жартас суреттері мен ортағасырлық қалалардың қазылу әдістері мен архитектурасына тоқтала келіп олардың ары қарай зерттелуіне кеңінен тоқталған. Мәселен жер бетінен кездейсоқ табылатын заттар, қазба деректерінің тізімделуі мен алғашқы консервация жұмыстары, далалық күнделік жазу мен сызбаларын және топографиялық түсірілімін жасау жан-жақты қарастырылған.

Екінші бөлімінде Қазақстан территориясында этнографиялық деректерді жинау әдістері қарастырылған. Этнографиялық мағлұматтарды жинауда негізінен бұл көмекші құралда XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші жартысы деп қана шектеген. Этнографиялық деректерді жинаудың бірнеше тақырыптарын атап көрсеткен. «Тұрғындардың этникалық құрамы», «Жер өңдеу және суландыру жүйесі», «Мал шаруашылығы», «Қолөнері мен тұрмысы», «Қоныстары мен тұрғын үйлері», «Ұлттық киімдері», «Әдет ғұрпы мен дәстүрі», «Дүниетанымы» деп бөлген [44, 33 б.]

Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев пен Уахит Хамзаұлы Шалекеновтың тізе қосып атқарған келесі бір сүбелі еңбектері



тарих факультеті құрамынан ашқан археологиялық және этнографиялық музейлерді айтуға болады. Бұл музейлердің ары қарай жандануына үлес қосқан екі ірі ұстаздың өз еңбектері мен бірге, өздері тәрбиелеп кафедра құрамына тартқан, қазіргі таңда университет қабырғасында ұстаздық етуші бірнеше ғалымдардың да есімдерімен байланысты екенін айтуымыз керек. Осы мұражайлардың жалғасы ретінде университет қабырғасында қала берді Қазақстан бойынша ең алғаш полеолит мұражайының ашылуы да ұстаз үмітінің ақталғандығы десе болады. Тарих факультетінің студенттерін ортағасырлық Баласағұн (Ақтөбе) қаласында археологиялық практикадан өткізу және қазба жұмыстарының қорытындыларын жариялауда ғылыми есептер мен еңбектер жариялады. Ғылыми мақалалары мен ғылыми есептерінің қорытындылары Ортағасырлық Баласағұн қаласының қарауыл мұнараларына, су жүйесіне және тағы басқа жекелеген шағын құрылыстарға арналды.

1985 ж. Университет баспасынан Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевтың жеке қайраткерлігінде «Археология негіздері жалпы курсының программасы» атты шағын бағдарламасы жарық көрді. Онда археология ғылымының анықтамасы және тарих ғылымындағы археологияның орнына, сондай-ақ қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуын зерттеудегі археологтардың қызметі жайында тоқталған.

Негізгі деректер: Қабірлер, жерлеу орындары, ірі көлемдегі қорғандар, қола дәуірінің қоршаулары және қоныстардағы мәдени қабаттар жөнінде, археологиялық ескерткіштердің типтері, археологиялық ескерткіштерді зертханалық және далалық зерттеулердің әдістері, заттардың археологиялық типологиясы, археологиялық кешендер, археологиялық мәдениет, археологияның ғылыми тәсілдері; радиокарбондық, дендрохронологиялық, полеозоологиялық, металлогиялық, антропологиялық және т.б. тәсілдерін айтып кетті. Сонымен бірге археологиялық ескерткіштерді қорғау мен қазба жұмыстарын жүргізу заңдылықтары жайында тоқталды. Жалпы тас дәуірінен бастап қола, ерте темір дәуірлеріне жеке-жеке тоқталып, әр дәуірлердің қалыптасу кезеңдерін және географиялық, аймақтық ерекшеліктерін айтып кетті [45, 3-33 б].

Келесі бір оқу ісіндегі жоғары мәнге ие болатын оқу әдістемелік еңбегі 1985 жылы орыс тілінде жарық көрген «Қазакстан территориясындағы қола дәуірі» атты арнаулы курсқа жасалған бағдарламасы. Бұл бағдарлама негізінен Қазақ ССР-ның 1983 жылғы тапсырысы бойынша шығуы керекті жоспардағы әдістемелік оқулығы болатын. Әдістемелік бағдарлама алты тақырыптан тұрады. Бағдарламада арнаулы курстық мақсат міндеттерін былай түсіндіреді. Қола дәуірінде Еуразияның оңтүстігіндегі ірі-ірі кен орындарының бірі саналған Андронов тарихи мәдени бірлестігіне жеке тоқталу. Андронов мәдениетінің шығуы. Андронов мәдениетінің кезеңделу мәселелері. Қазақстан территориясындағы Андронов мәдениетіне тән ескерткіштер. Сонымен бірге Қазакстан территориясындағы Андронов мәдениетінің зерттелу тарихнамасына тоқталған [46, 3-28 б].

Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевтың ұстаздық қызметінің келесі бір қырын Республика көлеміндегі бірнеше оқу орындарындары арасында оқу әдістемелік байланыс орнатып лекциялар оқыған қызметтерінен де көруге болады. Сол уақыттағы Республика көлеміндегі екі ірі оқу орындарының біреуі саналған Қарағанды Мемлекеттік Университетінде, Абай атындағы Қазақтың Педагогикалық Институтында, Өскемен Мемлекеттік Педагогикалық Институтында және Мәскеудегі МГУ де «Андронов мәдениетінің проблемалары», «Ерте сақ мәдениеті» және т.б тақырыптарда арнайы шақыртулармен бағытты түрде дәрістер оқыған [11, 3-8 б].

Ә.М. Оразбаев өзінің бойындағы бар білімін, тәлім-тәрбиесін, методикасын өзінен кейінгі буынға сіңіре отырып, өз мектебін қалыптастырды. Өмірінің соңына дейін археология ғылымына өзіндік сара жол сала отырып, шәкірттер тәрбиеледі. Олар тарих ғылымдарының докторлары, профессорлар Ә.Т. Төлеубаев, С.Ж. Жолдасбаев, Ж.Қ. Таймағамбетов, М.Е. Елеуов, С.И. Әжіғалиев, С.У. Жауымбаев, Д.Ә. Талеев, Б.К. Қалшабаева, Д.Б. Ескекбаев, Ғ.Қ. Омаров және т.б көптеген тарих факультетін бітірген ғалымдар шоғыры Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевтың өздеріне құрметпен ұстаз тұтады. Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев өзінің жетік меңгерген ғылым саласы бойынша шәкірттеріне бойындағы бар білімін беруге тырысты. Сонымен бірге ғылымға деген тазалықты,



шын сүйіспеншілікті талап ететінін және ол кісіден қорқатынын әрі жақсы көретінін көзі көрген ізбасарлары тебірене айтады.

Тарих ғылымының әр саласына өз үлесін қосқан ғалымның жеке және телавторы ретінде төрт монографияның қырықтан астам ғылыми еңбектері және жүзден астам әлі жарық көрмеген мұрағат деректері бар. Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевтың жеке қорын жасау жөніндегі мәселе бойынша «Алматы ақшамы» газетінде 1997жылы Р. Жасынованың жеке мақаласы жарық көрген болатын.

Онда автор: «1994 жылдың көктемінің мамыражай күндерінің бірінде Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевтың жеке қорын жасамақ мақсатпен Қазақтың әл-Фараби атындағы Мемлекеттік Университетінің, тарих факультеті археология және этнология кафедрасына келдім. Қандай мақсатпен келгенімді сұраганнан кейін, аға алғашқыда өзінің табиғи қарапайымдылығымен қарсылық білдірді,- «Қалқам менен басқа да адамдар көп қой, мен бұл мәселеге лайықтымын ба?» -деп өзіме қарсы сұрақ қойды. Мен өзімнің қал қадірімше дәлелдеп шыққандай болдым. Сонымен аға ойға алған мақсатымды түсініп, үйіне барып керекті құжаттарды іріктеп алуға келісім берді» - деп жазады [47, 3 б.].

Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевтың жеке қор құжаттары Алматы қаласының орталық мемлекеттік мұрағатына 1994 жылы 2-тамызда келіп түсіп, барлығы 47 іс жасақталған. Қазіргі уақытта № 282 қорда сақталуда. Құжат ғалымның саналы, сапалы, тынымсыз, еңбекқор өмірінен сыр шертеді.

Ғалым зерттеулерінің келесі бір топтамасын 1954-1970 жылдар аралығында қызмет еткен қазіргі Ә.Х. Марғұлан атындағы археология Институтының мұрағатында сақтаулы еңбектері толықтырады. Онда Қазақстанның Орталық, Солтүстік және Оңтүстік өңірлеріне қатысты әр жылдардың ғылыми есептері мен дала күнделіктері және сызбаларынан тұратын барлығы 20 іс сақталған. Ұзақ жылдар ұстаздық қызмет атқарған әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетіндегі тарих факультетінің археология және этнология кафедрасында сақтаулы Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевтың ғылыми зерттеу жазбалары мен сызбалары өз өсиетімен ұлы Әлкей Әбдіманапұлы Оразбаевтың қаттап жинап өткізген. Онда ғалымның ғылыми зерттеулеріндегі барлық өңірлер мен кезеңдерге қатысты барлығы 54 іс сақталған.

Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевтың көзі тірісінде ғылыми зерттеулерінің біраз есептерін «Ескерткіштерді қорғау қоғамына» өткізгенімен қазіргі уақытта сақталмаған.

Қазба жұмыстары кезінде табылған археологиялық мұрағаттарды Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев 1963 жылы 10 қарашада Қарағанды облыстық өлкетану мұражайына тапсырған. Ол жөнінде сол уақыттағы Қарағанды облыстық өлкетану мұражайының қызметкері З. Сейтвалиеваның жазған анықтамасы ғалым мұрағатында сақтаулы [48, 1 б.].

Ғалымның Университетте ұстаздық еткен жылдарындағы археологиялық қазба материалдары өзінің ұйымдастыруымен 1982 жылы ашылған факультеттегі археология мұражайында сақтаулы. Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевтың ғылыми зерттеу мұралары қаншалықты көп болумен бірге соншалықты жан-жақты, әрі көп салалы. Сол себепті осы деректерді бір орталыққа топтастыру, жүйелеу және ғылыми жүйе жасау жұмыстары Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің жанынан құрылған «археология және этнология ғылыми зерттеу орталығының» қызметімен іске асырылуда. Бұл орталық алдағы уақытта профессор Әбдеш Тәшкенұлы Төлеубаевтың жетекшілігімен «Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев атындағы Археология және этнология институты» болып құрылу жоспарлануда.

Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев көзі тірісінде алған атақ сый құрметімен бірге, өмірден өткеннен кейін де 75 жасқа толған мерейтойына арнап әріптестері мен шәкірттері атынан 1998 жылы ғылыми жинақ жарық көрді. Бұл жинақта Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевтың ғылыми өмір жолы және ғылыми еңбектері жөнінде біршама мәліметтер жинақталды. Алайда Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев еңбектерінің жарыққа шыққанынан, шықпағаны көп екенін ескерсек ғалымның ғылыми ортадағы орны бір жинақ арқылы айқындалмасы анық еді. Сол себепті ғалымның замандастары мен шәкірттерінің бастамасымен 2009 жылдан бастап «Оразбаев оқулары» атты халықаралық ғылыми конференция жылма жыл өткізіліп тұруы қолға алынып, конференция материалдары жинақ болып жарыққа шығуда.

Бір әттегенайсыз бұл өмір, - өмір болған ба-?! Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевтың ауыр тауқыметті өміріне қоса жүк болған,



арқасына аяздай батқан бір жағдай, бір немересінің болмағанына күйініші. Өзінің аға халықтан жар таңдап, ұлының да басқа ұлттан келін түсіргені ұлттық дәстүр мен сабақтастық деген құндылықтарды бере алмайтынын айтып отыратын дейді. Үлкен ғалым ағамыз Мадияр Елеуұлының Ақтөбе қаласын қазу барысында болған Әбдіманап Медеуұлы жайындағы бір оқиғаны айтқаны ойға оралады. Өзімен бірге алып жүретін бір кішкене сабалақ итін практикада жүрген студенттер таспен ұрып жаралап қойғанда, Әбдіманап ағаның балаша жылағанын «менің немерем жоқ, бар алданышым осы еді ғой балалар» деп кейігенін айтады. Осындайда заманға налып қандай асылдың сынығы болған текті атаның баласын өмір илегеніне күйінесің. Арғы атасы Оразбай да мыңғыртып мал айдап, жалғанды жалпағынан басса да қартайып тоқсанның үстіне келгенде Шұнайдың бөктеріндегі қораның күншуағында отырып күн ұзаққа «боқ дүние – боқ дүние» деп күбірлейді екен. Тағдырдың әртүрлі сиын тартқан адам өмірі бейнеттің зейнетінен және тауқыметтің келешекке қалдырар үлкен атағы мен естелігінен тұрады ма деп ойлайсың.

«Жақсының аты, ғалымның хаты өшпейді» деп халық даналығында айтылғандай Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевтың ғылыми мұралары өзінің өміршеңдігімен ғылыми құндылығымен Отан тарихының зерделенуінде айрықша мәнге ие болып отыр. Қазақстан археологиясы ғылымының тарихында кәсіби деңгейлі білімінің арқасында жасаған қазба жұмыстары мен тұжырымдары, әлі де келешек буын ғалымдардың зерттеулеріне арқау болары сөзсіз. Сондықтан біздің бұл зерттеулеріміз сол жұмыстардың бастамасы екенін айта келе, тарихымыздың ақтандақ беттерін толықтыру бағытында шынайы еңбек ету болмақ.

# 2 Ә.М. ОРАЗБАЕВТЫҢ ҚОЛА ДӘУІРІ БОЙЫНША ЗЕРТТЕУЛЕРІ

## 2. 1 Андронов мәдениетіне қатысты зерттеулері

Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев өзінің елу жылға жуық ғылыми ғұмырында Қазақстанның Орталық, Солтүстік, Шығыс және Оңтүстік өңірлерінде қола дәуірінің көптеген қорымдары мен ірі жеті қоныста зерттеу жұмыстарын жүргізді. Ғылыми жұмыстарының басым бөлігі қола дәуіріне арналған ғалымның өмірден мансұқ еткен мақсаты да, бақыты тарихымыздың осы кезеңдерімен тікелей қатысты болды. Бұл да ғалымның басты мұраты саналатын жетістігі, өз мамандығына деген шын сүйіспеншілігі болса керек. Әбдіманап Медеуұлының өз мамандығына шын берілгендігін және қола дәуірін зерттеуді жанына жақын көргендігін, жеке мұрағатында сақтаулы төмендегі қолжазбаларынан да көре аламыз: **«Раскопки мною ведутся на должном научном уровне, в соответствии с требованиями современной археологической науки, что я считаю самым главным в работе специалиста – археолога. Правильно раскопанные и научно фиксированные материалы всегда могут быть опубликованы и включены в научный оборот любым специалистом, помимо самого раскопавшего их, они будут играть роль первоисточников при написании любого труда. Это и есть мера квалификации специалиста – археолога. Раскопки проведенные неспециалистом – губят материалы и подчас буквально уникальные памятники и вещи полностью гибнут для науки. Поэтому я, ведя планомерные раскопки, накапливал материалы по очень широкой теме «Эпоха бронзы всего Казахстана»** [49, 3 б.].

Қай адамның болсын мамандығындағы мәңгілікке мұрат етіп алар ісіндегі түйінді сәті жас шағынан басталары анық. Қазба жұмыстарын қазу әдістерін толықтай сақтап өте таза қазуды танымал кеңестік археолог, өзінің ұстазы – М.П. Грязновтан қабылдап, шәкірттеріне көп жылғы тәжірибесі негізінде толықтырып беріп келді. Әбдіманап Медеуұлын көзі көрген шәкірттері қазба жұмыстарында сурет салу, фото суретке түсіру



кезінде өте қатал болатынын, тіпті бір тасты қозғап алса ұрсатынын еске алады. М.П. Грязнов, С.С. Черников секілді Ленинград археология мектебі өкілдерін және қазақстандық мол тәжірибелі археологтарды 1971-1973 жылдары КазГУ-дің археология және этнография кафедрасына басшылық жасап жүрген уақытында студенттер алдында үнемі дәріс оқуға арнайы шақырып отырған [34, 54 б.].

Ғалымның Қазақстан жерін мекендеген қола дәуірі адамдары мен олардың заңды ұрпақтары ежелгі көшпелілер тарихына үлкен үлес қосқан тұлға ретінде қарағанымызбен, алайда ұстазымыздың археологиялық зерттеулерінің әлі де байыбына толықтай жетіп аңдамаған тұстарымыз баршылық. Өмірінің соңғы жылдары археологиялық экспедицияда жүргенде қола дәуірінің жерлеу орындарындағы кездесетін тас жәшіктер мен ерте темір дәуіріне жататын құлажорғалықтардың қабірлеріндегі тас жәшіктер арасында мәдени сабақтастық, генетикалық жалғастық барын үнемі айтып отыратын. Ұстазымыздың тағы бір ерекше қасиеттерінің бірі – ерте темір дәуірінің қорғандарын қазып жатсақ та, міндетті түрде сол маңнан өзіне алабөтен жақын қола дәуірі ескерткіштерін тауып, зерттегенде ғана көңілі тыныштанатын [50, 54 б.].

Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев зерттеулерінің негізгі бағытына айналған қола дәуірі қоғамда болған ірі өзгерістер мен шаруашылық және мәдени секірістер кезеңі деп ерекшелеуге болады. Тарихи кезеңдер ішінде б.з.д. екінші мыңжылдықтағы қола дәуірі тайпаларының ең бір тіршілік етудегі қолайлы ортасына айналған Еуразия кеңістігінің, соның ішінде Қазақстан далаларының маңызды өлке болғандығы археологиялық зерттеулер бойынша бізге таныс. Кең жазықты қыраттар мен орманды далалы болып келетін Қазақстан жері, қоғамдық экономикалық дамуда басты орында тұратын өндіруші шаруашылық түрі, металл өндірісінің дамуына әсерін тигізген көп кен орындарының болуының өзі, қола дәуірі қоғамының басты сипаттарының бірі болды. Сонымен бірге қола дәуірінің негізгі шаруашылықтарының бірі отырықшы бақташылық пен суармалы егіншіліктің дамуы қола дәуірі тайпаларының тіршілігіне қарқын берді. Табиғи қолайлы ортада ұдайы даму үстінде болған қола дәуірінің көне тұрғындары б.з.д.. бірінші мыңжылдықтың басына қарай, мал санының өсуіне

байланысты және металл өндірісінің даму дәрежесінде Батыс Сібір, Орта Азия сияқты алыс аймақтармен саяси экономикалық байланыстар орнату арқасында, ірі рулық тайпа бірлестіктер одағына айналды.

Бұған дәлел бола алатын дамыған соңғы қола дәуірінің Беғазы-Дәндібай сияқты жерлеу тас мазарлары мен бірге Алат I, II, III ескерткіштері және Кент қонысы, Көкшетау өңіріндегі Шағалалы жұртының археологиялық деректерін келтіруге болады [51, 102-105 б.]. Алғашқы қоғам тарихының соңғы белесі саналатын тарихымыздың үлкен бір кезеңін алып жатқан қола дәуірі өзінің хронологиялық уақытымен бірге, ғылыми тұрғыда зерттелу деңгейі жағынан да бір ғасырдан асатын тарихнамасы бар дәуір.

Қола дәуірі басқа тарихи кезеңдерге қарағанда көбірек зерттелгенімен, аталмыш дәуірдегі тарихи проблемалардың көпшілігі шешіле қойған жоқ. Неғұрлым қола дәуіріне тән ескерткіштер көбірек зерттелген сайын, бұл тарихи мәдени кезеңге қатысты сан алуан мәселелер легі де ұлғая бастайтыны тарихи шындық болып отыр. Мұның өзі бір шетінен отандык археология ғылымының дамуын да көрсетеді [52, 6 б.].

Қазақ жеріндегі алғашқы Патшалық Ресей тұсындағы отарлау саясаты негізінде жасалған қызығушылық және көне заттарды жинау сияқты шараларды қоспағанда қола дәуірінің ескерткіштеріне қазба жұмыстарын жүргізу 1862 жылғы В.В. Радлов зерттеулерінен кейінгі М. Копалов, В.И. Каменский, Ю.В. Аргентовскийлерді Қазақстанның қола дәуірін зерттеушілердің пионерлері деуге болады [53, 22-23 б.].

XX ғасырдың бірінші ширегінен кейін республика жеріндегі кен байлықтарын игеру Қазақстанда археологиялық ізденістердің жаңа бағытта дамып, қалыптасуына жағдай жасады. Ішкі Ресейден Қазақстанға XX ғасырдың 20-30 жылдары сан алуан мақсаттарды көздеген, бағыты түрлі ғылым салаларынан тұратын ғылыми экспедициялар (геологиялық, биологиялық, т.б) ағылып келе бастады. Мұндай экспедициялардың ғылыми қызметкерлері өз ғылым саласындағы ізденістерімен қатар археологиялық нысандар жайлы ақпараттар жеткізіп отырды. Олардан алынған археологиялық нысандардың мекен-жайлық мәліметтері болашақтағы ізденістер аясын белгілеуге мүмкіндік жасады.



1920-1940 жылдары Қазақстанда археология ғылымының қарқынды дамуымен сипатталады. Республикада археологиялық ғылыми ізденістердің дамуына одақтың ғылыми мекемелері мен орталықтары, жергілікті ғылыми өлкетану орталықтары, үйірмелер, музейлер ат салысты. 1933 жылы ММТМА-ның Нұра экспедициясы (жетекшісі П.С. Рыков) Орталық Қазақстанда кең көлемді жұмыстарды жүргізе бастады. Оның құрамында М.П. Грязнов, М.И. Артомонов, И.С. Синицын, М.Н. Комарова, Н.К. Арзютов, А.Н. Рогачев секілді ғалымдар жұмыс істеді. П.С. Рыков бұл ескерткіштердің басым бөлігін андроновтық кезеңдерге жатқызады [54, 57-58 б.].

1930 жылы жарыққа шыққан мақаласында М.П. Грязнов қола бұйымдар мәдениетінің хронологиясын Минусин қазаншұңқырымен салыстыра отырып жіктеп шықты. Ғалымның ойынша, ерте қола дәуірінде Минусин далалары андронов мәдениетінің қиыр солтүстігі болды, аталмыш мәдениетке Қазақстаннын барлық далалы аймақтары, Сібірдің батысы мен шығысы кірді. Ол қола дәуірі мәдениетін ерте, орта және кейінгі деп үш сатылы кезеңдеме ісінің негізін қалады [55, 149-162 б.].

С.А. Теплоухов пен М.П. Грязновтар Еуразия даласындағы қола дәуірін ғылыми тұрғыда алғашқы зерттеуші ғалымдар ретінде ерекшелеумен бірге сол уақыттағы мәліметтердің аздығына қарамастан жасаған зор еңбектерін де жокқа шығаруға болмайды. Осы және басқа да ғалымдардың еңбегінің жемісінде Андронов мәдениеті бөлініп қана қойған жоқ, оның нақты көршілес Еуразияның қола дәуірі мәдениеттерімен ерекшелігі, ұқсастығы және негізгі белгілері анықталды. Сонымен бірге осыншама үлкен аумақты алып жатқан Андронов мәдениетінің тұтастай біртекті болуы мүмкін еместігі, оның батыс және шығыс аудандарға бөлуге болатындығы белгілі болды [56, 196-202 б.].

Өткен ғасырдың орта тұсында Қостанай облысы жеріндегі ескерткіштер бойынша қола дәуірінің кезеңдеме ісін жасау О.А. Кривцова-Гракованың есімімен байланысты болды. Ол өзіне дейінгі С.А. Теплоухов пен М.П. Грязновтардың андронов мәдениетін батыс және шығыс аудандарға бөлу кестесі ізімен қыш ыдыстардың екі түрін бөліп ерекшеледі. Бірінші батыстық үлгіге Повольженің кима-хвалын мәдениетінің алғашқы кезеңімен сәйкес келетін тік

ықты жапсырмасыз ыдыстар болса, екінші шығыстық үлгі жапсырма белдеуі бар ыдыстардың пайда болуы мен көбейуі деп топшылады. Оның бөліп қарастыруындағы бірінші шығыстық үлгідегі ыдыстар Андроновтың ерте кезеңдерінде Минусин қазаншұңқырынан Повольженің далаларына дейін тарады деді. Екінші батыстық үлгідегі белдеулі ыдыстар Андронов мәдениетінің соңғы кезеңдерінде пайда болды және оларды тек үй тұрмысында қолданды деген тұжырым жасады [57, 172 б.].

Кейіннен О.А. Кривцова-Гракова жапсырмалы белдеуі бар ыдыстарды тек тұрмыстық мақсатта қолданған деп қана қоймай, оны алакөлдік болып аталған ыдыстармен бір уақытта қолданылды деді. Оның бұл болжамы көптеген зерттеушілерді көп жылдар бойына шатастырып келді [33, 12 б.]. Зерттеушінің еңбегінде кейбір кереғар пікірлер орын алғанымен Минусин қазаншұңқыры мәдениетінің ықпалы Қазақстанның басқа аудандарына қарағанда Алтай және Шығыс Қазақстан жерлерінде басымырақ болды деуі қазіргі таңдағы жаңаша көзқарастарға жақын келер еді. Сонымен бірге оның кезеңдемесіндегі жапсырмалы белдеулі қыш ыдыстардың пайда болуы мен соңы б.з.д.. X-VIII ғасырлармен мерзімделіп, скифтер кезеңіне дейін өмір сүрді деді. Бұл кезеңге өз зерттеулеріндегі Алексеев қонысы мен жерлеу орынын жатқызуы да қазіргі зерттеушілер пікірлерімен үндес келетінін айта кеткен жөн.

Сондай-ақ О.А. Кривцова-Гракова Ор өзенінің оң жағалауындағы Қожамберді жерлеу ескерткіштерін Алексеевка ескерткіштерімен салыстыра отырып онда кездесетін өртеп жерлеу дәстүрі аймақтық емес уақыт ағымына байланысты өзгерген белгілер екендігін айтты. Яғни Қожамберді ескерткіштері Андронов мәдениетіне жататын ескерткіштердің батыс аудандағы ең көнесі деген тоқтамға келді [58, 163 б.].

О.А. Кривцова-Гракованың зерттеу қорытындылары өзінен кейін кезеңдеме ісін қолға алған К.В. Сальниковтың пікірлерінен қолдау тапқан жағы батыс өңірлерде андронов мәдениеті скифтер кезеңіне дейін өмір сүрді деуі еді. Алайда ол К.В. Сальниковтың 1948 жылы жасаған алғашқы кезеңдемесіндегі андронов мәдениетінің үшінші кезеңін замараев деп бөлуіне қарсы шықты. Қоланың екінші кезеңінде кездесетін жапсырмалы белдеулі



ыдыстар бөлек үшінші кезең ескерткіштері емес ол тек үй тұрмысында қолданылған деген пікірін қайталады [58, 148 б.].

Еуразия даласының қола дәуірін зерттеу тарихында К.В. Сальников еңбектері өзіне дейінгі зерттеулердің кейбір бағыттарын сақтай отырып жасалды. Бұл кезеңдеме ісі Қазақстан жерінде де азды-көпті мәліметтер жинақталу нәтижесінде отандық ғалымдардың қола дәуірі проблемаларына араласуының келесі бір белесін бастады.

К.В. Сальников Оңтүстік Оралда ірі қазба жұмыстарын бастап Федоров, Алакөл қорымдарын, Кипель, Замараев қоныстарын және т.б. қола дәуірі ескерткіштерін зерттейді. Кейіннен зерттеу қорытындыларын ғылыми талдаудан өткізіп, Оңтүстік Орал төңірегіндегі андронов мәдениетінің үш сатылы кезеңдемесін жасайды. Онда Федоров кезеңі (б.з.д. екінші мыңжылдықтың ортасы мен екінші жартысы), Алакөл кезеңі (б.з.д. 11-9 ғасырлар), Замараев кезеңі (б.з.д. 8-7 ғасырлар) [59, 21-26 б.].

К.В. Сальников та өзіне дейінгі С.А. Теплоухов пен М.П. Грязновтардың кезеңдемелік үлгісінде өз қорытындысын жасады десе болады. Себебі олар К.В. Сальниковқа дейін ақ аталған зерттеушілер феодоровтық типтегі ыдыстар (шығыстық), алакөлдік типтегі ыдыстар (батыстық) деп бөліп қойған болатын. Бірақ К.В. Сальников үш кезеңнің ескерткіштерінің нақты ерекшеліктері мен белгілерін көрсетуге талпынды. Алғашқы екі кезеңнің ерекшелігі деп федоровта өртеп жерлеу дәстүрі тән болса, алакөлде өртемей жерлеу орын алған деді және О.А. Кривцова-Гракованың өртеп жерлеу дәстүрі қоланың ерте кезеңдеріне сәйкес келеді деуін қуаттады. Үшінші замараев кезеңіне осы аттас қоныстың материалдарын енгізіп, Алексеев қонысындағы сияқты жапсырмалы белдеуі бар қыш ыдыстар ерекшеленеді деді. К.В. Сальниковтың бұл үшінші кезеңді ерекшелеуі де өзіне дейінгі дайын тұрған О.А. Кривцова-Гракованың ойларын пайдаланып дамыту ғана еді.

Кейіннен К.В. Сальниковтың бұл концепциясы да түпкілікті өзгеріске ұшырады. Дегенмен О.А. Кривцова-Гракованың және К.В. Сальниковтың пікірлеріндегі өртеп жерлеу дәстүрлерінің қола дәуірінің ерте кезеңдерімен сәйкес келеді деуі және оларды төмендегі ғалымдардың қолдауы жайдан жай болды деп қарауға болмайды. Өйткені сол уақыттағы мәліметтердің деңгейімен

қарағанда (қазба деректерінің аздығы, энеолит дәуірі ескерткіштерінің ашылмауы сияқты түрлі себептер) кезеңдестіру мәселесінде екі түрлі жерлеу дәстүрлерінің сатыланып келуі қарапайым түсінікпен қарағанның өзінде бірінші өртеу дәстүрінің пайда болып кейіннен жоғалып кетуі шартты, ал қола дәуірлеріне дейінгі жерлеулерде өртемей жерлеп, одан ерте қолада өртеп, кейіннен қайта өртемей жерлеу орын алды деп қарау мүлдем қисынсыз болар еді.

Орталық және Солтүстік Қазақстан жерлеріндегі Ә.Х. Марғұлан бастатқан ғалымдарымыздың мақсатты түрде жүргізілген зерттеулері нәтижесінде азды көпті мәліметтер жинақталып осы өңірлердің ескерткіштерінің кезеңдестірілуін жасауға мүмкіндік туды.

**Қазақстан жеріндегі кезеңдеме ісін К.А. Ақышев (1953), Ә.М. Оразбаев (1958) тарапынан жасалған үлгілері сол уақыттағы ғылыми айналымда үстемдік құрған К.В. Сальниковтың кезеңдемесі негізінде жасалды дегенмен де, өзіндік ұстанған бағыты, бағдары бар еді. Олар үш кезеңнен тұратындығы мен атауларының біркелкілігін сақтағанмен жергілікті мәдениеттердің өзіндік ерекшеліктерін және ұқсастығының ара жігін ажырата отырып өз кезеңдемелерін ұсынды. Сондай-ақ жоғарыда атап көрсеткендей К.В. Сальниковқа дейінгі зерттеушілердің еңбектерін де қолданғанын ескеруіміз керек.** К.А. Ақышев пен Ә.М. Оразбаевтардың кезеңдеме жұмыстары жинақталған мәліметтердің аздығымен бірге сол уақыттағы Қазақстан жерінің қола дәуірін зерттеуде жеделдету қажеттілігі де асығыс пікірлер орын алуына әсер етті. Сонымен бірге ғалымдарымыздың зерттеулеріндегі бір ізділік бір орталықтан бағындырылған кеңестік ғылымның жүйесіндегі осал тұсы болуымен бірге зерттеушілердің ұшқыр қиялы мен қарымды қаламына да салқынын тигізді. Алайда ғалымдарымыз қола дәуірінің соңғы кезеңдерінің жергілікті аймақтық нұсқаларының өзіндік ерекшеліктерін тани отырып жеке мәдениет ретінде қарастырды және жаңа атауларын ұсынды.

Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев өзінің 1958 жылы жарық көрген «Солтүстік Қазақстанның қола дәуірі» атты еңбегінде сол кездегі бар деректерге сүйене отырып Солтүстік Қазақстанның қола дәуірін



кезеңдеп, ғылыми ой тұжырымдарын айтты. Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевтың бұл тырнақ алды еңбегі Солтүстік Қазақстан және Ресейдің Челябинск өңірі ескерткіштеріне қатысты жүргізілді. Уақытында аталған өңір ескерткіштерінің зерттелу тұрғысы Қазақстанның басқа аймақтарымен салыстырғанда аз зерттелгеніне қарамастан, бар мәліметтерді қамтуға тырысты. Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевтың зерттеулерінің деректік жағынан толығуына ықпал еткен, ұзақ жылдар бірге істескен әріптесі белгілі ғалым С.С. Черниковтың 1938 жылы Солтүстік Қазақстаннан тапқан қола дәуірінің қоныстары мен кен орындарының мағлұматтары ұзақ жылдық ғылыми сараптамадан кейін 1954 жылы жарияланған болатын [60, 29-49 бб]. Әсіресе С.С. Черников зерттеулеріндегі Степняк, Бестөбе, Сталинский рудник, Аульная площадь, Черная пика, Қыстау Қарағай, Ащылыкөл, Бөрілі сияқты қоныстар мен ескі кен орындары мәліметтері, Ә.М. Оразбаевқа Солтүстік Қазақстанның соңғы қола дәуірі «замараев» кезеңін ерекшелеуде негізгі мәлімет берген деректер болды.

Негізінен кезеңдеме ісі Ленинградтағы мемлекеттік эрмитаж мұрағаттарына және төмендегі еңбектерге қатысты карастырылды. Солтүстік Қазақстан өңірінің ерте қола дәуірінен соңғы қола дәуіріне дейінгі аралықтағы бір мыңжылдықтан артық уақытты қамтитын көне дәуірдің қоғамдық көрінісін, шаруашылығын, өмір тұрмысын, дүниетанымдық түсініктерін небәрі бес топты жерлеу ескерткіштерінің 45 қоршауына және көне тау кен жұмыстарына қатысты 4 қоныс орындарына зерттеу жүргізе отырып қорытынды жасады. Бұл жерлеу ескерткіштері мен қоныс орындарының көпшілігі толық ғылыми тұрғыда зерттелмеуі мен тоналып кеткендіктерін ескерер болсақ бір мыңжылдықтың қоғамдық сипатын беру үшін аздық етерін былай қойғанда жоққа тән мәлімет десе болады.

Бұл зерттеу жұмысымыздың негізгі бағыты Ә.М. Оразбаев еңбектерінің құндылығын саралау болғандықтан ғалымның қола дәуіріне жасаған кезеңдеме еңбегінің үлгісін сақтай отырып алдымен қола дәуіріне дейінгі кезеңнің қоғамдық көрінісін ашуға жасаған талпыныстарын және үш сатылы (федоров, алакөл, замараев) кезеңдерінің атауларын сақтай отырып әлі де мәнін жоймаған әр кезеңге байланысты ой тұжырымдарына тоқталдық.

Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев өзінің қола дәуіріне жасаған кезеңдемесінде қола дәуірінің ерте кезең ескерткіштерінің сипатын жалпы ерекшелігін Қожамберді ескерткіштерінің үлгісінде болуы керек деген болжам жасайды. Қола дәуірінің кезеңдеме ісін жасау үшін сол уақыттағы ғылыми ортадағы үстемдікті ескере отырып белгілі бір бағыты ұстанды және қола дәуіріне дейінгі ескерткіштерді алдымен қарастыруды зерттеу жұмысының басты бағытына айналдырды.

Ә.М. Оразбаев өзінің ұстазы М.П. Грязновтың айтқан Челябинск қаласы маңында 1924 жылы С.Н. Дурылиннің қазбаларындағы өртеп жерлеу дәстүрімен кездескен қорғандар Қожамберді ескерткіштеріне ұқсайды, тіпті онда табылған көзе тәрізді дөңгелек иықты және күрделі өрнегі бар қыш ыдысқа қарағанда Қожамберді ескерткішінен ерте кезең болуы мүмкін деген ойын қуаттады. К.В. Сальников Оңтүстік Оралдың андроновтық ескерткіштерін кезеңдеу топтастыру жұмысында осы Қожамберді зиратын Андронов мәдениетінің бірінші кезеңі федоровка жатқызды және осындай ескерткіштер К.А. Акышевтің зерттеулерінде Орталық Қазақстан жерінде де кездеседі деген пікірін негізге алды. Сондықтан көрші жатқан Солтүстік Қазақстан аумағында да жерлеу дәстүрі мен қоса жерленген заттарының көнелігі жағынан андроновқа дейінгі кезеңнің мәдениеттік үлгілері бар ескерткіштер бар. Бірақ бұл кезең ескерткіштері аз зерттелуге байланысты қорғандардың сипаттамасы үстіртін жазылумен бірге жекелеген қыш ыдыстардың суреттері мен ескерткіштердің жалпы жобасы ғана берілген дейді [61, 282 б.]. Ә.М. Оразбаев Солтүстік Қазақстанның қола дәуірі ескерткіштерінің кезеңдеу мәселесіне тоқталмас бұрын осы өңірдің андроновқа дейінгі кезең ескерткіштерінің сол уақытқа дейінгі жүргізілген зерттеулеріне тоқталады. Оны өзінің кезеңдеу жұмысында қола дәуіріне дейінгі және андроновтың алғашқы кезеңдеріндегі ескерткіштер тобын топтастыруға және сілтеме жасауға қолданғандықтан толық беруді жөн көріп отырмыз.

1924 жылы Көкшетау қаласынан 20 шақырым жерде Шағалалы өзенінің оң жағасында жер қазу жұмыстары кезінде көне жерлеу орны табылған. Оны Көкшетау қаласының мұражай қызметкері С.И.Хохлов барып зерттеген. Онда адам сүйегі бір қырынан



бүктелген күйде басы батысқа қаратылып жерленген. Адамның аяқ жағынан екі жылқының бас сүйегі мен сирақ сүйектері және 4 сүйектен, 6 тастан жасалған 10 жебе ұшы табылған. Адамның бас жағында төрт қыш ыдыс табылып, оның үшеуі нашар сақталған сынық күйінде кездескен. Ал бүтін ыдыс көзе тәрізді, ернеуі кең өрнектері ернеуіне қарай ыдыстың жоғарғы бөлігіне салынған. Бұл деректі Ә.М. Оразбаев жергілікті өлкетанушы М.Н. Леонтевскийдің Көкшетау қаласы өлкетану мұражайына 1928 жылы жасаған тізімдемелік еңбегіне сілтеме жасайды. С.И. Хохлов қазған Көкшетау қаласының маңындағы ескерткіштен басқа да тастан, сүйектен, мыстан жасалған ұсақ заттар табылған, алайда олар ғылыми айналымға енбей жоғалып кеткен. Кезінде одан шыққан заттарды А.В. Шмидт деген көріп андроновтық ескерткіштерге ұқсайтынын айтқан [56, 89 б.].

Ә.М. Оразбаев бұл жерлеу орындарында тастан жасалған заттар мен жылқы сүйегінің кездесуі таза андроновтық деп айтуға келмейді, бірақ қыш ыдысындағы андроновтық үлгілер мен мыс заттарға қарап андроновка дейінгі жерлеу орны деп жорамалдайды. Ғалым сонымен бірге андроновқа дейінгі кезең ескерткіштерін зерттеп қазба жұмыстарын жүргізген А.А. Формозов қазбаларындағы бірнеше ескерткіштерді осы ескерткіштермен салыстырып дәлелдеуге тырысты. Көп мөлшерде тас құралдардың кездесуі мен қыш ыдыстарындағы өрнектерінің ұқсастығын қайталайтын ескерткіштер А.А. Формозов қазбаларында Арал маңындағы Сексеуіл қонысы мен Тобыл өзенінің жоғарғы ағысында Терсек-қарағай қоныстарында кездескен. Бұл ескерткіштердің барлығында андронға дейінгі кезеңнің шаруашылығынан хабар беретін заттар кездеседі.

Ондағы жабайы аң сүйектері мен үй жануарлары (сиыр, жылқы, қой) сүйектерінің кездесуі сол кезеңдердің өзінде малды қолға бағудың дамыған түрі мен қатар аңшылықтың қосымша жан бағу үрдісі болғанын айтты. Тағы да осы А.А. Формозов қазбасындағы табылған Қысы көл қонысындағы дән үккіш андроновка дейін ақ жер өңдеу егін салу шаруашылығының болғанын көрсетеді деді. Андроновқа дейінгі кезеңде өмір сүргендер металмен таныс болғанын төмендегі қоныстардан, жерлеу орындарынан табылған заттар айғақтайды. Қысы көл және Қаратамыр қоныстары (мыс

ине), Затоболь тұрағы (мыс сым), Шағалалы қонысы (мыс қапсырма).

**Алайда бұл кезеңде әлі де басты орында тас құралдар тұрғанын қоныстар мен жерлеу орындарынан көруге болады дей келе Ә.М. Оразбаев Солтүстік Қазақстанның көне тұрғындары дамыған мал шаруашылығы мен жер өңдеу шаруашылығын және металл өңдеуді жетік тани отырып қола дәуіріне қадам жасады деді** [61, 220 б.].

Солтүстік Қазақстанның **федоров кезеңі** ескерткіштеріне Бурабай көлінің жанындағы қоршаулар, Обалы, Бүйреккөл деген үш топты жерлеу орындары жатқызылды.

Ә.М. Оразбаев федоров кезеңіне тән ескерткіштердің өзіндік ерекшеліктерін төмендегідей бөліп шығарды. Сыртқы құрылысы тас қоршаулар төртбұрышты, дөңгелек кейде төртбұрышты ұзыншалау әр түрлі бөлген тасқалаулары бар. Қоршау ішін қабірден шыққан топырақпен биіктеткен, бірақ қазіргі уақытта небәрі 5-10см биіктікте сақталған. Тас қоршау ортасында тас қабір орналасқан, қабірдің шеттеріне ағаш немесе жалпақ тасты қырынан қойып жәшік жасалған. Кейде жай қазылған қабірлерде кездескен. Қабірлердің бетін ағашпен және жалпақ тастармен жапқан. Тағы бір осы кезеңге тән нәрсе ол сирек те болса адамды өртеп жерлеген. Кейде адамдарды өртемей оң жамбасымен немесе сол жамбасымен бүктете жатқызатын болған. Қабір ұзынынан батыс-шығыс және оңтүстік-батыс, солтүстік-шығыс бағыттарда қазылған. Адамды қабір ішінен басқа жерде киімсіз өртегені байқалады, оны оттың табы тимеген заттар айғақтайды (қола түйреуіш, сырға, біз, ине). Қабірден алыс емес жерде өртелген адам сүйегін қабірдің оңтүстік-шығыс немесе солтүстік-шығыс бұрышына әкеліп үйіп қойған. Қабірде қыш ыдыстар әдетте оңтүстік-батыс немесе солтүстік-шығыс бұрышқа қойылған. Мал сүйектері кездеспейді деуге болады, тек зерттеу жүргізген Федоров кезеңіне тән 40 қабірдің екеуінде ғана кездескен (Бүйрек көл 23 қоршауы мен Обалы 7қоршауы).

Федоров кезеңіндегі жерлеу ғұрпындағы тағы бір ерекшелік қыш ыдысында деп көрсетті. Негізінен қыш ыдыстары дөңгелек иықты кең ернеулі көзелер, өрнегі жоғарғы бөлігіне салынған. Керамикадағы геометриялық күрделі өрнектері мойынында тарақ



тәрізді немесе тегіс қалыппен қиғаш Z – тәріздес өрнектер, меандр, үш бұрышты өрнектермен өрнектелген. Көбінесе айқыш-ұйқыш ойшықтары бар белдеулермен қисық жіңішке белдеулермен безенген сауыттар кездеседі. Өрнектер ыдыстың жоғарғы бөлігіне салынған, төменгі бөлігіне салу сирек те болса кездеседі. Ыдыстар ленталы тәсілмен қолмен орап жапсырылған.

Солтүстік Қазақстанның федоров кезеңіне тән ескерткіштері Бурабай, Обалы, Бүйрек көл қоршаулар тобының хронологиялық уақытын мәдени ерекшелігін анықтау мақсатында сол уақытта шағұрлым көбірек зерттелген көршілес жатқан Орталық Қазақстан жері мен Ресейдің Челябинск өңірінің ескерткіштерімен салыстырылған. Қорыта келе аралас жатқан үш аумақтың өзіне тән жергілікті өзгешеліктері бар екенін айтты. Әсіресе Солтүстік Қазақстанның жергілікті өзіндік ерекшеліктеріне қырынан қойылған тастардан онша үлкен емес көлемдегі төртбұрышты қоршаулар, ыдыстардың басқа өңірлерге қарағанда көбірек кездесуі, өрнектерінің батырып салынуы, қабірлерден қоладан жасалған заттар жиі кездесуі деп бөліп шығарды. Ресейдің Челябинск өңірінің өзіндік ерекшелігі, дөңгелек формадағы қоршау бетінің топырақпен жабылуы, қабір құрылысында ағаш бөренелерді қолдану, сондай-ақ аралас тас қаландыларының болуы, қыш ыдыстарында төрт бұрышты саздан жасалған бұйымдар жиі кездесуі. Ал Орталық Қазақстан жерінің федоров кезеңіне тән ерекшелік деп жалпағынан қойылған тастардан төртбұрышты қоршау жасап оның ішіне дөңгелек формада қоршау жасап арасын саздан бекіткен. Ыдыстарында тұғыры бар ыдыстардың кездесуі және жерлеу салтында адамды шала өртеп қою кездесетінін ерекшеледі. Аталған үш өңірдің үлкен бір мәдениет құрамында жергілікті табиғи жағдайына байланысты өзгешеліктерімен ерекшеленгенімен, басқа мәдениеттердің ықпалынсыз жергілікті жерде дамыған туыстас бірлестіктер деп баса айтты.

Солтүстік Қазақстанның федоров кезеңінде өмір сүрген тайпалардың шаруашылығына Ә.М. Оразбаев өзінің кезеңдеме ішінде жеке тоқталды. Онда осы өңірдің қоныстарының зерттелмеуіне байланысты нақты қандай шаруашылықтың басты орында болғанын айта алмаймыз. Бірақ көршілес жатқан Орталық Қазақстан мен Челябинск өңірлерінің ерте федоров кезеңінде өмір

сүрушілер отырықшы мал және егін шаруашылықтарымен айналысқанын көруге болады. Аталған өңірлердің жүзге тарта жерлеу қорымдары өзендер мен көлдер жағалауына орналасуына қарап отырықшы болған деп айтуға толық негіз бар дейді. Бұған қарап таза егіншілікпен айналысты деуге де болмайды, негізгі шаруашылық отырықшы малшылық болғанын, ал аздаған жер өңдеп егін салу қосымша күнкөріс түрі болғанын айтты. Жабайы малдарды қолға үйрету, малға қарау, үйді салу және жөндеу жұмыстарын ер адамдар атқарса, әйелдер үй шаруасымен айналысқан. Сол кезде жер өңдейтін еңбек құралдарының қандай болғанын біле алмаймыз, бірақ федоров кезеңіне тән қыш ыдыстардың түбіндегі 2 мм қалыңдықтағы желім тәрізді крахмал қалдығы ыдысқа өсімдік дәнінен жасалған қоймалжың зат қайнатты деуге дәлел болады дейді. Қола дәуірінің алғашқы кезеңдерінде тастан, сүйектен немесе ағаштан жасалған заттар жер өңдеуге әлсіз болғандықтан, көктемде қар еріп болысымен топырақ жұмсақ кезде жерді аударып алған дейді. Қола дәуірінде Қазақстан жерінде өмір сүрген тайпалардың еңбек құралдары Ә.М. Оразбаев зерттеулері кезінде белгілі болмағандықтан, Оңтүстік Африканың 19 ғасырда өмір сүрген мәдениеті кенже қалған тайпаларының этнографиясымен салыстырды. Олардың шаруашылығы мен еңбек құралдарының жасалу жолдарын көрсетті [62, 189 б.]. Соған қарағанда Қазақстан жерінде де қола дәуірінде еңбек құралдар ағаштан және ірі қара малдардың сүйектерінен (жауырын сүйек, мүйіз, жақ сүйектер т.б) болды дейді.

Солтүстік Қазақстанның федоров кезеңінде өмір сүрген тайпалардың киім үлгілерін қазба нәтижесінде табылған әшекей заттарға байланысты қалпына келтіруге талпынды. Әшекей заттар қоладан және алтыннан жасалғаны, олардың алқа, білезік, сырға түрлерімен бірге ілгегі бар киімге қадалатын заттар да табылған.(Бурабай 5 қоршауы 1954 ж) Әйел адамның аяқ жағында тобық сүйегінің жоғарғы жағынан табылған білезік тәрізді салпыншақ әшекей аяқ киімінің жиегіне немесе бауына қадалған. Соған қарағанда қонышынан байланатын бауы бар жұмсақ заттен (былғарыдан) жасалған болуы мүмкін. Кеуде тұсынан табылған үш қапсырма түйреуіштің табылуына байланысты матадан жасалған көйлекке әшекей зат ретінде қадалған. Бұған тағы бір дәлел Бурабай



10 қоршауындағы 2 қабірден табылған жүннен тоқылған (шерст) мата қалдығы дейді. Осы қабірден қоладан жасалған біз бен жуан тебен иненің табылуын, бізбен қалың тері, былғары киімдерді тігуге, ал тебен ине кенеп мата киімдерді тігуге және әшекей заттарды қадауға қолданған [61, 254 б.].

Ә.М. Оразбаев өзінің болжамдарын нықтай түсу үшін 1914 жылы А.Я. Тугаринов қазбасындағы Андронов жерлеу орнында табылған тоқылған құлақшыны бар бас киім қалдығы [63, 158 б.] мен 1928 жылы Г.П. Сосновский зерттеулеріндегі Орақ ұлысы жанындағы жерлеу орынынан табылған тоқыма бас киім қалдығы мен теріден жасалған аяқ киім қалдығын [64, 95-96 бб] келтірді. Сонымен бірге қазақ халқының этнографиясындағы киім үлгілері, жүннен сырылып жасалған – шекпен, теріден жасалған жеңіл саптама, жүннен иіріліп тоқылатын «өрмек», түйе жүнінен тоқылатын «шуда жіп», теріден жіңішкелеп тілінетін бау ретінде «тарамысты» айта отырып, бұлардың алғашқы үлгілері андронов мәдениеттерінен бастау алады деді.

Солтүстік Қазақстанның федоров кезеңі ескерткіштері, көршілес өңірлердің осы кезең ескерткіштерімен салыстырғанда қоладан жасалған заттарының көпшілігімен ерекшеленеді. Әсіресе Бурабай шипажайы жанындағы жерлеу орындарынан табылған қола тебен, ине, сырға, жүзіктер жасалу және балқытылу технологиясымен ерекшеленеді. Қола әшекей заттар арасында ілгегі бар шар тәрізді қапсырма және лавр жапырағы тәрізді жалпақ салпыншақтар көптеп кездеседі. Осы әшекей заттардың жасалу технологиясына тоқтала отырып федоров кезеңінде шыны тәрізді көк тастардан әшекейлерге көз орнатуды және моншақтар жасауды білгенін, олардың өздерінің дәстүрлі зергерлік өнері қалыптасқанын айтты. Федоровтықтардың қыш ыдыстарының жасалу техникасы мен тұрмыста қолданылуы жөнінде де тоқталды.

Ыдыстарының негізгі түрі, түбі тегіс, ернеуі сәл ішке қарай ойыңқы болып, иығы жұмыр сыртқа шығыңқы құты тәрізді болып келген. Ыдысты саз балшыққа қиыршық майда құм, шыны, шамот қоспаларын қосып лентaлы жапсырма әдісімен жасаған. Алдымен тегіс жерге қойып ыдыстың дөңгелек түбін жасап, жоғары қарай ленталы саз бөлшектерін құмыра формасына келтіріп ораған. Негізгі формасы жасалған ыдыстың іші сыртын жымдастырып

сылаған. Ыдыстың ішкі жағының түбінде қол жетпейтін сыланбаған жеріненленталы жапсырма әдісінің іздері анық байқалған. Сыртына өрнек салынған соң ыдыстарды ашық отта ұстап күйдірген. Ыдыстардың төменгі жағында 1-2 мм жері ғана сары қызыл түсті болып, жоғары жағы сұр түсті болуына қарап жеткіліксіз төменгі температурада күйдірілген деді. Сыртындағы өрнектері көбінесе майда тісті тарақ тәрізді затпен салынған. Батырып салынған бірдей ізді сызықтары күрделі геометриялық көріністерді көрсете білген. Ыдыстардың кейбіреуінің ернеуінен төмен жағында бармақпен басылған саусақ іздері салынған. Көбіне ыдыстар сыртында оттың табы бар болуы және ішіндегі ақ түсті тағам қалдығының жұғындарына қарап барлық ыдыс тұрмыста қолданылған олардың ішінде арнайы ғұрыптық ыдыстар жоқ деді. Жалпы ыдыстардың жасалу технологиясы, сыртқы өрнегінің әсемдігіне байланысты көп уақытты әрі ыждаһаттылықты қажет ететіндіктен бұл іспен әйелдер айналысқан деді. Оны 19 ғасырдағы европалықтар келгенге дейінгі Африканың Зулусс тайпаларының өміріндегі әйелдердің қыш ыдыс жасау өнерімен салыстырды [62, 102 б.]. Сондай-ақ қыш ыдыс жасау өндірісі андроновтық тайпаларда қиын әрі көп тәжрибені қажет ететін іс болғанын, онымен екінің бірі айналыспағанын және қажеттілігі жоғары болғанын айтты.

Мәдени жағдайын, өмір салтын қорыта келе олардың жерлеу дәстүріндегі қоршаулар жөнінде де тоқтала кетті. Жерлеу орындарында сыртында қоршау дәстүрі энеолит дәуірінде Батыс Европа жеріндегі «кромлехтер», мен Оңтүстік Сібірдегі афанасев мәдениетіндегі тас шеңберлерден бастау алады. Осы мәдениеттердің кең таралуы нәтижесінде, әрі жергілікті көне тайпалардың мал аяғынан, үй жануарларынан, түз тағыларынан қорғау үшін қоршау салынған. Сонымен бірге адамдардың өзі «аруақ»-«рух» деген түсініктердің пайда болуымен бірге, яғни «өлілер әлемі» бөлек ауыл ретінде қарап, топтастырып жерлеп олардан қорқу қалыптасқан. Өлген адамдардың аруағы шығып кетеді немесе үстін таптаса рухы ашуланады деген түсініктер болуы мүмкін. Ондай түсініктер қазіргі уақыттарға дейін кейбір халықтарда сақталған деп, қазақ халқының дүниетанымындағы «адамның жаны өлмейді, өлілер әлеміне ұшып аруаққа айналады» егер ата баба аруағын еске алып, иіс шығарып «жеті шелпек»



пысырып тұрса өлі аруақ риза болады деген түсінікті салыстырды [61, 259 б.].

Сол уақыттағы бар деректерге байланысты Ә.М. Оразбаев Солтүстік Қазақстан жеріндегі көне тайпалардың қола дәуіріне дейінгі кезеңдерінен бастап соңғы қолаға дейінгі кезеңдердердің қоғамдық көріністеріне өзінің ғылыми ой тұжырымдарын білдірді. Андронов мәдениетіне дейінгі (энеолит) дәуірінде негізгі шаруашылық аңшылық болып қала берді, бірақ қолға үйретілген малшылық та осы уақытта қалыптасып үлгерді, өйткені осы кезең қоныстарынан (Светлый, Жаркөл, Сексеуіл және т.б), жерлеу орындарынан (Шағалалы, Светлый, Жаркөл) үй жануарларының (сиыр,жылқы,қой) сүйектері табылған болатын. Қысыкөл қонысынан дән үккіштің табылуы жер өңдеу, егін салу болғанын көрсетеді деді. Андронға дейінгі кезеңде өндірісте металмен де таныс болғанын (Қысыкөл, Қаратомар, Затобол және Шағалалы) қоныстары көрсетеді.

Алайда өндірісте негізгі орында тас еңбек құралдар орын алғанын жерлеу орындары мен қоныстарда табылған заттардан байқауға болады. Сондықтан Солтүстік Қазақстанның андронов мәдениетінің (федоров кезеңінде) малшылықтың, егін салудың, мыс өндірісінің бар болғанын әрі андроновқа дейінгі кезеңге қарағанда ілгері дамыған түрі еді. Андронов мәдениетінің федоров кезеңіндегі тайпалардың шаруашылығы өзен аңғарларында қалыптасты. Бұл кезде жетекші шаруашылық мал шаруашылығы болғанын, ал суармалы егіншілік әлі де тайпаның азыққа қажеттілігін қамтамасыз ете қоймаған. Дәнді дақылдар тек ет тағамдарына қосымша қор ретінде болды. Дамыған мал шаруашылығының әсерінде мал басының көбейуіне байланысты жеке бай отбасылардың қалыптасуына және патриархалды тайпа көсемдерінің алғы шарттары қалыптасты [61, 260 б.].

Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевтың зерттеулеріндегі Солтүстік Қазақстанның феодоров кезеңі қазіргі таңдағы қола дәуірінің мерзімдік үйлесімділік кестесімен сәйкес келмегенімен, сол уақыттағы деректердің аздығына қарамастан, көне дәуірдің мәдени ерекшелігіне, шаруашылығына және дүниетанымдық түсініктеріне терең тұжырымдар жасай білді. Сол уақыттағы феодоров кезеңіне жатқызылған ескерткіштер уақыты жағынан кейінге

шегерілгенімен, мәдениеттің өзіндік ерекшеліктері сол күйінде сақталуы Қазақстандық жетекші ғалымдардың жетістігі еді.

Солтүстік Қазақстанның **Алакөл кезеңі** ескерткіштері, федоров кезеңіне қарағанда аз зерттелгенімен осы кезеңнің хронологиялық мерзімдемесін белгілеуде нақты мәліметтер бере алды дейді. Бұл кезең ескерткіштеріне Петропавловск, Ефимовка және Бурабай шипажайы жанындағы федоровтық ескерткіштер арасындағы кейінгі алакөлдік ескерткіш және Степняк кеніші жанындағы алтын рудасын қорытқан көне кеніш орыны жатады.

Жерлеу салтында бірден бір байқалатыны федоров кезеңінде өртеп жерлеу орын алса, кейінгі жерлеу түрі алакөлде өртемей жерлеген. Салыстыра қарағанда алакөл кезеңінде федоровтық жерлеу дәстүрі, тұрмыстық заттарының формасы өзгеріс табуы экономикалық және тұрмыстық салттың, шаруашылықтың, қоғамдық құрылыстың дамуын көруге болады. Мал басының өсуі мен еңбек құралдардың дамуы негізгі шаруашылықтар мал бағу мен жер өңдеу болып қала берді дейді. Сондықтан алакөл кезеңін жеке мәдениет деуге ешқандай негіз жоқ, өйткені өзіне дейінгі федоровтықтардың дамыған заңды жалғасы екенін баса айтты. Алакөл кезеңінің жерлеу салтындағы ерекшелік ретінде өлілерге арнап қыш ыдысқа салып өсімдік дәні мен сүттен жасалған тағамды қорған үйіндісінің астына көмген немесе қоршау сыртына көмгенін көршілес өңірлердің осы кезең ескерткіштерінен кездескендігін көрсетті.(Алексеев қонысы мен жерлеу орыны және Алеп-аул жерлеу ескерткіші.) Дәл осындай жағдай К.В. Сальниковтың қазба жұмыстары кезінде алакөл жерлеу ескерткіштерінде де қабір сыртында қой және сиыр сүйектері мен бас сүйектері жиі кездескен [65, 71 б.]. Ә.М. Оразбаев зерттеулерінде осындай ғұрыптық жоралғылар Петропавловск жерлеу ескерткіштері 1,6 қорғандарда, Ефимовка 1 қоршауы, Бурабай 1 қоршауында ғұрыптық салттарға байланысты сойылған мал терісі мен сүйегінің қалдықтары табылған. Мал сүйектерімен бірге қабір сыртында да өлген адамға арнап қыш ыдыстар койған. Бұл ғұрыптық салтты Ә.М. Оразбаевтың ойынша адам қайтыс болғаннан соң жерленгеннен кейін бір жыл өткенде немесе бірнеше жыл өткен соң қойылса керек. Өлген адамға құрбандыққа мал шалу немесе белгілі бір асты адамға арнап ыдыспен қою салты алакөлдіктерде кең тараған, ал



федоров кезеңінде (Федоровка 35 қорғанында ) табылуына қарамастан әлі де бұл уақытта кең тарамаған деп топшылады. Әбдіманап Медеуұлы жоғарыда көрсеткен салыстырулар бір кезең ескерткіштері екенін айғақтаумен бірге, сол уақытта сүйектердің табылуы бойынша кем дегенде бір қабірге екі бас малдың арналуы дамыған мал шаруашылығын көрсетеді дейді. Қыш ыдыстарда өсімдік қалдықтарының кездесуі және көршілес өңірлердегі қоныстарда жер өңдейтін еңбек құралдардың табылуы мал шаруашылығымен қоса дамыған егіншіліктің болғанын көрсетеді. Ал қабірлерден табылған жабайы аң сүйектерінен жасалған әшекей заттар (түлкі тісінен) қосымша аңшылықтың да болғанын, алайда оның алдыңғы екі шаруашылықпен қатар тұрмағандығын атап өтеді.

Металл өндірісінде аса бір секіріс бола қойған жоқ, бірақ бұл кезде металл құятын қалыптар болды, олармен белгілі бір заттың формасын жасап, артынан егеп өңдеді дейді. Мысалы, Бурабай 1 қоршауынан табылған қанжарды осылай жасаған. Балқытып қалыпқа құю әдісі әсіресе ұсақ түйек заттар (біз, ине, қола сымдар) К.А. Ақышевтің Орталық Қазақстанға жүргізілген зерттеулерінде табылғанын салыстырды [66, 7 б.].

Алакөл кезеңінің әшекей заттарының жасалуының өзіндік ерекшелігі ретінде жаңа түрі деп қола сымдар, қапсырмалар, басына көзәйнек тәрізді әшекеймен аяқталатын білезіктер, сырты алтынмен қапталған салпыншақ қола сырға, батырып салынған өрнегі бар дөңгелек қапсырмаларды ерекшеледі.

Алакөл кезеңіндегі қыш бұйымдар сыртындағы өрнектердің өзіндік ерекшеліктері деп, ыдыстардың иығынан жоғары белдеуде өрнек салынбай жолақ болып қалдырылу, ондағы кейбір элементтер ұшы жоғары қараған үшбұрыш, тік бұрышты меандр, әртүрлі сызықтар, белдеулер, кейде күрделі меандр, үшбұрыштар мен ромбылар тізбегі екенін айтты. Солтүстік Қазақстанның андрон мәдениетіндегі келесі алакөл кезеңінде жерлеу дәстүрінде үлкен өзгеріс табады. Алғашқы федоров кезеңінде жерлеу салтында өртеп жерлеу орын алса, алакөл кезеңінде өртемей жерлеу қалыптасады. Бұл кезеңде қыш ыдыстарының сыртқы формасы мен өрнегі де өзгеріске ұшырайды. Өлікке арнап құрбан шалу салты (ыдысқа тамақ салып қоса жерлеу, мал арнап сойып көму) орын алады.

Федоров және алакөл кезеңдерінің жерлеу салтында, тұрмыстық заттарында өзгешелік болуына қарай дүниетанымдық түсініктерінде және өмір салтында өзгеріс болды дей тұрған мен шаруашылығы мен негізгі қоғамдық құрылысы сол күйінде қала берді. Металл өңдеу өндірісінде федоров кезеңіне қарағанда алакөл кезеңінде де бөлендей ілгері даму өзгеріс бола қойған жоқ. Алайда алакөл кезеңінде федоровқа қарағанда мәдени ерекшелігі мен даму үрдісін бірден байқауға болады деп атап көрсетілген болатын [61, 268 б.].

Әбдіманап Медеуұлының Андронов мәдениетін кезеңдеуде феодоров және алакөл мәдениеттерінің сатылы үйлесімділігін ажыратып бермегенімен екі кезең ескерткіштерінде әсіресе жерлеу дәстүрлерінде өзгешеліктер бар екендігін анықтағандығы сол уақытта ғылыми жетістік еді. Сондай-ақ ғалым еңбегінің құндылығы Солтүстік Қазақстанның қола дәуірінің жүйеленіп, Еуразия археологиясының ортақ арқауына енуінде жатыр. Ғалым зерттеулеріндегі түпкілікті өзгеріске ұшыраған феодоров және алакөл кезеңдерінің орын ауыстыруы немесе қатар өмір сүруі мәселесі соңғы мәліметтердің молайуы нәтижесінде жеткен жетістік екенін ұмытпауымыз керек.

1959 жылы Әбдіманап Медеуұлы өзінің Солтүстік Қазақстанға жасаған кезеңдеме еңбегінен кейін Орталық Қазақстан жеріндегі Елшібек, Беласар, Қаныттас, Егізқойтас ескерткіштерін зерттеп қоршаулардың сыртқы құрылысы мен ішкі табылымдарына қарай екі топқа бөліп қарастыруға болады дейді. Негізінен жерлеу дәстүрінде өртемей жерлеу көп орын алатындықтан К.А. Ақышев зерттеулеріндегі Андронов мәдениетінің алакөл кезеңімен мерзімдеуге болады. Сондай-ақ бұл ескерткіштердің жақын үлгілерін Солтүстік Қазақстан мен Челябинск өңірлерінің б.з.д.. XIII-XI ғғ мерзімделетін ескерткіштерінен көреміз дейді [20, 59-74 бб].

Қазақстан территориясындағы деректердің жинақталуы мен бірге бір жүйеге келтіру барысында Ә.Х. Марғұлан бастатқан К.А. Ақышев, М.Қ. Қадырбаев және Ә.М. Оразбаевтар тарапынан 1966 жылы «Древняя культура Центрального Казахстана» атты ғылыми монография жарық көрді. Онда андронов пен беғазы-дәндібай мәдениеттерінің тың материалдары беріліп, еңбекте хронология мен кезеңдестіру мәселелері қарастырылды. Әсіресе бұл зерттеулерде



Орталық Қазақстан жерінің молынан жинақталған деректері негізінде Андронов мәдениетінің кезеңдері феодоровпен мерзімдес «нұра», алакөлмен мерзімдес «атасу» деген жергілікті ерекшеліктеріне қарай атауларды ұсынды.

Отандық ғалымдардың бұл шешімге баруы қазба деректерінің молығуы барысында алғашқы кезеңдемелер жасалған орманды далаларға байланысты атаулар Орталық Қазақстан жерінің кезеңдемесіне сәйкес келмейтінін көрсете бастады. Сондай-ақ атасу кезеңі ескерткіштері нұралықтардың генетикалық жалғасы болып табылатын тайпалардың жерлеу орындары деді [28, 61-69 б.].

Отандық ғалымдар тарапынан жасалған кезеңдемеден сәл ертерек 1960 жылы Орынбор облысындағы Близнецы қорымындағы қабірлерден сеймин типіндегі найза ұшы мен, алакөл және қожамберді типіндегі ыдыстардың шығуы Э.Ф. Федорова-Давыдова сынды мамандарға федоров және алакөл ескерткіштерінің бір мезгілде өмір сүргендігін алғаш айта бастаған болатын [67, 56-59 б.].

Кейіннен 1964 жылы жасаған М.Г. Мошкова мен Э.Ф. Федорова-Давыдованың алакөл және феодоров қоныстанушыларының әртүрлі табиғи климаттық зонада қалыптасқандығы туралы идеялары екінші мәрте осы мәселе төңірегіндегі ойларын нықтай түсті [68, 135-141б.]. Сондай-ақ бұл тұжырымдары М.Ф. Косарев жұмыстарынан қолдау тауып андронов қауымдастығының территориясында үш түрлі алакөлдік, феодоровтық және шығыстық топты мәдениеттер өмір сүрді деді. Федоров және алакөлдік тұрғындардың арасындағы генетикалық байланысты жоққа шығара келіп, М.Ф. Косарев белгіленген әрбір топтан жеке этносты көрді.

Оның пікірінше феодоров тайпалары орманды далалық Орал маңында қалыптасты және далалық алакөл тайпалары арқылы шығысқа ығыстырылды, сондықтан феодоровтық ескерткіштер оңтүстік сулы нулы өңірлерге, ал алакөлдік ескерткіштерді далалық аймақтарға қатысты болып келеді деді [69, 65-77 б.]. 1970-1980 жылдары қол дәуірі ескерткіштерін зерттеу ісі зор қарқынмен дамыды.

Кейбір ескерткіштердің материалдары бұрынғы айтылған кезеңдестіру мен хронологияны қайта қарастыруға мәжбүрледі.

В.С. Стоколос Кипель тұрағына қайтадан зерттеу жүргізіп және оларды Орал маңының ескерткіштерімен салыстыра келіп, алакөл және феодоров керамикаларының бір ескерткіштен ұшырасатындығын айтты. Оның пікірінше, алакөл мәдениетінің қалыптасу аймағы – далалық және орманды далалық Орал маңы да, ал феодоров мәдениетінің қалыптасу орны белгісіз бір шығыс аймақтар болса керек [70, 168 б.].

Жоғарыда көрсеткен ғалымдардың зерттеу қорытындылары жалпы Қазақстан өңірлеріне негізінен жергілікті болып саналатын алакөлдік тайпалар кеңінен тарап соның нәтижесінде соңғы қоланың алдында шығыс аймақтардан келген федоровтықтардың араласуы нәтижесінде дамыған соңғы қола мәдениеті қалыптасты дейді.

Жетпісінші жылдардың басында Орталық Қазақстан жерінде Ертіс Қарағанды су каналының салынуымен байланысты М.Қ. Қадырбаевтың қазбаларында қола дәуірінің Жыланды, Ақмола және Қотанемел ескерткіштері зерттелінді. Осы ескерткіштерге ғылыми тұжырым жасау кезінде М.Қ. Қадырбаев әсіресе Жыланды қорымында андронов мәдениетінің аралас екі дәстүрлі жерлеудің бар екенін баса айтады. Оны бірнеше қабірлердегі аралас кездесетін алакөл мен феодоровтық ыдыстармен бірге жерлеу дәстүрлерінен де көруге болатынын айтады. Бұл зерттеулердің қорытындылары мен ескі деректерді қайта қарастыру барысында алакөл және феодоров кезеңдерінің қатар өмір сүргендігін көрсетеді. Орталық және Солтүстік Қазақстан сияқты қола дәуірінің ірі ошағы саналатын аймақта аралас кездесетін ескерткіштердің көптеген табылымдары жаңа кезендеме жасауды талап етеді деген болатын [71, 25-41 бб].

Осы тұжырымдар нәтижесінде алакөлдіктер мәдениетін жергілікті ескерткіштер ретінде санап өзгеріске ұшыраған кезеңдемені жаңа сипатта жасау ісі дамытылды.

Андронов қоғамының батыс аймақтарындағы қола дәуірін зерттеудің жаңа сатысы Орал маңы, Обь өңірі және Солтүстік Қазақстан территориясында кең көлемді зерттеулер жүргізілген кезең – XX ғасырдың 70 жылдарымен тұспа тұс келеді. Солтүстік Қазақстанда жүргізілген археологиялық ізденістері негізінде Г.Б. Зданович өзінің жаңа кезеңдестіру мен хронологиясын ұсынды. Ол



қола дәуірін «дамыған» және «соңғы» деген екі кезеңге бөлді. Алакөл мәдениетін жергілікті тайпалар ретінде санап ерте қола мәдениетін екіге бөліп, петров(ерте) және алакөл(кейінгі) кезеңдері деп межеледі. Ал феодоровтық тайпалар Г.Б. Здановичтің пікірінше Солтүстік Қазақстан өңірлеріне б.з.д..II мыңжылдықтың соңғы ширегінде Шығыс Қазақстан өңірлерінен келе бастады дейді. Жергілікті алакөлдік және феодоровтық мәдениеттердің араласуы нәтижесінде б.з.д. XII-XI ғғ амангелді және бескөл типтерінің синкретикалық кешендері қалыптасты [72, 22-43 б.]. Ерте алакөлдік петровскілік ескерткіштерді ерекшелеп қарау Солтүстік Қазақстанды Орал мен Поволженің ертеқола дәуіріндегі тайпалармен жергілікті араласу негізінде алакөлдік мәдениет қалыптасқан аймақтардың бірі ретінде қарастыруға мүмкіндік берді. Ертеалакөлдік кезеңнің ерекшеленуі феодоровтық және алакөлдік типтегі ескерткіштердің арасындағы генетикалық сабақтастығы жөніндегі мәселені түбегейлі шешуге себепші болды.

Орталық Тобыл өңірінің қоныстары мен зираттарының керамикалық кешендерін талдау Т.М. Потемкинаға тас дәуірінен ерте темір дәуіріне дейінгі мәдениеттердің кезеңделуін жасауға мүмкіндік берді. Тобыл өңірі орманды даласының алакөл мәдениетінің қалыптасуының бастауларын зерттеуші энеолит және ерте қола дәуірінің жергілікті ескерткіштерінен көреді. Ертеалакөлдік тұрғындар оның ойынша, шет мәдени тұрғындардың өте қатты ықпал етуі барысында қалыптасты дейді. Ал алакөл мәдениеті мен феодоров тұрғындарының бір бірімен шектес территорияларда қатар өмір сүруі олардың қалыптасуы кезеңінен басталады, бірақ олардың арасындағы байланыс феодоровтық тайпалар Тобыл өңіріне келген уақыт – классикалық алакөл кезеңінде (б.з.д.. XY-XIYғғ) қалыптасты. Екі топта материалдық мәдениеттің жекелеген белгілерінде көрініс тапқан өзара ықпалдасуды бастан кешірді дейді [73, 376 б.].

Андронов мәдениетін кезеңдестіру Н.А. Аванесова тарапынан да жасалды. Ескерткіштер материалдарының химиялық құрамы негізінде өңделген кезеңдеу мәселесі андронов қоғамының даму тарихында үш бірдей ірі кезеңді атап көрсетті. Ендігі кезекте Н.А. Аванесова феодоров және алакөл мәдениеттерінің жекелеген екі мәдениет ретінде қатар өмір сүруін жоққа шығара келе, андронов

тайпаларының генетикалық бірлігін жақтайды [74, 67-73 бб]. Н.А. Аванесова тарапынан жасалған жұмыстың бірқалыпты келе жатқан кезеңдеме тарихнамасының қайтадан феодоров және алакөл мәдениеттерінің қатар өмір сүрмегендігін айтуына себеп болған Н.А. Аванесованың ұстазы М.П. Грязновтың берген бағыты болуы керек. Бұл мәселенің шет жағасына өз зертеулерімізде біршама көз жеткізгендей болдық. Ә.М. Оразбаевтың жеке мұрағатында сақтаулы хаттарда М.П. Грязновтың осы мәселеге қатысты хаттарынан үзінді келтіре кетсе болады:

*«Меня особенно интересуют материалы поздней бронзы – замараевского (или, как я теперь называю, ивановского) типа. Есть ли у вас что-нибудь новое в этом роде? Особенно было бы интересно увидеть погребения с керамикой этого типа. У меня есть к вам просьба. Моя аспирантка, Н.А. Аванесова, занимается андроновской культурой в плане ее локальных различий. Она побывала в ряде городов и музеев Сибири и получила материалы. Тепер ей нужен Казахстан, в частности и ваши материалы и их можно было использовать для картографирования андроновской культуры»* [48, 1-3 б.].

Негізінен алғанда Н.А. Аванесова көп ретте Г.Б. Зданович сынды зерттеушілердің ізденістерін толықтай қолдады. Осы ретте айта кететін жайт Г.Б. Здановичтің де Ә.М. Оразбаевпен қола дәуірі мәселелеріне қатысты 1970 жылдары хаттар алмасқанын көруге болады.

Н.А. Аванесова тұжырымдары көпшілік тарапынан нақты қолдау таба қойған жоқ. Әйтсе де бұл зерттеуші кейіннен мәдениеттер кезеңдестірілуіне қатысты өз пікірлерін біршама өзгертті. Ол радиокөміртекті мерзімдеуді, абсалюттік және салыстырмалы түрде жатқызылған хронологияны кеңінен пайдаланып, андронов мәдени-тарихи қауымдастығының даму кезеңдерін жіктеп берді. Радиокарбон бойынша қазіргі тандағы кең қолданыска ие кезеңдеме петров, алакөл, қожамберді, феодоров мәдениеттері деп сатылады [73, 95 б.].

Н.А Аванесованың жасаған кезеңдемесіне көпшілік ғалымдар тарапынан мән берілмегенімен қола дәуірінің белді маманы Ж. Құрманқұлов зерттеулерінде оның жасаған кезеңдемелік кестесінің құндылығы жоғары екендігі айтылады. Н.А. Аванесованың



жаратылыстану ғылымдары нәтижесінде жасалған осы соңғы тұжырымдары көптеген зерттеушілер тарапынан ескерілмей келеді. Қазіргі таңда стационарлық жұмыстар барысында зерттелген ескерткіштер саны да артқан. Алынған радиокарбондық мағлұматтар да жеткілікті. Болашақта олардың барлығын жүйелеп, бір ізге түсіру қажеттілігі де байқалып келеді [52, 138-139 б.].

Андронов қоғамының ескерткіштерін, ол таралған аймақты жаппай зерттеудің нәтижесінде археологиялық дерек көздерінің жинақталуы Орал, Енисей далаларының мәдени хронологиялық, этникалық таралуының көптеген даулы мәселелерін шешуге ықпал етті. Сонымен қатар, көптеген зерттеушілер арасында андронов мәселелеріне қатысты біртұтас пікір әлі күнге дейін жоқ. Негұрлым даулы мәселе феодоров және алакөл мәдениеттерінің қалыптасу орны жайында болып қала береді. Егер алакөл мәдениетінің пайда болу аудандары Тобыл мен Есіл бойы деп есептелсе, ал феодоров мәдениеті ескерткіштерінің қалыптасу аймағы туралы мамандардың көзқарастары бірегей емес.

Соңғы уақыттарда Қазақстанның кола дәуірі мәселесімен кеңінен айналысып жүрген А.А. Ткачевтың Ертіс өзені бойындағы көп жылдық зерттеулері бойынша Шығыс Қазақстанда Солтүстік, Орталық Қазақстандықтарға тән алакөлдік ескерткіштердің кездеспейтіндігін айтып және 1960 жылдары жасалған С.С. Черников кезеңдемесінің Шығыс Қазақстанды ерекшелеуінде қолдайтын жақтары бар екенін айтады. Оның ойынша Шығыс Қазақстандағы қанайлық тұрғындардың жекелеген топтары Орал өңірінің далалык және орманды аймақтарына таралып, Орталық Азия, Еділ өңірі және Солтүстік Қаратеңіз аймақтарынан Украйнаға дейін енді дейді [75, 17 б.].

Қазіргі таңда қола дәуірі проблемалары біржақты шешімдерін тауып жатқанмен зерттеушілердің көпшілігінің еңбектері соңғы қола дәуіріне ойысып, ерте қола дәуірімен мерзімделетін ескерткіштердің зерттелуі тежелуде. Сол мақсатта ғылыми сұраныс пен бәсекені ұлғайту үшін, кеңестік кезеңде қолға алынған тек қола дәуірінің проблемаларына арналған ғылыми семинарлар қажеттілігі туындап отыр.

Одақ көлемінде бірнеше рет ғалымдар арасында «андронов тарихи-мәдени қауымдастығының проблемаларына» арналған бас

қосулар мен семинарлар көптеген мәселелердің басын ашуға септігін тигізген еді [76, 114-116 б.].

Осы қола дәуірінің проблемаларына арналған бас қосулар мен семинарларда Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев қатысып, әрбір көтерілген өзекті мәселелерді қойын дәптеріне (мұрағатта сақтаулы) жазып . отырғанымен, қандай пікірде болғаны және баяндама жасаған жасамағаны белгісіз. Алайда Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев қола дәуіріне қатысты сексенінші жылдардағы тұжырымдары сол күйінде **1958 жылы жасаған** Солтүстік Қазақстанның қола дәуірінің кезеңдемесі кестесін сақтады. Өйткені ғалымның тұңғыш кезеңдеме еңбегінен кейінгі зерттеулері негізінен қола дәуірінің соңғы кезеңдеріне арналды. Сондай-ақ андронов мәдениетінің проблемалары жаңа қарқынмен бағыт алғанда, ғалым зерттеулері мүлдем басқа бағытта жүргізілгенді. Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев қола дәуірін зерттеуде Қазақстанның барлық өңірлерінің материалдарын жинақтауына қарағанда және жеке ісіне қатысты әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің мұрағатында докторлық диссертациясын аяқтау үшін кезектен тыс демалыс сұраған өтініштері сақталған. Ғалымның көптеген ғылыми жұмыстары мұрағаттарда сақталғанымен біздің зерттеулерімізде ол жөнінде ешқандай мағлұмат ала алмадық. Алайда Андронов мәдениетінің ерте кезеңдеріне қатысты зерттеулері мен ғылыми тұжырымдары ұзақ жылдардан кейін Шығыс Қазақстан өңірін зерттеу нәтижелеріне қатысты айтылды.

Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевтың ғылыми өмірінің соңғы кезеңдерінде Шығыс Қазақстан облысы жерінде Қазақ Ұлттық университетінің археологиялық экспедициясына жетекшілік етіп қола дәуірінің Сабындыкөл ескерткішінен 15 қоршау қазып, олардың жерлеу дәстүрі мен қоршау құрылыстарына және қыш ыдыстарына қарай алакөл кезеңімен б.з.д.. XY-XII ғғ мерзімдесе, [77, 33-54 б.] Баймұрат, Қойтас ескерткіштерін жерлеу дәстүрлері мен қыш ыдыстарының күрделі геометриялық өрнектеріне және формасына қарай андронов мәдениетінің феодоров кезеңімен б.з.д.. XYIII-XIY ғғ мерзімдеді [42, 22 б.].

Жоғарғы Ертіс бойының қола дәуірін зерттеп кезеңдемесін жасаған А.А Ткачев бұл ескі кезеңдеме негізінде жасалған тұжырым деп төмендегідей сынға алды: «Жаңа деректердің қосылуы Жоғарғы



Ертіс өңірінің қола дәуірі мәдениеттерінің жеткізілуін анағұрлым жоғары дәрежеге өтуіне ықпал етуіне тиісті еді, өкінішке орай, жаңа материалдардың интерпретациясы дәстүрлі шеңберден шыға алмайды да, зерттеулер қарастырып отырған дерек көздерінің басқа территориядағы жетістігіне назар аударылмай, андронов мәдениетінің ескі кезеңдеу хронологиясын қолдаумен болды» [75, 15-16 б.].

Бұл зерттеу қорытындылары тоқсаныншы жылдардың басында жасалғандықтан Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев сол уақытта қалыптасқан жаңаша кезеңдестіруді білмей қалған жоқ, біле тұрып осындай тұжырымдар жасауға барды. Ғалымның ескі кезеңдеме кестесі бойынша тоқсаныншы жылдары Шығыс Қазақстанның қола дәуірлерін межелеуінде бір жақты кері тартпа пікір деп түсінетіндер бар болғанымен, Еуразияның қола дәуірі проблемаларын көзін ашқаннан көріп келе жатқан ғалым пікірлерімен де санасу керек сияқты.

Жалпы алғанда, отандық тарихнамада қола дәуірі ескерткіштерін кезеңдестіру мен хронологиясын анықтауда ғалымдар тарапынан өз пікірлерін өзгертіп тұруы жиі кездесетін жайт. Бұл уақыт өте келе жаңа мағлұматтардың жинақтала бастағандығын, ғылыми ізденістердің дамуын да көрсетеді. Сондықтан да ғалымдардың алакөл және феодоров мәдениеттерінің қатар өмір сүруі немесе соңғы қола дәуірлерінің алдында санаулы ғана ғасырлар бірге өмір кешкендігі жөніндегі байламдар әлі де өзгеруі мүмкін. Өйткені феодоров мәдениетінің өзіндік ерекшелігі саналатын қыш ыдыстарының аздаған ерекшелігі мен өртеп жерлеу салты аз да болса алакөл мәдениетінде де кездесетіндіктен бұл дәстүр жоралғының бір мәдениет ішіндегі белгілі бір салтты орындау барысында жасалған шаралар ма ? деген де ойға жетелейді. Бұл әлі де терең зерттеулерді қажет ететін және осы проблемалармен айналысатын тағы бір ұрпақ ізденушілеріне жүк болатын мәселе.

**Замараев мәдениеті.** Солтүстік Қазақстанның соңғы қола кезеңін көршілес жатқан Ресейдің Челябинск өңіріне жасаған К.В. Сальниковтың кезеңдемесіндегі замараев кезеңі ескерткіштеріне өте ұқсас дей келе, аталған өңірдің осы кезеңін мөлшермен Замараев мәдениеті деуді ұсынды.

**Солтүстік Қазақстанның замараевтық ескерткіштері аз зерттелінуіне байланысты Челябинск өңірімен бір мәдениет деуге де, бөлек атау беруге де әлі ерте екенін айтты.** Осы кезеңге тән ескерткіштер андроновтық ескерткіштермен салыстырғанда анағұрлым белгілі болуымен бірге зерттелуі жағынан төмен деңгейде. Ол мысалы, екі қабірдің бірінің кездейсоқ қазылуы, барлау жұмысы ғана жүргізілгендері, кездейсоқ олжалар, маман емес адамдардың сауатсыз зерттеулері. Соған қарамастан бұл деректер бізге құнды дей отырып, терең зерттеп ой қорытуға талпынды.

Солтүстік Қазақстанның замарай мәдениетіне Бурабай, Аққөл жерлеу орындары мен көне тау кен жұмыстарына байланысты 11 қоныс орынын жатқызды.

Көне ескерткіштердің мөлшермен хронологиялық уақытын беру үшін негізінен қоныстардың материалдарынан көрі жерлеу орындарының деректері құнды. Өйткені қоныстар бірнеше мәдени қабаттардан тұратындықтан қазба деректері аралас кездеседі, ал жерлеу орындары бір этносқа қатысты ескерткіштерді топты түрде зерттеуге қолайлы екенін айтты. Алайда Солтүстік Қазақстан жерінде замарай мәдениетіне қатысты жерлеу орындары жеткіліксіз зерттелген. Тек онда үш қорған қоршау деректері бойынша ғана кезеңдеме ісі жасалды (Аққөл 1,2 және Бурабай 1). Жерлеу орындарында негізгі мәлімет беретін заттар қыш бұйымдар мен қола заттар. Ондағы қыш бұйымдар – тұрпайы жасалған, тік қабырғалы, ернеуі кең ыдыстар. Өрнектері иығынан жоғары мойынына қарай шырша ізі тәрізді салынған. Көпшілік ыдыстардың мойынында қосымша жапсырылған белдеулері бар, белдеуіне қиғаш сызықтар сызылған. Андроновтық қыш өрнектеріндегі күрделі геометриялық өрнектер жоғалады. Өрнектер негізінен көлденең түскен сызықтар мен үзік сызықтар тізбегінен тұрады. Ыдыстардың сыртқы формасы, өрнегі көршілес Челябинск өңірінің замараев кезеңіне жататын ескерткіштеріндегі ыдыстарға ұқсас дей отырып К.В. Сальниковтың кезеңдемесіндегі б.з.д.. 9-8 ғасырлармен мерзімделетін жерлеу орындарымен тұспа тұс келеді деді. О.А. Кривцова – Гракова қазбаларындағы Алексеев және Садчиковск қоныстарынан табылған қыш ыдыстар замараевтық ыдыстарға ұқсас болғанын, оларды автор соңғы андроновтық деп



мерзімдегенін де ескертті. Қарастырып отырған кезең ескерткіштерінің жерлеу орындарынан табылған қола және басқа да заттар аз болғанымен андронов мәдениетінен өзгешелігін бірден байқауға болады. Оған Бурабайдағы қоршаудан табылған ұзыншақ болып келген, ұңғымасы қысқа, екі жүзді найза ұшының ұқсас үлгісі соңғы қима мәдениетінде және Алексеев қонысында да бар екенін айтты [78, 13 б.]. Сыртқы формасы осындай б.з.д.. 1 мыңжылдықпен мерзімделетін Солтүстік Қырғызстандағы Суық көл қонысында да бар деді [79, 66 б.]. Бурабай жерлеу орынынан табылған төртбұрышты қола айна Қырғызстан жеріндегі соңғы қоламен мерзімделген Садовое қазынасы мен Суық көл қонысында да кездеседі, олардың бір ғана ерекшелігі бұрыштары дөңгелектеу болып келген. Бурабай жерлеу орынынан табылған янтар және сердолик тастар да андрондық ескрткіштерде кездеспейді, олардың аналогиясы Челябинск өңіріндегі Замараев қонысында деді. [61, 277 б.].

Солтүстік Қазақстандағы замараев мәдениетіне жатқызылған үш жерлеу орны мен Челябинск жеріндегі замараевтық қорғандар андроновтық жерлеу орындарынан өзгешелігі анық байқалады. Онда табылған қыш бұйымдар, қола қанжар мен айна да соңғы қолаға сәйкес келеді. Адамды жерлеу дәстүрінде бір қырынан оң иығымен жатқызу салты андроновтықтарда кездеспейді, тек соңғы алакөлде бар бірақ аз кездеседі деді. Замараев мәдениетіне тән жерлеу орындарынан табылған қыш ыдыстар Солтүстік Қазақстанның көптеген қоныстарынан кездескен, бірақ андроновтық ыдыстармен аралас кездескен. Осыған байланысты Елизаветинск және Бурабай қоныстарында ғұрыптық көзелер аз кездескен. Андроновтық ыдыстарға қарағанда соңғы қола кезеңінде қоныстарда да жерлеу орындарында да қалай болса солай тұрпайы жасалған қалың қабырғалы өрнегі нашар ыдыстар кездеседі. Ыдыстардағы бұл өзгеріс табуды анықтау алдағы уақытта кең көлемді зерттеулер анықтап береді деген пікірін білдірген.

Қорыта келе Ә.М. Оразбаев зерттеу жұмысына қазба деректерінің аздығына байланысты Солтүстік Қазақстанда мекен еткен қола дәуірі тайпаларының мәдениетіндегі даму ерекшелігінің жекелеген элементтерін ашуға мүмкіндік болмады деді. Бірақ жалпы алғанда Солтүстік Қазақстан жерінде б.з.д.. 2-1 мың

жылдықта қоғамдық даму секірісі анық көрінеді деп баса айтты.

Қола дәуірінің соңғы кезеңі дамыған Замараев мәдениеті деп алынды. Бұл мәдениет деп бөлінуіне байланысты қандай деректерге сүйенгендігі жөнінде жоғарыда айтқандай үш жерлеу орны мен кен өндірген бірнеше көне қоныс орындары еді.

**Замараев мәдениетінде шаруашылықта және өмір тұрмысында үлкен өзгерістер болғанын көруге болады. Шалқар қонысынан ат әбзелі сулықтың табылуы Солтүстік Қазақстан жерінде, жалпы далалы өңірлерде жылқы малының шаруашылықта нақты мініске жегілгені көрінеді дейді. Жылқыны мініске пайдалану дегеніміз малды алыс жайылымдарға жаю немесе малды қорғау үшін, жер үшін соғыстар кезінде қажеттілігі артқанын айтты** [61, 281 б.]. Осындай жылжымалы мал шаруашылығы мен қатар жер өңдеу, егін салу шаруашылығы жүргенін егін жинауға қатысты қола орақтардың табылуынан көруге болады. Металл өңдеу ісінде де осы кезеңде үлкен өзгеріс болғанын қоныстардан табылған әр түрлі қола еңбек құралдары мен қару жарақтардың формаларынан байқауға болады. Еңбек құралдардың әсіресе сом металдан сабына дейін құйылған түрлері шыққан. Салмағы ауыр еңбек құралдар балға, қайла, шапқыш түрлері кездеседі. Қыш ыдыстары да өзгеріс тауып андрондық ыдыстарға қарағанда қалың, тұрпайы жасалған өрнегі қалай болса солай салынған.

**Қорыта келе замараев мәдениетінің өндірістегі даму қарқыны өзінен кейінгі ерте темір дәуірінің көшпелі мал шаруашылығына бағытталған қоғамына тың серпін берді. Көршілес жатқан аймақтардың ұқсас ескерткіштерімен салыстырғанда осы соңғы қола дәуірі алғашқы қоғамдық құрылыстың дамыған соңғы белесі болып, келесі көшпенді мал шаруашылығына негізделген тайпалық бірлестіктер қоғамына өтті деді** [61, 282 б.].

Елуінші жылдары жасалған Қазақстандық қос ғалымның (Ақышев К.А 1953, Оразбаев Ә.М 1958) қола дәуіріне жасаған кезеңдемелері қазіргі таңда ғылыми айналымда тек тарихнамалық деңгейде қаралғанымен өзіндік ұстанған бағыты, бағдары және қола дәуірі кезеңдемесінің алғы шарты қалыптасуына қосқан үлестерін ұмытпауымыз керек. Сол уақыттағы деректердің аздығына



қарамастан қола дәуіріндегі бір мың жылдықтан артық уақыттың қоғамдық сипатын ашуға терең талдаулар жасалды. Осы ғалымдардың зерттеулері негізінде жасалған тұжырымдар әлі күнге жоғарғы оқу орындары мен орта мектептерде қола және ерте темір дәуірлерінің өмір тұрмысы баяндалады. Қос ғалымның Орал маңы үлгісінде жасалған кезеңдемелері бір бірімен ауысып келетін (феодоров және алакөл) кезеңдерінің қайсысы бірінші тұратынын нақтылай алмағанымен екі кезеңнің бірінен кейін бірі келетінін нақтылауы, яғни ойдың түпкі төркіні жергілікті мәдениеттердің табан аудармай өмір жалғастыруы.

Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев қола дәуіріне жасаған кезеңдемесінің құндылығы феодоров және алакөл кезеңдерінің ескерткіштерінің ара жігін ажыратуы және алакөлдік ескерткіштердің Солтүстік Қазақстанда ерекше түрін ерекшелеуі.

Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев зерттеулерінде мәліметтердің аздығына қарамастан Солтүстік Қазақстанның алакөл кезеңі ескерткіштері басымырақ болғандығын алакөлдік ескерткіштердің түрлі деректерінен көрсете алды.

Солтүстік Қазақстанның алакөл кезеңіне ғана қатысты ыдыстардың тең жарымында мойындарына ромб өрнектер және тарақ тәрізді затпен тігінен сызылған сызықтар кездеседі. Өрнектің осындай ерекше үлгілері көршілес аудандардың алакөлдік ескерткіштерінде кездеспейді, бұған қарап осы өңірде ерекше алакөлдік топ өмір сүрді деумен бірге басқа алакөлдіктерден бөлек қарауға болмайтынын айтты [61, 268 б.].

Ғалымның бұл пікірінің өзі қола дәуірін кейіннен зерттеп жүрген зерттеушілер тарапынан қолдау тапқанын көруге болады. Ә.М. Оразбаев зерттеулеріндегі түпкі ой жергілікті мәдениеттер энеолит дәуірлерінен бастап ақ үздіксіз даму үстінде болып, Еуразияның орманды далалы және далалы тіршілікке қолайлы өңірлерін мекендеу және ірі металл қорының арқасында соңғы қола дәуірінде қоғамдық ірі секіріс дәрежесіне жетті деп тұжырымдайды. Ал феодоров және алакөл мәдениеттерінің яғни екі этностың қатар өмір сүруі, бір біріне әсер етуі, жергілікті алакөлге сіңуі бұл көпжылдардағы мәліметтердің молайуы және қола дәуірін зерттеген ғалымдардың ортақ жетістігі. Бұл жетістікке отандық археология ғылымының көш басында тұрған ғалымдардың да үлесі жоқ деп

айта алмаймыз. Сондай-ақ бұл екі этностың бір табиғи ортада бір кеңістікте қатар өмір сүруі жөніндегі пікірлердің әлі де болса нақты емес, шешімін таппаған қола дәуірінің өзекті проблемаларының бірі саналады.

### 2.2. Ә. М. Оразбаевтың соңғы қола дәуірі бойынша зерттеулері

Қазақстан жеріндегі көне мәдениеттерді зерделеуде қола дәуірінің, әсіресе соңғы қола дәуірі мәдениетін зерттеу отандық археология тарихының ерекше маңызды тұсы болды. Дамыған соңғы қола кезеңіндегі металл өндірісінің қарыштап дамуына байланысты қару жарақтардың күшейуі және мал басының өсуі кең жайылымдар қажеттілігі үшін тайпа мен тайпа арасындағы қақтығыстарды күшейтті. Сондай-ақ дамыған соңғы қола дәуіріндегі мал жайылымдарына деген қажеттілік шаруашылыққа қолайлы шағын өзен, көлді, бұлақты тау аңғарлары, жазықты қыраттар, ұсақ шоқылы белестер мен орманды далалардың игеруіне әкелді. Тайпалар арасындағы мал үшін жер үшін болған соғыстар мен мол металл қорларына иелік етуі Қазақстан жеріндегі тайпалардың теңдессіз байлық иесі болуымен бірге көшпелі жауынгерлік өмір тұрмысына бейімделген қуатты тайпа бірлестіктер одағына алып келді.

Ә.М. Оразбаев өзінің еңбегінде соңғы қола дәуірінің тұрмыстық сипатын өзінен кейінгі ерте темір дәуірінің көшпелі мал шаруашылығына бағытталған қоғамына тың серпін берді деді. Сондай-ақ соңғы қола дәуірі «алғашқы қоғамдық құрылыстың» дамыған соңғы белесі болып, келесі көшпенді мал шаруашылығына негізделген тайпалық бірлестіктер қоғамына өтті деді [61, 282 б.].

Ғалымның соңғы қола дәуіріне байланысты берген бағасы қазіргі таңда дәлелденіп отырған ерте темір дәуіріндегі сақ тайпалық бірлестіктері мемлекеттілік дәрежесіне дейін көтерілді деген тұжырымдарға негіз болары сөзсіз. Мемлекеттіліктің алғы шарты қалыптасумен бірге қазақ халқының негізгі шаруашылығының көріністері және тұрмыс салтының қайнар көзі бастау алатын соңғы қола дәуірін, отан тарихының маңызды кезеңі деп қарау қажеттілігі туындап отыр. Бұл мәселе төңірегінде де Ә.М. Оразбаев еңбектерінде қамтылғандығын және тамыры тереңде



жатқан қазақ халқының этноқайнар көздерін қола дәуірінен сабақтастыра отырып қарастыру ғалым зерттеулерінің басты нағидасы болды. Бірақ бір өкініштісі ұзақ жылдар бойы отандық қола дәуірін зерттеуші Ә.Х. Марғұлан бастатқан ғалымдар үштігінің зерттеулері тек тарихнамалық деңгейде қарастырылғаны рас еді. Дегенмен соңғы қола дәуірі мәселесі қазіргі таңда да көпшілік ғалымдардың назарын аудартып, кейбір түйінді жақтары шешімін тауып, оң бағыт алды деуге болады. Ендігі атқарылатын шаралар әсіресе елімізде ғажайып ескерткіштер үлгілерінің ашылуымен айқындалатын ерте көшпенділер кезеңінің тарихын зерделеуде, оның алдында тұрған қола дәуірінің соңғы уақыты мен өтпелі кезеңін қарастыру маңызды екенін ұғыну керек. Сонымен бірге соңғы қола дәуіріндегі қоғамда болған оң өзгерістердің көрінісін алғашқы қоғам тарихындағы «садақ пен жебе» пайда болуы немесе «неолиттік революция» деңгейімен қатар қоюға болар еді.

Қазақстан археологиясының көш басында тұрған Ә.Х. Марғұлан бастатқан отандық ғалымдар тобы өткен ғасырдың қырқыншы жылдарының соңынан бастап қола дәуірінің соңғы кезеңіне байланысты айтылған пікірлерге өз үлестерін қоса отырып, алғашқы қазақ археологиясы зерттеулерінің беттерін ашты. Еуразия кеңістігінде осы кезеңдерде қола дәуірі тың мәліметтермен толығу барысында және Қазақстан жерінен табылған деректерге байланысты да ғалымдарымыздың осы мәселелерді қолға алуына себепші болды. Ол мәселен Оңтүстік Сібірдегі Қарасұқ мәдениетінің қыш ыдыстары мен жерлеу орындары Орталық Қазақстан жеріндегі дамыған соңғы қола кезеңіне жататын Беғазы-Дәндібай ескерткіштерінде ұқсас кездеседі деп айтылуы еді. Осы мәселенің мән жайын толығырақ ұғыну үшін қола дәуірінің зерттелу тарихына тереңірек үңілу керек сияқты.

Еуразияның ұлан-ғайыр далаларында қатар өмір кешкен Андронов және Қарасұқ мәдениеттерін зерттеуші ғалымдардың екі мәдениетті де зерттеуге қатысы барлығы ұқсас болуы мен бірге қола дәуіріндегі тайпалық бірлестіктердің көне іздері әр өңірде әр қалай зерттелуінен де мәдениет түсінігіне өз ықпалын тигізді. Нақтырақ айтқанда 1922 жылы Оңтүстік Сібірдегі Хакасия жерінде Батени селосы жанынан алғаш Қарасұқ мәдениетінің үлгісіндегі жерлеу орынын Қарасұқ өзені бойынан ашып зерттеу С.А.

Теплоуховтың қайраткерлігіне бұйырған еді. С.А. Теплоухов Енисей жеріндегі бұл ескерткіш мәліметтерін өзіне дейін зерттелген 1911 жылы Ю.П. Аргентовскийдің жетекшілігімен Петропавловск қаласынан 4 шақырым жердегі Пестрое көлі жанындағы қазылған қола дәуірінің жеті жерлеу орны және 1910 жылы В.И. Каменскийдің басшылығымен Шығыс Қазақстан жеріндегі Қызыл-су өзені бойынан қазылған Кіші Қойтас, Қараөзек қола дәуірі ескерткіштеріне салыстырып, бұл бір үлкен аумақты алып жатқан біртұтас мәдениет деп айтқан болатын. Бұл Қазақстан жеріндегі қола дәуірі ескерткіштерінің ең алғаш ғылыми айналымға енуі мен бірге Қарасұқ және Андронов мәдениеттерін біртұтас деп қарастыруға алғаш негіз болған еңбек еді [56, 200 б.].

1923 жылы С.А. Теплоухов «Андронов мәдениеті» деген терминді енгізгеннен кейін ғана ғалымдар Қазақстан жерінде зерттеле бастаған қола дәуірі ескерткіштерін осы мәдениетке тели бастады. Алғашында С.А. Теплоухов Андронов мәдениетін хронологиялық уақыты жағынан неолиттік Афанасьев және Қарасұқ мәдениеттерінің ортасындағы мәдениет деп оның уақытын б.з.д. II мыңжылдықтың бірінші жартысы мен I мыңжылдықтың басы деп мерзімдеді. Бұл тұжырым да екі мәдениетті біріктіре қарастыру пікірлеріне өз әсерін тигізбей қоймады [56, 112 б.].

1933 жылы М.П. Грязнов Орталық Қазақстан жерінде Қарағанды қаласынан 60 шақырым батысқа қарай Шерубай Нұра өзенінің оң жағасында Дәндібай қорымын ашып зерттеген болатын. Бұл зерттеу нәтижесінде де Орталық Қазақстан жерінде Қарасұқ мәдениетінің үлгілері кездеседі деді және сол пікірді ұстанушы ғалымдар тобының болжамдарына түрткі болды. Оның ойынша: Дәндібай секілді ескерткіштер қарасұқ мәдениетінің жергілікті нұсқалары; орталыққазақстандық қарасұқ уақытында өмір сүрген тайпалар мәдениеті алдыңғы андронов мәдениетінің негізінде, көршілес тайпа топтарымен тығыз мәдени қатынастар жасаудың әсерінен қалыптасқан еді [80, 49 б.]. Жаңа қазба мәліметтері толық жинақталмай, жиырма жылға жуық уақыт Андронов және Қарасұқ мәдениеттері бір мәдениет деп қарастырылып келді.

Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдары Қазақстан Ғылым академиясы Орталық Қазақстан Археологиялық экспедициясының зерттеулері басталуымен бірге Орталық Қазақстан аумағында



өзіндік тың мәдениеттері бар жаңа мәліметтер ашылды. 1947 жылы Қызыларай таулы алқаптарында Беғазы қорымы қазбалары басталды. Беғазы қорымынан нағыз жаңалықтарды мавзолейлер, яғни, кесенелер деген атаулар алған тас мазарларының қазбалары берді [81, 186 б.]. Беғазы қорымы Қарағанды облысы Қоңырат ауданы жерінде алғаш ашылып қазылғаны және көпшілік зерттеушілер ол жөнінде таныс емес екендігі жөнінде Ә.Х. Марғұлан мен Л.Р. Қызласовтар өздерінің 1950 жылы жарық көрген «Беғазы қорымының тақта тасты қоршаулары» атты мақаласында баяндады. Онда Беғазы қорымы ескерткіштері ерекше құрылыстар екенін айта отырып бұл Орталық Қазақстан жеріндегі кездесетін жалғыз ескерткіштер емес деді. Ол 1932 жылғы М.П. Грязнов қазбалары бойынша ашылған Шерубай-Нұра өзені бойындағы Дәндібай ескерткіші мен Нұра өзені бойындағы Алеп-ауыл ескерткіштеріне ұқсас екенін және одан табылған қыш бұйымдарды Қарасұқ мәдениетінің ыдыстарынан бастау алады деген тұжырымдар ұзақ уақыт ойландырып келгендігін жазды. Сондай-ақ Беғазы қорымының тақта тасты қоршаулары Монғолия мен Байқалдың ерте скиф кезеңінің жалпақ тасты қорғандарына ұқсайтынын және алдағы зерттеулерде бұл болжамдар көне дәуірлердің этникалық байланыстарын айқындауға мүмкіндік туғызады деді. Қазақстан жеріндегі қола дәуірі ескерткіштері өзіне дейінгі тұрғылықты тайпалардың заңды жалғасы бола отырып, кейінгі дәуірлерде де ұрпақ жалғасындағы үрдістер үзілмейтіндігімен бірге, Қарасұқ мәдениетінің ешқандай негізі жоқ екендігін айтты [82, 126-135 б.].

М.П. Грязнов өзінің 1952 жылы жарық көрген «Памятники Карасукского этапа в Центральном Казахстане» атты мақаласында Ә.Х. Марғұлан мен Л.Р. Қызласовтардың 1950 жылы шыққан мақаласын сынға ала отырып оларға қарсы өз ойын білдірді.

М.П. Грязнов жоғарыдағы ғалымдардың Беғазы мен Дәндібай ескерткіштері бір-біріне ұқсас дегендері қате, өйткені сыртқы құрылысы мен ішкі дәстүрлері мүлдем бөлек деді. Сонымен бірге Беғазы ескерткіштерінде табылған қыш ыдыстар тек сынық күйінде кездесетін және тұрпайы жасалған түбі тегіс ыдыстар болумен бірге өрнегі жұтаң тырнақпен сызылған деді. Сонымен бірге Ә.Х. Марғұлан мен Л.Р. Қызласовтардың айтқан Беғазы және Дәндібай

[28, 66-69 б.]. Келесі еңбектерінде де Ә.Х. Марғұлан осы жаңа ашылған мәдениеттің шығу тегі жайлы өз ойын нақтылай түсіп: «ол Оңтүстік Сібірдегі карасұқ мәдениетімен ешбір байланыссыз, толығымен өз алдына дамыған мәдениет» деп тұрып қадап айтты [86, 333 б.].

Бірақ бұдан кейін де Қарасұқ мәдениеті мен Беғазы-дәндібай мәдениеттерін қоса қарастыру тұрғысы жалғасын таба берді, тіпті әлі күнге сол пікірді ұстанушы ғалымдар тобының үлкен шоғыры қалыптасты. Бұл жөнінде А.З. Бейсенов пен В.В. Варфоломеевтердің еңбектерінде жан-жақты талданып жүйеленгенін айта кетуіміз керек [33, 54-56 б.]. Онда «Беғазы-Дәндібай мәселесі бойынша жарты ғасырлық уақыт ішінде дереккөздер молайуымен бірге қарама-қайшылықсыз және дәйекті шешімдер ұсынатын нұсқа жасауға негіз беріп отыр дейді. Беғазы-Дәндібай мәдениетінің кешендері жоғары әлеуметтік мәртебесі бар адамдарды жерлеуге арналған құрылыстар ретінде қарастырылады және осы мәселені зерттеушілердің арасындағы келіспеушіліктер қыш ыдыстарына түсінік беру кезінде пайда болады дейді. Сондықтан, археологиялық деректердің осы аталған компонентін қарастыру маңызды болмақ дей отырып, Сарыарқаның белдеулі қыш ыдыс мәдениеті кезеңінің қоныстары мен қорымдарының жарияланған және әлі ғылыми айналымға енбеген мәліметтері бойынша 3418 ыдысты есепке алып салыстырмалы тәсіл бойынша қыш ыдыстың екі категориясын бөліп шығарды. Бірінші категория - көп кездесетін тұрпайы жасалған жұтаң өрнекті жергілікті жерде жасалған ыдыстар бұл нағыз беғазы-дәндібай ыдысы оны Сарыарқа тұрғындары күнделікті қолдануға жасаған дейді. Екінші категория – аз кездесетін шеттен келген сапалы, мұқият жасалған, арнайы тегістеліп жылтыратылған қабырғалары жұқалау келген ыдыстардың табылымдарын Беғазы-Дәндібай тұрғындарының алыс аймақтағы тайпалармен күшті байланыста болғандығымен түсіндіреді. Сібір мен Орта Азия тайпаларымен маңызды қарым-қатынасты ұстанып өздерінің мол металл қорының арқасында сый тарту таралғы алумен ұштасуы мүмкін дейді [33, 56 б.].

Бұл яғни Беғазы-Дәндібай мәдениетінің жергілікті Андроновтықтардың жалғасы екендігі, Қарасұқтық үлгідегі немесе шеттен келген ыдыстар тек саяси байланыстар мен металлдың мол



қоры арқасында сауда саттық ісінде келген тарту таралғы екенін анықтап берді. Сондай-ақ бұл зерттеулер қорытындысы Ә.Х. Марғұлан мен К.А. Ақышевтың «Беғазы-Дәндібай мәдениеті» ешқандай келімсектердің қоныс аударуымен қалыптаспаған деген тұжырымдарын қуаттай түседі. Беғазы – Дәндібай мәдениетінің жергілікті Андроновтықтардың жалғасы екендігі, Қарасұқтық үлгідегі немесе баска шеттен келген ыдыстар тек саяси байланыстар мен металдың мол қоры арқасында сауда-саттық ісінде келген тарту таралғы екені анықталды.

Қола дәуірінің соңғы кезеңдерінде тұрпайы жұтаң өрнекті ыдыстардың әлеуметтік дәрежесі төмен жерлеу орындарында кездесуі не себепті жергілікті болуын зерттеуші ғалымдар тек көп кездесуімен ғана ерекшелейді. Бұл дегеніміз соңғы қола дәуірінде қоғамда болған өзгерістерге байланысты қыш ыдыс жасау өндірісінің шаруашылықтан ығыстырылып тек аз мөлшерде ішкі қажеттілікті қамтамасыз етуге ғана немесе жерлеу салтына арналып жасалумен шектелген. Бұл кезеңдерде мол металл қорының арқасында металл қазандар қыш қазандарды ығыстырып және көшпенді шаруашылыққа бейімделген мал терілерінен жасалған «мес», «торсық» сияқты тұрмыстық заттар сынғыш қыш ыдыстардан қажеттілігі артты. Ал шеттен келген әдемі ыдыстардың тек бай жерлеу рәсімінде қолданылуы, өздеріне дейінгі бабаларының қыш ыдыс қою дәстүрін сақтай отырып шеттің әдемі ыдысын сый ретінде жерленушіге арнауы мүмкін.

Қола дәуірінің соңғы кезеңін зерттеудегі өзекті мәселелердің бірі болған Қарасұқ мәдениетінің Беғазы-Дәндібай ескерткіштеріне ықпалы жөнінде уақытында Ә.М. Оразбаев зерттеулерінде жеке ғылыми мақала арналмағанымен, отандық әріптестерінің тарапында болғанын бірнеше еңбектерінен көруге болады. 1958 жылы Ә.М. Оразбаев Солтүстік Қазақстанға жасаған кезеңдемесінде андронов мәдениетінің федоровтық және алакөлдік сатыларын бөліп, қарапайым өрнегі жұтаң әрі белдеулі қыш ыдыс шыққан қоныстарды жеке мәдениет деп қарастырып, оған «замараев» деген атау берді.

Ғалымның пікірінше, замараев мәдениеті Солтүстік Қазақстан мен Оңтүстік Орал өңірінде тараған. Қостанай облысындағы Алексеев және Садчиков қоныстарын Челябинск өңіріндегі

Замараев қонысымен салыстырып, олардың мәдени бірнеше қабаттылығын екі мәрте қоныстанумен байланыстырды [61, 278 б.].

Сондай-ақ Орталық Қазақстан мен Солтүстік Қазақстанның қола дәуірі бір бірінен айырмасыз дамыған мәдениеттер деп қарастырды. Әсіресе Андроновтық ыдыстарға қарағанда соңғы қола кезеңіндегі қоныстарда да жерлеу орындарында да қалай болса солай тұрпайы жасалған, қалың қабырғалы өрнегі нашар ыдыстар кездеседі. Ыдыстардағы бұл өзгеріс табуды өзіндік жеке мәдениеттік ерекшелік деп танып, алдағы зерттеулер бұл ойымызды анықтап береді деген болатын [61, 280 б.].

Кейіннен Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев өзінің 1959 жылы жарық көрген «Орталық Қазақстанның қола дәуірі ескерткіштері» атты мақаласында Қарағанды облысы, Шет ауданы мен Қоңырат ауданы жерлерінде 1957 жылы қазылған Елшібек, Беласар, Егізқойтас, Қанаттас қорымдарын тыңнан ашылған ескерткіштер дей отырып олардың жерлеу құрылысы мен қоса жерленген заттарына қарағанда қола дәуірінің орта және соңғы кезеңдерімен мерзімдеуге болады дейді. Қоланың орта кезеңіне жатқызылған ескерткіштердің ұқсас үлгілерін көршілес Солтүстік Қазақстан мен Челябинск өңірлерінен кездесетінін айтты. Ал соңғы қола дәуіріне Беласар қорымындағы № 60 қоршау мен Қанаттас қорымындағы №7 қоршауды жатқызды. Олардың басты назар аудартқаны қоршаулардың ерекше монументальды құрылыстармен құрылуында дейді. Яғни күрделі жерлеу құрылыстары соңғы қола дәуіріндегі жеке патриархалды бай отбасылардың құрылуының көрінісі деуге болады дейді. Осы Қанаттас қорымындағы № 7 қоршау мен Беласар қорымындағы № 60 қоршау арасында өзара мәдени байланыс пен қоршаудың күрделі құрылысындағы ортақтастықтар байқалғанымен Қанаттас № 7 ескерткішінде андроновтық белгілер басым дейді. Бұл дегеніміз екі ескерткіштің де бір мәдениетке жататынын дәлелдеумен бірге өзіне дейінгі жергілікті андроновпен де тікелей байланысы бар екенін растап отыр. Сондай – ақ осы екі ескерткіштің күрделі құрылыстарын қайталайтын жерлеу орындары М.П. Грязнов қазбалары бойынша 1932 жылы Қарағанды облысы жеріндегі Шерубай – Нұра өзені бойындағы Дәндібай № 11 ескерткішінде кездесетінін келтірді. Яғни Дәндібай №11 ескерткішінің ешқандай Қарасұқтық үлгідегі емес қайта жергілікті



Қанаттас № 7 және Беласар№ 60 сияқты қоршаулар арасында өзара ұқсастық болуымен бірге олардың өзіне дейінгі андрондықтармен тікелей жалғасатынын дәлелдеп берді [21, 74 б.].

Орталық Қазақстан мен Солтүстік Қазақстанның соңғы қола дәуіріне байланысты маңызды деректерді отандық ғалымдардың «Орталық Қазақстанның көне мәдениеті» («Древняя культура Центрального Казахстана») атты ұжымдық монографиясынан кездестіреміз. Еңбекте жергілікті ашылған ескерткіштердің негізінде атасу мен нұра кезеңдері қола дәуірінің ерте кезеңдері деп межеленіп андронов мәдениетінің феодоров және алакөл кезеңдерімен қатар қойылды. Ал соңғы қола кезеңін беғазы – дәндібай мәдениеті деп бөлек қарастырды [28, 61 б.]. Осы еңбектегі соңғы қола дәуіріне қатысты кейбір тұжырымдар жөнінде А.З. Бейсенов пен В.В. Варфоломеевтердің 2008 жылғы Беғазы зиратына қатысты тың зерттеу қорытындыларында біршама талдау жасалған болатын. Онда Ә.Х. Марғұлан бастатқан ғалымдардың соңғы қола кезеңінің қорымдары Беғазы – Дәндібай мәдениетіне, ал қоныстарын замараевқа жатқызылады деп таңданыспен жазды. Сондай-ақ бұл қарама қайшылықтар кітапта айтылмағанмен, ескерткіштердің екі категориясының сатылы үйлесімділігі аталып өтіледі деген болатын [33, 14 б.].

Бұл біріккен ұжымдық еңбектің «Орталық Қазақстанның көне мәдениеті» соңғы қола дәуірін зерттеудегі құндылығы әрі қазіргі көзқарастармен сәйкес келетіндігі Солтүстік пен Орталық Қазақстан өңірлерін біртұтас айырмасыз табиғи аймақ деп қарастыруы және жерлеу орындары мен қоныстардың мерзімдік үйлесімділігін аңғара білгендіктері еді.

Ал қарама қайшылық деп танылған «жерлеу орындары - беғазы – дәндібайға, қоныстардың - замараевқа» жатқызылу себебіне өз зерттеулерімізде біршама көз жеткізгендей болдық.

1964 жылы Қазақ ССР Ғылым Академиясының мемлекеттік тапсырысы бойынша ғылыми монография шығаруға жоспар жасалады. Алғашында монография «Орталық және Солтүстік Қазақстанның қола дәуіріндегі қоныстары» деп аталып жұмыстың жетекшісі сол кездегі дәрежесі бойынша, профессор Ә.Х. Марғұлан, негізгі орындаушы Ә.М. Оразбаев болып тағайындалады. Жұмыс алғашында Ә.М. Оразбаевтың жеке зерттеу қорытындылары

бойынша кіріспеден, төрт тараудан құралады, төртінші тарау соңғы кола мәдениетіне арналып «**Суықбұлақ – замараев мәдениетінің қоныстары**» деп аталады [30, 11 б.]. Соған қарағанда ғалым сол уақыттың өзінде Солтүстік пен Орталық Қазақстанның соңғы кола дәуірінің мәдениеттері біртекті екенін аңғарған. Әсіресе ондағы белдеулі қыш ыдыстардың екі аймаққа да тән екендігін тануы өте маңызды шешім еді.

Алайда кейіннен ерте темір дәуірінің мәліметтері қоса беріліп, жұмыс «Орталық пен Солтүстік Қазақстанның қола және ерте темір дәуірлері» деп өзгертіледі. Осы екінші нұсқасында Ә.М. Оразбаевқа бірінші тарауы беріледі де, онда жалпы Орталық пен Солтүстік Қазақстанның қола дәуірі қоныстарын жазу жүктеледі. Екінші тарауы «Орталық Қазақстанның соңғы қола мәдениеті» деп аталып онда тек Орталық Қазақстан жеріндегі ескерткіштер қамтылады. Бұл тарауын Ә.Х. Марғұлан жазатын болып бекітіледі. Үшінші тарауы «Орталық Қазақстанның ерте темір дәуірі» деп аталып М.К. Қадырбаевқа бекітіледі.

1966 жылы монография авторларының құрамына А.К. Ақышев қосылып, зерттеушінің Орталық Қазақстанға қатысты зерттеулері ғылыми жұмысқа қосылады. Орталық Қазақстанға байланысты мәліметтер көбейе түсуіне орай еңбектің аты «Орталық Қазақстанның көне мәдениеттері» деп өзгертіледі. Солтүстік Қазақстан жеріндегі Ә.М. Оразбаев зерттеулері бұл еңбекке енгізілмей ығыстырылып, тек ғалымның соңғы қола дәуірі қоныстарының негізгі зерттеушісі болғандықтан қоныстардың мәліметтері замарай мәдениетіне жатқызылған еді. Ал жерлеу орындары Ә.Х. Марғұлан мен А.К. Ақышевтардың зерттеу нысаны қатарында Беғазы – Дәндібай мәдениетіне жатқызылды [30, 1 б.]. Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев 1966 жылы «Орталық Қазақстанның көне мәдениеті» атты монография жарық көргеннен кейін де, Орталық пен Солтүстік Қазақстанның қола дәуірі мәдениеттерін қоса қарастыруды жалғастырды. 1966 – 1968 жылдардың жоспарында «Орталық пен Солтүстік Қазақстанның қола және ерте темір дәуірі» атты монография авторлары Ә.Х. Марғұлан, Ә.М. Оразбаев, М.К. Қадырбаевтар болып 20 баспа табақтан тұратын еңбек ұсынылды. Монография үш тараудан құралып; бірінші тарау «Орталық Қазақстанның Беғазы мәдениеті», екінші тарау



«Солтүстік Қазақстанның қола дәуірі қоныстары», үшінші тарау «Сарыарқаның шығыс аудандарының көне мәдениеті» деп аталды. Жұмыстың өзінің берілген мінездемесінде аталған өңірлердің соңғы қола дәуірлерінен бастап түркі және қыпшақ кезеңіне дейінгі аралықты қамтитын уақыттың тарихына археологиялық мәліметтер бойынша жүйелеу жасаудан тұрады делінген. Ғылыми еңбектің аяқталғаны жөніндегі рефератында Қазақ ССР ҒА ның академигі, тарих институтының директоры А.Н. Нүсіпбеков пен жұмыстың жетекшісі академик Ә.Х. Марғұлан қол қойған нұсқасы бар болғанымен, қалайда еңбек жарыққа шықпаған.

1968 жылы Ә.М. Оразбаевтың өз зерттеулері бойынша жоғарыдағы еңбектер негізінде «Солтүстік Қазақстанның қола дәуірі қоныстары» атты монография жазылып қайтадан жеке нұсқасы жасалған болатын, бірақ олда жарыққа шықпаған еді. Ғалымның бұл еңбегінде Солтүстік Қазақстан жерінде өз қазбалары бойынша ашылған Шағалалы қонысындағы 14 тұрғын үйдің және Садчиков қонысындағы 2 тұрғын үйдің деректері қамтылды. Қоныстардың хронологиялық уақыты соңғы қола дәуіріне жататынын дәлелдеумен бірге көршілес жатқан Шығыс, Орталық Қазақстанмен және Оңтүстік Оралмен тікелей байланыста болғанын ашып көрсетті. Қоныстардың құрылыстарындағы өзіндік ерекшеліктерімен қатар дамыған соңғы қола дәуіріндегі металл өндірісі мен басқа да шаруашылық мәдени жағдайлардың ерте андроновтан бастап үздіксіз дамығанын және кейінгі дәуірлерде де жалғасын тапқанын баса айтты. Ол жөнінде Ә.М. Оразбаевтың осы монографиясындағы мына бір жолдарды қысқаша келтіре кетуге болады: **«Огромное количество зафиксированных и исследованных памятников эпохи бронзы Казахстана указывают на то, что племена андроновской культуры и их преемники племена дандыбай – бегазинской и замараевской культуры, как скотоводы, были жителями степных просторов и горных ущелий. Подобно поздним кочевым народам (казахам, киргизам, алтайцам) они обычно селились в местах с богатыми пастбищами, в луговых долинах, степных рек и в межгорных равнинах, где можно пасти скот круглый год»** [30, 11 б.].

Аталған монографияның жарыққа шықпайтынына әбден көзі жеткен Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев ғылыми жұмысты Қазақ

ССР ҒА-ның тарих, археология және этнография институтының ғылыми мұрағатына тапсырған. Қазіргі таңда Ә.Х. Марғұлан атындағы археология инсититутының мұрағатында сақтаулы ғылыми еңбекте дамыған соңғы қола кезеңіндегі этномәдени және шаруашылық үрдістердің ерте андронов кезеңдерінен бастау алып кейінгі қазақ халқының өмір тұрмысында жалғасын табатынын айтумен қатар белдеулі қыш ыдыстар мен металл өндірісінің даму қарқынына байланысты жергілікті жерде өзіндік үлгідегі мәдениет қалыптасты деген пікіріне нүкте қойды. Өйткені бұл тұжырымы іш пікірінде соңғы, әрі нақты жауап ретінде қабылданды және жетпісінші жылдардың басында Ә.М. Оразбаевтың белдеулі қыш ыдысты ескерткіштер шеңберін мәдениет дәрежесінде негіздеуі С.Я. Зданович пен В.В. Евдокимов сынды жас зерттеушілер тарапынан қолдау тапты.

С.Я. Зданович Атбасар қаласының маңындағы Жабай өзенінің бойынан Сарғара қонысы мен қорымының мәдени кешенін қазып зерттеді. Бұл екі ескерткіш тек белдеулі қыш ыдыстардың табылымдарымен ерекшеленді [87, 20 б.].

Бұл факт белдеулі кешендерді жеке мәдениет деп қарастыруға қарсы болған барлық пікірлерді жоққа шығарды. Сондай-ақ В.В. Евдокимов белгілі Алексеев қонысында жүргізген өзінің қазба жұмыстарының материалдарын жариялады. Бұл жерде ол белдеулі қыш ыдысты бір мәдени қабаттан тұратын үйдің орнын ашты. С.Я. Зданович пен В.В. Евдокимовтың осы жұмыстары арқасында белдеулі кешеннің жеке мәдениет екендігі дәлелденді [33, 15 б.].

Олар сондай-ақ Қазақстан жеріндегі белдеулі қыш ыдыстар мәдениетіне өз зерттеулері бойынша жаңа атау беруді ұсынды. Өйткені Қазақстанның және Оңтүстік Орал өңірінің соңғы кола кезеңдерін зерттеу еңбектерінде айтылатын «замараев кезеңі» немесе «замараев мәдениеті» деген терминдер далалық мәдениеттер үшін жат екенін оның Замараев қонысы сияқты орманды өңірлердің ескерткіштеріне ғана атау бола алатынын В.С. Стоколос [70, 165 б.], Т.М. Потемкина [73, 376 б.] сынды т.б ғалымдар еңбектерінен бірнеше қайтара кездестіруге болатын еді. Сол себепті С.Я. Зданович белдеулі қыш ыдыстар мәдениетін сарғара мәдениеті деп атауды ұсынса [72, 23 б.], 70 – жылдардың соңына қарай Т.М. Потемкина соңғы қоланың далалық және орманды – далалық



белдеулеріне байланысты жинақталған барлық материалдарды талдап, белдеулі ескерткіштердің мәдениеттік ерекшеліктері туралы қорытынды жасады. Аталмыш мәдениетті Тобыл өзенінің бойындағы Алексеев қонысының атымен алексеев мәдениеті деп атауды ұсынды [88, 53-64 б.]. Уақыт өте келе қолданысқа сарғара – алексеев мәдениеті деген жаңа атау ғылыми айналымға енгізілді [33, 15 б.].

Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев зерттеулерінің бағыты жетпісінші жылдардың соңына қарай мүлдем басқа арнаға бұрылып тек өз қазбаларындағы мол мәліметтер берген Шағалалы қонысының жекелеген әлеуметтік шаруашылық мәселелеріне ден қойды. Ал соңғы қола дәуірі мәселесіндегі мәдени байланыстар мен жергілікті жекелеген ерекшеліктер жөнінде өз тұжырымдарының Г.Б. Зданович, В.В. Евдокимов, Т.М. Потемкиналар тарапынан қолдау тапқаны ғалымды іштей қуантып жүргені анық еді. Оның дәлелі Ә.М. Оразбаевтың жеке мұрағатындағы сақтаулы хаттардан жетпісінші жылдардың соңында соңғы қола дәуірі мәселелеріне байланысты М.П. Грязнов, Н.А. Аванесова, Г.Б. Здановичтермен хаттар арқылы жиі пікір алмасқанын көруге болады [48, 1-5 б.].

Қазіргі таңда Ә.М. Оразбаев зерттеулері қола дәуірінің соңғы кезеңдерін қарастыруда өз бағасын алуда, әсіресе оның белдеулі замараевтық қыш ыдыстар мәдени тұрғыдан алып қарағанда жеке деген пікірі өте – мөте маңызды болды. Қазақстандық зерттеушінің уақыттан озған бұл пікірі 20 жылдан соң, яғни XX ғасырдың 70 – ші жылдарында ғана толығымен расталды [33, 13 б.].

Қазіргі таңда Қазақстан жерінде кеңінен тараған белдеулі қыш ыдысты мәдениеттер бірлестігі жөніндегі оң пікірді ұстанушы В.В. Варфоломеев беғазы – дәндібай, сарғара – алексеев, трушниково мәдениеттерін бір мәдениетке біріктіруді мүмкін деп санайды. Белдеулі қыш ыдыс мәдениеттері қауымдастығының шығыс ареалын алып жатқан бұл мәдениет Орал тауларының шығыс қапталы мен Алтай бөктерлерінің аралығындағы кең аумаққа тараған [89, 59-62 б.].

А.З. Бейсенов деректердің қазіргі деңгейін ескере отырып, бұл көзқараспен келісуге болады деп санайды. Егер негізгі деген белгілерді алатын болсақ, Қазақстан далаларында шынында да бір ғана мәдениет тараған сияқты. Дала өлкесінің ұланғайыр аумағында

кейде жергілікті (аудан, өңір) ерекшеліктер мәдениетті біртұтас деп қарастыруда таласты пікірлер туындатуы мүмкін, бірақ жергілікті табиғи жағдайларға немесе келесі бір туыстас көрші аймақпен араласу нәтижесіндегі аздаған өзгешеліктер тұжырымымызды жоққа шығара алмайды деді [33, 17б.].

Әбдіманап Медеуұлы өз зерттеулерінің кең көлемді қамтылған аймақтары саналатын Солтүстік және Орталық Қазақстан аймақтарының деректері бойынша жетпісінші жылдардың өзінде осы аймақтарда соңғы қола дәуірінде біртекті мәдениеттер өмір сүргендігін және екі аймаққа тән өз атауын да ұсынып қойған болатын. Ол «**Суықбұлақ – Замараев мәдениеті**» деп аталып мәдениеттің өзіндік ерекшелігі белдеулі қыш ыдысында деп танылды [30, 11 б.].

Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевтың ғылыми өмірінің соңғы кезеңдерінде шәкірті Әбдеш Төлеубаевпен бірге Шығыс Қазақстан облысы жерінде қазақ ұлттық университетінің археологиялық экспедициясына жетекшілік етіп Ақсуат, Таврия, Жарма, Катонқарағай аудандарындағы қола дәуірінің Сабындыкөл, Ескеалмас, Масалы, Баймұрат, Қойтас, Черновая II, III ескерткіштеріне казба жұмыстарын жүргізген болатын. Сабындыкөл қола дәуірі жерлеу кешенінен табылған қазба материалдары бойынша Осы Черновая ескерткіштері арасында екі қоршау жерлеу дәстүрі мен салт жоралғысына қарай энеолит дәуірі деп мерзімделіп Оңтүстік Сібірдің Афанасев мәдениеті ескерткіштерімен ұқсастыра қарастырылған. Бұл зерттеулердің ғылыми есебі және қорытындылары сол уақытта жасалғанмен жарыққа шықпаған болатын. Кейіннен Ә.М. Оразбаев өзі көз жұмғаннан кейін, ғалым ұзақ жылдар қызмет еткен университет қабырғасында 1998 ж ғалымға арналған жинақ еңбекте осы зерттеу қорытындылары жарияланды [42, 5-41 б.].

Осы еңбектің қорытындысында Шығыс Қазақстандағы өмір сүрген кола дәуіріндегі тайпалардың этникалық тарихында, андронов мәдениетінің жергілікті ерекшелігі және қалыптасуы мен тарих сахнасынан жоғалуы жөнінде мәселе қарастырылған. Онда: **«Шындығында Андроновтықтар қарасұқ мәдениетін қалдырушылар ықпалымен дамыды ма ? - әлде сырттан келген көшпенді тайпалар ығыстырып шығарды ма – немесе ішкі**



**қоғамдық экономикалық даму секірісі нәтижесінде андроновтықтар жаңа дамыған мәдениет үлгісіне көтерілді ме? Сөзсіз соңғысы болғаны анық, бірақ бұл археологиялық қазба материалдарымен дәлелдеуді қажет етеді»** - делінген болатын [42, 40 б.].

Ә.М. Оразбаев тарапынан жасалған Шығыс Қазақстандық ескерткіштердің ғылыми сараптамалық қорытындылары өзіндік жеке ұстанымға ие дербес пікірлерде жасалды. Әсіресе жергілікті жерде табан аудармай өмір сүрген көне Шығыс Қазақстандықтар неолит дәуірлерінен бастап ақ көршілес жатқан Оңтүстік Сібірдегі Афанасьев және Орталық Қазақстандық тайпаларымен мол металл қорлары арқасында саяси, қоғамдық байланыстар орнатып үздіксіз даму үстінде болды. Оның кейінгі дәуірлердегі көріністерін тас жәшіктерде Құлажорға мәдениеттерінен де көруге болады дейді [42, 36-39 б.]. Осыған қатысты былай деп жазды: **«Эпоха поздней бронзы, как грань перехода от земледельческо – скотоводческого хозяйства древних насельников к эпохе ранних кочевников представляет особый интерес в истории Казахстана, по моему он имеет первостепенное значение в решении проблемы этногенеза казахов»** [90, 3 б.].

Сөз басында айтқандай Қазақстанның соңғы қола дәуірі мәдениеттерін зерттеу Отандық археология тарихының алғашқы қадамдары болумен бірге ірі кешенді жерлеу құрылыстарымен, шаруашылық және дүниетанымдық түсініктерінде үлкен өзгеріске ұшыраған маңызды кезең болып табылады. Сондай-ақ соңғы кола дәуіріндегі қарқын алған қоғамдық өзгерістер өзінен кейінгі ерте темір дәуіріндегі мәдениеттердің қалыптасуында да ерекше роль атқарды. Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев өз зерттеулерінде қола дәуірінің соңғы кезеңдерін бірнеше қайтара тарихымыздың өзекті кезеңі деп қарастырып, қазақ халқының терең тамырын осы кезеңдерден қарастыруды ғылыми жұмыстарының басты бағытына айналдырды. Бұл тұжырымдарын ғалым өз еңбектерінде кеңестік кезеңнің өзінде ашық түрде дүркін-дүркін жария етті.

Қорыта келе Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев қола дәуірін зерттеуші ірі ғалым ретінде қазақ археологиясының тарихында айрықша орын алатын тұлға деп айта аламыз. Оған ғалымның 50 жылға жуық ғылыми ғұмырындағы қола дәуіріне қатысты

зерттеулері дәйек бола алады. Жарты ғасырлық зерттеулерінде біздің қолдағы бар деректер бойынша Қазақстанның барлық өңірлерінде 57 қорымнан 235 қоршау мен 7 ірі қоныстардан 24 үй жай орынын қазып зерттеген. Бұл қазба деректерінің барлығы тек Ә.М. Оразбаевтың өзінің тікелей қазба жұмыстарына қатысуымен атқарылған шаралар. Алайда осыншама мол деректердің санаулысы ғана жарыққа шығып, қалғаны мұрағат деректері күйінде ғылыми айналымға енбей шет қалған. Ғалым мұраларын жарыққа шығару мақсатында белгілі ғалым Ә.Т. Төлеубаевтың тікелей басшылығымен Шығыс Қазақстан өңіріне қатысты зерттеулерінен бір ғылыми монография және басқа да өңірлерге қатысты тек мұрағат деректерінен 6 ғылыми мақала жарық көрді. Алдағы уақытта жарыққа шыққан және шықпаған ғалым мұраларына қатысты бірнеше томдық ғылыми еңбек құрастыру жоспарлануда. Артына өшпес мұра қалдырған ғалымның қола дәуіріне қатысты зерттеулері Отан тарихының көне дәуірлерін зерттеуде мол мағлұмат берері сөзсіз. Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев зерттеулерінде ең көп қарастырылған және ғылыми еңбектерінің салмағын арттыратын соңғы қола дәуіріне қатысты зерттеулері болды.

Соңғы қола дәуірі проблемалары Қазақстан археологиясының тарихымен бірге жасасып келе жатқан тақырып болғандықтан оның сан салалы қырлары Ә.М. Оразбаев еңбектерінен шет қалған жоқ. Соңғы қола дәуіріндегі ірі қоғамдық өзгеріс нәтижесінде қалыптасқан дамыған жаңа үлгідегі мәдениетті қыш ыдыстары бойынша ерекшелеуі қазіргі таңда қола дәуірін зерттеуші белді мамандардан қолдау табуда.

Сондай-ақ соңғы қола дәуірінің келесі бір өзекті мәселесіне айналған Қарасұқ мәдениетінің Қазақстан жеріндегі мәдениеттерге ықпалы жөніндегі таласты пікірлерге өз тарапынан үн қосып, Қазақстан жеріндегі қола дәуірі тайпалары ұдайы даму үстінде болған жергілікті тайпалар екендігін өз дәйектерімен дәлелдеуге талпынды. Бұл ғалым зерттеулерінің ашылған қазіргі деңгейдегі сыртқы қырлары ғана, ал алдағы зерттеулер ғалым мұраларын алға қоя отырып Қазақстан жерінің қола дәуірі мәселелеріне бел шешіп кірісу болмақ.



### 2.3. Ә.М.Оразбаев зерттеулеріндегі этноархеологиялық салыстырулар мен көне дәуір қоныстарына жасаған жаңғыртпалары

Қандай да болсын халықтың шыққан тегі, тарихы және қалай қалыптасқаны жөніндегі мәселе тек ғалым – мамандардың аз ғана тобын қызықтырып қоймайды. Бұл өзінің тегін білгісі келетін кез – келген буынның көптеген адамдарының көңілін аудартып, қатты қызықтырады. Өкінішке орай, бұл мәселені объективті түрде және бүге – шігесіне дейін зерттеп білуге ғалымдар енді ғана мүмкіндік алып, ден қойып отыр. Оның үстіне этногенез, мәденигенез яғни халықтың, оның мәдениетінің шығу тегі жөніндегі мәселе, жеке алғанда, аса күрделі және этнографтардың, археологтардың, тарихшылардың, антропологтардың, тіл мамандарымен бірге басқа да ғылым салаларының бірлесе отырып күш салуын талап етеді [91, 6 б.].

Этностың барлық болмаса да көптеген елеулі белгілерін, атап айтқанда, оның мәдениеті мен тілін, тарихы мен ескерткіштерін, әлеуметтік құрылымының ерекшеліктері мен дүниетанымдық түсініктерін және тұрмыстық сипатының жалғасын немесе сарқыншақтарын археологиялық зерттеулер негізіне сүйене отырып түйіндеме жасауымыз тиіс. Адамзат тарихындағы өз халқымыздың шығу тегін зерттеуде басты орында антропологиялық мәліметтерге сүйене отырып жасау басты орында болғанмен археологиялық қазба мәліметтері оның толықтырушы дерек көзі екендігі анық. Қазақ халқының қазіргі өмір сүріп отырған территориясында сонау жаңа тас дәуірлерінен бері табан аудармай өмір сүріп келе жатқан жергілікті ұлыстар екендігі бірқанша белгілі ғылыми еңбектерде дәлелденіп қойған мәселе десе болады. Бірнеше мыңжылдықтар бойы жергілікті табиғи ортаға бейімделе отырып соған сай мәдени, шаруашылық өмір тұрмысы қалыптасты. Қазіргі таңға дейін қалмай келе жатқан қола дәуірі, тіпті ерте темір дәуірі тайпаларының «ираншілді» болды деген пікірлерге қарсы уақыт жетті деп ойлаймыз. Оған қарсы тұрарлық жорамал жасауда жергілікті табиғи ортаға бейімделу әсерінің нәтижесінде және шаруашылық, мәдени ерекшеліктерге байланысты дала өркениетіне тән меншікті тілдің қалыптасқанын да басты назардан шығармау керек.

Адам баласының жер бетінде мекендеген кезеңдерінен бастап тіршілік тұрмысының негізі баспана болса, ал олардың о дүниелік баспаналары яғни жерлеу орындары бір-бірінен ажырамай қатар дамып отырды. Ертедегі адамдар өз тіршілігін сақтауда табиғаттың жауын-шашыны мен жыртқыш аңдардан қорғану мақсатында практикалық маңызы басты орында тұрған баспаналарда мекендеген. Бірақ кейін келе қоғам дамуының әр түрлі белестеріне байланысты архитектуралық белгілер пайда болды. Әсіресе әңгімемізге арқау болғалы отырған соңғы қола және ерте темір дәуірлерінде пайда болған тұрғын жайлар мен қоғам дамуының айнасы іспетті ірі тас кесенелер мен ғұрыптық орындарды айтуымызға болады.

Ғылымдағы жолын қола дәуірін зерттеумен бастаған Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев Қазақстан территориясының барлық өңірлерінде өз зерттеулерін жүргізіп отан тарихының осы кезеңдеріне терең бойлап, ширата суыртпақтап дәстүр жалғастығын өз халқымыздың шаруашылығы мен тіршілігінен таба білді. Ғасырлар тұңғиығында шөгіп жатқан бірізділікті тауып қана қоймай, оның басқа да көріністерін салыстыра отырып жаңғыртпасын жасады.

Заттай мәдениеттің негізгі түрлерінің бірі – тұрғын үйлер. Адамзаттың баспанасын танып білу – халық тұрмысының ең басты элементі болғандықтан, этнография ілімінің тікелей міндеті болып табылады. Себебі, тұрғын үй түрлерінен сол халықтың тарихы мен тағдыры айқын көрінеді. Егер баспананы адамның өмір сүруіне аса қажетті дүние десек, онда олардың түрлері өндіргіш күштерінің өркендеу дәрежесіне, әлеуметтік қарым қатынас пен экономикалық жағдайға, ортаның табиғи географиялық ерекшеліктеріне байланысты қалыптасады. Бұл тақырыпта ғалым өзінің тырнақ алды ғылыми еңбегі Солтүстік Қазақстанның қола дәуірін кезеңдеу жұмысынан бастап ақ сөз қозғай бастады. Ғалымның зерттеулерінде казақ халқының арғы тамырын сонау қола дәуірлерінен іздеу тұрғысы да ғылыми еңбектерінің құндылығын арттыра түседі. Осы орайда ғалымның төмендегідей ғылыми тұжырымдарын келтіре кету артық болмас: **«...Исследование памятников эпохи бронзы в Казахстане имеет большое значение для решения ряда узловых вопросов, связанных с этногенезом и древней историей казахского народа. Памятники именно этой эпохи дают возможность научно обосновать автохтонность казахского народа на территории Казахстана. Учеными прослеживаются некоторые черты сходства в хозяйстве, в материальной культуре и в орнаментальном искусстве древних насельников и казахского народа»...** [33, 6 б.].



Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев өз зерттеулерінде Қазақстанның Солтүстік және Орталық өңірлерінен қола дәуірінің ірі жеті қонысын қазып оның үшеуінің (**Бұғылы, Шағалалы, Суықбұлақ қоныстарына**) таза ғылыми тұрғыда жаңғыртпаларын жасады. Бұл үш қоныстың жаңғыртпасының жасалуы Отан тарихында ең алғаш көне ескеркіштерді қалпына келтірудің бастамасы еді. Қоныстардың үйлердің осы қайта қалпына келтірілген түрі ғылыми әдебиеттер мен оқулықтардың және мұражайлардың көркемдік құнды дүниесіне айналды. Жаңғыртпа жұмыстары нақты дәйектер арқылы археологиялық қазба негізінде жасалды. Мәселен Бұғылы қонысының жартылай жертөле түрінде болып келетін үй орны мен ірге тасына қарап кірер есіктің болмауы себепті және екі камерадан тұратын үй орнының орталық қабырғасындағы тас қаландылары мен тапталған жеріне қарай үйдің кірер есігі орталық қабырға арқылы баспалдақпен болғандығын дәлелдеді. Сондай-ақ қоныстардың төбесінің жабылуын және қабырғаларының ағаш сырықтармен, бөренелермен шегенделуін қазба кезінде белгілі болған діңгек орындарына қарай құрастырып шықты. Қыш ыдыстар көптеп табылған және ошақ орындары шыққан бөлмелердің ас бөлме екенін және мал көңіне қарай қора жай орындары екенін анықтап оларды да естен шығарған жоқ. Қоныстарды қалпына келтіруде жер жағдайы мен табиғи шикізатты пайдалану және жергілікті елдің этнографиялық баспаналарымен салыстыра отырып жасауды басшылыққа алды. Сондықтан да ғалым зерттеулерінің жаңғыртпа жасаудағы құндылығы жай бір көркем суреттеме ретінде елестету емес, қоныстардың қазба мәліметтерін нақты дәйектермен сөйлетуінде.

Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев зерттеулерінде кездесетін археологиялық қазба материалдарын халқымыздың этнографиясымен сабақтастыру үрдісін бірнеше салаға бөліп қарастыруға болады. Мәселен олар қола және ерте темір дәуірлерін

зерттеуде негізгі объект саналатын **жерлеу орындарының құрылысы мен олардағы дүниетанымдық түсініктер және қоныстардың қазба деректерінен табылған мәдени, шаруашылық байланыстар** деп қарастыру қажет. Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев өзінің мұрағат деректерінде сақталған жазбаларында қола дәуірінің қоныстары жөнінде және олардың орналасу ерекшелігіне байланысты өз тұжырым болжамдарын төмендегі жолдармен көрсетті: «Қазақстанның кең байтақ даласында қола дәуірінде өмір сүрген халықтар отырықшы ел болған. Олардың үнемі мекендеген жерлерде қоныстарының орны қалған. Қоныстарды былайша айтқанда сол көне дәуірде өмір сүрген елдің «қыстауларының» орны деп түсіну болады. Осы бірнеше мың жыл бұрын өмір сүрген халықтардың қоныстарының орынын археологтар қалай іздеп табады? Адам баласы анау көне тас дәуірінен бастап осы күнге дейін кез келген жерге мекендемей өзінің үнемі тұратын табиғи жағдаймен санаса келіп мекендеген. Басқаша айтқанда көне заманда өмір сүрген тайпаларда табиғат байлығы мол, адам өмір сүруіне қолайлы жерге мекендеуге тырысқан. Сондай-ақ бұл қоныстардың орындары кейінгі қазақ халқының қыстауларының астында кездеседі» [90, 2 б.].

Көне дәуірлерді зерттеуде мәдениеттің негізгі түрлерін анықтауда басты орында – тұрғын үйлер яғни қоныстар тұрады. Себебі, тұрғын үй түрлерінен сол халықтың тарихы мен тағдыры айқын көрінеді. Егер баспананы адамның өмір сүруіне аса қажетті дүние десек, онда олардың түрлері өндіргіш күштерінің өркендеу дәрежесіне, әлеуметтік қарым қатынас пен экономикалық жағдайға, ортаның табиғи географиялық ерекшеліктеріне байланысты қалыптасады. Бұл тақырыпта ғалым өзінің тырнақ алды ғылыми еңбегі Солтүстік Қазақстанның қола дәуірін кезеңдеу жұмысынан бастап ақ сөз қозғай бастады. Зерттеу бағыты қола дәуірінің кезеңдеу мәселесі болғанмен нақты дәлел дәйектерін алға тарта отырып төмендегідей баға берді: «Солтүстік Қазақстан жерінде қоныстар зерттелмегендіктен, көршілес өңірлердегі (Алексеевка,Садчиковск, Кипел және Замарай) қоныстарының құрылысымен салыстыра айтуға болады», - дейді [61, 253 б.].

Қола дәуірі қоныс құрылыстары қазақ халқының қыстау құрылыстарына өте ұқсас келеді, қазақтардың тастан немесе саман



кірпіштен салынған құрылысын, оның іші сырты сазбен сыланатынын, үсті бөрене ағаштармен, шөппен және күл топырақпен жабылатынын салыстырды. Көбіне күлді қазақтар үйдің үстіне, іргесіне төгетінін, оның желмен ұшып кетпеуі үшін бетін жұқа топырақпен жабатынын айтты. Соған қарап қола дәуірінде де үй жай құрылыстары солай салынуы мүмкін деді. О.А. Кривцова-Гракова қазбаларында Алексеев және Садчиков қоныстарында табылған күлдің қалың қабаты кездескенін өзінің болжамдарын нықтай түсу үшін айтып кетті [57, 123-124 б.].

Бұл күл қабатының қалың болып кездесуін Ә.М. Оразбаев тағы да қазақ халқының тұрмысындағы, күлді қалың төксе су өткізбейтін тығыз болатынын әрі топыраққа қарағанда жеңіл болатынын мысалға алды. Жартылай жертөле түріндегі қоныстардың сонау қола дәуірлерінен бастау алатын сабақтастығы қазақ халқының қыстауларында кездесуінің тағы бір жарқын үлгісі А.Н. Глуховтың еңбегіндегі Ақтөбе облысындағы Сағыз өзені бойындағы адайлардың қыстаулары жөнінде 1926 жылғы зерттеулерінен көруге болатынын айтты. Соған қарап қола дәуірінде де үй-жай құрылыстары солай салынуы мүмкін. Өйткені тіршілік ету ортасы табиғи жағдайы бір кеңістікте өмір сүрген көне тайпалардың ортаға бейімделуін қазақ халқының этнографиясынан іздеу оң ықпалын тигізетінін жазды [61, 254 б.].

Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевтың көп жылдық зерттеулерінің нәтижесі ретінде әсіресе қола дәуірі қоныстарына шаруашылығына берген бағасын Солтүстік Қазақстан жеріндегі 1964-1967 жылдар аралығындағы Шағалалы қонысының зерттеулері көрсетеді. Шағалалы қонысы Көкшетау облысы, Красноармейск ауданы, Октябрь селосы жанындағы Шағалалы өзені жағалауында 16 қоныс үй орнынан тұрады. Барлық қоныс орындарында қазақ халқының тұрмысындағы сияқты үй жаймен жапсарлас қора қопсы орналасқан, сондай-ақ үй ішінде қысты күндері жас төлдер (қозы, лақ, бұзау) тұруы мүмкін, өйткені қоныс ішінен кіре беріс бұрышта қоңыр түсті шірінді мал көңі сияқты заттар сақталған дейді [92, 129 б.].

Қоныстардың ішінде сегіз үй орны, 8 тәрізді екі бөлмеден тұратын болып келген. Екі дөңгелек үй орнын жіңішке коридор жалғастырып тұр дейді. Сонымен қатар қоныстардың ішіндегі

қалың күл және басқа да заттардың қалдықтарына қарап ұзақ уақыт қоныстанған деп жорамал жасайды. Әбдіманап Медеуұлы алты үй орнына қазба зерттеулерін жүргізіп мол мағлұматтар алды. Жартылай жертөле түрінде салынған қоныстың тіреу бағаналары мен төбесінің жабылу әдістерін қазақ халқының «қыстауларымен» байланыстырды. Қазақтарда онша биік емес қаланған төрт бұрышты формадағы үйдің ортасына биік бөренені тігінен қойып, үй қабырғасына қарай төмен болуын қамтамасыз етіп, оның үстін жіңішке сырықтармен жапқан. Сырықтардың үстін шөппен, қамыспен жауып сыртынан күлмен топырақпен жапқан деп өз жорамалдарын нықтай түсті [91, 132 б.]. Кей жағдайда қоныстардағы үй жайлардың арасын жалғайтын коридордың өзінде мал ұстағандығын, көң қалдықтарынан көруге болады. Осындай үйдің кіре берісі мал қорамен жалғасатын жағдайлар XIX-XX ғасырлардағы Орталық және Солтүстік Қазақстандағы қазақтардың қыстауларындағы (шошала, клет және т.б.) сонымен бірге малға арналған (ат қора, қой қора, сиыр қора т.б) айтуға болады. Қонысқа қазба жұмыстары кезінде № 13 жертөленің жанынан кішкене үй орны мен оның ішіндегі құдыққа байланысты да төмендегі болжамдарын келтірді. Бұл кішігірім ағаштан және шіліктерден тоқылып жасалатын қазақтардағы «шошала» құрылысына өте ұқсас және бұл қазіргі ауыл тұрғындарының жазды күні ас пісіретін «қоршалған ошағына» да келеді. Алайда оттың іздерінің сақталмауына қарағанда Шағалалы өзені суы аз, қыста қатып қалатындықтан қыс уақытында осы шошала ішіндегі құдықтан көтерем малдармен жас төлдерді суаруы мүмкін, дейді [91, 136-138 б.].

Қазба жұмыстары жүргізілген №1, №2, № 3, № 9, № 13, № 14 жертөлелерде үйдің ішкі іргелерінен шіріген ағаш қалдықтары кездескен. Соған қарағанда қола дәуірінде Солтүстік Қазақстан жерін мекендеген тұрғындардың негізгі құрылыс материалы ағаш болғанын жазады. Жертөлелер сегіз тәрізді қазылып, ішкі іргелеріне жерден жарты метр көлемінде ғана шығарып қысқа бөренелерді бекіткен, осындай ағаш құрылыс қола дәуірінің Бурабай № 3 қоршауында да кездеседі дейді. Жертөленің ортасына төрт бөренені қабырғадағы ағаштардан биік етіп бекітіп, олардың басын төрт бұрышты қылып бекіткен. Осы төрт бұрыштың ортасынан түтін



шығу үшін ортаға ошақ орнатқан. Дәл осындай құрылысты қайталайтын сегіз бұрышты дөңгелек болып келген «шошалалар» Көкшетау облысы жерінде әлі күнге кездеседі деген болатын [93, 7 б.].

Жертөлелердің төбесі киіз үйдің уықтары тәрізді ортаңғы төртбұрышты ағаштарға асыла бекітіліп, сырты қамыспен, шөппен және күлмен, топырақпен жабылған. Дөңгелек формадағы тағы бір қонысты қабырғалары жас талдармен екі қабат (арасы 30-40 см) өріліп, ішіне мал көңі, күл, сабан топырақ араластырып толтырған. Осыған ұқсас қозғалмайтын киіз үй тәрізді тұрақ жайлар қазақ халқының этнографиясын зерттеген Палластың жазбаларында да кездесетінін ескертті.

Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев осындай өз болжамдары мен жорамалдарын келтіре отырып Солтүстік және Орталық Қазақстан жерлерінде көнеден қалыптасқан киіз үй тәрізді жылжымайтын тұрғын үйлер, яғни «шошалалар» өзінің бастауын сонау қола дәуірлерінен алады. Ал олардың төбесінің дөңгелек болып жабылған үлгілерін қайталайтын қоныстар қазақ халқындағы XIX ғасырдың ортасы мен XX ғасырдың басындағы қыстауларда көрініс табады дейді. Ғалымның өз тұжырымы бойынша Шағалалы қонысында зерттелген қоныстардың өзіндік ерекшеліктері мен құрылысына байланысты үш түрге бөлуге болады; 1) толық төрт бұрышты емес, төбесі тегіс жабылған қазақ халқындағы «қыстауларға» ұқсас түрі, 2) қабырғалары ағаштан тұрғызылған дөңгелек формадағы «киіз үй» тәрізді, 3) екі дөңгелек формадан тұратын арасы коридормен жалғанған сегіз тәрізді жертөлелер. Соңғы сегіз тәрізді жертөлелер құрылысы қазақ халқындағы қосарланып тігілетін «екі киіз үйдің» көрінісін қайталайды. Қазақтарда үлкен той, ас жасағанда сыйлы адамдар көп болған жағдайда сегіз, он қанатты үйлердің бір керегесін алып, бір біріне қосақтап тіккен. Екі үйдің арасы қосылған жер коридор тәрізді болып керегемен жалғанып сырты киізбен жабылатын болған. Осы киіз үйлердің құрылысы және есіктерінің шығысқа қаратылуы Шағалалы қонысындағы №13, №14 жертөлелерде қайталанады [29, 39 б.].

Еуропа саяхатшылары Плано Карпини мен Рубруктың XIII ғасырдағы жазып кеткен жазбаларындағы Орта Азия жерлеріндегі

арба үстіндегі киіз үйлердің болғандығы, көші конда кандай жағдай болмасын киіз үйді арба үстінде алып жүргендігін келтіре отырып бұл екі аралықты жалғайтын мәдени жалғас екені анықталды.

Сондықтан халқымыздың тұрмысындағы киіз үй және басқа да шаруашылық құрылыстары (қыстау, шошала, тошала, қора және т.б.) сонау қола дәуірінің дамыған соңғы кезеңдерінде мекендеген тайпалардың шаруашылығының заңды жалғасы болып қала береді.

**Шағалалы қоныстарындағы құдықтар.** Қазақстан территориясында қола дәуірі қоныстарында кездесетін «құдықтар» жайында алғаш көлемді мақала арнап, зерттеу жұмысын жүргізген Ә.М. Оразбаев болатын. Ә.М. Оразбаевтың қола дәуіріндегі қоныстарда кездесетін құдықтар жайындағы еңбегі негізінен Солтүстік Қазақстан территориясында Шағалалы қонысындағы құдықтарға байланысты. Бірнеше жылдық зерттеулері нәтижесінде Шағалалы қонысындағы құдықтар жөнінде Ә.М. Оразбаев жеке ғылыми еңбек жазып, олардың қазылуы мен қызметі жөнінде де айта келіп қазақ халқының тұрмысындағы құдықтарды қола дәуірі құдықтарымен сабақтастыра білді. Барлық зерттеулер жүргізілген қоныстар материалдарына қарағанда қола дәуірі тұрғындары жергілікті табиғи ортаға бейімделе отырып өздерінің тұрмысына жеткілікті әрі тиімді мал шаруашылығын игеріп, оларға азық шөп тауып беріп жеткілікті дәрежеде жан бағып күнелткен. Қоныстардағы жер ошақтар мен құдықтарға қарағанда қола дәуірі тұрғындары ұзақ уақыт табан аудармай бір жерде қоныстанған. Егер қоныстарда қысы жазы ауыз су жеткілікті болса олар сол уақытта қиын да, ауыр жұмысты талап ететін құдықтарды қазбас еді.

Су адамзат тарихында тіршіліктің бірден бір көзі болып саналатындықтан, қай дәуірде болмасын адам өміріндегі алар орны орасан зор. Сонымен бірге су көздері тайпа мен тайпаның, ру мен рудың және белгілі бір топтардың тіршілік етуде әлеуметтік теңсіздіктеріне де өз ықпалын тигізіп отырды. Қазақстан территориясын қола дәуірде мекендеген тайпалар жартылай отырықшы өмір кешіп, негізінен, өзен аңғарлары және басқа да су көздері қайнар бұлақтар, тұмалар, кішкене қопа көлдерге жақын қоныстанғаны бізге археологиялық зерттеулерден белгілі.

Міне осы кезеңде олар шаруашылықтың екі саласын игерген. Біріншісі — кетпенді егіншілікпен айналысып, өзен-көлдер



жағасында қара топырақты жерлерді пайдаланса, екінші шаруашылық түрі — бақташылық болған.

Осы екі шаруашылықтың соңғысының қарқынды өсуіне бірнеше факторлар әсер етті десек, әрине, бірінші мал санының өсуіне байланысты кең жайылымдар керек болғандықтан көшпенді өмір тау аңғарлары, жазықты қыраттар, ұсақ шоқылы белестер мен орманды далалардың игеруіне әкелді. Осындай кең жайылымдардың өсуімен бірге далалы және шөл далалы өңірлер үшін су көзі «құдықтар» болғандығын және дамыған қола дәуірінде климаттың қазіргіге қарағанда ыстық болуына байланысты құдықтар терең әрі үлкен болғандығын Ә. М. Оразбаев өзінің еңбегінде көрсетеді [94, 154-162 б.].

Шағалалы қонысынан алты құдыққа зерттеу жұмыстарын жүргізді. Қазба кезінде №13 қоныстан дөңгелек шеңбер шұңқыр кездесіп, оның екеуі құдық болып шықты. Қоныстың батыс бөлігінен тағы бір құдық табылды. Оның құрылысы ерекше болып келген 2,75 м тереңдікте. Құдықтың төменгі жағының диаметрі — 1,7 м болып, кеңейіп өңделмеген тастармен шегенделген. Құдық түбінің шар тәрізді болып келуі Ә.М. Оразбаевтың ойынша, су жиналу үшін және суды қауғамен алуға ыңғайлы болуы үшін жасалған дейді. №4 қоныстан қазылған құдықтың терендігі - 3,15 м, диаметрі жоғары жағының - 1,5 м, төмен жағы - 85 см. Құдық түбін 40х35х10 м көлемдегі ірі жалпақ тастармен қалап шегендеген. Негізгі құдық шұңқыры айналасынан арасы 60-80 см-ден диаметрі 8-10 см, терендігі 15-20 см шұңқырлар кездесті.

Ә. М. Оразбаев бұл шұңқырларға қазықтар қойылып арасы қоршау ретінде тал шыбықпен бекітілуі мүмкін деп болжам айта отырып, 1881 жылы орыс саяхатшысы Словцовтың Көкшетау уезінен өткенде Жамантауға жақын жерде үсті және жан-жағы сырғауылдармен, шыбықтармен жабылған құдыққа кездескенін және ұқсастықты байқауға болатынын айтады. №14 қоныстан кездескен құдықтың диаметрі - 1,6 м, терендігі 2,8 м. Құдықтың іші ағашпен шегенделгенге ұқсайды, өйткені қазба жұмысы кезінде батыс жақ қабырғасынан жалпақ ағаш қалдықтары кездесті. Жалпақ ағаштың екі жағын жуандығы 3-5 см болатын ағаш қазықпен тіреп бекіткен. Шағалалы қонысындағы келесі бір ерекше сипаттағы құдықтар №13 жертөленің шығыс бөлігінен кездесті. Біреуі

Оңтүстік батыс бұрыштан дөңгелек етіп құмдауыт жерден қазылған. Қазба кезінде қыш ыдыс сынықтары мен сүйектерден басқа ештеңе кездеспеген. Екінші құдық солтүстік-батыс бұрыштан қазылған және жапырылып құдық қабырғасы құлағанына қарап сол дәуірде мекендеген адамдардың өздерінің құлатуы мүмкін деген тоқтамға келеді Ә.М. Оразбаев. Өйткені құдықтың жапырылып құлаған жерлерінен сол кезеңдерге жататын әр түрлі заттардың қалдықтары кездескен.

Сонымен бірге Ә.М. Оразбаев Шағалалы қонысында құдықтардың ішкі құрылысына қарай төрт түрі болғандығын айтады: шыбықпен өріліп шегенделген, таспен қалаған, жалпақ ағаштармен шегенделген және еш нәрсемен шегенделмеген жәй қазылған құдық. Құдықтардың ішін шегендеуде тек ағашпен шегенделген құдықтардың іші ғана төрт бұрышты болып бекітілген, ал басқалары дөңгелек пішінде.

Ал құдықтардың негізгі қазылу тәсілі дөңгелек түрде кездескен, тек алты құдықтың ішінде біреуінің ғана түп жағы кеңейтіліп шар тәрізді жасалған. Құдықтардың барлығы Шағалалыда қоныстардың ішінен қазылып жасалған. Құдықтардың қазылуы белгілі бір заңдылықтарға байланысты емес, қай жерден қазуға қолайлы болса сол жерден қазған және олардың саны да судың қажеттілігіне байланысты болған дейді. Негізінен құдықтардың қазылуы жер асты суының жақындығы, адам санына және мал санына байланысты болып отырған. Шағалалы өзені суының аздығына байланысты қысқы уақыттарда қатып қалатындықтан құдықтардың тұрғын үйлер ішінде болуы қажеттіліктен туған дейді. Ә.М. Оразбаев зерттеулерінің басты қағидасы - қазақ халқының этнографиясында кездесетін параллельдерінің салыстыру әдісін қола дәуірі қоныстарындағы құдықтарды зерттеуге де пайдаланады. Мысалы, құдықтан су алғанда қазақ халқында кездесетін теріден жасалған қауғамен алған және бұл тері қауға ірі қара малдың, сиыр немесе жылқы, түйенің бас терісінен жасалған. Мұндай тері қауға қазақ халқында жалпы кешпенді өмірде ыңғайлы, жеңіл әрі мықты, қолайлы болып саналады. Бірақ Ә.М. Оразбаев зерттеулерінде Шағалалы қонысынан тері қалдықтары кездеспеген.

Жер жағдайын, табиғи ерекшелігін ескеру нәтижесін ғасырлар бойы Еуразия даласында табан аудармай өмір сүрген тайпа мен



елдердің, ұлттар мен ұлыстардың шаруашылығындағы сабақтастықты халқымыздың кешегі мен бүгінгі тірлігінен де байқауға болады. Қазақ даласында дамыған құдықшылық кәсібінің болғандығын, ол кәсіп атадан балаға қалып отырғандығын құдықтың қазылуы - жер жағдайына байланысты таңдалып алынуы жөнінде көптеген әдеби шығармалардан көреміз.

Әрине, құдықшы үшін ең қиыны - тұщы су көздері бар жерлерді дұрыс таңдай білу. Мәселен, ондай орындарды ертең ерте қара жерге құлағын тосып, жатып тың тыңдау, болмаса күн шыға жер бетінен атпен шауып өту, жүген сүйретіп келе жатып, соның дыбысы арқылы білу, тіпті қолындағы сүйменін лақтырып содан шыққан дыбыс арқылы жердің ащы-тұщылығын бағамдау су көздерінің терендігін бажайлау, яғни су көлемі топырақ қабаты, сапалық қасиеттеріне дәл баға беретін болған. Бағзы құдықшылар әдетте шыңыраудың екі бүйіріне аяқтың ұшы кіретін теппелер, су көзіне жеткен кезде бүйіріне бір адам сыятындай қуыс қалтарыстар қалдырады. Бұл сыртқа шығу үшін керек, болмаса жоғарыдан түсетін тастардан сақтаған. Халқымыздың заңғар жазушысы, академик Сәбит Мұқанов «Саяхаттар» атты кітабында да Батыс Қазақстандағы құдықтар жайында және кейінгі қазақтардың тері қауғасы жайында былай деп жазады. «Құдық» демекші, фосфоритпен қиған бір терең құдық (30 құлаш дейді), мен үйіне түскен Қаленнің қорасында екен. Суы мөлдір де, тұщы да. Көршілес үйлер ол құдықтан алған суын, екі жак басында қайысы бар кішкене кеспекке құяды екен де, қайыстарын иығына іліп, арқалап алады екен. Кеспектердің ішінде 10 шелек су сыятыны да бар. Атын «метей» дейді [95, 58-63 б.].

Халқымыздың шаруашылығында ғасырлар бойы елеулі орын алып және атадан балаға мирас болып қалыптасқан құдықшылық кәсібі, жалпы құдықтардың су көзі ретінде қазақ сахарасында алар орны ерекше екені белгілі. Бұл мәселе көптеген әдеби шығармалардың арқауы да болғаны белгілі. Бірақ сонау көнеден бастау алатын құдықтар тарихы жайында Ә.М. Оразбаевтан кейін қазақ ғалымдары ішінде зерттеу жүргізіп, көлемді ғылыми мақала жариялау ісі қолға алынбай шет қалды десе болады. Ал тамырын тереңнен алатын ұлттық үрдісті жаңғырту - Ә.М. Оразбаев еңбектерінің басты қағидасы десе болады.

**Ә.М. Оразбаевтың қола дәуірінің шаруашылық тұрмысына қатысты жасаған этно-археологиялық салыстырмалары:** Әбдіманап Медеуұлы өзінің ұзақ жылдық археологиялық зерттеу қорытындыларына қарағанда қола дәуірі қоныстарында табылған мал сүйектері бойынша басты орында шаруашылықта ірі қара малдары, екінші орында ұсақ малдар болған. Оған мысал ретінде өз қазбаларындағы Шағалалы қонысының материалдарын келтіреді. Онда 823 сиыр сүйегі, 434 жылқы сүйегі, 521 қой, ешкі сүйегі табылған.

Сиыр сүйегінің көп кездесуіне қарай, сиыр малы қыста қар астынан шөпті тебіндеп жей алмайтындықтан үйдің жанында ұстаған. Сиырды бір жағынан сүті үшін, үй жанында ұстаған. Малға қыстық азық шөп дайындағанын Шағалалы № 14 қонысынан табылған қола орақ дәлел болады дейді. Келесі басты орында қола дәуірі шаруашылығында жылқы малы тұрған. Жылқыны соңғы қола дәуірінде мініске пайдаланумен бірге, етін жегенін және сүйектердің ішіндегі майын алу үшін шағылған сүйектерден көруге болады. Әсіресе көп кездесетін жас жылқының (тай, құлын) тұяқ сүйектеріне қарағанда, еті дәмді әрі жұмсақ жас жылқыларды сойып жеген, бұл әлі күнге қазақ халқында бағаланатын силы астарының бірі [30, 43 б.]. Қой, ешкі малдары сүтіне, етіне және жүніне бола бағылған дейді. Жүн, түбіт және мал терісі сол уақытта киім тігуде басты орында шикізат көзі болған. Әйелдер жүнді иіріп киім тоқыған, оған дәлел Шағалалы қонысындағы № 3, 4, 9, 13 жертөлелерден табылған қыштан, тастан жасалған ұршықтар дейді. Қалың терілерден аяқ киім және сырт киімдер тіккен болуы керек, өйткені Садчиков № 3 және Шағалалы № 4 қоныстарында жуан қола ине (тебен ине) табылған болатын [30, 44 б.]. Қола дәуіріндегі киім үлгілеріне қатысты тұжырымдарын ғалымның 1958 жылғы жасаған Солтүстік Қазақстанның қола дәуіріне жасаған кезеңдеме еңбегінде де кездестіруге болады. Солтүстік Қазақстанның федоров кезеңінде өмір сүрген тайпалардың киім үлгілерін қазба нәтижесінде табылған әшекей заттарға байланысты қалпына келтіруге талпынды. Әшекей заттар қоладан және алтыннан жасалғаны, олардың алқа, білезік, сырға түрлерімен бірге ілгегі бар киімге қадалатын заттар да табылған. (Бурабай № 5 қоршауы, 1954 ж) Әйел адамның аяқ жағында тобық сүйегінің жоғарғы жағынан



табылған білезік тәрізді салпыншақ әшекей аяқ киімнің жиегіне немесе бауына қадалған. Соған қарағанда қонышынан байланатын бауы бар жұмсақ заттан (былғары) жасалған болуы мүмкін дейді. Кеуде тұсынан табылған үш қапсырма түйреуіштің табылуына байланысты матадан жасалған көйлекке әшекей зат ретінде қадаған. Бұған тағы бір дәлел ( Бурабай № 10 қоршауындағы № 2 қабірден табылған) жүннен тоқылған мата қалдығы дейді. Ә.М. Оразбаев өзінің болжамдарын нықтай түсу үшін 1914 жылы А.Я. Тугаринов қазбасындағы Андронов жерлеу орынында табылған жүннен тоқылған құлақшыны бар бас киім қалдығы мен 1928 жылы Г.П. Сосновский зерттеулеріндегі Орақ ұлысы жанындағы жерлеу орынынан табылған тоқыма бас киім қалдығы мен теріден жасалған аяқ киім қалдығын келтірді [30, 48 б.].

Сонымен бірге қазақ халқының этнографиясындағы киім үлгілері, жүннен сырылып жасалған – **«шекпен»**, теріден жасалған жеңіл – **«саптама»**, жүннен иіріліп тоқылатын **«байпақ»** және т.б киімдермен бірге, шиден тоқылатын **«өрмек»,** түйе жүнінен тоқылатын **«шуда жіп»**, теріден жіңішкелеп тілінетін бау ретінде **«тарамысты»**, айта отырып бұлардың алғашқы үлгілері андронов мәдениеттерінен бастау алады деген болатын [61, 255 б.].

Қола дәуіріндегі қыш ыдыстар сыртындағы өрнектердің сол уақыттағы тұрмыста қолданған басқа да заттарда салынуын Ә.М. Оразбаев өзінің «Солтүстік Қазақстанның қола дәуірі кезеңдемесі» жұмысында ең алғаш қолданған болатын.

Алакөл кезеңін қола дәуірінің орта кезеңі деп межелеп ондағы қыш бұйымдар сыртындағы өрнектердің өзіндік ерекшелігі деп; әртүрлі сызықтар, белдеулер, кейде күрделі меандр, үшбұрыштар мен ромбылар тізбегі екенін айтты. Бұл қыш ыдыс сыртында салынумен бірге қоғамдағы түсініктің өзгеруімен бірге, басқа да заттарға салынды. Олар киімдер, үй тұрмысына қажетті әртүрлі мата және жүннен жасалған заттарға да салынуы мүмкін [61, 256 б.].

Шағалалы қонысындағы № 4 жертөледен табылған сүйек тері өңдейтін заттың сабында бейнеленген аң бейнесі (қасқыр) ерте көшпелілер кезеңінің «аң стилі» образының қайнар көзі болумен бірге онда бейнеленген кейбір күрделі сызықтар және № 3 жертөледен табылған сүйек ауыздықтағы әртүрлі өрнектер, қазақ

алдымен дәстүрлі өнерінен көрінетінін білеміз. Қола дәуіріндегі тайпалардың тұрмысы мен әл-ауқаты түгелдей табиғатқа тәуелді болды, сондықтан Қазақстан жеріндегі тайпалар табиғи ортаға бейімделе отырып мыңдаған жылдар бойы дәстүрлі шаруашылық пен дүниетанымдық түсініктер қалыптастырды. Бұл жергілікті жерде табан аудармай ғұмыр кешкен тайпалар мен ұлыстардың жалғасы қазақ халқында көрініс тапты. Қола дәуіріндегі тайпалардың қазақ халқының этногенезін зерттеуде басты орында тұратыны жөнінде Ә.М. Оразбаев еңбектерінде жиі айтылады. Оны сан қырлы зерттеулері кезінде адамның туғаннан көз жұмғанға дейінгі тіршілігінен нақты дәйектерімен көрсете білді. Қазақстан жерінде сонау энеолит дәуірлерінен бергі тайпалардың автохтондылығы жөнінде басқа ғалымдар еңбектерінде кездескенімен, оларды нақты қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығы мен дүниетанымына қатысты жекелеген белгілермен салыстыру жағы Ә.М. Оразбаевтың еңбектерін оқ бойы озық көрсетеді. Шындығында, шаруашылық түрлерінің қалыптасуы мен қоршаған ортаға деген көзқарас, тіпті тіл мәселесі, антропологиялық кескін келбеттің өзі осы табиғи ортаға бейімделу мәселесінен келіп шығатын процестер. Сондықтан Отандық тарихымызда этногенез мәселесінің өзектілігін арттыру арқылы археологиялық зерттеулерімізді таза ғылыми сараптама жасаумен бірге халқымыздың тіршілігі мен тұрмысынан баламасын іздеу, салыстыру және соған қарай тұжырым жасау бағытын дамытуымыз тиіс. Ал бұл жұмыстардың көш басында Ә.М. Оразбаев зерттеулері тұратыны анық.

### 2.4. Ә.М. Оразбаев зерттеулерімен байланысты қазіргі қола дәуірінің өзекті мәселелері

Ғылыми жұмыста Ә.М. Оразбаевтың қола дәуіріне қатысты еңбектерін саралай отырып, осы кезеңді зерттеуге қосқан үлесі мен бірге Отандық археологияның қола дәуіріне байланысты мәселелері мен даму жолының бағыттарын анықтауға талаптандық. Елуінші жылдары Қазақстандық ғалымдар тарапынан жасалған кезеңдеме алғашқы Андронов мәдениетінің жүйеленуінде негізгі бағыт сілтеуші зерттеулер болумен бірге, Еуразияның көне мәдениеттерін



зерттеуге үлес қоса отырып, жергілікті аймақтық өзгешеліктерді де ашып көрсете білді. Жергілікті аймақтық ерекшелік дегенде сайып келетін мәселелер, табиғи орта, этно-археологиялық байланыстар және мәдениеттердің тамырының автохтондылығы мен аймақтық атаулар ғалымдарымыздың назарынан шет қалған жоқ. Қазақстан жеріндегі жасалған кезеңдеме ісінің К.А. Ақышев (1953), Ә.М. Оразбаевтар (1958) тарапынан жасалған үлгілері сол уақыттағы мәліметтердің аздығына қарамастан Қазақстандық жас ғалымдардың өзіндік ұстанған бағыты, бағдары бар екендігін көрсетті. Олар үш кезеңнен тұратындығы мен атауларының біркелкілігін К.В. Сальниковтың кезендемесі негізінде сақтағанымен, жергілікті мәдениеттердің өзіндік ерекшеліктерін және ұқсастығының ара жігін ажырата отырып өз кезеңдемелерін ұсынды.

Сондай-ақ олар К.В. Сальниковқа дейінгі зерттеушілердің (М.П. Грязнов, С.П. Толстов, О.А. Кривцова-Гракова) еңбектерін де қолданғанын ескере отырып, Андронов мәдениетінің кезеңделуіндегі қазіргі бірнеше бағыттардың алғашқы қалыптасу тарихнамасын көреміз. Бұл бағыттағы кезендеменің негізін қалаушы ғалымдар шоғыры Андронов мәдениетінің жерлеу дәстүрлеріне байланысты феодоров және алакөл кезеңдерін бірінен кейін бірі келетін дәстүрлі мәдениеттер жалғасы деген пікірді ұстанды.

Жетпісінші жылдардан бастап мәліметтердің молайуымен байланысты және жерлеу ескерткіштерімен қатар қоныстардың көптеп зерттелуі, сондай-ақ алакөлдік ыдыстардың феодоровтық ыдыстармен аралас кездесуі және т.б жорамалдар екі этностың қатар өмір сүргендігі жөніндегі тұжырымдарға әкелді. Бұл бағыт алғашқы кезеңдемені жасаушылардың тұжырымдарын жоққа шығарғанмен әлі күнге екі этностың біреуі, яғни феодоровтықтар қайдан келгенін ашып айтып бере алмайды. Алакөл және феодоров мәдениеттерінің қатар өмір сүруі жөнінде қола дәуірін зерттеуші ғалымдардың ірі шоғыры Э.Ф. Федорова-Давыдова, М.Ф. Косарев, М.Г. Мошкова, В.С. Стоколос, Т.М. Потемкина, В.В. Варфоломеев, В.В. Евдокимов, А.А. Ткачев, Н.А. Ткачева, В.Г. Ломан есімдермен толыққанымен, арасында алғашқы бағытты қолдайтын Г.Б. Зданович, Н.А. Аванесова, Е.Е. Кузьмина және т.б болды. Ал екі

этностың қатар өмір сүргендігін жақтайтын ғалымдар ішінен алғашында М.Ф. Косарев пен Т.М. Потемкиналар феодоровтықтарды Орал және Батыс Сібірдің қияндағы аймақтарынан келген тайпалар дейді [96, 14-27 б.]. Еуразия даласының кең жазығында тараған екі мыңжылдықтан артық уақытты қамтитын қола дәуірінің зерттеліну тарихының өзі бір ғасырдан асқанмен шешілмеген мәселелері жетерлік. Қазақстан жері өзінің географиялық жағынның алуан түрлілігімен бірге сан қилы мәдениеттердің тоғысқан торабы және шешуші аралық аймақ. Қазба деректерінің молығуы және кәсіби деңгейдің өсуі жалпы кезеңдеулерден нақты тарихи сипаттауға көшуден көрініс тауып жатқанын жоққа шығара алмаймыз. Соның ішіндегі неғұрлым даулы мәселелердің бірі феодоров және алакөл мәдениеттерінің қалыптасу орны жайында болып қала береді. Егер алакөл мәдениетінің пайда болу аудандары Тобыл мен Есіл бойы деп есептелсе, ал феодоров мәдениеті ескерткіштерінің қалыптасу аймағы туралы мамандардың көзқарастары бірегей емес.

Қазіргі таңда жаңа тұжырымдар бойынша феодоров тайпаларының шыққан отаны жөнінде бірнеше пікірлер қалыптасқанын айта кетуіміз керек. Тоқсаныншы жылдардың ортасынан бастап феодоров мәдениетінің қыш ыдыстарындағы өзіндік ерекшеліктеріне қатысты бұрыннан қалыптасқан Орта Азиялық ықпалдар бар деген теорияны қолдаған Н.Б. Виноградов, С.А. Григорьевтер тарапынан қайта қозғалды. Олардың айтуынша феодоровтықтардың арғы аталары Алдыңғы Азиядан жылжып Иран, Орта Азия жерлері арқылы Ертіс жағалауларына жеткен. Негізгі толқын батысқа қарай орманды далаларға қоныстанып кротовск мәдениетімен араласса, далалы аймақтарда алакөл мәдениетімен араласқан дейді. Сонымен қоса Орал Ертіс аралығында феодоровтық ерекше қыш ыдыс мәдениеті бар екенін де айта кетеді. С.А. Григорьевтің әсіресе басқа пікірлерінен көрі Орта Азиядан қазіргі Қазақстан жеріне келген феодоровтықтар жан-жаққа тараған деген пікірі ескеріліп Қарағандылық зерттеуші И.А. Кукушкин тарапынан қолдау тапты [97, 26-30 б.].

Алакөл және феодоров мәдениеттерінің алғашқы ашылған отаны саналатын Ресей жерінің ғалымдары осы мәселеге қатысты соңғы жылдары жаңа бір көзқарастар қалыптастыруда. В.И.



Стефанов пен О.Н. Корочкованың Челябинск облысы Соснов ауданы жеріндегі Урефты I ескерткіштеріне жүргізген көп жылдық зерттеулері нәтижесінде андронов мәдениетінің алакөл және феодоровтық ескерткіштеріне кеңінен тоқталған. Онда алакөлдік мәдениеттің сол аймақта кеңінен таралуын айта келіп феодоров мәдениетінің түпкі отанын қарастырады. Феодоров мәдениетінің өзіндік ерекшелігі қатарына; 1-өртеп жерлеу, 2-жерлеу құрылыстарының құрылымы (тасты қолдану), 3- жерлеудің қабір іші құндылықтары, әсіресе қыш ыдыстың формасы баяу доғаланған, тік кертіктерсіз және өрнектерінің күрделі геометриялық болып келуі мен қиғаш тор көздердің басымдығы. Бұған қосымша феодоровтықтардың негізгі кәсібі мал шаруашылығы болғаны даусыз дейді. Сонымен бірге Ресей жеріндегі феодоровтық ескерткіштердің сол өңірдегі б.з.д.. XYII ғғ мерзімделетін алакөлдік ескерткіштерінен аса өзгешеліктер байқауға келмейтінін де айта кетеді.

Феодоров мәдениетінің ошағын Сібірдің немесе Оралдың орманды далаларынан іздегеннен көрі Андронов тарихи мәдени қауымдастығының негізгі ошағы саналатын Қазақстан жерінен іздеу тиімді. Әсіресе оның көбірек зерттелген Шығыс, Орталық және Солтүстік өңірлері өзекті дейді. Соның ішінде біздің ойымызша феодоров мәдениетінің шыққан ошағы, генезисін Орталық Қазақстан жерінің 1960 жылдары жасалған кезеңдемесіндегі феодоров-нұра мәдениетінен іздеуді қолайлы деп санайды. Бұл зерттеушілер феодоров мәдениетінің ошағы Шығыс Қазақстан деген А.А. Ткачевтің пікірлерімен келіспейтіндігін айтады. Оған мысал ретінде В.К. Мерц қазбаларындағы Ертіс бойынан андроновқа дейінгі ескерткіштерден петровтық үлгілер кездесуінің өзі көрсетеді деп және т.б қарсы пікірлер білдіреді. Қорыта келе феодоров мәдениетінің отаны Орталық Қазақстан жері болуы мүмкін, ал олардың арғы аталарын әлі де зерттелмеген Сарысу, Нұра, Есіл бойларындағы қоныстар мен жерлеу орындары береді деп ойлаймыз. Сондай-ақ оған 1966 жылдары қабылданған Ә.Х. Марғұлан бастатқан ғалымдардың «Нұра кезеңі» деген атауына мәдениет деген мәртебе беру керек дейді [98, 127-130 б.].

А.А. Ткачев пен Н.А. Ткачевалар Б.з.д.. II мың жылдықтың ортасы мен екінші жартысында Қазақстандық Ертістен батысқа

қарай (Алтай даласы мен Минусин қазан шұңқыры) қанай тұрғындарының алғашқы миграциялық толқыны болып өтті дейді. Үлкен аймақтағы миграциялық үрдіс пен әртүрлі мәдениет әлемдері тұрғындарымен байланысып – Оралдан Енисейге дейін – андроновтық тарихи-мәдени қоғамдастық құрып, Еуразия далаларында үш түрлі мәдениет өкілдері қалыптасты дейді. Олар Орал маңында петровск-алакөл тайпаларының араласуы әсерімен федоров, Орталық Қазақстанда нұртай-атасу тұрақтарымен қарым-қатынас нәтижесінде Нуринск; Ертіс пен Енисейге дейін өзен аралығында кротовск-окуневтік белгілер байқалатынын айтады [75, 287б.].

А.А. Ткачев пен Н.А. Ткачевалар өз еңбектерінде қола дәуіріндегі Шығыс Қазақстандық тұрғындар жергілікті Ертіс өңірінің тайпалары екенін айтумен бірге, олардың Орталық және Солтүстік Қазақстан аймақтарымен металлдың мол қоры арқасында тығыз байланыста болған дейді. Қос зерттеуші Шығыс Қазақстандық қола дәуірі тайпалары бірнеше мәрте батысқа және шығысқа миграция жасағанын айта келіп, қоныс аударудың себептерін толық ашып бере алмайды. Сондықтан осы мәселе төңірегінде бірнеше сұрақтар туындайды. Мәселен қоныс аударуға түрткі болатын бірнеше себептер болуы шартты нәрсе бұл жағы ашып көрсетілмейді.

Тағы бір айтарлық жай Орталық Қазақстан өңірлерінің өздеріне тән металл кеніштерінің ескерілмеуінің өзі ұшқары пікір екенін көрсетіп тұр. Сонымен бірге осы зерттеу еңбектерінде жоғарыдағы ғалымдар Ә.М. Оразбаев пен Ә.Т. Төлеубаевтың зерттеулеріндегі тоқсаныншы жылдардың басында Тарбағатай теріскейінің Ескеалмас, Масалы қола дәуірі ескерткіштерін феодоров кезеңімен жүйелеуін сынға алған болатын.

Онда былай дейді «Жаңа деректердің қосылуы Жоғарғы Ертіс өңірінің қола дәуірі мәдениеттерінің жеткізілуін анағұрлым жоғары дәрежеге өтуіне ықпал етуіне тиісті еді, өкінішке орай, жаңа материалдардың интерпретациясы дәстүрлі шеңберден шыға алмайды да, зерттеулер қарастырып отырған дерек көздерінің басқа территориядағы жетістігіне назар аударылмай, андронов мәдениетінің ескі кезеңдеу хронологиясын қолдаумен болды» [75, 15-16 б.].



Бұл зерттеу қорытындылары тоқсаныншы жылдардың басында жасалғандықтан Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев сол уақытта қалыптасқан жаңаша кезеңдестіруді білмей қалған жоқ, біле тұрып осындай тұжырымдар жасауға барды. Ғалымның ескі кезеңдеме кестесі бойынша тоқсаныншы жылдары Шығыс Қазақстанның қола дәуірлерін межелеуінде бір жақты кері тартпа пікір деп түсінетіндер бар болғанымен, Еуразияның қола дәуірі проблемаларын көзін ашқаннан көріп келе жатқан ғалым пікірлерімен де санасу керек сияқты.

Бұл зерттеу жұмысымыздың негізгі бағыты Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевтың археология ғылымына қосқан үлесін қарастыру болғанмен, басты мақсатымыз басқа пікірлерге мойын бұрмай біршақты көзқарас қалыптастыру емес. Қайта ғалым зерттеулерінің кейбір белгісіз қырларына үңілу арқылы не себепті ғылыми тұжырымдарының өзгермегеніне жете түсіну және қола дәуірінің қазіргі мәселелеріне үн қосу. Сонымен бірге Ә.М. Оразбаев тарапынан жасалған кезеңдеменің сатыланып келетін дәстүрлі мәдениет шеңберіндегі ойлары әлі күнге оқтын – оқтын қайталанып қарастырылуы бұл проблеманың әлі де қарастырылуды қажет ететінін көрсетеді.

## 3 Ә.М. ОРАЗБАЕВТЫҢ ЕРТЕ ТЕМІР ДӘУІРІНЕ ҚАТЫСТЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Қазақстан археологиясының зерттелу тарихында, накты айтқанда елуінші жылдардан бастап ірі кешенді құрылыстардың салынуы, тың жерлерді игеру, су қоймаларының салынуы барысында барлық кезең ескерткіштерін зерттеу мақсатты түрде атқарылды. Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевтың ғылыми зерттеулері негізінен қола дәуіріне арналғанымен кейінгі дәуірлердің сабақтастық мәселесін анықтауда Қазақстанның әр өңірлерінде ерте темір және ортағасырлық ескерткіштерге өз зерттеулерін жалғастырды. Ғалым өз зерттеулерінде қола дәуірінің тікелей ұрпақтары ретінде ерте темір дәуірінің қоғамдық сипаты мен шаруашылығына өз бағасын берді. Қазақ археологиясының көш басында тұрған маман ғалымдардың сол уақыттағы зерттеулері жан жақты болуының өзі, ғылыми сұраныстың қажеттілігінен туындаған мәселе еді. Елу жылға жуық ғылыми ғұмырында Орталық, Шығыс және Оңтүстік Қазақстан өңірлерінде Жанайдар, Бесоба, Үлкен оба, Суықбұлақ, Черновая-1, 2, 3, 5, Шилікарын, Көкжар, Мөнөкей, Құлажорға, Апар, Катонқарағай, Сарыкөл, Қараоба, Бестөбе, Екі-аша, Жалаңаш, Тасжарған, Жетіжар сияқты ескерткіштермен бірге баска да көптеген осы дәуір ескерткіштерін зерттеуге ат салысты. Әбдіманап Медеуұлының зерттеу тәсілінің тағы бір қыры қола және ерте темір дәуірлерінің ескерткіштерін зерттеуде сабақтастығын іздеу мақсатында немесе көңілі толмаған кейбір ескерткіштерге қайта казба салу әдісімен дараланады. Сондай зерттеулердің қатарына Садчиковск қонысындағы, Жанайдар, Жетіжар, Черновая және т.б қорымдардағы жұмыстарын келтіруге болады. Зерттеу жұмысымызда ғалымның ерте темір дәуіріне қатысты терең ғылыми сараптамалар жасаған еңбектеріне тоқтала отырып, осы дәуірге қатысты өзекті мәселелерді шешуге қосқан үлесі мен мұрағат деректерін ғылыми айналымға енгізу басты бағытымыз болмақ.

Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевтың еңбектерінде жиі кездесетін қола дәуірінің соңғы кезеңіндегі қоғамда болған оң өзгерістер нәтижесінде және мамандардың пікірінше ауа райының біртіндеп өзгеруінің салдарынан даланың құрғақтануы, сол заманда оңтайлы тиіп, даланың табиғат корларын барынша толық пайдалануға



мүмкіндік берді. Ерте темір дәуірі басталысымен, Еуразия далаларында ірі тайпалық бірлестіктер қалыптаса бастайды. Олардың мүдделерінің қақтығысы, айналасындағы отырықшы-егінші халықтармен карым – қатынастарының өзіндік түрлері қоғамның белгілі дәрежеде әскериленуіне әкеп соқты. Этникалық туыстығының, даму деңгейі мен өмір салтының ұқсастығының өзара тығыз байланыстылығы нәтижесінде бірұдай, етене жақын мәдениеттер құрылды. Ерте темір дәуірінің далалық тұрғындары ерекше карқынмен дамыды, металл өндірісі, сауда айырбасы гүлденді. Тайпалық одақтардың бай шоғыры; патшалар, әскери мансап иелері пайда болды. Үлкен «патша» обалары, яғни қайтыс болған ауқатты адаммен бірге өзінің – қару-жарақ, ат әбзелдері, әшекейлер бірге жерленген күрделі құрылымды обалар тұрғызылды [81, 256 б.]. Ерте темір дәуіріндегі Қазақстанның барлық өңірлерінде кездесетін сақ «патша» обалары немесе кішігірім обалардың болсын, тіпті сол дәуірдің «мұртты» обалары, ғұрыптық ескерткіштерінің тек ішкі құндылықтары мен семантикасына жалпылай ғана тұжырымдар жасалуда. Ал ірі обалардың сақ қоғамында шынымен «патша шонжарларға» салынғандығын анықтауда ішкі құндылығына ғана қарап жорамал жасау аздық етеді. Олардың ірі көсемдерге арналуында өзіндік құрылысы мен архитектурасы бар екенін ескере отырып жай үйінді топырақ ретінде қарамау керек.

Осы жерлеу ескерткіштері арқылы сақ тайпаларының көне архитектурасы мен бірге өткен өміріне, тұрмыс-салтына, наным-танымына, өндіргіш күштеріне құрылыс материалдарына көз жүгіртіп бабалар мұрасын танып білеміз.

Қазақстан жерінде қола дәуірі мәдениеттерінің орнын басқан ерте темір дәуірінің ескерткіштеріндегі өзара сабақтастық күн шығыс идеясымен қатар жерлеу орындарының басқа да құрылымдық кешендерінен жалғасын табады. Соңғы қола дәуірінің әсіресе Беғазы-Дәндібай мәдениетінің тас мазарларының күрделі құрылыстары көне қоғамның әлеуметтік және экономикалық жағдайының өсуін көрсетті. Ал ерте темір дәуірінде соңғы қола дәуіріндегі «Беғазы-Дәндібай кешендері» тас құрылысты мазарлардың идеясын сақтаған, әрі көлемін ұлғайткан топырақ жабындылы обалар қалыптасты.

Сақ қоғамындағы шаруашылық, мәдени, дүниетанымдық және әлеуметтік көріністерден хабар беретін ірі ақсүйек обалары бүгінгі күні терең талдау мен зерттеуді қажет етеді. Әсіресе ірі обалардың орналасу жағдайы, құрылыс материалдары, көне құрылыстың салыну жолдары, көлемі архитектурасына байланысты шешімдер болып отыр.

Көне сақ қоғамында ірі обалардың белгілі бір жерде орналасуына аса мән берген. Обалардың орналасқан жері биік әрі көрнекі болуымен бірге, су көздері немесе үлкен өзеннің жақын болуы, оның жиегіндегі шымдауыт жерлердің болуымен қатар құрылысқа қолданатын тас пен ағаштың да қашық емес жерде болуын басты орынға қойған. Жерлеу рәсімі өтетін кеңістікті таңдауда өне құрылысты салуда көпті көрген бірнеше абыздар басқарғаны анық.

Сақ дәуіріндегі тайпа көсемдері немесе ру басылары мен батырлар күзде немесе қыс айларында кейде ерте көктемде қайтыс болатын болса қабір қазу үшін жердің тоң болуы, халықтың басын қосу қиын болғандықтан және өлікті жөнелтуге дайындалу үшін жазға салым жерлеуге мәйітті сақтау шараларын жасаған. Оған дәлел ретінде қазақ халқындағы «сөреге жерлеу», «аманатқа жерлеу» сияқты дәстүрлерді айтуға болады. Сондай-ақ Шығыс Қазақстан облысы жерінде кездесетін «Былғары табыты» аталатын жер аты сөзімізді шегелей түссе қазақтың батырлары мен хандарын Түркістанға апарып жерлеу кезінде де ішкі құрылыстарын алып тастап былғарыға ораған шындық.

Сөреге немесе аманатқа уақытша жерленген (қар астына, құмның астына, тастың астына жерлеу) сақ қоғамындағы белді тұлғалардың сүйегін нақты өзінің о дүниелік үйі (мықтың үйі) обаға жерлеу үшін барша халыққа хабар таратып «сауын айтқан». Сойыс малдарын әзірлеп шығарып салу салтына алдын-ала дайындық жүргізілген. Сақ обаларындағы алтын әшекей бұйымдардың аса күрделі аң стиліндегі зергерлік өнері мен сынамаларына қарап отырып бірнеше күнде ғана дайындалмағанын көреміз.

Ол үшін арнайы зергерлерге өздерінің тайпалық ерекшелігін көрсететін аңдық стильде әшекейлер жасауға тапсырыс беріп дайындатқызған деп топшылауға да болады. Кейде қазақ халқында кездесетін жасы жеткен үлкен апа, әжелердің өздеріне ақыреттік



маталарын дайындап қойуына қарап, сақ көсемдері де алтынмен апталған салттық киімдерін алдын-ала арнайы жасатып сандыққа салып қойған ба деп те жорамалдауға болады.

Жерлену шарасын басқаратын абыздардың белгілеуімен үлкен өзен жағасында межелі уақытта жиналған халық өздерімен бірге жағдайына қарай ірілі-ұсақты малдарын ала келген. Дәрежесіне қарай сол уақытта тайпа көсемдері неғұрлым жылқы әкелгенін Берел қазбаларынан көруге болады. З.С. Самашев зерттеулеріндегі Берел обасындағы мәңгілік тоңда сақталған 13 жирен аттың ішек-қарынында сақталған шөпке қарап әр аймақта жайылған жылқылар екенін полеоботаниктер дәлелдеп отыр.

Жерленушіге салынған үлкен обаның және ғұрыптық кешендердің салынуы үшін көрнекі үлкен кеңістікте орналасуына аса мән берген.

Обалардың әсіресе сақ дәуіріндегі тәртібі бойынша оңтүстіктен-солтүстікке тізбектелуін қатаң сақтап обалардың шығыс жақ алдын және батыс жақ артын ашық қалдырып отырған. Обалардың өзен жағаларында орналасуындағы басты міндет ауыр жұмысты қажет ететін құрылысты салу кезінде суды пайдалану мен бірге мініс аттарды суғаруға және ауыз суға қолданған.

Автордың ат салысуымен 2003 жылдан бастап Ә.Т. Төлеубаевтың жетекшілігімен Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Шілікті кешенді сақ «патша» обаларының архитектуралық құрылымына мән беру жұмыстары қолға алынуда. Соңғы бес жылдық зерттеулер нәтижесінде көне құрылыстардың ғажайып архитектуралық құрылымдардан тұрмағанымен, сол заманның өмір тұрмысына, табиғи жағдайына және өзіне дейінгі дәстүрлерді сақтай отырып дала өркениетінің жарқын үлгілерін көрсете білгеніне қанық болдық.

Ал ерте темір дәуірінің Қазақстандағы ерекше ірі мәдениеті саналатын «мұртты» обалардың архитектуралық құрылымын анықтауда сонау алпысыншы жылдардың соңында-ақ Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев сөз қозғай бастаған болатын. Сондықтан бүгінгі күні ғалымның осы зерттеу бағытын дамыту арқылы ары қарай жетілдіру жұмыстарын қолға алу басты назарда тұруы тиіс.

## 3.1. Орталық Қазақстандағы ерте темір дәуірі ескерткіштеріне жүр-гізген зерттеулері

Археология ғылымына «мұртты» обалар деген атпен енген ерекше ескерткіш түрін зерттеуде алғашқылардың бірі болып өз ойын білдірген Ә.М. Оразбаев есімі екені баршамызға белгілі. Осы ескерткіштердің таралу аймағы кең болғанымен де, зерттелу жағы соңғы жылдарға дейін түбегейлі колға алынбай келді. Бірак азды-көпті болса да зерттеушілер пікірлері бір жерден шығып, карама-кайшылықсыз даму үстінде болды. «Мұртты» обаларды ең алғаш 1927 жылы Л.Ф. Семенов Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы, Қаратал селосы жеріндегі Аққөл көлінің маңынан тас тізбектері доға тәрізді шығысқа бағытталған корғанды тапты деп жазады [99, 79-84 б.].

1932 жылы Мемлекеттік Академияның материалдык мәдениет тарихы бөлімінің экспедициясы П.С. Рыковтың жетекшілігімен Қарағанды облысында зерттеу жүргізіп, сол кезге дейін «мұртты» обалардың археологиялық жағынан зерттелмей келгендігін айта келіп, жұмбақ күйде екендігін баса айтты. Бұдан кейін де көптеген зерттеушілер М.П. Грязнов, И.В. Синицын, А.А. Косырев, Л.Ф. Семенов сияқтылар өз ойларын жазып кетті.

«Мұртты» обаларды неғұрлым жүйелі түрде зерттеу ісі 1946 жылы Ә.Х. Марғұланның жетекшілігімен Орталық Қазақстан Археологиялық экспедициясы жүргізді.

Ә.Х. Марғұлан Орталық Қазакстан аймағы «мұртты» обалардың ерекше шоғырланған жері екенін жөне басқа аймақтарда бұндай мөлшерде кездеспейтінін айта келіп, алғашқы ғылыми пікірлерін білдірді [28, 306 б.].

Ә.Х. Марғұлан «мұртты» обалардың функциясы касиетті күншығыс елін көрсететін шығыс идеясы, Беғазы-Дәндібай кезеңінің жерлеу ескерткіштерінде де, соның ішінде Беғазы некрополі мазарларының ұзын дәліздерін қайталайтын **«мәңгілік тұрақ қақпасы секілді, шығысқа каратылған кірер ауыз»** деп атаған.

Сонымен бірге ерте темір дәуірі тайпаларының өлген адамдарын қастерлеп, ас берген жерлерінде салынып отырған ғұрыптық ескерткіштер деді [100, 54 б.].



Ғұлама ғалымның үзеңгілес әріптесі, оның ғылым жолындағы үлкен пікірлесі Ә.М. Оразбаев та «мұртты» обаларды ғұрыптық ескерткіштер деген пікірді ұстанды. Оның болжамы бойынша, мұндай ескерткіштер ежелгі дәуірдің діни салтанаттары кезінде құрбандыққа ат шалу дәстүрімен, қасиетті күн төңіріне табыну идеяларымен сабақтас болғандығын айтты [101, 176 б.]. 1950-60-шы жылдары М.К. Қадырбаев ескерткіштердің алғаш типологиясын жасап, оларды мерзімдеп, Орталық Қазақстанның ерте темір дәуірі бойынша Тасмола мәдениетін ашты [28, 303-308 б.].

М.К. Қадырбаев «мұртты» обалардың ғұрыптық мәнін ашуда жоғарыдағы ғалымдар пікірлерін қолдай отырып, жылқы сүйектерінің молынан кездесуіне байланысты жылкыны кастерлеудің маңызы бар екенін баса айтып, ғылымға енгізді.

Мұртты обаларға терең сараптамалық талдау жасамағанымен алпысыншы және жетпісінші жылдардың орта шенінде зерттеу жүргізген Ф.Х. Арсланова мен С.М. Ақынжановтардың қазба деректерін тарихнамалық деңгейде айтып кетпесе болмайды. Өйткені жоғарғы Ертіс бойындағы археологиялық ізденістерден соң осы аймакта қазіргі таңда 10 «мұртты» оба белгілі. Олардың бесеуі Ф.Х. Арсланованың басшылығымен қазылды. Төртеуі Тарбағатай теріскейінде Ә.Т. Төлеубаевтың зерттеулері негізінде белгілі болса, соңғы ондыкты толықтыратын бір «мұртты» оба Жарма ауданының территориясында автордың жетекшілігімен 2014 жылы қазба жұмыстары негізінде белгілі болды.

Ф.Х. Арсланова зерттеулері бойынша мұртты ескерткіштерді үш топқа бөліп қарастырып қабірлерден алынған заттарға «қыш ыдыс, сүйек қапсырмалары құрылымы күрделі садақ, темір жебе ұштары, семсер, кісе белдік, әшекейлерге) қарап, зертеуші ескерткіштерді б.д III-V ғасырларына жатқызған. Сонымен қатар ғалым бұл ескерткіштердің хронологиялық уақытын нақтылай түсу керек деген жорамалдар жасайды. [101, 116 б.].

Бұл деректер жөнінде осы еңбектің 93 бетінде толығырақ жазылған.

Сөз болып отырған ескерткіштердің негізгі мәнін ашуда Ә.М. Оразбаев өзінің **«Жанайдар қорымындағы «мұртты» обаның архитектурасы»** атты еңбегінде тереңірек үңіліп, жан-жақты ашуға тырысты.

Жанайдар қорымы Қарағанды облысы, Ұлытау ауданындағы Қаракеңгір өзенінің шығысына карай 10-12 шақырым жерде кішігірім төбенің етегінде орналасқан. Жалпы Қаракеңгір өзені жағасына кола дәуіріне жататын 58 коршау және екі «мұртты» оба орналасқан. Бірінші «мұртты» оба корымның шығыс шетінде орналасса, екіншісі одан 200 метр оңтүстікке қарай орналасқан. Қорымда қола дәуірінің үш қоршауы және бір «мұртты» оба зерттелінді [102, 177 б.].

**Қорған № 1.** Тас үйінділі корған диаметрі 8 м., биіктігі 60 см. Осы қорғанның шығысқа карай екі тас тізбекті мұртша шыққан. Оңтүстік мұртша ұзындығы 102 м, солтүстік 95 м, тас тізбектің орташа ені 1,7 м. Мұртшалардың шығыс жақ ең басында қорған сияқты кішілеу тас үйінділері бар. Олардың диаметрі оңтүстігі 6,5-7 м, солтүстігі 5,8-8,2 м, үйінді биіктігі 50 см. Қазба жұмысы кезінде қорғанның шығыс жағынан өрнегі жоқ керамика сынықтары табылған. Қорғанның ортасынан материктің беткі қабатынан шашылған ыдыс сынықтары кездескен. Сонымен бірге жылқының тісі, қола түйме тәрізді белбеу басы және ат әбзелдері қалдықтары кездескен. Қыш ыдыстары мен қола заттарына карап Тасмола I және V ескерткіштерімен салыстырып, б.з.д. VII-V ғасырлар деп мерзімдейді. «Мұртты» обаларда заңдылық бойынша негізгі қорған, кіші қорған және екі мұртшалы болып келіп, мұртша басында кішілеу тас үйіндісі болу қалыпты жағдай. Ал Жанайдар қорымында негізгі қорған жоқ болғандықтан, кіші қорғанға қазба жүргізілген. Бірақ осы қазба жүргізілген қорғаннан солтүстік - батысқа қарай 140 м. жерде диаметрі 10 м., биіктігі 1,5 м. тас аралас топырақ қорған орналасқан. Қазба кезінде «мұртша» басындағы үйінді жай үйінді ғана емес, ерекше құрылыс екендігін көрсеткен. Осы құрылыстың мұртшаға жалғасар жері ашық есік тәрізді екенін айтады.

Ал мұртшаның құрылысы жалпақ тастарды қырынан қойып отырып, дәліз тәрізді жасағанын айтылады. Осындай «мұртты» обадағы құрылысты жай ғана үйінді емес, белгілі бір архитектуралық құрылыс деп түсіндіреді. Қорғанда кыш ыдыс сынықтары, күл қалдықтары, жылқы сүйектері кездесуін «мұртты» оба кешенінің функциясы жылқыны құрбандыққа шалу күнге табыну, шамандық салт-дәстүрмен байланыстырады.



«Мұртты» обалардың құрылысын (архитектурасының) даму эволюциясын кола дәуірінің ғұрыптық шеңберлерінен бастау алатынын айтады. «Мұртты» обалардың тас тізбегінің басындағы үйіндісі немесе ғұрыптық шеңбері соның саркыншағы дейді.

Ал бұл шеңберлерге баратын дәліз өлген адамның жаны сол жол арқылы барады деп ойлауы мүмкін. «Мұртты» обалардың құрылысының техникасы, әсіресе, қола дәуірінің соңғы кезеңінің қоныстары мен жерлеу орындарына ұқсайды дейді. Қола дәуірінде өмір кешкен адамдар құрылысқа тасты, ағашты және балшықты қалай пайдалануды жетік білген дей келіп, оған Бұғылы қонысында кездесетін балшық аралас тас құрылысты мысалға келтіреді [103, 19-20 б.].

Қазба жұмысы жүргізілген қорғанның биіктігі 120-130 см болды, ол одан да биік болуы мүмкін дейді. Өйткені қорғанның солтүстігіне қарай 500 метр жерде орналасқан соңғы қазақтардың қорасына алынған болуы керек. Бұл корған құрылысы Ә.М. Оразбаевтың болжамы бойынша, казақ даласында кездесетін кейінгі күмбезді құрылыстар сияқты болуы мүмкін. Күмбез шығару құрылысында ағаш та пайдаланылады, бірақ қазба кезінде ағаш қалдықтары кездеспеген.

Ә.М. Оразбаев 1968 жылы жүргізген қазба жұмыстары барысында соңғы кола кезеңіне жататын Беласар және Егізкойтас қорымдарының 7 қор-шауындағы қабір іші құрылысы түбінен жоғары қарай жалпақ тастардан күмбезделіп каланғанын тілге тиек етеді.

Қазақ даласында кездесетін жер үсті құрылыстарының күмбезді архитектурасы сонау кола дәуірінен бастау алады деп, болжам айтады.

Ондай мазарларға М. Меңдіқұлов пен Т. Басенов еңбектерінде кездесетін Домбауыл, Үйтасы және т.б. киіз үй тәрізді ескерткіштерді мысалға келтіреді.

Осындай өз дәлелдері мен байламдарын айта келіп, Жанайдар қорымындағы «мұртты» оба Қазақстандағы ең көне архитектуралық құрылыстардың бірі дейді. Ә.М.Оразбаевтың бұл еңбегі ғылымда «мұртты» обаларды зерттеудегі ең алғашқы архитектуралық жаңғыртпа жасау болып табылады. «Мұртты» обаларды мұндай қайтадан қалпына келтіру және архитектурасына терең үңілу

жұмыстары бұрын-соңды қолға алынбады десе де болады. Ал «мұртты» обалардың ішкі функциясына, семантикасына берген пікірлері, ойлары әлі де ғылымда өз мәнін жойған жоқ.

Келесі бір «мұртты» обаларды зерттеушілер қатарын С.М. Ақынжанов есімі толықтырады. 1975-ші жылы Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы С.М. Ақынжановтың басшылығымен Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Талап кеңшарынан солтүстікке қарай 20 шақырым жерде Бүркітті обасын және бірнеше «мұртты» обаларды казды [104, 72-81 б.].

1970-1980 жылдардың ортасында. «мұртты» обаларды Ф.Х Арсланова Шығыс Қазақстан облысы жерінде, Э.Р. Усманова Орталық Қазақстан жерінде зерттеп ашқандарын да айта кетуге болады.

1980-ші жылдардың ортасында Ә.Т. Төлеубаевтың жетекшілігімен құрамында Ә.М. Оразбаев және Ғ.Қ. Омаровтар қатысқан экспедиция Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы жерінде, Тарбағатай тауының терістігінен «мұртты» обалардың бес кешенді құрылыстары тауып зерттеді. Олардың екеуі (Шалкақ, Сынтас) ерекшеленген ескерткіштер түріне жатса, үшеуі (Сок-2, Жыланды-2 және Байғали-4) ескерткіштері топты ескерткіштер қатарына жатады. Бұл ескерткіштер тізімге алынғанымен қазба жұмыстары жүргізілген жоқ [105, 218 б.].

1990-жылдардың соңында «мұртты» обалар мәселесімен түбегейлі айналысып, оларды есепке алып жіктеу жұмыстарын А.З. Бейсенов қолға алды. А.З. Бейсеновтың жинаған деректері бойынша Қазақстан республикасының аукымында «мұртты» обалардың жалпы саны 300-дің маңайында дейді. Сонымен бірге бұл санды ең соңғы дерек деп айтуға болмайтынын ескерте келіп, бұл ескерткіштердің 80%-ынан астамы Орталык Қазақстан мен оған көршілес солтүстік өлкелерде дейді. «Мұртты» обалардың 50-ден астамы казылып, дені Орталық Қазақстан ескерткіштеріне жататынын айтады [106, 19 б.].

Орталық Қазақстанның Тасмола мәдениетіне жататын «мұртты» обалардың архитектуралық құрылымы Ә.М. Оразбаевтан кейін терең зерттелмегенімен бұл ескерткіштердің семантикасы мен көне қоғамдағы қызметіне қатысты пікірлер карама қайшылықсыз бірін-бірі дамытып отырды.



Бұл ескерткіштер өлген адамның рухын басқа дүниеге апаратын арнаулы көпір, қақпа қызметін атқарған десек, ұзын тас тізбектер осы түсінікті құрап тұрған «қасиетті баспалдақ» аттанып бара жатқан рух үшін «қасиетті жол» ретінде салынып отырған. Көпшілік ел қатысуымен салынған бұл тізбектерде символикалық түрде от жанған. Демек, бұл - отты баспалдақ, отты жол. Тізбектерде от жағылуы сол замандағы тайпалардың отқа деген көзқарасына байланысты. Суықты жылы, қараңғыны жарық қылатын, қаттыны жібітетін, шикіні пісіретін, арамды адалдайтын сияқты ғажап, астарлы қасиеттерімен белгілі болған от, ол заманда бір заттан басқа бір зат жасайтын «өзгертуші», дәлірек айтсақ, бір халден екінші бір халге апаратын «өткізуші» кызметін атқарған. Осы қызметіне бола кей жерлерде мүрдені өртеп, жерлеу дәстүрі дамыған. «Мұртты обалардың» тас тізбектеріндегі от, яғни «отты баспалдақ» аттанып бара жатқан рухты «өткізуге», екінші дүниеге апаруға кызмет қылады деп топшылайды.[107, 72 б.].

2005 жылдың далалық маусымында Археология институтының «Сарыарқа» экспедициясы А.З. Бейсеновтың жетекшілігімен Қарағанды облысының Қарқаралы ауданы Нүркен ауылы аумағында зерттеулер жүргізген болатын. Осы қазба маусымында (автордың қатысуымен) Нүркен ауылының солтүстік батысына қарай 10 шақырым жерде Қабақши қыстағының жанынан он екі ерте темір дәуірінің обасы тізімделіп, оның жетеуі «мұртты» оба екені анықталды. «Мұртты» обалардың үшеуіне қазба жұмыстары жүргізілді, олардың мұртшаларының ұзындығы 25-31 метр аралығында. Қазба салынған обаның негізгі үйіндісі мен солтүстік - шығыс және оңтүстік - шығысында орналасқан кіші үйінділерден қыш ыдыс сынықтарынан басқа ешқандай заттар табылған жоқ. Оба үйінділерінің сыртқы құрылысы, тастан үйілуі мен қыш ыдыс сынықтарына қарап б.з.д. IV ғ мерзімделді [107, 9-10 б]. Осы Қабақши қорымындағы мұртты обаларға кешенді қазба жұмыстарын жүргізу кезінде бұл обалардың өзіндік архитектуралық құрылымы бар екендігіне көз жеткіздік, онда ішкі қабір орналасатын жерге воронка тәрізді шұңқыр қазылып ішіне ірі жалпақ тастарды көлбете сүйеп қойған. Воронка тәрізді шұңқырдың бетін жалпақ тастармен сатылап жауып ортасына ашық жер қалдырған. Сол тастардың ортасындағы ашық жерден топырақтың

қарайған белгілері байқалды. Тастардың қаландысы жалпы құрылысы өте қатты бұзылған. Алайда обаның адам жерлеу үшін емес белгілі бір ғұрыптық шараларға қатысты салынған құрылыс екендігін аңғаруға болады. Соған қарағанда Қабақши қорымында қазба жүргізілген үш обада адам сүйектерінің кездеспеуіне қарай, бұл тек ғұрыптық шаралар өткізілетін орын болуы мүмкін деп жорамал жасаймыз.

«Мұртты» обаларды зерттеу мәселесінде оның ішкі мәнін ашуда толғандыратын жақтары тереңірек үңілген сайын ашыла түсетіні заңды нәрсе. Ал осы «мұртты» обалар жерлеу ескерткіштеріне жатады және о дүние мен бұл дүниені жалғастыратын құрылыс деп қана қарастыру менінше аздық етеді.

Ата-бабаларының жерленген орнын қасиетті орын деп санап қастерлеген көшпенділер, айтулы күндерді мәселен салт-дәстүрлік мерекелерді сол жерде өткізуі ғажап емес. Өйткені, қандай да болмасын халықтың салт-дәстүрі наным сенімдеріне байланысты шаралары белгілі бір орында өткізілуі шартты. Жоғарыда айтып кеткен ғалымдардың пікірлеріне де сүйенер болсақ, «мұртты» обалар тек жерлеу орындары емес екендігін меңзейді.

Ал осы «мұртты» обалардың мұртының шығысқа қаратылуы оның екі басында үйінді болуы, тас тізбектерде күл қалдықтары, ыдыс сынықтары кездесуі және жеке кіші қорғанда жылқы сүйектерінің кездесуі үлкен бір кешенді құрылысты құрап тұрғаны сөзсіз. Кешенді құрылыс болғандықтан, сол уақытта атқарған қызметі де үлкен болуы тиіс.

Сондықтан, өз кезеңінде қоғамда елеулі орын алған құрылыстың уақыт ағымымен кейбір белгілерін жоғалтса да, ұрпақ сабақтастығы мен заңды жалғасуын таппауы мүмкін емес. Оған себеп болатын келесі бір фактор міндетті түрде мерекелік шара жасау емес, соған қажеттілік және сол қоғамдағы дүниетанымдық деңгейдің көрінісі. Сонымен бірге қыс айларының қатты болуы суық, аштық, ауыру – сырқау мен өлім – жітімнің көп болуы, жалпы өмірдің қиын тауқыметі.

Қазақстанның Солтүстік, Орталық өлкелерінде қола және ерте темір дәуірлерінің қоныстарын қазу барысында олардың құрылысы мен орналасуында басты орында адам өмір сүруіне қолайлы әсіресе ықтасын жерлерді таңдаған.



Соңғы жылдары сақ қоныстарын зерттеп жүрген А.З. Бейсеновтың еңбектерінде сақ қоғамында қоныстар таудың күнгей бетіне ықтасын жылы жерлерді қоныстану жөнінде айтылады. Сондай-ақ суықтан қорғанудың барлық түрлерін қарастырған, жылылықты сақтау үшін малдарын үй маңына жақын қамап сырттан келетін суықтан қорғанған, үй айналасына күлді қалың төгіп және жылылықты қамтамасыз еткен. Бұның барлығы тас қоныстардағы ортада ғана жанатын ошақтың жылуының аздығы және қыс айлары көне дәуірлер үшін өте қорқынышты кезең болған.

Кейінгі қазақ халқының тіршілігі де сондай болғандықтан қыс айлары жылдың алты айын қамтитындықтан, қыстан шығу дегеніміз қайта өмірге келгенмен бірдей болған. Қыс айларында адамдар әлсіреп өлім жітім көбейеді.(Жуанның жіңішкеруі – дені сау адамның әлсіреуі, жіңішкенің үзілуі - әлсіз, ауру сырқау адамның көз жұмуы)

Бұл жерде бүгінгі күнге дейін архайкалық дәстүрлерді сақтаған Батыс Қазақстан қазақтарының 14 наурызда көрісу дәстүрін де келтіре кетуге болады. Бұл дәстүр жалпы тереңінен қарағанда барша көшпенді мал шаруашылығымен айналысқан түркі халықтарына тән нәрсе. Тек бұл еліміздің батыс өңірлерінде сақталуы негізгі шаруашылығы сақталған және дәстүрді берік ұстанған өлкеде үзілмей бізге жетті деп айт аламыз. Көрісудің басты мәнінің өзі қыс айларында әр сайда мекендеген халықтың жер аяғы жібіп бір-бірімен араласуға мүмкіндік туып қауышып аман-есен қыстан шықтыңдар ма? қыс деген сұм тажалдан құтылдық деген терең ойларға жетелейді.

Ал керісінше жаз айлары көктемнің келуімен бірге малдардың төлдеуі, малдың тісі шөпке ілінуі, адамның аузы аққа ілінуі бұл да қазақ халқының өмір тіршілігінің бір көрінісі. Көктем шыға «Ұлыстың ұлы күнінде» соғымнан қалған сүрі етті асу, қаптың түбіндегі дәнді қосып көже жасау енді өлмейміз деген сияқты ұғымдарды береді.

Халқымыздың этнографиясында кездесетін жыл басы «Ұлыстың ұлы күні» мерекесін қарсы алудағы көмескіленіп жеткен үкеастықтарды «мұртты оба» құрылыстарынан байқауға болады.

Қазақтардың жаңа жылды алғаш шапақ атқан күнді қарсы алып, оған иіліп сәлем етуі немесе қымыз мұрындық тойында алғашқы

қымызды Күнге иіліп, тәжім етіп ішуі секілді көне архайкалық дәстүрлері олардың ежелден-ақ Күнге табынғанын дәлелдей түседі. Массагеттердің Күнге тәу етіп сиынғаны, оның құрметіне құрбандыққа жылқы шалып отырғандығы туралы Геродот пен Страбон да жазып кеткен.

«Жыл бойы ақ мол, дән тасқын-тасқын, жауын-шашын көп болсын» деп Қызыр түні ыдысқа (сүт, айран, шұбат, шалап, уыз, қымыз, т.б.) және кәусар бұлақ суына толтырады. Қызыр түні жаңа жыл табалдырық аттап, үйге енгенде, «жалғыз шала сәуле болмас» деп төрге қос шырақ жағылып қойылған. Кеш түсіп, күн батуға айналған мезетте ортаға екі ақын шығып, Жақсылық пен Жамандықтың, Суық пен Жылының, Қыс пен Жаздың күресін бейнелейтін «өлі мен тірінің» айтысын бастайды. Сондай-ақ, ортаға мифологиялық кейіпкерлер - Қалтырауық Қамыркемпір мен оның Ақпан, Тоқпан атты екі ұлы, олармен шайқасатып Ақборан, Әзмырза және Үт бикештер шығады. Айтыста күн ұясына бата өлі жеңіледі, зұлымдық иелері – Қалтырауық Қамыркемпір, Ақпан, Тоқпан, Әзмырзалар тым-тырақай қаша жөнеледі.

Қараңғы түсе екі жерге үлкен-үлкен от жағылады. Жас ерекшеліктеріне қарай топ-топ болып осы екі от ортасынан өтіп бара жатып қолдарындағы басына майлы шүберек ораған таяқтарын тұтатады. «Алас, алас, пеледен қалас!» деп қосылып өлең айтып, айнала төңіректі отпен тазалап шығады, жастар жағы жанған оттан секіреді. Оттың киелі қасиетіне сенуден пайда болған бұл тазарту (арылу) рәсімі - «аластау» деп аталады.

Алтыбақан басында жастар түнімен түрлі халықтық ойындар ойнайды, айтысады. Бұл кеште айтылмаған ән, тартылмаған күй қалмайды. Таң ата көпшілік биіктеу төбенің басына шығып, атқан таңды қарсы алады. Жаңа жылда күннің көзі көрінген уақыттан кейінгі екі сағат уақыт «күн сәті» деп саналады. «Егер кімде-кім Ұлыс күннің күн шұғыласын маңдайымен тосып қарсы алса, оған Ұлыстың құты дариды» деген дәстүрлі ұғымға сай, Жаңа күнді қарсы алу салты қалыптасқан. Күлімдеп көрінген Күнге иіліп сәлем беріп, «құт дарысын» деп, айнала төңірекке ақ бүркіп үйлеріне тарасады [109, 21-23 б.].

Міне, осындай халқымыздың этнографиясында кездесетін тамыры тереңде жатқан ұқсастықты жайдан-жай деп қарауға



болмайды. Өйткені ғасырлар бойы осыншама кең-байтақ даланы ен жайлаған көшпенді тайпалардың қалдырған жәдігерлері, төлтума тарихымыздың баламасы деп қарамау көзжұмбайлық болған болар еді. Сондықтан, ұлттық көзқарас тұрғысында халқымыздың көнеден келе жатқан дәстүрін сол күйінде қаймағын бұзбай тарих қойнауына үңілетін кез келді.

## 3.2. Ә.М. Оразбаевтың Шығыс Қазақстанның ерте темір дәуірі ескерткіштеріне жүргізген зерттеулері

Шығыс Қазақстанның қола және ерте темір дәуірлерінде өмір сүрген тайпалардың этникалық тарихында, қоғамдық өмірінде болған өзгерістер мен жергілікті мәдени ерекшеліктерді анықтау бүгінгі зерттеулердің өзегі десе болады. Қазақстан жерінің қола, ерте темір дәуірлерін зерттеудегі көршілес жатқан Оңтүстік Сібір және Таулы Алтаймен өзара ықпалдастық мәселесін шешуде аралық аймақ ретінде қарастыру тұрғысы да туындап отыр. Алайда Оңтүстік Сібірге табиғи географиялық жағдайы мен металл қорының молдығы жағынан жақын келетін Шығыс Қазақстан өңірі табиғи ерекшелігінің әр түрлілігі мен ауқымдылығы және барлық зерттеушілер тарапынан ат үсті зерттеулер нәтижесінде толық қарастырылмады. Қазіргі уақытта ерте сақ мәдениетінің жерлеу ескерткіштерін зерттеуде Ресейлік әріптестер әлде қайда көп жұмыстар атқаруда. Сол себепті бұл өңірге қатысты қандай да бір зерттеу жұмыстары немесе тіпті кездейсоқ табылған олжалармен толығу қажеттілігі туындап айрықша қажет болып отыр. Шығыс Қазақстан өңірі негізінен барлық зерттеушілер тарпынан бір аймақ деп қарастырылғанымен өзінің географиялық ерекшелігіне қарай үш аймаққа бөліп қарастыру қажет. Бірінші Шыңғыстау, Шұбартау өңірлерінен бастап Тарбағатай, Көкпекті Ертіс өзені бойына дейінгі аймақтар Орталық Қазақстанның Қарқаралы, Баянауыл өңірлеріне дейінгі мәдениеттермен жақын деп қарастыру керек, екінші Шығыс Қазақстанның Тарбағатай күнгейіндегі өңірлер мен Алакөл бойы ескерткіштері Жетісу өңірі мәдениеттерімен астасып келеді. Ал Таулы Алтай мен Ертістің арғы бетіндегі орманды далалы аймақтар алдыңғы екі топтағы аймақтан барлық мәдени жағынан ерекшеліктері бар екені байқалып тұрады. Әрине бұл пікірлерді

алдағы уақытта нақты деректермен нақтылауды қажет етеді. Алайда Шығыс Қазақстанды зерттеген ғалымдар тарапынан жасалған тұжырымдардың өзі біз бөліп көрсеткен өңірлердің жекелеген аймақтарына ғана зертеулер жүргізіп сол бойынша барлық аумаққа сипаттама беруге дағдыланған. Жалпы Шығыс Қазақстан өңірінің кезеңдеме мәселесі өте күрделі тақырып болғандықтан осы өңірді зерттеушілер тек тарихнамалық шолумен шектелуде. Бұл ауқымды территорияның екі мыңға жылға жуық тарихын зерттеуде сан түрлі ұлыстар мен тайпалардың мекендеуінің өзі ғылыми болжамдардың кешеуілдеуіне әсер етуде. Сол себепті бұл аймақта жүргізілген зерттеулердің барлық деректері мен ерекшеліктерін анықтап тұжырым жасауда жекелеген пікірлер негізінде ортақ мәмілеге келе аламыз. Сондай зерттеулер қатарында осы аймақтың барлық өңірлерінде зертеулер жүргізген Ә.М. Оразбаев болатын. Оның Шығыс Қазақстан өңіріндегі көне мәдениеттерді зерттеуде, әсіресе ерте темір дәуірі мәдениеттері арасындағы аймақтық ерекшелік мәселесіне ден қойып Шығыс Қазақстанды шешуші аралық аймақ екенін тани білді.

Ә.М. Оразбаев зерттеулеріне тоқталмастан бұрын Шығыс Қазақстан өңірінің зерттелу тарихнамасын бірінші қарастыру осы мәселе төңірегіндегі түйткілдерді түсінуге себеп болады.

Шығыс Қазақстанның ерте темір дәуірінің зерттелу тарихын Қазан төңкерісіне дейінгі зерттеулер бастайды. Кеңес дәуірі тұсындағы зерттеулер (1920-1990 жж.) және егемендік алғаннан кейінгі жаңа археологиялық материалдармен толығу, ұғыну және мән-мағынасын түсіну кезеңі деп те карастыруға болады. Шығыс Қазақстандағы археологиялық ескерткіштер туралы алғашқы қысқа мәліметтерді біз XYIII ғасырдың саяхатшылары мен ғалымдары: Г.Ф. Миллер, П.С. Паллас, Г.И. Спасский, И.Г. Гмелин және басқалардың еңбектерінен кездестіреміз. Ежелгі Шығыс Қазақстанды зерттеуде үлкен үлес қосқан академик В.В. Радлов болды. Археологиялық ескерткіштерді зерттеуде шынайы ғылыми әдістерді пайдалана отырып, ол тек ежелгі Шығыс Қазақстанды ғана емес, сонымен бірге бүкіл Қазақстанды зерттеуге сүбелі үлес қосты. 1865 жылы В.В. Радлов Берел даласында ежелгі көшпелілердің 7 қорғанына қазба жұмысын жүргізеді.

В.В. Радловтың есептерінен 1866 жылы сызба, суретсіз-ақ



қорғандардың орналасуы, құрылысы, табылған заттарының қысқаша сипатталуы басылған бірнеше мақала жарық көреді. Үлкен Берел қорғанынан табылған заттар Археологиялық комиссияның сараптамасынан өткеннен кейін Мәскеудегі музейге қойылады. Қазіргі таңда одан табылған бірегей жәдігерлер Мәскеу Мемлекеттік Тарихи музейінде сақтаулы тұр.

Академик В.В. Радловтың Шығыс Қазақстанның ежелгі мәдениеттері тарихын мыс немесе қола, ерте темір және жаңа темір, сондай-ақ ерте ортағасырлар кезеңдеріне бөлді. Ғалымның бұл еңбегі археологиялық ескерткіштерді дәуірлерге бөлу мен жүйелеудің алғашқы бастамасы болған еді [110, 18-20 б.].

Орталық және Шығыс Азияны зертету саласындағы Орыс комитеті 1910 жылы Жоғарғы Ертіске В.И. Каменскийдің басшылығымен және А. Белослюдов пен В. Пилатичтің қатысуымен Семей облысындағы қорғандарды казуға экспедиция жібереді, оны осы аудандарға жіберілген бірінші археологиялық экспедиция деп есептеуге де болады. А.В. Адрианов 1906, 1910 және 1911 жылдары. Семей облысы жерінде археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізді. Бұл жұмыстардың нәтижелері 1916 жылы Императорлық археологиялық комиссияның Хабаршысында жарияланды [111, 1-4 б.].

Майемер жазығында, Нарым жоталарындағы Солнечный Белок түбінде, Черновая ауылынан жоғары Бұқтырма өзенінің оң жағалауында қазба жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде ерте темір дәуіріне жататын өте құнды заттар табылды, жартастағы жазулар мен тас балбалдар туралы да дерек жиналды. А.В. Адрианов зерттеу жұмыстарын әуесқой өлкетанушы деңгейінде ғана жүргізді деп есептеуге болады. [112, 1-94 б.]. Осы уақытта Семей музейінде кездейсоқ табылған әртүрлі археологиялық заттар, негізінен керамика сынықтары мен қоладан жасалған бұйымдар шоғырланған болатын. Осылайша революцияға дейінгі кезеңде-ақ осы аймақтың өткен тарихын жалпы суреттеуге мүмкіндіктер беретін археологиялық материалдар жинақталған. Бірақ бұл жерде археологиялық ескерткіштер шынайы ғылыми негізде зерттелді деп айта алмаймыз. Себебі олар кездейсоқ, қазу әдістері сақталмай зерттелді және арнайы мамандар емес еді, типологиялық сипаттауы сияқты қарапайым кемшіліктері болды, материалдарды тарихи

тұрғыдан мәнін түсінуге жеткілікті көңіл бөлінбеді. Қазақ төңкерісінен кейін ғана Шығыс Қазақстандағы археологиялық зерттеулер табысқа жеткен кезең болып табылды. Кеңестік археологтардың алдында көне қоғамдағы өндірістік қатынастар мен өндіргіш күштердің дамуынан дерек беретін қазылған және бұрын зерттелінген ескерткіштерді қайта зерттеу міндеті тұрған болатын. Кеңес зерттеушілерінің жүйелі және сәтті жүргізілген зерттеулері тарих ғылымының алдында тұрған негізгі міндеттерді шешуге себін тигізгендігін әсте жоққа шығаруға да болмайды. Адамзаттың өткен тарихын зерттеумен шұғылданатын кеңес археологтары тек қорғандарда қазу жұмыстарын жүргізіп қоймай, сонымен қатар қоныстарды, көне бұйымдарды да зерттеуге үлкен мән берді.

Осы аймақта Кеңес археологтарынан бірінші болып 1927 жылы С.И. Руденко Катонқарағайдың жанында 3 қорғанды зерттеді. Шығыс Қазақстанды жүйелі археологиялық зерттеу 1935 жылғы КСРО-ның Ғылым Академиясының Материалдық Мәдениет тарихының институты, Қазақ ССР-нің тарих, археология және этнография институты бірігіп ұйымдастырған Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясының қызыметінен басталады. Экспедицияны СССР Ғылым Академиясының Материалдық Мәдениет институтының аға ғылыми қызметкері С.С. Черников басқарды [113, 21-26 бб.]. Бұл экспедиция 1957 жылдарға дейін үздіксіз барлау, қазба жұмыстарын жүргізді. Экспедиция Нарым және Қалба тау жоталарындағы тау-кен орындарын зерттеді. Шығыс Қазақстанның ежелгі тарихы, әсіресе ежелгі көшпелілер дәуірі салыстырмалы түрде алғанда өте аз зерттелген. Бұл осы облыстағы археологиялық зерттеу жұмыстарының өте кеш басталуымен тығыз байланысты. Соғыс жылдарынан кейін 1947 жылдан бастап Шығыс Қазақстандағы археологиялық зерттеулер жүйелі сипатқа ие болады. В.Г. Никитин мен С.С. Черников Жоғарғы Ертіс ауданында ерте темір дәуіріне жататын ескерткіштерді тіркеуге алды. Алғашқы рет 1949 жылы Шығыс Қазақстан экспедициясы Шілікті даласында арнайы археологиялық барлау жүргізді. Бұл экспедиция арасындағы үзілістерді санамағанда 1957 жылға дейін қазба және барлау жұмыстарын жүргізіп келді. Қазба жұмысының нәтижесінде Шілікті ауылында 51 қорғаннан тұратын сақ дәуіріне жататын ең үлкен обалар тобы



ашылды. Оның солтүстік батысынан оңтүстік шығысқа дейінгі алып жатқан көлемі 8 км. Соның ішіндегі 13 қорғанның диаметрі 100 м, ал биіктігі 8-10 м. Қалған қорғандардың диаметрі 20-дан 80 м дейін жетеді. Осы жердегі орталық қорғанынан б.з.д. Y ғасырдың екінші жартысына жататын аң стилінде жасалынған алтын қапсырма және тағы да басқа материалдар тапқан. Бұл экспедиция 1952, 1961-1962 жылдары да қазба жұмыстарын жүргізген, бірақ аса бағалы бұйымдар болмады. Шығыс Қазақстан экпедициясы 1950 жылы Ертіс өзенінің оң жағалауында Самар ауданы Қызыл ту ауылы маңындағы ерте темір дәуірінің қорғандарына қазба жұмыстарын жүргізді. Ал, 1953 және 1954 жылдары Пчела, Түсқайың, Славянка, Юпитер ауылдары маңында ерте көшпелілер қорғандары зерттелді.

Бұқтырма ГЭС-ін салуға байланысты су жайылымындағы археологиялық зерттеу жұмыстары 1956 жылы өз мәресіне жетті. Бұл жылы ШҚАЭ 4 отрядқа бөлініп жұмыс істеді. Ерте темір дәуірі отрядын Ә.М. Оразбаев басқарды. Қазба жұмыстары Құлажорға және Усть Бөкен ауылдары маңында жүрді. 1956 жылы 18 қорған қазылды. Олардың барлығының үйінділері топырақ пен тастан тұрады, қабір шұңқыр тереңдігі 3м-ге дейін жетеді. Үлкен жақпар тастардан құралған жәшіктер жиі кездеседі. Усть Бөкен қорымы 54 қорғаннан тұрады, 1956 жылы 22 қорған қазылды. Сөз жоқ, бұл жерлеу орындарының тайпа көсемдері Шілікті, Аксуат алқабындағы зәулім қорғандарда жерленген. Бұл қорғандардың скиф қорғандарымен ұқсастығы назар аудартады. Осы жағынан Геродоттың скифтер шығыстан батысқа қарай қоныс аударған деген мәлімдемесіне жаңаша көзқараспен қарау керек. Көңіл аударарлық жайт бір қорғанда да жылқыны қоса жерлеу ғұрпы кездеспеген. Усть Бөкен қорымы б.д.д. V-IV ғғ. мерзімделеді.С.С. Сорокин басшылық еткен археологиялық экспедиция 1959 жылы Үлкен Берел қорғанын ақырына дейін зерттеді. С.С. Черниковтың басқаруындағы Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясы 1960 жылы Шілікті алқабындағы орталық қорымнан сақтардың №5 қорғанына қазба жұмыстарын жүргізді. Қорған дөңгелек формада және оның диаметрі - 66 метр, биіктігі 6 метр, ұсақ жұмыр тасты топырақ аралас үйіндіден тұрады. Диаметрі 45 метр, биіктігі шамамен 10 метр. Таң қаларлығы қабір адам жерленгеннен кейін шамамен 50 жыл өткен соң тоналған. Орнында 8 жебенің қола

ұштары және 4 алтын бұғының фигурасы қалған. Моланың оңтүстік батыс бөлігінде бас киімнің әшекей алтын бұйымдары мен екі адамның сүйек қалдықтары табылды. Бұлар тонаушылардың қорғанға түскен бағытына тұспа-тұс келгендіктен көп қираған жоқ. Шұңқырдың төменгі қабатындағы материалдар ешқандай бұзылмастан сақталған. Скифтік қорғандардың қосымша жерлеу мен құпия түрде жерленгендері кездеспейді. Қазба барысында көптеген заттар табылды. Солардың қатарында: жебенің қола ұштарынан - 1 дана, қорамсақтың қалдықтары көп, сондай-ақ жебе ұштарының түрлері бірдей. Жалпы ұзындықтары 4,5-5 см, көлемі 1,2-1,4 см. Ассимтериялық-ромбылық формада. Бұғы түріндегі қапсырмалар қорамсақтарды әшекейлейтін 1 типтегі қола берельеф алтынмен қапталған. Барлық бұғылар тек оң жағынан, аяғын жайып тұрған сипатта. Жалпы саны- 14 дана. Бүркіт түріндегі қапсырмадан - 9 дана. Осындай әдіспен өңделген. Бүркіттің басы иіліп, имекті тұмсығы ерекше көрсетілген. Бес бүркіт қапсырмалардың басы оңға, ал төртеуінің басын солға қаратып бейнелеген. "Пантера" қабанның түрі - 29 дана, бұл да сол әдіс-тәсілмен өңделген. Хайуанның жырткыштық мүсіні суреттелген. Мұны археологтар "Қабылан" деп атайды. Қабанның толық 5 данасы алтын қаңылтырдан жасалынған. Бұл жерде жануарлар басын сәл төмен салып алға жүріп келе жатқан түрде суреттелген. Қанатын жайып үш бұрышты схематикалық бас формасымен және құйрығын барынша кең жайған бір құстың қапсырмасы бар. Тең қабырғалы үш бұрыш түріндегі тағылатын әшекей бұйымдар саны үшеу. Маржанның-303 данасы, алтын қаңылтырдан кесілген жіңішке әшекейлерден 41 дана. Алтын қаңылтырдың 2 бөлігі табылған. Жалпы қорғаннан 524 алтын бұйымдар табылды. Барлық алтын әшекейлер жоғары зергерлік шеберлікпен жасалынған. С.С. Черников №5 Шілікті қорғандарынан табылған заттарды б.з.д. VII-VI ғғ. мұрасы деген қорытындыға келген болатын. [113, 45-49 бб.].

Шығыс Қазақстандағы археологиялық ескерткіштерді зерттеумен 1965-1974 жылдар аралығында Ф.Х. Арсланова басшылық еткен Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясы айналысты. Қазақ ССР Ғылым Академиясының Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институты археология бөлімінің Шүлбі археологиялық экспедициясы Шүлбі су



қоймасының жайылу аймағындағы әр дәуірлерге жататын ескерткіштерін зерттеді. Жоғарғы Ертіс ауданында археологиялық зерттеуден соң әр-түрлі мұртты қорғандар да ашылды. Мұртты қорғандардың барлығы тіркеуге алынған. Осы жерлердегі қазіргі 9 тастармен тізбектелген қабірлер белгілі. Оның бесеуі Ф.Х. Арслнованың басшылығымен қазылды. Ф.Х. Арсланова зерттеген мұртты қорғандар Зевакино ауылы территориясының солтүстік-шығысында орналасқан. Зевакино комплексі 3 жекеше топтан тұрады. Оның біреуі топырақты қорған. Ол солтүстіктен-оңтүстікке қарай созылып жатыр. Екіншісі 4 тасты қорған, үшіншісі 5 топырақ және тастан үйілген қорғандар болып табылады. Ф.Х. Арсланова 1-ші топқа жататын екі қорғанды зерттеді. Оның терендігі 0,5 м. Осы қорғанды екі адамды да бірдей етіп жерлеген. №114 қорғаннан толықсыз адам сүйегі мен екі жылқының сүйек қалдықтары табылған. Бұндай ұқсастық қорғанда табылған заттар көне түрік пен сақ тайпаларына тән екендігін білдіреді. Сондай-ақ екінші қорған бірінші қорғаннан оңтүстік-шығысқа қарай 300 метрде орналасқан. Осы зерттеліп отырған қорғанның жиынтығында жерлеу дәстүрі дөңгелек тас үйінділері мен ежелгі жер беті деңгейінде орналасқан. Өлікті өртеу қорғанда жүргізілмеген, оны қабірде қуатты оттың жоқ болғандығы дәлелдейді. Қабірге топырақ пен тастардан үйінді жасаған. Осы қорғанда жасөспірім мен ересек адам жерленген, ересегі кремациалау дәстүрімен жерленген. Кальцийленген сүйек қалдықтарынан заттардың санына қарап кремациялау дәстүрінде № 97-ші қорғанда үш адам жерленген. № 102-103-ші қорғандарда бір адамнан екінші топқа жататын төрт қорғаннан еңбек құралдары, қару-жарақ және аттың әбзелдері табылды. С.С. Сорокиннің басшылығымен жүрген Оңтүстік-Алтай археологиялық экспедиция 1959-жылдан 1964-жылға дейін Бұқтырма өзенінің жоғарғы ағысындағы ежелгі көшпелілердің ескерткіштеріне қазба жұмыстарын жүргізді. 1965-жылы Шығыс Қазақстаннан әр дәуірге жататын көптеген қорғандар қазылды. Олардың ішінен Шемонайха ауданындағы, Зевакино ауылының маңында орналасқан оба ерекше қызығушылықтарды туғызды. Онда 300-ден астам, қола дәуірінен бастап әр-түрлі кезеңге жататын қорғандар бар /Қола дәуірінен б.д.д. XVIII ғғ.-дан орта ғасырлырға дейін, шамамен б.д. X ғ. дейін/. Обалар Өскемен қаласынан 100 км қашықтықта, солтүстік-батыста,

Ертістің оң жағалауында орналасқандығы айтылып кеткен болатын [114, 57 б.].

Шығыс Қазақстанның ерте темір дәуірін зерттеуде Ә.М. Оразбаев үлкен үлес қосқан археологтардың бірі болды. Өзінің бағамды ғұмырындағы археологиядағы алғашқы қазба жұмыстары осы өлкемен тығыз байланысты болды. А.А. Жданов атындағы Ленинград университетінің, тарих факультетінің археология бөлімінде оқып жүргеннің өзінде-ақ 1948 жылы С.С. Черников басқарған Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясына қатысқанын Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының мұрағаттарымен танысқанымызда көз жеткіздік. Самар ауданы Құлажорға ауылы жанындағы осы аттас қорымдағы №18 және №30 қорғандарды қазу кезінің фотосуреті мұрағатта сақталған Бұл жылы Құлажорға қорымында ерте көшпелілердің №13 қорғаны, ал Баты қорымында №11 қорғаны қазылып зерттелінді. Алайда бұл қазбалардың материалдарының барлығы толықтай саралаудан өтпей ғылыми айналымға енбеді [115, 85-89 б.].

Бұқтырма ГЭС-ін салуға байланысты су жайылымындағы археологиялық зерттеу жұмыстары 1956 жылы өз мәресіне жетті. Бұл жылы С.С. Черников басқарған Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясы 4 отрядқа бөлініп жұмыс істеді. Ерте темір дәуірі отрядын Ә.М. Оразбаев басқарды [116, 99-106 б.].

Қазба жұмыстары Шығыс Қазақстан облысы, Самар ауданы жеріндегі Құлажорға және Усть Бөкен ауылдары маңында жүрді. 1948 жылы зерттелген ерте көшпелілердің ескерткіштерінде жұмыстар жалғастырылып біздің жыл санауымыздың басталар межесіндегі ерекше локальдык топқа жататын қытай жылнамаларындағы у-ге, у-дзе тайпаларымен мәдени байланысын анықтау мүмкіндігі туған Құлажорға ескерткішінде сол жылы 18 қорған қазылды. Бұл қорғандарды 1948 жылы қазылған Құлажорға, Баты, Славянка, Қызыл ту, Түсқайың және Пчела секілді құлажорға мәдениетіне тән ескерткіштерге жатқызып, б.з.д. III-I ғғ. мерзімдеген болатын [114, 64-81 б.]. Ескерткіштері б.з.д. 4-3 ғасырларға жататын Құлажорға мен б.з.д. 2-1 ғасырларды алып жатқан Баты жерлеу құрылымдарының ұқсастығы үйінді көлемдерінің біркелкілігінде болса, қабір ішінде тас жәшіктің болуында және ыдыс пішінінің бірдейлігінде болса, ал өз ішіндегі



ерекшеліктері құлажорғада қола заттың салыстырмалы түрде алғанда көптігі мен Батыда адам басының батыс, солтүстік-батысқа қаратылуы мен қой құймышағының көптеп қойылуында деп атап көрсетті.

Ертіс бойындағы басқа қорғандардан сыртқы түрімен-ақ бірден ерекшеленетін 1948 жылғы барлау жұмыстары кезінде анықталған 54 қорғаннан тұратын топырақ үйінділі Усть Бөкен қорымында 1956 жылы б.з.д. V-IV ғг. мерзімделетін 22 қорған қазылды. Зерттеушілер қазба нәтижесіне қарап бұл қатардағы жерлеу орындарының тайпа көсемдері Шілікті алқабындағы зәулім қорғандарда жерленгендігіне, сондай-ақ бұл қорғандардың скиф қорғандарына ұқсастығына назар аударады. Осы жағынан Геродоттың скифтер шығыстан батысқа қарай қоныс аударған деген мәлімдемесіне жаңаша көзқараспен қарау керектігін айтады. Бұл ескерткішті пазырық және құлажорға мәдениеттерінен жерлеу гүрпы мен тұтыну бұйымдары жағынан нақты айырмашылығы барын, әрі көп жағынан ұқсастығы бар Шығыс Қазақстанның ерте көшпелілерінің этникалық тобына жатқызады [112, 3-64 б.]. Шығыс Қазақстан өңірінде археологиялық зерттеулерге түбегейлі қазба жұмыстарын С.С. Черников жүргізді дей тұрғанмен, бұл өңірде Ә.М. Оразбаевтың да көптеген белгісіз зерттеулері бар екенін айта кету керек. Шығыс Қазақстанның ежелгі тарихын зерттеуде қажырлы еңбек еткен С.С. Черников пен Ә.М. Оразбаевтың қоян-қолтық бірге қызмет жасаған күндері сол жылдармен шектеліп қалмайды. С.С. Черников басқарған Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясының 1958 жылғы зерттеу жұмыстарында да ерте темір дәуірі отрядын Ә.М. Оразбаев басқарды. Сол жылы Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Зайсан көлінің сол жағалауында Шилікарын қорымында 2 қорған, Көкжар қорымында 9 қорған және Мөнөкей қорымдарында 2 қорғанына зерттеу жұмыстарын жүргізді [116, 3-21 б.].

Ә.М. Оразбаев пен С.С. Черниковтың бірігіп жұмыс істеуіне ғылымға деген кәсіби көзқарастарымен бірге екі ғалымның да Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлер екендігі де себеп болған болуы керек. Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевтың Шығыс Қазақстан өңірін зерттеудегі кейбір тұжырымдары ұстазының әрі әріптесінің пікірлерімен үндес келуі де соның бір айғағы.

КазГУ-дің тарих факультеті, археология және этнография кафедрасының Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясы Ә.М. Оразбаевтың басқаруымен 1985 жылы Семей облысы, Абай ауданында Шыңғыстаудың оңтүстік беткейіндегі қола және ерте темір дәуірінің - Суық бұлақ (Томарша), Тақтай бұлақ, Қарасу, Шаған, Базаралы (Көлденең) ескерткіштерін есепке алды. Соның ішінде Абай ауылынан 25 км оңтүстіктегі Базаралы сайындағы ескерткіште қазба жұмысы жүргізілді [42, 18 б.]. Қорғандар оңтүстіктен солтүстікке қарай тізбектеле орналасқан. Қорымның солтүстік бөлігіндегі диаметрі - 6м, биіктігі - 0,5м тастан салынған қорған қазылды. Мөлшермен ерте темір дәуіріне жататын жерлеу орны тоналғандықтан ескерткіштің мерзімін анықтайтын ақыреттік заттарының қалмағандығына қарамастан, ішкі-сыртқы құрылысына, құрылымына, жерлеу рәсіміне қарағанда Жетісудың үйсін қорғандарына ұқсастығы байқалды.

1986 жылы осы экспедиция өз жұмысын Қатонқарағай ауданында жалғастырды. Бұл өңірдегі археологиялық зерттеу жұмыстары кеңестік кезеңдерде тек саусақпен санарлық болғанын айта келіп, өз барлау жұмыстары нәтижесінде он екі қорымнан жүзге тарта обалар тізімге алынған [42, 24 б.]. Барлау жұмыстарымен бірге сол жылы Черновая I, II, III ескерткіштерінен 15 оба және Қатонқарағай қорымынан екі оба қазды. Черновая I ескерткішінде төрт обаға қазба салынып олардың жергілікті тас аралас топырақтан тұрғызылып диаметрлері 15-20 метр, биіктіктері 1-1,5 метр болатыны анықталған.

Обалардағы жерлеу құрылыстары әртүрлі болып келген, кейбіреуінде жай қабір болса, кейбіреуінде тас жәшік, ал №2 обадан және Черновая III ескерткішінде № 6 обасынан ағаш табытқа жерлеу дәстүрі анықталды. Ағаш табыт 2 метр 70 см тереңдікке қойылып бетін таудың жасыл түсті жақпар тастарымен бірнеше қабат жапқан. Ағаш саркофаг ұзын қайық сияқты формада бүтін бір ағаштан ойылып жасалған ұзындығы 3 метр 5 см болған. Бұл дәстүр Қазақстанның баска жерінде бұрын соңды кездеспеген жаңалық еді. Мұндай ғұрып ерте темір дәуіріне жататын Пазырық қорғандарынан Шығыс Алтай мен Тыва [117, 18 б.], жерлеріндегі ескерткіштерден белгілі болатын. Черновая ескерткіштері б.з.д. VIII- VI ғасырларымен мерзімделді [42, 22 б.].



Ә.М. Оразбаевтың ойынша Черновая I № 2, III № 6 обалардың сыртқы құрылысы ағаш табытқа жерлеу мен адамның басының солтүстік батысқа қаратылуы және аралас тас жәшіктердің кездесуі қола дәуірінің дәстүрлерімен сәйкес келеді дейді. Сондай-ақ жерленушімен бірге табылған қола әшекей заттар мен сүйектен жасалған қойдың басына ұқсайтын зат пен сүйек тарақтың аналогиялары Оңтүстік Сібір мен Таулы Алтайдың ерте темір дәуірі ескерткіштерімен сәйкес келеді. Сондықтан Черновая I қорымындағы ескерткіштерді б.з.д. YII ғасырдың басымен мерзімдейді. Черновая I № 4 қоршаудағы әйел адамның жерленуіндегі етбетінен жатқызылуы мен аяқ қолын бүгіп жатуы тірідей адамды аяқ қолын байлап күшпен көмген дейді. Әйел адамның мойын тұсынан табылған янтар моншақ пен сардоникс тасынан жасалған бөшке тәрізді әшекей зат нақты жергілікті жердікі емес екендігін айта отырып көне Шығыс Қазақстандықтар алыс шет елдермен байланыстың болғанын көрсетеді дейді. Бұл да ғалымның Қазақстан жеріндегі мәдениеттердің алыс-жақын шет елдермен саяси және сауда қарым қатынастары болғандығын айтуы және алғашқысы десе болады. Осындай әшекей заттар Қазақстанның басқа өңірлерінен кездеспейтінін тек өз зерттеулерінде (Бурабай қорымында №1 қоршауда) кездескенін, ал оның алыс аймақтардағы аналогиясы Б.Б. Пиотровский зерттеулерінде Армения жеріндегі Кармир-Блур қонысының мәдени қабаттарында кездесетінін айтты. Б.Б. Пиотровский өз зерттеулерінде сардониникстың б.з.д. YIII-YII ғғ Ассирия жерлерінде тұтынғанын айтқан болатын. Әбдіманап Медеуұлының ойынша Сардоникс моншақтардың Шығыс Қазақстан жерлеріне келуі Ассириядан Қаратеңіздік скифтер арқылы өтіп олардың таулы Алтайдың сақ скиф мәдениеттерімен байланысы нәтижесінде келгені С.И. Руденко еңбектерінде жан-жақты талдаған болатын [118, 62-63 б.]. Жалпы Черновая ескерткіштеріндегі аралас болса да кездесетін тас жәшікке жерленулер қола дәуіріне тән болғандықтан олардың мерзімдемелік уақытын қола дәуірі дәстүрлерін әлі де сақтаған ерте темір дәуірінің алғашқы ширегімен мерзімдеуге болады. Ал оларда аралас кездесетін ағаш табыттар темір дәуірінің ерте кезеңдері б.з.д.. YIII-YI ғғ мерзімдеуге мүмкіндік береді.

Осы жылы Марқакөл ауданында да археологиялық барлау

жұмыстары жүргізілді. Бұрын белгісіз болып келген ерте темір дәуірінің Архиповка, Қалжыр, Бала Қалжыр, Бестөбе, Кароба, Успенка, Горное ( қазіргі Ақбұлақ) және Бобровка ауылы жанындағы ескерткіштер өзіндік ерекшеліктерімен көзге түседі. Соңғы жылдардағы зерттелген Берел қорымындағы № 10, 11 тоң басқан. қорғандар сияқты ру ақсүйектері не тайпа көсемдері жерленген, диаметрі 50 метр, биіктігі 6 метрге дейінгі тас қорғандар Бобровка ауылынан 15 шақырым шығысқа қарай тау арасындағы жазықта орналасқандығын жазып қалдырды және өмірінің соңғы жылдарына дейін қазуды армандап кетті [42, 36 б.].

1987 жылы Черновая қорымдарымен бірге Катонқарағай ауданы жерінде Екі-аша немесе (Тихая) қорымындағы он бір обадан тұратын тізбектен №1, 2, 3 обалар зерттелді. Екі-аша қорымындағы №1 тас обадан басы солтүстікке қараған, аяқтары бүгіліп қарнымен жатқан жылқы сүйегі табылып, оның жанындағы адам сүйегі басы солтүстікке қаратылып шалқасынан жерленген. Адамның кеуде тұсынан қойдың құйымшақ сүйегі мен ұзындығы 74 см болатын темір қылыш сабында сүйек балдағы бар және үш жебе ұшы табылған. Жебе ұштарының біреуі үшқырлы екеуі жалпақ болып келген. Адам сүйегі шалқасынан ұзына бойы жатқызылып астына қайыңның қабықтарын төсеген. Адамның астына төселген қайыңның астынан және алты жебе ұшы табылған. Олардың біреуінің басы жалпақ күрек тәрізді болса қалған бесеуі ромб тәрізді үш қырлы болып келген. Қалған № 2, № 3 обалардан тоналып кетуіне байланысты айтарлықтай ештеңе табылмаған. Бұл обалардың табылған заттары мен құрылысына қарай Ә.М. Оразбаев өз зерттеулерінде б.д IX-X ғғ мерзімдейді [42, 36 б.].

1988 жылы Күршім, Марқакөл аудандарындағы ерте көшпелілердің 26 белгісіз қорымынан 487 обаны тізімге алды. Күршім ауданындағы Пятилетка ауылынан батысқа қарай 6 шақырым жерде Сарыкөл I, II, Бәйгетөбе I, II, Түлкілі ескерткіштері зерттелді. Сарыкөл I қорымындағы 18 обаның үшеуіне қазба жұмыстары жүргізілген. Сарыкөл I қорымындағы № 1 оба топырақтан үйілген, қабір құрылысы жай қазылып бетін жалпақ таспен жапқан. Қабірден жас баланың сүйегі табылған басы солтүстік батысқа қаратылуы және шалқасынан жатқызылуы мен бірге қыш ыдысының өрнегі жоқ формасына қарай сақ дәуірімен,



яғни б.з.д. YI-Y ғғ мерзімдеді. Сарыкөл II қорымындағы 15 обаның екеуіне қазба жүргізген. Диаметрі 9 метр болатын қоршау ішін қазу кезінде 60 см тереңдіктен басы солтүстік шығысқа қаратылып сол қырымен жатқызылған жылқы сүйегі табылған. Жылқы сүйегінің астынан 1 метр 30 см тереңдіктен тас жәшік ішінен шашылған үш адамның сүйегі табылған. Адам сүйектерімен бірге таутекенің бейнесі бейнеленген киімге тігетін тесігі бар жұқа алтын қапсырма табылған. Жерлеу дәстүріндегі тас жәшікке жерлеу мен адам бастарының оңтүстік-батысқа қаратылуында және таутекенің бейнесіне қарап қола дәуіріндегі дәстүрлер жоғалмаған сак-скиф кезеңінің б.з.д. YI-Y ғғ мерзімдейді. Келесі бір осы қорымда зерттелген диаметрі 6 метр болатын, биіктігі 50 см топырақ обадан және жай қазылған қабір ішінен ешқандай заттар табылмаған. Ә.М. Оразбаев зерттеулеріндегі осы Сарыкөл ескерткіштерінің сыртқы құрылысы, жерлеу салты мен қоса жерленген заттарына қарағанда соңғы уақыттарда З. Самашевтың зерттеулерінде ашылған Майемер, Берел ескерткіштері мен Ресейдің Таулы Алтайындағы сақ дәуірі ескерткіштеріне өте жақын ұқсастықтарды байқауға болады. Әсіресе Сарыкөл ескерткішіндегі негізгі мәлімет беретін зат болып табылатын қойдың басын бейнелеген алтын фалга қапсырма Берел обаларында табылған болатын [119, 56 б.].

1988 жылы Ә.М. Оразбаевтың жетекшілігінде Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясының зерттеулерімен Марқакөл ауданы жерінен Бала-Қалжыр өзенінің оң жағалауындағы, Алексеевка – Горное тас жолының бойында Апар қорымында 15 оба тізімделіп, төрт обаға қазба жұмыстары жүргізіледі. Төрт обада тас аралас топырақтан үйілген диаметрлері 7-10 метр аралығында. Төрт обада да жай қабір ішінде түп жағында тас жәшік жасалып, адамның бастары солтүстік-батысқа қаратылып жерленген. Қазба жүргізілген төрт обада уақытында тоналған және қоса жерленген заттардан № 2 обадағы өрнегі жоқ қыш ыдыс пен № 4 обадағы адамның кеуде тұсынан табылған диаметрі 7,5 см болатын ешқандай өрнегі жоқ, артында тегіс ұстайтыны бар кола айна ғана табылған. Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев бұл обалардың сыртқы құрылысы мен орналасу бағытына қарай ерте темір дәуірімен мерзімдеуге болады дейді. Ал тас жәшіктерінің солтүстік-батысқа бағытталуы қола дәуірінде кең тараған дей отырып, өз

қазбаларындағы Солтүстік Қазақстан жеріндегі (Шағалалы қорымы), Павлодар облысындағы (Ақмола), және Орталық Қазақстан, Шығыс Қазақстан жерлеріндегі соңғы қола дәуірлерінің Бестөбе, Қойтас ескерткіштерімен мәдени байланыстар бар екенін салыстырады. Ә.М. Оразбаев зерттеулерін өз зертеулерімізде дамыта толықтырар болсақ біздің ойымызша бұл ескерткіштердің жай қабір ішінде тас жәшіктің жасалуы мен адамды шалқасынан жатқызу дәстүрлері, қыш ыдысы Шығыс Қазақстанның Құлажорға кезеңі ескерткіштерімен де өте жақын екенін айтуға болады. Бұл ескерткіштердің қабір іші құрылыстарын қайталайтын обалар Құлажорға типіндегі Жартас, Убаредмет, Ақши II, Қарашат III ескерткіштерімен сабақтастығын аңғара отырып Шығыс Қазақстанның ерте темір дәуірінің Құлажорға кезеңінің басындағы ескерткіштерімен мерзімдеуге болады деп жорамалдаймыз.

1989 жылдан бастап Ә.М. Оразбаев пен Ә.Т. Төлеубаев бастаған экспедиция бұрынғы Семей облысының оңтүстік-батыс аудандарында археологиялық зерттеу жұмыстарын атқарды. Бұл өңір бірлі-жарым саяхатшы, өлкетанушы және басқа мамандық иелерінің жазбаларынан басқа археологтар тарапынан арнаулы зерттеулер жүргізілмеген ақтаңдақ өңір болып саналады. Шығыс Қазақстан жеріндегі Тарбағатай тауының терiскейiнен Шар өзеніне дейін, Ертістің сол жағалауынан Аягөз өзеніне дейінгі аралықта арнаулы археологиялық экспедициялар мүлде жұмыс істемеген. 1989 жылы экспедиция Семей облысының Аксуат ауданында Ашылы 1, Актүбек, ескерткіштерін зерттеді. Жалпы алғанда ерте темір дәуірінің 7 корғаны мен қола дәуірінің 4 қоршауы қазылды.

Ашылы I ескерткіштерінің ішінде ерекше көңіл аударған — № 4 оба. Оба таудың қорым тасынан үйілген, диаметрі 20 метр, биіктігі 1,5 метрге жуық. Обаның сыртынан таудың жақпар тастарынан екі қатар (арасы 1,3-1,5м) дөңгелек қоршау салынған. Қоршаудың диаметрі 75 метр. Сонымен бірге қоршаудың батыс және шығыс бөліктерінде ашық есік тәрізді жерлер қалдырған. Есік тәрізді ашық жерлердің босағасы іспетті таудың ақ түсті тасын арнайы қойған. Қазба жұмыстарында обаның үйіндісі алынғаннан кейін қабір дағы бойынша, 6 метр тереңдікке дейін қазба жүргізілген. Адам сүйектері немесе ешқандай зат шықпаған. Жалпы обаның сыртқы құрылымы, формасы бұл ескерткіштің ерте



көшпелілердікі екендігін білдіреді. Сонымен қатар бұл обада адам жерленгендігінің белгісі болмағандығы (адам, мал сүйегінің, ешқандай заттың шықпауы) мүмкін бұл оба жау қолында өліп, не сүйегі табылмаған бір батыр, ру басы не қолбасшыға арналып салынған белгі- зират (кенотаф) па деген ойға қалдырады [120, 3-6 б.]. Қазіргі таңда Ашылы қорған – кенотафындағы сыртқы шеңбер мен негізгі қорған ортасындағы арба дөңгелегі шабақтарын елестетін тас қатарлары әлемдік деңгейдегі белгілі ерте темір дәуірі ескерткіштері Аржан, Шілікті-2 қорымындағы №1 қорғанының қабірхана құрылысындағы радиалды орналасқан ағаш бөренелердің аналогиясы екендігіне көз жеткізуге болады.

Тывада 1950-70 жылдар скиф дәуірі уақытындағы адамдардың діни өмірін зерттеуге едәуір мүмкіндік беретін көп салалы жерлеу комплексінде зерттеулер жүргізілді. Бұдан бұрын да осы мәселеге байланысты Орта Азияда ашылған ежелгі көшпелілердің салған күн храмы зерттеліп, негізгі материалдар алынған болатын. Үлкен қорған Тува храмына жүргізілген Улуг-Хорум қазбасының маңызы зор. Зерттеу нәтижесінде монументті ғибадат комплексі, Сонымен бірге ұлы даладағы ерте көшпелілердің күнге табынатынынан мәлімет беретіндігі анықталды. Саглындық Улуг-Хорумның құрылысы алып дөңгелек 32 “шабақты” сәулелі, күн сияқты. Дөңгелек бұл тек қана күнді білдіріп қоймайды, сонымен бірге оның қозғалысының символы Күн храмы Орта Азиядағы ерте көшпелілердің діни идеологиясы күнге табынумен байланысты екендігін және оның кең көлемде таралғандығын көрсетеді. Күнге табыну сақтар мен массагеттерде де кең таралған. Геродот бойынша массагеттер: «Құдай деп тек күнді есептейді де оған құрбандыққа жылқыны шалады. Құрбандықтың маңызы сол, барлық құдайлардан жылдам, жүйріктік жануарға тән деген тұжырымдармен астасады» [116, 178-196 б.].

Олай болса Ашылы қорымындағы №4 обада Шығыс Қазақстан жерінде ерте темір дәуірінде өмір кешкен сақтардың арнайы ғұрыптық орны болуы да мүмкін.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің ерте темір дәуірін зерттейтін археологиялық экспедициясы 1989 жылдан бастап әр жылдарда Тарбағатай тауының терістігіндегі Тебіске, Базар, Қарғыба, Ашылы, Құлбабас даласындағы және Актүбектегі

баска 6 оба өзінің сыртқы формасы, ішкі құрылымы, адам жерлеу дәстүрі, табылған кыш заттарға қарағанда Жетісудың үйсін дәуірі ескерткіштеріне келеді деп жорамалдайды. Сондай-ақ бұл өңірдің ерте темір дәуіріне жататын тас шеңберлі ескерткіштерін ішкі жерлеу салты мен дәстүріне карай және жазба деректерге сүйене отырып, шамамен б.з.д. III және б.з. II ғасырларының арасында салынған ескерткіштер дейді [121, 178-23 б.].

Шығыс Қазақстанның ерте темір дәуірі ескерткіштерін қазіргі таңда Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевтың тікелей шәкірті ұзак жылдар ұстазымен осы өңірді зерттеуге үлес қосқан белгілі ғалым Әбдеш Тәшкенұлы Төлеубаев жалғастыруда. XX ғасырдың 30 жылдарынан бастап 90 жылдардың ортасына дейін көне үйсіндер ескерткіштерін зерттеген ғалымдардың пікірлері бойынша үйсіндердің жайлаған аймағы Жетісудан Қаратауға дейінгі тау сілемі аймағы және Орталық Тянь-Шань деп келді [122, 36-39 б.].

XX ғасырдың 90-жылдарындағы Оңтүстік Сібір жерінде, Қытайдың Шығыс Түркістан аймақтарында зерттелген үйсін мәдениеті ескерткіштері бұл мәдениенттің бастау алған жерлері, таралу аймағы туралы түсінігімізге өзгеріс енгізіп отыр дейді. Жалпы үйсіндер жөнінде жазба деректерді тек қытай жылнамаларынан кездестіреміз дей отырып, өз дәлел болжамдарымен Әбдеш Тәшкенұлы Төлеубаев Тарбағатайдың терістік баурайындағы зерттеген үйсін ескерткіштері бұл өңірде б.з.д.. II-I ғғ үйсіндердің болғандығын дәлелдеген болатын [123, 27 б.].

Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев зерттеулеріндегі Шығыс Қазақстан өңіріндегі Ертістің арғы жағындағы ерте темір дәуірі ескерткіштері Черновая I. Сарыкөл I, II, Апар қорымдарының жерлеу дәстүрлеріндегі тас жәшікке жерлеу, бүтін ағаштан ойылып жасалған ағаш табыттар, және қоса жерленген заттардан жылқы сүйектерінің кездесуі осы өңірдің өзіндік дәстүрлі ерекшелігі екенін айта аламыз. Ғалым зерттеулерімен сәйкесетін жаңа тұжырымдар мен көршілес Таулы Алтай өңірлерінің жаңа археологиялық зерттеулері Шығыс Қазақстан территориясында мекендеген ерте темір дәуірі тайпаларының генезисін анықтауда біржақты қорытындылар жасалуда. Шығыс Қазақстан жерлерінің ертесақ мәдениеті жерлеу ескерткіштерін ұзақ жылдар жүйелі түрде



зерттеген С.С. Черников бұл аймақтың мәдени бірлігін және хронологиялық шеңберін екіге бөледі. Бірінші хронологиялық жағынан б.з.д. YII-IY ғғ ерте кезең және б.з.д.. IIIғ- б.д I ғ соңы, Құлажорға кезеңі. Мәдени ерекшелік те аймақтық жағынан екіге бөлінді. Солтүстік аймақ Ертіске дейінгі таулы Алтай мәдениетіне жақын болса, оңтүстік аймақ Зайсан, Тарбағатай өңірлерінің Орта Азия ескерткіштеріне жақын үлгісі [124, 132-137 б.].

С.С. Черников зерттеулерінен кейін де Шығыс Қазақстан өңірінде кеңестік кезеңдерде Ф.Х. Арсланова, З.С. Самашев, А.С. Ермолаева, Г.А. Кущ сынды т.б ғалымдардың қайраткерлігімен көптеген қазба деректері толыға түсті.

Осы жиналған деректердің және өз қазбаларындағы Павлодарлық Ертіс бойы ескерткіштерінің мәліметтерімен қоса Мир Касымұлы Қадырбаев тарапынан да Шығыс Қазақстан өңірінің ерте темір дәуірі ескерткіштері кезеңделді. Ғалымның кезеңдемесі арнайы ғылыми жинақ болып жарыққа шықпағанымен Қазақстан тарихының 1966 жылы жарияланған бірінші томында кең көлемді зерттеу болып жарияланды. Айта кетерлігі Мир Касымұлы Қадырбаевтың бұл пікірі әлі де ғылымда өз мәнін жойған жок десе болады. Оның пікірінше де аталған аймақтың шығыс бөлігі ерекшеленген таулы Алтай ескерткіштеріне жақын болса, Ертістің бергі жағы, Тарбағатай, Зайсан өңірлері Жетісу ескерткіштеріне жақын екені айтылады. Алайда екі аймақты бір бірінен жеке дамыған деп қарастыруға болмайтынын да ескертті. М.К. Қадырбаев өз зерттеулері қорытындысы бойынша келесі бір жақын аймак Батыс Сібірдің мәдениеттік белгілері бар Павлодарлық Ерті өңірі дейді [125, 250-264 б].

Жоғарыдағы екі ғалымның да Шығыс Қазақстанға қатысты қорытындылары Ертістің арғы жағындағы ерте темір дәуірі ескерткіштері Алтай мәдениетіне жақындығын басты назарда ұстайды. Ал Ертістің бергі жағалауы, Тарбағатай өңірі және Павлодарлық Ертіс жағалауы ескерткіштері Қазақстанның Орталық және Жетісу өңірі ескерткіштеріне жақындығы айтылады.

Жаңа деректердің молайуы мен жерлеу ескерткіштерінің ерекшеліктеріне қарай тоқсаныншы жылдардың басында Ю.А. Заднепровский тарапынан да Шығыс Қазақстанның ерте темір дәуірі ескерткіштеріне қайта кезеңдеме жасау қажет деп тапты. Ол

да ерте темір дәуірін хронологиялық жағынан үш кезеңге бөлгенмен Ертістің арғы жағы мен бергі жағының Шығыс Қазақстандық ескерткіштерін бірге қарастырды. Бірінші, ерте кезеңінде Ертістің арғы жағы ескерткіштерінде қола дәуірінің тас жәшіктерін сақтаған (Зевакино, Қоғалы І, Юпитер, Славянка, Қанай ескерткіштерінен) генетикалық бірлікті көруге болады. Ал Ертістің бергі жағының Шілікті, Шағаноба және Алакөлдің солтүстік шығысындағы Арасан І,ІІ, Жарбұлақ ескерткіштерінен Жетісу мен Орталық Қазақстанның жақындықтары көрінеді.

Екінші кезең, пазырық мәдениетінің үлгілері бар «бөкен» кезеңі б.з.д.. YI-IYғғ. Бұл кезең ескерткіштері тас пен топырақ үйінділі обалар дейді. Терең жай қазылған қабір түбінде оңтүстік қабырғаға жапсарлас орналасқан ағаш табыт.

Адам шалқасынан басы батыс, солтүстік батысқа қаратылған. Қабір ішіндегі табыт сыртында басы шығысқа қаратылған жылқы сүйектері деп ерекшелейді. Ертіс жағалауында б.з.д.. IY-III ғасырларда Еуразияның басқа өңірлеріндегі сияқты жерлеу дәстүрінде өзгерістер пайда болды.

Алайда бұл жерлеу ғұрпындағы құлажорғалық тас жәшіктер ерте темірдің алғашқы ширегінде-ақ болғанын атап өтеді. Ю.А. Заднепровскидің Шығыс Қазақстан өңіріне жасаған бұл қорытындысы да қазіргі таңда ғылыми зерттеулерде азды көпті қолдаушы пікірлермен үндесін табуда.

Ол Шығыс Қазақстанның ерте темір дәуіріне қатысты үшінші кезеңді С.С. Черников пікірі негізінде Құлажорға мәдениеті деп ерекшелейді. Бұл мәдениеттің ерекшелігі үлкен емес тас обалар, жай қабір түбінде тас жәшіктер және адамды сәл бүктете жатқызып басын шығысқа(ерте кезеңі) немесе батысқа қаратуында(кейінгі кезең). Жылқы қоса жерлеу дәстүрі сақталған бірақ пазырықтағы сияқты емес, көп жағдайда жылқының терісі, бас сүйегі, тұяғы қоса жерленген. Ыдыстары да өзгеріске ұшырап, ағаш ыдыстар кездеседі.

Осы кезеңге жататын Ертіс өзенінің оң жағалауындағы Пчела ауылының жанындағы қорымда 10 қабір, тас жәшікте болса, төртеуі ағаш табытта жерленген. Қорыта келе Құлажорға мәдениетінің Алтай мәдениеттеріне жақын үлгілері бар болумен бірге, Жетісудың үйсіндерімен байланыста болғанын айтады [126, 141-148



б]. Ю.А. Заднепровский де М.К.Қадырбаевтың пікірін қолдап Ертіс бойының таулы өңірлерін мекендеген тайпалар Алтай мәдениетіне жақын болса, Шығыс Қазақстанның оңтүстік өңірлері Жетісу мәдениетіне жақын дейді.

Соңғы жылдары жаңа мәліметтердің толығуы мен бірге Таулы Алтайдың ескерткіштерін кеңінен қарастыра отырып П.И. Шульга ерте темір дәуірі ескерткіштерін бес топқа бөліп карастыруды ұсынады [127, 245-250 б.].

П.И. Шульга топтамасындағы № 1 топқа тас үйінділі обалар мен адамды шалқасынан жатқызу мен бірге басын солтүстікке бағыттау тән екендігін айтады. Сондай-ақ бұл ескерткіштер топтамасын б.з.д. YII-YI ғғ мерзімдеп Қазақстан мен Алтай жерінің көптеген ескерткіштерін жатқызған болатын. Солтүстік батыс Алтай жеріндегі П.И. Шульга зерттеулерінде табылған Гилево-10 ескерткіші мен Шығыс Қазақстан облысы, Новошулбинка ауданы жеріндегі Кондратевка XXI жеке обаларында табылған жылқы сүйектерімен бірге табылған ағаш табыт ішіндегі адам мүрдесі Черновая ескерткіштерімен өте жақын келеді [128, 161 б.]. П.И. Шульганың ойынша солтүстік батыс Алтай ескерткіштерінің сабақтастықтары Қазақстан өңірлерінде кездескенімен ол ескерткіштерді тасмола, шілікті немесе алдыбел мәдениеттерімен шатастыруға болмайды дейді. Солтүстік батыс Алтайдың ерте сақ мәдениеттері Таулы Алтай мен Қазақстан далаларын біріктіріп жатқан мәдениеттер арасындағы көпір ретінде санайды. А.Д. Таиров та жоғарыдағы өзінің Ресейлік әріптесін қолдай отырып Алтай мен Қазақстан далаларының жерлеу ғұрпы, қоса жерленген заттары Еуразия даласындағы қатар өмір сүрген бір біріне тәуелсіз мәдениеттер деп санайды [129, 18-19 б.].

Кейінгі жылдары жоғарғы Ертіс бойының көне кезеңдерін зерттеп жүрген А.А. Ткачев еңбектерінен де Ә.М. Оразбаев пікірлерімен үндес келетін тұжырымдарды кездестіруге болады. Оның ойынша энеолит дәуірінен бастап ерте темір дәуіріне дейін аймақты зерттеуде автохтонды тайпалардың белгілі бір қатыстық дәрежеде дамығандығын және көршілес территорияны мекендеген тұрғындарға ықпал жасағандығын көруге болады, бұны тиісінше материалдық мәдениет ерекшеліктерінен байқауға болады дейді [75, 288 б.].

Уақытында Ә.М. Оразбаев тарапынан жасалған Шығыс Қазақстандық ескерткіштердің ғылыми сараптамалық қорытындылары да өзіндік жеке ұстанымға ие дербес пікірлерде жасалды. Әсіресе жергілікті жерде табан аудармай өмір сүрген көне Шығыс Қазақстандықтар неолит дәуірлерінен бастап-ақ көршілес жатқан Оңтүстік Сібірдегі Афанасьев және Орталық Қазақстандық тайпаларымен мол металл қорлары арқасында саяси, қоғамдық байланыстар орнатып үздіксіз даму үстінде болды. Оның кейінгі дәуірлердегі көріністерін тас жәшіктерде Құлажорға мәдениеттерінен де көруге болады дейді [42, 40 б.].

Шығыс Қазақстан өңірінің зерттелу тарихнамасында зерттеушілер пікірлері бір жерден шығып, карама-қайшылықсыз даму үстінде болды деуге болады. Әсіресе осы өңірдің үлкен зерттеушісі Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевтың үзеңгілес әріптесі С.С. Черниковтың жасаған тұжырымдары негізінде жасалған және М.К. Қадырбаев пен Ю.А. Заднепровский тарапынан қолданған ерте темір дәуірінің жүйелік кестесі құнды. Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевтың Шығыс Қазақстан өңірлеріндегі уақытында берген зерттеу қорытындылары да осы ғалымдардың тұжырымдары негізінде үндес келетінін аңғаруға болады.

Қандай да бір мәдениеттің көршілес мәдениеттерімен өзара жақындығы, ұқсастықтары шекаралық өңірлерде аралас кездесуі мүмкін, бірақ ол мәдениеттен алыстаған сайын ұқсастықтары азайып, келесі жағындағы мәдениеттен басымдығы ауа бастауы шартты нәрсе.

Сол сияқты Шығыс Қазақстанның ерте темір дәуірі тайпаларының қоғамдық және әлеуметтік өмір сипаты Ертістей күре тамырлы өзеннің арғы жағында мекендей отырып Оңтүстік Сібірдің ерте темір мәдениеттеріне бір табан жақын жалғасып жатуы заңды құбылыс. Ал Ертістің бергі жағын мекендеген Зайсан, Тарбағатай және Алакөл атырабының ескерткіштері Орталық Қазақстандықтарға, Жетісуға жақын келетіні қазіргі таңда өзекті мәселеге айналған. Бұл пікірлерімізді қазіргі таңда Орталық Қазақстан мен Жетісуда және Шығыс Қазақстан өңірінің Ертістің бергі жағалауы саналатын Шілікті ескерткіштерінен дромостардың кездесуінен ақ байқауға болады. Сондай-ақ басқа да жерлеу дәстүрлері мен табылған заттарға байланысты ортақ мәдени



бірліктер көрінісін көреміз. Осы үлкен мәдени ареалды құрайтын өңірлердің мәдени бірлігін әлі де кеңейтіп Қазақстанның Оңтүстік және осы өңірге қарсы Солтүстіктен іздестіру қажет. Бұл мәдени ортақтастық мәселесі мәдениеттің таралу аймағын кеңейтумен бірге түйткілді мәселелерді анықтауда үлкен септігін тигізеді.

### 3.3. Ә.М. Оразбаевтың Оңтүстік Қазақстандағы жүргізген зерттеулері

Ғалымның Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі зерттеулері бағытты түрде кең көлемде қамтылмағанымен әр жылдарда әр кезеңнің ескерткіштерін зерттеуге өз үлесін қосты. Оңтүстік Қазақстан территориясының көне кезеңдер ескерткіштері археологиялық жағынан өте аз зерттелгенін Ә.М. Оразбаев өзінің зерттеулерінде жетпісінші жылдардың өзінде айта бастаған болатын: **«По завершении исследования бронзы Северного Казахстана я буду просить отдел, дирекцию Института и Ученый совет дать мне возможность занятся исследованием бронзы Южного Казахстана и Семиречья, где памятники эпохи бронзы не только не изучены, но можно сказать и не выявлены»** [48, 3 б.].

Оңтүстік өңірлердегі Ә.М. Оразбаевтың зерттеулері Жамбыл облысының Қарақұдық, Таңбалы шатқалдарында қола және ерте темір дәуірлерінің 40 қоршауын қазғандығы жөнінде [19, 61-71 б.] және 1969 жылы Қаратаудың солтүстігі мен оңтүстігінде зерттеулер жүргізілгені айтылады [130, 6 б.]. Алғашында Ә.М. Оразбаев 1969 жылы К.А. Ақышевтың жетекшілігімен құрылған Отырар археологиялық экспедициясының құрамында қазба жұмыстарына қатысқанымен кейіннен жеке отряд құрап Қаратау өңіріндегі бірнеше шатқалдардан петроглифтерді зерттеп суретке түсіреді. Бұл жөнінде Қаратау петроглифтеріне қатысты жазған М.К.Қадырбаев пен А.Н. Маряшевтың «Наскальные изображения хребта Каратау» көлемді еңбекте 1969 жылдан Отрар оазисін зерттеу мақсатында жүргізілген жұмыстармен қатар Үлкен Қаратау шатқалдарындағы петроглифтерді зерттеу басталғаны айтылады. Бірақ ол зерттеулерді кімдер жүргізгені қандай мәліметтер жинақталғаны айтылмайды [131, 8 б.]. Ә.М. Оразбаевтың бұл зерттеулері соңғы зерттеулеріміз қатарында анықталғандай жеке мақала болып «Қазақстан

энциклопедиясында» жарық көрген. Сол жүргізілген зерттеулерінің деректері ғалымның ғылыми мұрағатында дайын мақала болып «Петроглифы Каратау» деген атпен сақтаулы. Бұл мақала кейіннен автордың дайындауымен Оразбаев оқулары жинағында 2012 жылы жарияланған болатын. Онда Бесарық сайындағы Күйкентай шатқалы суреттері мен Мейрамтал қойнауындағы Қойбағар I, II, III петроглифтері жөнінде жазылған. Қойбағар петрогливтері өте ірі ескерткіш екенін айта отырып онда, 1200 дей жартаста 3045 жеке композициялар бейнеленген дейді. Жартастардағы жабайы бұқалар, арқар, таутеке және адамдардың итпен аңға шығулары бейнеленгенін айта келіп түйелердің арбаға жегілген көріністері айрықша дейді. Жалпы петроглифтердің кескіндеме түрлері мен композициясына баға бере келе бұл ескерткішті б.з.д. YIII-YIIғғ мерзімдейді [36, 5 б.].

Жетпісінші жылдары Ә.М. Оразбаевтың Қазақ ұлттық университетінде археология кафедрасының ашылуымен байланысты алға қойған мақсаты Оңтүстік Қазақстан және Жетісу өңірлерінің көне дәуір ескерткіштерін зерттеуге бағытты түрде мүмкіншілігі болмады.

Ә.М. Оразбаев ұзақ жылдар Қазақ ұлттық университетінің археологиялық экспедициясына жетекшілік жасап Ортағасырлық Ақтөбе (Баласағұн) қаласында студенттерге тәжірбиелік практика жүргізу барысында қаланың қазба жұмыстарымен бірге осы өңірдегі ерте ортағасырлық кезең ескерткіштеріне де қазба жұмыстарын жүргізіп тұрды. Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевтың бұл өңірдегі ерте темір дәуірі ескерткіштеріне жүргізген зерттеулеріне тоқталмас бұрын Ақтөбе қаласындағы зерттеулерін қарастырмақпыз. 1974 жылдан бастап алты жылдай ортағасырлық Ақтөбе қаласында қазба жұмыстарына жетекшілік етті. Әр жылдардағы қазба деректерінің есебі мен бірге У.Х. Шәлекеновпен бірігіп «Ортағасырлық Ақтөбе қаласының суландыру жүйесіне» арналған көлемді ғылыми мақала жазды. Ғылыми мақалада ортағасырлық Ақтөбе қаласының суландыру жүйесіне қатысты мәселелермен бірге, басқа да көне қала жұртының ірі мәдени, саяси, сауда орталықтарының бірі болуын дәлелдеді. Сонымен қатар сол аймақтан жоғарыда айтып кеткен ерте кезең ескерткіштерімен байланысын анықтауда да зор еңбектер атқарды. Қазба жұмыстары



кезінде ортағасырлық қаланың топографиялық түсірілімі нәтижесінде Қазақстан мен Орта Азияның ортағасырлық қалалары сияқты белгілері анықталды. Ғалым төрт жылдың көлеміндегі өзінің жан жақты қазба жұмыстары мен зерттеулері нәтижесінде толық қала жұртының суландыру жүйесіне сипаттама бере алды. Қазба жұмыстары кезінде бүкіл қала жұртының су жүйесін геодезиялық жоспарға түсіріп бірнеше шақырымға созылған құбырлардың Ақсу өзенінен қалаға қарай әрбір жүз метр сайын 1 метрге көлбей орналастырылғанын дәлелдеді. Судың өз ағысымен қалаға енуін қамтамасыз ету арқылы құбырлардың жарылып кетпеуін немесе судың ағысын күшейту арқылы қыш құбырларды кішірейту арқылы өте жоғары дәрежеде суландыру жүйесін білген дейді. Сондай-ақ су құбырларының қыштан жасалған бөлшектері бір біріне сұғыла бекітілу арқылы орналастырылып әрбір жалғанған жерлері сазбен бекітіліп әлсіз жерлерге ескі қыш құбырдың сынықтарымен бекітілген. Үстінен салмақ езбеу үшін қырынан қыш кірпіштер де қойылып отырған. Су ағыстарының жылдамдығын реттеу мақсатында бірнеше су жиналатын қауыздардың болғандығын, су тазартатын «сүзгі» түтіктердің болғандығын айтты. Кейбір қатты су ағысының нәтижесінде құбырлардың жарылып кетпеуі үшін бұрылыс жерлердің бірден бұрылмай баяу бұрылуды қарастырған және сол жерлер күшейтіле бекітілген дейді. Қаланың суландыру жүйесі өте жоғары дәрежеде инженерлік технологиямен жасалуы Ақтөбе қаласының қараханидтер заманындағы үлкен өркениеттің ошағы болғандығын дәлелдейді.

Сонымен бірге бұл қала жұртында кешенді зерттеулер жүргізу қажеттілігі кезек күттірмес мәселе деген болатын. Өзінің әріптес, замандасы У.Х. Шалекеновпен бірге жасаған бұл зерттеулері ғалым еңбектерінің бір саласы ғана екенін айта отырып, бұл еңбектің құндылығы осы саламен айналысушы ғалымдарға деректік бағыт сілтеуші еңбек екені анық.

Өйткені сол уақытқа дейін ортағасырлық қалалардың, соның ішінде жеке қаланың суландыру жүйесіне қатысты ғылыми зерттеулер жүргізілген жоқ болатын. Қазақстан жеріндегі ортағасырлық қалалардың жоғары деңгейдегі өркениет жетістігін дәлелдеуде олардың тіршілік қолайлылығы (благоустройства) арқылы анықтаумен дәлелденетіні белгілі.

Ә.М. Оразбаев 1976 жылы университет экспедициясына жетекшілік ете жүріп Ақтөбе қаласында орталық цитаделден батысқа қарай 70-80 метр жердегі шахристанның оңтүстік-батысындағы биік төбеге шурф салған. Шурф 15х15 метр көлемінде тік төртбұрышты етіп салынған. Қазба кезінде күйдірілген қыш кірпіштер көлемі 22,5 х 22,5 см, қалыңдығы 4,5 см көптеп шыға бастаған. Тереңдете қазу барысында қыш кірпіштердің арнайы байланыстырылып қаланғаны байқалған. Соған қарай бұл үлкен құрылыс орны болуы мүмкін деп жазып кеткен. Құрылыстың көлемін анықтау мақсатында бірнеше шурф салынып, құрылыстың іргe тасы мен қабырғасы анықталмауына байланысты, батысқа қарай қазба жұмысын жалғастыру керек екенін айтқан [132, 43-45 б.].

Осы құрылыс орнына соңғы жылдары қазба салу жұмыстары жалғастырылып бұл жерде қаланың батыс бөлігіне орналасқан мұнараның болғандығы анықталуда. Құрылыстың көлемі мен архитектурасы басқа да ортағасырлық қалаларда кездесетін «қарауыл мұнараларына» келетіні және қаланың батыс бөлігіне екі қатар қорғаны қамалы болуы себепті жау батыстан күтілген. Құрылыстың көлемі өте ірі әрі күрделі архитектуралық құрылымнан тұратындықтан Қырғызстан жеріндегі Бурана мен Үзген мұнараларынан да ірі екені айтылады [133, 13-14 б.].

Университеттің ортағасырлық зерттеу базасында жетекшілік жасаумен бірге отырықшы мәдениеттер мен дала мәдениеттері арасындағы сабақтастық пен байланысты қарастыру мақсатында кейінгі көшпнділердің ескерткіштеріне өз зерттеулерін жүргізді. 1978 жылы Қазақ Ұлттық Университетінің археологиялық экспедициясының құрамында тарих факультетінің студенттерінен жеке отряд жасақтап Жамбыл облысы, Шу ауданында Ақсу және Қарабалта өзендерінің аңғарынан барлау және қазба жұмыстарын жүргізеді.

Соның нәтижесінде бірнеше обалар тобын тізімге алып Қарабалта өзенінің жағасындағы Жеті жар I обаларына қазба жүргізеді. Жеті жар I қорымы 400 метр ұзындықты алып жатқан қырдың үстінде 70 оба тізімге алынып төлқұжаты жасалған. Бұл тізбектегі обалардың көпшілігі кіші көлемде диаметрі 10-12 метр, биіктігі 50-70 см аралығында. Жеті жар I қорымынан оңтүстікке



қарай жеке тізбекте Жеті жар II қорымында ірі обалар тізбегі орналасқан. Ол обалардың диаметрі 30-40 метр, биіктігі 3-4 метр аралығында.

Жеті жар I қорымында үш обаға қазба жұмыстары жүргізілген.(13,21,43) [134, 62-70 б.].

№ 13 оба топырақтан үйілген, диаметрі 12 метр, биіктігі 50 см. Обаның үйіндісі жергілікті жердің топырағынан үйілгендіктен топырақ үйіндісі астынан қабір дағын анықтау мүмкін болмаған. Бірнеше қайтара оба ортасын шаршылармен қазу барысында 2 метр 60 см тереңдіктен кішкентай қыш ыдыс сүйегі табылған. Қыш ыдыс жасалу технологиясы қолмен жапсыру әдісі арқылы жасалып, нашар күйдірілген. Қыш ыдыс сынығынан басқа ешқандай зат табылмаған. Оба ертеректе тоналып кеткен, адам сүйектері тонаушылардың лақтыруымен жоғалған немесе кенотаф та болуы мүмкін дейді.

№ 43 оба жергілікті топырақтан үйілген, қорымның солтүстік-батыс шетіне орналасқан. Обаның диаметрі 8,5 метр, биіктігі 70 см. Оба үйіндісіне топырақ алу кезінде сақ обаларының басқа өңірлеріндегідей ор қалдырмаған. Қабір шұңқырын аршу кезінде 65 см тереңдіктен қой сүйегі мен қыш ыдыстың сынығы табылған. Қыш ыдыс сынығы бір қалыпты қызыл түсте күйдірілген. Қабір шұңқырының 1,18 см тереңдіктен ағаш күлі мен 12 см ұзындықтағы тал шыбық кездескен. Қабір шұңқырының 1 метр 80 см тереңдігінен қой сүйегі мен адамның қабырға, тіс, бақай сүйектері табылған. Қабір шұңқыры шығыс-батыс бағытында сәл солтүстікке ауытқып қазылған. Қазба кезінде анықталғаны қабір бетін көлденеңінен ұзындығы 1,50 см, ені 20-25 см болатын тақтайлармен жапқан. Қабір ішіндегі ағаш шірінділерінің қалдықтарына қарағанда адамды ағаш табытқа жерлеген. Қабір түбінен шалқасынан шалқасынан жатқызылып басы батысқа қаратыла адам сүйегі табылған. Адамның сүйек қаңқасына қарағанда егде әйел адам, европалық нәсілде аздап монғолойдтық бар. Адамның бас жағынан кішірек қыш ыдыс табылған.

Қыш ыдыстың биіктігі 10 см, қолмен жапсырылып жақсы күйдірілген. Сыртында өрнегі жоқ, бірақ түбінен ернеуіне дейін тігінен екі жағында да сызық сызылған. Ыдыстың сыртында тұрмыста қолданған оттың табы мен ішіндегі ақ түсті белгісіз тағам

іздері бар. Соған қарағанда адаммен бірге ғұрыптық ас салып қойған.

№ 21 оба. Қорымның солтүстік шетінде орналасқан топырақтан үйілген. Диаметрі 11,6 см, биіктігі 70-80 см. Қабір шұңқырын қазу кезінде 1м 20 см тереңдіктен адам сүйегі табылып, басы солтүстік батысқа қаратылып шалқасынан жатқызылған. Адам сүйегі жанынан ешқандай заттар кездеспеген, тек қабірдің сыртынан 50-60 см солтүстікке қарай қойдың сүйектері шашылып кездескен. Жетіжар обаларындағы зерттеу жүргізілген ескерткіштердің барлығына ортақ нәрселер бар екенін айта отырып олардың орналасу ерекшелігі мен ішкі жерлеу салттары Жетісудың сақ үйсін дәуірі ескерткіштеріне сәйкес келеді дейді.(б.з.д... Y-III ғғ)

Жетіжар I обаларындағы топырақ үйіндісі, олардың тізбектелу бағыты мен қабір шұңқырының қазылу бағыты және адамның басы солтүстік батысқа қаратылуы мен қыш ыдыс және қой сүйегінің табылуы Жетісудағы сақ үйсін дәуірінің Жуантөбе, Қызылауыз, Үңгірқора, Өтеген ескерткіштеріне келетінін айтады. [134, 62-63 б.].

К.А. Акишев пен Г.А. Кушаев зерттеулеріндегі Жетісудың б.з.д... Y-III ғғ сақ үйсін дәуірі ескерткіштері өте жұтаң кедей жерленулермен ерекшеленетінін айта келе, Жетіжар I ескерткіштеріндегі бір немесе екі ғана қыш ыдыстың қойылуы осыған дәлел болады дейді. Сондай-ақ К.А. Акишев зерттеулеріндегі қабір ішіндегі қой сүйектерінің кездесуі Жетіжар обаларында да қайталанады. Жалпы зерттеу қорытындылары Жетіжар I ескерткіштерінің Жетісу жеріндегі Ақсу, Қарабалта өзендерін мекендеген б.з.д... Y-III ғғ өмір сүрген тайпаларының рулық қорымы болғанға ұқсайды деді. Сондай-ақ Жетіжар I ескерткіштерінің мәліметтеріне сүйене отырып бұл оы өңірді мекендеген жергілікті ұлыстардың жалғасы болып саналатын өз қазбаларындағы Ақтөбе қаласының тұрғындарымен байланысы бар деген пікір айтты: **«Исследования курганов, определив хронологическую и культурную принадлежность погребенных, даст возможность установить исторические связи и премственность культуры от древних племен до ранних насельников городища Актобе»** [39, 62 б.].

Ғалымның бұл пікірін қолдайтын деректерді соңғы жылдары Жетісу жерінің оңтүстігін зерттеп жүрген А.М. Досымбаеваның



еңбектерінен кездестіреміз. Зерттеушінің: «үйсін кезеңі жерлеу құрылымы элементтерін сақтаған жерлеу дәстүрі көне түркі заманында да еш өзгеріссіз жетті» деген ғылыми пікірі қолдауға тұрарлық [135, 157-159 б.].

Ә.М. Оразбаевтың осы ортағасырлық қаланың ерте кезеңдердегі үйсін, түркі ескерткіштерімен тікелей сабақтастығы болғандығын соңғы зерттеулерде қала құрылыстарында түркі кезеңінің тас мүсіндері кездесуін айтуға болады. Оларды кейінгі мұсылман дінінің келуімен бірге, адам бейнелерін құртып құрылысқа қолданған деген болатын [133, 13 б.].

Ортағасырлық қалалардың далалық ескерткіштермен мәдени және шаруашылық байланысы жөнінде соңғы жылдары көптеген зерттеушілердің қалам тартқанын байқаймыз. Әсіресе Шу , Талас бойындағы қалалардың осы өңірлердегі далалық ескерткіштермен сабақтастығы жөнінде «Өркениеттер жалғасы» атты Қырғызстанда болған бірнеше халықаралық конференцияларда Н.Алдабергенов пен А.М. Досымбаевалардың біріккен ғылыми тұжырымдары атап өтуге тұрарлық [136, 110-111 б.].

1980 жылы Университеттің археологиялық экспедициясы Ә.М. Оразбаевтың жетекшілігімен Жамбыл облысы, Қордай ауданының орталығы Георгиевка селосының оңтүстік шығысына қарай 17 шақырым жердегі Жалаңаш, Тасжарған қорымдарына қазба жұмыстарын жүргізеді. Жалаңаш қорымынан 3 оба, Тасжарған қорымынан 1 оба мен екі қоршауға қазба салады. Сондай ақ Жамбыл облысы территориясында Свердлов, Меркі, Луговой, Шу, Қордай, Жуалы, Мойынқұм, Талас, Жамбыл, Сарысу аудандарында барлау жұмыстарын жүргізіп 18 қола дәуірінің кешенді қонысы мен қорымдарын тізімге алып төлқұжатын жасайды [40, 1-4 б.].

Жалаңаш қорымы Қордай ауданының орталығы Георгиевка селосының оңтүстік шығысына қарай 17 шақырым жерде орналасқан. Қорымдағы обалар тас пен топырақтан аралас үйілген диаметрлері 10-12 метр аралығында, биіктігі 20-30 см. Обаны қазу кезінде орталарынан батыс шығыс бағытында ұзынынан тас үйінді кездескен. Тасүйінді астында таспен толтырылған қабір шұңқыры ішінде ешқандай заттар кездеспеген. Тасжарған қорымы Чапаев селосының оңтүстігіне қарай Жыламыш өзенінің жағалауында зерттеледі. Тасжарған қорымындағы 30 обаның екеуіне қазба

жүргізіледі. Обалардың барлығы бір қабат таудың тастарымен дөңгелек қоршау етіп жасаған. Оба ортасында тік төртбұрышты қабір шұңқыры ішінен қабірді екіге бөлген тас қалау кездескен. Қабір ішіндегі тас қалаудың биіктігі 80 см. Екіге бөлінген қабір ішінде екі адам сүйегі шашылып кездескен. Адамдардың басы батысқа қаратылып шалқасынан жерленген.

Қабір шұңқырының түбінен қызыл кірпіш түстес қыш ыдыстың ернеуі сәл сыртқа шығыңқы және мойын тұсында белдеуі бар, бүйірі шығыңқы. Бұл обалардың жерлеу салты мен сыртқы құрылысы және табылған қыш ыдысына байланысты ерте темір дәуірінің б.з.д... YI-Y ғғ мерзімдейді. Өз зерттеулерімізде Әбдіманап Медеуұлының күнделіктеріндегі осы екі қорымдағы ескерткіштердің ұқсас үлгілерін Жетісу өңірінің басқа да ескерткіштерінен қарастырдық. Обалардың сыртқы құрылысындағы таспен топырақтан тұрғызылу, орналасу жағдайы ерте сақ дәуірінің ескерткіштері екені анық болғанмен ішкі қабір құрылысындағы тас қаланды мен қосақтала жерленген мүрделер ерекшелігі назар аудартуды қажет етеді.

Ә.М. Оразбаев зерттеулеріндегі Тасжарған обаларындағы бір қабірде қосарлана жерлеу дәстүрлеріне байланысты Акишев К.А пен Кушаевтың Г.А Іле өзенінің оң жағасындағы толық зерттелінген қорым – Қызылауыз 1 ескерткішінен ұқсастықтар байқалады. Үйінді шетін таспен қоршаған обалардың қабір шұңқырында адамды шалқайта, басын батысқа қаратып қойған. Қорымдағы обалардан жеке жерлеу, әр шұңқырдағы қос жерлеу (№1, №8, №19 оба), бір қабірдегі екі деңгейдегі жұп жерлеу (№6, №7 оба), екі және одан да көп шұңқырдағы бес-жетіден жерлеудің тән болуы жатады дейді [123, с. 282 б.].

Осы Қорымдағы қабірлерде қос жерлеу жиі кездессе, бір қабірде екі мүрдені жерлеу де кездеседі. Аталмыш кезеңдегі жерленген адамдар арқасымен созыла, бастары Батыс, оңтүстік батыс және солтүстік батысқа қаратылған. Адам жанына қойған заттар жұтаң әрі адамның басында қабірдің оңтүстік батыс немесе солтүстік батыс бұрышында бір кейде екі ыдыс, жалпақ бір жүзді темір пышақ, қойдың құйымшағы қойылған. Кейбір молаларда темір және қола шаш түйреуіш, дән үккіш, сымнан айналдыра жасалған қола сырға табылған болатын [137, с. 28-29 б.].



Е.А Агеева зерттеулеріндегі кездесетін Қызылеспе қорымындағы қазылған обалардың сыртқы үйінділері мен ішкі құрылымдарындағы ұқсастықтарды байқауға болады. Үйінді астында қоршаулар бар және №50, №51 обалар үйінділерінен ағаштың күлі, қыш ыдыс сынықтары табылған. Ағаш жабындылы төртбұрыш (№50, №51), ұзынша сопақ (№72) пішінді, батыстан шығысқа аздап ауытқымалы созылған шұңқырларда, мүрде арқасымен созыла, басы батысқа қаратылып жерленген. Адам басының сол тұсында ыдыс, оңтүстігінде темір пышақ, қой құйымшағы қойылған [138, 10-11 б.].

Е.А. Агеева Жетісудағы қазылған обалардың негізінде қабір іші құрылымының тас, ұсақ жұмыртас пен топырақпен толтырылған қабір шұңқыры, топырақ шұңқырды көлденеңінен ағаш және тас плиталармен жабу, тас плита жабулы, жабындысыз лақатты жерлеулер мен лақаттың имитациясы жасалған жерлеулер, сонымен қоса тас жәшікті жерлеу деп сегізге бөліп көрсетеді. Әр қорымда әртүрлі жерлеу тәсілдерінің кездесетіндігін де айтты Кейіннен ол үйсін ескерткіштерін б.з.д.. III – б.з.д.. I ғасырлары, б.з.д.. I – б.з. I ғасырлары мен б.з.. I-III ғасырлары деп үш мерзімдік топқа бөледі. Үйсін тарихының ерте кезеңінде тізбектелген ру жерлеулерінен бір үйінді астына екі қабір шұңқырын жасайтын жеке жанұялық жерлеу орындары бөлектеніп шыға бастайды. Біздің заманымызда рудан жеке жанұялардың бөліну процесінің аяқталғандығын бір қабір шұңқырына екі адамды қою салтының орын ала бастауынан көруге болады дейді [139, 65-69 б.].

Ерте үйсін кезеңіндегі Жетісу жері ескерткіштерінің ерте кезеңінде обалар солтүстіктен оңтүстікке созылған тізбекте, оба үйіндісі шетінде, не астында қоршаулы, адамды батыстан шығысқа қарай бағытталған жай шұңқырға басын батыс, солтүстік-батысқа қаратып жерлеу тән.

Ең көп тараған қабірдің түрі – төртбұрышты, ұзынша, бұрыштары дөңгелене келген жай топырақ шұңқыр. Төртбұрышты шұңқыр жерлеу камерасы (адамды табытқа салмай, киіз, не қамысқа орай салу) және ішінде ағаш қима-тағаны бар деп жіктеледі. Қабір үстінде тас үйме жиі кездеседі. Қой сүйектерін, темір пышақтар мен қыш ыдыстарды көп қойған жағдайлар кездеседі. Жетісулық сақтардың қыш ыдысына шүмекті, тұтқалы құмыралар, дөңгелек

тостаған, дөңгелек, қысқа және тар мойынды ыдыстар т.б. енеді. Ал бұл кезеңге дейінгі қыш ыдыстар шүмексіз, тұтқасыз өрнегі жоқ күйінде болып келеді. Ыдыстары пішіні жағынан сақ кезеңіндегі түрді сақтайды, тек жасалу техникасы өзгереді.

Б.з.д. I ғасыр мен б.з. III ғасырларында Жетісу үйсіндерінде Орта Азия көшпелілерінен өзгеше жерлеу түрі батыстан шығысқа қарай созылған қабір шұңқырының солтүстік қабырғасында лақат жасау, адамды арқасымен, басын батысқа қаратып жерлеу мен бас жағына заттар қою тән деп ерекшелеуге болады.

Үйсіндердің Шығыс Түркістаннан келуімен лақат пен катакомбылы жерлеулер көбейіп, б.з.д. I ғасырына дейін кең таралады деген пікірлер де баршылық. Соған байланысты Іле өзені бойынан ашылған 370-тен астам қабірлердің бестен бірі – лақат немесе ақымдап жерлеу дәстүрлеріне жатады. Лақат жасап жерлеу б.з.д. I ғасырынан бастап қарапайым қалың жұрт арасында кең таралған сияқты. Іле археологиялық экспедициясының зерттеген обаларының көбі қарапайым түрдегі, бір текті ескерткіштер болып саналады.

Осы кезең ескерткіштерін зерттеуде К.А. Ақышев жай топырақты шұңқыр мен ақым деп екі түрге ғана бөліп қарастырады да, Жетісу жеріндегі жерлеулерде қабір лақатының Ферғана мен Ташкент лақаттарынан шұңқырларының шығыстан батысқа қарай созылуымен, ақым қабір шұңқырының солтүстік қабырғасында жасалынуымен, қойылған адам басының батысқа қаратылатындығымен және заттардың адамның бас жағына қойылатын ерекшеліктерін айтады және бұл дәстүрді ерекшелейді. Жетісу жеріндегі ерте үйсіндерінің оба архитектурасының бір элементі ретінде жасалынып жатқан, не біткен жер беті құрылысының ортасына, не шетіне дөңгелек пішінді тас қоршауларды жасауы жатады. Жетісудың оңтүстігі саналатын Талас аңғарындағы «қаңлылардың» Беріққара қорымында оба шеті мен маңындағы қоршаулар әртүрлі пішінді және құрылымды. Іле аңғарындағы үйінді шетіндегі, не үстіндегі тас қоршаулары бар обалар б.з.д.III-I ғасырларға, ал үйінді ортасы мен астына қоршаулар жасау б.з.д.. I ғасырдан б.з. III ғасырлар аралығына жатқызылған. Батыстан шығысқа қарай созылған, төбесі көлденеңінен ағаштармен жабылған, топырақ шұңқыры бар жерлеу



түрі сақ салтының үйсін ортасында көрініс табуы деп көрсеткен болатын[123, 282 б.].

Ә.М. Оразбаев зерттеулеріндегі Жалаңаш, Тасжарған, Жетіжар I,II ескерткіштері өзінің сыртқы құрылымы мен ішкі жерлеу салты жағынан Жетісудың ерте үйсін дәуірі ескерткіштерімен өте жақын байланыстарды көре отырып жергілікті үлкен бір мәдениет ауқымында болғанын нық айта аламыз. Ғалымның бұл зерттеулері археологиялық жағынан өте аз карастырылған аймақтың мәдениетін, генезисін анықтауда аз да болса үлесі бар деп білеміз. Жетіжар I ескерткіштерін зерттеуде олардың үйсін дәуірі ескерткіштері екенін айтумен бірге әлеуметтік дәрежесі төмен қауымның қорымы екенін айтты. Сондай-ақ Жетіжар II ескерткіштеріне қазба жұмыстарын жүргізбесе де олардың сыртқы орналасу құрылымы мен көлеміне қатысты әлеуметтік дәрежесі жоғары таптың қорымы екенін айтты. Сонымен бірге жалпы осы ескерткіштердің мәдени және қоғамдық құрылымдарына қатысты Шу бойындағы ортағасырлық Ақтөбе қаласымен байланыстыруы ерекше атап өтуге тұрарлық. Өйткені әлі күнге археологиялық ғылыми сараптамалар жасауда обалар мен қалалардың қоғамдық және мәдени сипаты мүлдем бөлек қарастырылады.

Жалаңаш, Тасжарған жерлеу ескерткіштерін және Жетісу жеріндегі Ә.М. Оразбаев зерттеулеріндегі ерте темір дәуірінің ескерткіштерін жаңадан ғылыми айналымға енгізе келе олардың ерте үйсін дәуіріндегі Жетісулық ескерткіштермен және Шығыс Қазақстан, Орталық Қазақстан жеріндегі осы кезең ескерткіштерінен сабақтастықтарды байқаймыз. Бұл тұжырымдар да Ә.М. Оразбаев пікірлерінің өміршеңдігін және ғылыми құндылығы мен сапасын ғылыми деңгейде көрсетеді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

